

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Сәлима Қалқабаева

ҚӨРКЕМ ШЫҒАРМА ПОЭТИҚАСЫ

Монография

Екінші басылым

Алматы
«Қазақ университеті»
2021

ӘОЖ 821.512.122.0 (035.3)

КБЖ 83.3

Қ 27

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор А. Темірболат

филология ғылымдарының докторы, профессор Г. Орда

Қалқабаева С.

Қ 27 Көркем шығарма поэтикасы: монография. — 2-ші бас. / С.Ә. Қалқабаева. — Алматы: Қазақ университеті, 2021. — 257 б.

ISBN 978-601-04-5658-7

Қазақ әдебиетіндегі поэтикалық ізденістерді, көркемдік жүйені саралауға бағытталған бұл еңбекте туындыгер — көркем шығарма — стиль байланысы жайына арналған зерттеулер орын алады. Автор көркем шығарма құндылықтарын жасауда шығармашылық тұлға болмысының маңыздылығына ден қояды. Қазақ ғалымдарының әдебиет поэтикасы саласындағы жаңаша зерделеулері қарастырылады. Көркем шығарма поэтикасын айқындауға үлгі боларлық зерттеулер орын алған бұл еңбек әдебиетті зерттеу мен оқыту салаларында аса маңызды.

ӘОЖ 821.512.122.0 (035.3)

КБЖ 83.3

ISBN 978-601-04-5658-7

© Қалқабаева С.Ә., 2021
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2021

Мазмұны

КІРІСПЕ. (ПОЭТИКА ЖАЙЫНДА ТҮСІНІК)	5
<i>Бірінші бөлім. ТУЫНДЫГЕР ЖӘНЕ ДАРАЛЫҚ</i>	11
Әзілхан Нұршайықов прозасының поэтикасы	11
Туындыгер мұраты және жанрлық-стильдік даралық	19
«Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы образдар жүйесі ...	42
«Ақиқат пен аңыз» роман-сұхбаты және қаһармандық мұрат	65
Майдан жазбалары және деректілік	92
Әзілхан Нұршайықовтың лирикалық повестері	104
Әдебиеттегі адамгершілік мәселесі	115
<i>Екінші бөлім. КӨРКЕМ ТУЫНДЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҮЛҒА</i>	123
Зейнолла Қабдоловтың ғылыми-әдеби шығармашылығы	123
Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы ұлттық нақыштар	129
«Тоғыз толғау» повесть-монологы және шығармашылық тұлға ...	137
Батырдың шығармашылық келбеті	146
Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы шығармашылық тұлғалар.....	152
Шығармашылық тұлғалар жайындағы орыс тілді туындылар.....	157
Қазақ поэзиясындағы дәстүрлі ұлттық тақырыптар	161
Майлықожа өлең-толғауларындағы нақлиқаттар	169

<i>Үшінші бөлім. ПОЭТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР</i>	175
Поэтика саласын зерделеген ғалым	175
Ғалым танымының көкжиегі	180
Болмысты герменевтикалық тұрғыдан тану	185
Т. Кәкішевтің әдебиет тарихы хақындағы зерттеулері	191
«Қазақ әдебиетінің бір бұтағы»	195
Халықпен ғұмырлас рухани мұраны зерделген ғалым	201
Жанртану жайындағы жаңа еңбек	205
Әдебиет пен топонимика байланысын зерттеген ғалым	210
Тәлімді ұстаз, білімді ғалым	217
Көңіліме шуақ қалдырған асыл бейне	221
Қос тұлғаның құрметі	227
К. Айдарбекованың «Әкеге құрмет», «Анаға тағзым» кітаптары туралы үзік ой	230
Болмысы дара Байтанаев (Жазушы-ғалым Әбіш Байтанаев туралы эссе)	232
Әдебиеттану пәндерінде ғылыми-зерттеушілік ізденіске бейімдей оқыту	239
Әдеби шығарманы эмпирикалық деңгейде зерттеудің әдістері	243
Әдебиетті оқыту арқылы кәсіби күзiреттiлiктi меңгерту	247
Әдебиеттану пәндерін оқытуда кредиттік технология жүйесінің тиімділігі	251
ҚОРЫТЫНДЫ	255

КІРІСПЕ

(ПОЭТИКА ЖАЙЫНДА ТҮСІНІК)

Поэтика (грекше *poietik tehne* – шығармашылық өнер) – көркем шығармадағы құндылықты бар болмысымен айқындар жүйе туралы әдебиеттанудың ең көне ғылым саласы.

Әдебиет поэтикасы өзінің шығу тегі жағынан сонау ежелгі замандарға кетеді. Ертеде «поэтика» термині сөз өнері туралы ілім деген ұғымды білдірді. Ең алғаш рет ол өзінің теориялық негізін Аристотельдің «Поэтика» еңбегінен алған. Ежелгі грек философының түсінігінде поэтика – «поэтикалық өнер жайлы, оның жекелеген түрлері жайлы, көркем шығарма жақсы болуы үшін фабула қалай құрылуы керектігі жайлы, қанша бөліктен тұруы керектігі жайлы ғылым». Осыған сай поэтика әмбебап сипатқа ие болды. Аристотель мен Платонның эстетикасынан бастау алған антикалық поэтика поэзиялық шығармаларды талдау бағытында дамыды.

Поэтиканың нақтылы қалыптасқан кезеңі – классицизм. Оны Горацийдің «Поэзия ғылымы» үрдісімен жазған Н. Буалонның «Поэтикалық өнер» (1674) атты еңбегінен көреміз. XIX ғ. дейін поэзиялық жанрды зерттеу поэтиканың негізгі объектісі болып келсе, ағартушы ғалымдар Г.С. Лессинг, Д. Дидро классицизммен күрес арқылы поэтикадағы ескі догматикалық ғылымға соққы берді. Дж. Вико мен И.Г. Герден – әдебиет, фольклор және тілдің даму заңдылықтарының бірлігі, даму эволюциясы, тарихи өзгермелігі туралы ұғымды қалыптастырды. Герден мен Гете, кейіннен романтиктер поэтика саласына фольклор және прозалық шығармаларды зерттеуді, ал Г. Гегель 3 томдық «Эстетикалық лек-

циялар» (1838) еңбегінде поэтикаға кең мағына беріп, поэзияның (әдебиеттің) эволюциялық дамуының диалектикалық-философиялық заңдылықтарын ашты. Ғылыми поэтиканың Россияда дамуына М.В. Ломоносов пен В.К. Тредиаковскийдің ролі зор болды. А.Х. Востоков, А.С. Пушкин, А.П. Чеховтың әдебиет туралы еңбектері, В.Г. Белинскийдің идеялары ХІХ ғ. Россияда поэтиканың дамуына негіз болды. Әсіресе, ғылым саласы ретінде поэтиканы зерттеген А.А. Потебняның «Эстетика және поэтика», А.Н. Веселовскийдің «Тарихи поэтика» еңбектері үлкен құбылыс болды. Еуропа поэтиканы жаңа қырынан ашып, ғылымда үлкен мектеп болды.

Поэтика туралы ілімнің даму тарихына шолу жасасақ, ХІХ ғасырға дейін көркем шығарма ілім ретінде қарастырылмады, ондағы қоғамдық сана, мұра мен мифтер, сюжет пен мотивтер жалпы мәдени жетістіктер ретінде, жазушының өмірбаяндық, рухани тәжірибесі ретінде қарастырылды.

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында әдебиет теориясы поэтикалық ойдың қалай жүзеге асатыны жөніндегі зерттеулерге баса назар аударды. «Әдебиет теориясының» авторлары америкалық Рене Уэллек пен Остин Уоррен әдебиет теориясы мен поэтиканы синонимдер ретінде қарастырады. Ал Б. Томашевский өзінің «Әдебиет теориясы. Поэтика» кітабында бұл түсініктердің бір мағынада ғана қолданылғандығын ескертеді. ХХ ғасырдың басында бұл ұғымның мүлде өзгеріске ұшырап, әдебиет теориясын поэтикадан бөліп қарастыру тенденциясы белең алды. Осылай поэтика әдебиеттанудың бір бөлімі болып санала бастады.

Поэтика туралы теориялық ілім (неміс ғылымының дәстүрінде) 1910 жылы қалыптасып, 1920 жылы нығая түсті. ХХ ғасыр барысында Батыс елдерінде ол қарқынды дамыды. Бұл жай әдеби ойдың шын мәніндегі ғасырлық дамуын көрсетті. 1920 жылдардағы әдебиеттану әртүрлі бағытта болды. Мәселен, теориялық поэтика саласындағы жетістіктерді М. Бахтин, А.П. Скафтымова, С.А. Аскольдова, А.А. Смирновалардың діни философия тәжірибесіне сүйенген зерттеулерінен көреміз. 30 жылдардан кейінгі онжылдықта поэтика туралы ілім тоқтап қалды. Тек 60

жылдары қайта сөз етіле бастады. Бұл тұста Ю.М. Лотман басқарған тартуско-московская школасының елеулі мәні болды.

XX ғасырда поэтика термині басқа мағынаны да білдіре бастады. Бұл сөз әдеби процестің кейбір қырларын, атап айтсақ — жеке жазушылардың шығармаларында көрініс алған көркемдік ұстанымдары мен принциптерін, көркемдік бағыттарды білдірді. Поэтика туралы белгілі ғалымдар көптеген зерттеулер жазды. Мәселен: көне орыс әдебиетінің поэтикасы туралы, романтизм поэтикасы туралы, Гоголь, Достоевский, Чеховтардың поэтикасы туралы, А.И. Веселовскийдің «Романтическая поэтика Жуковского» атты зерттеулері бұған мысал.

Қазіргі қазақ әдебиеттануында бұл салада да жазылған зерттеулер біршама бар. Атап айтсақ, Б. Майтанов, Б. Қәрібаева, А. Исмақова, А. Темірболат, С. Қалқабаева т.б. поэтика саласындағы ізденістерін айтсақ болады.

Қазіргі әдебиеттануда поэтиканы жеке көркем шығарманың құрылысы, әдеби құрылымы және оның кешендері туралы ғылым ретінде қарастырамыз. Бірақ поэтика мақсат-міндеттері белгіленген және дәстүрлі әдебиеттану салалары: әдебиет теориясымен, әдебиет тарихымен тығыз байланысты арнаулы пән ретінде де қалыптасуда. Әдебиет теориясының ауқымында, поэтика — мәтіннің (дыбыстық, сөздік, образдық) құрылымы туралы ілім деп қарастырылады.

Жалпы өнер, эстетика, мәдениеттану салаларында кең қолданылатын поэтика термині әдебиеттану ғылымында екі мағынада қабылданады. Алғашқы мағынада (кең) поэтика әдебиет теориясымен ұғымдас келсе, ал екіншісі мәні (тар) теориялық поэтиканың бір саласы ретінде ұғынылады.

Әдебиеттануда поэтика ұғымының аясында мына нәрселер түсіндіріледі:

- поэтика — әдеби шығармалардың құрылымы туралы ғылым саласы;
- эстетикалық құралдар жүйесін қарастыратын ғылым саласы;
- көркем шығарма құрылысын, тілдік, композициялық,

- типтік құрылымын, әдеби тектер, жанрлар, оның түрлерін зерттейтін ғылым саласы;
- әдебиет болмысын, жанрларын, формасын, мазмұнын қарастыратын ғылым саласы;
 - шығармашылықтың генезисін, поэтикалық шығармашылықтың эволюциясын, оның заңдылықтарын қарастыратын ғылым саласы;
 - поэзия теориясы, поэтикалық шығармашылық туралы ғылым саласы;
 - көркем шығармадағы көркемдеуіш құралдардың құрылымы туралы ғылым саласы т.т.

Поэтикада зерттеу нысаны — көркем шығарма болса, ал оның көркемдік әлемін сипаттау, дара құндылықтарына талдау жасау басты мақсаты болып табылады. Демек, *поэтика* — көркем шығарманың құрылымы мен онда қолданылған көркемдік құралдар жүйесін, сонымен қатар жеке жазушылардың шығармаларында көрініс алған көркемдік ұстанымдары мен принциптерін, көркемдік тұтастықтың заңдылықтарын және олардың арақатынасын зерттейді. *Поэтиканың мақсаты* — шығарма құндылықтарынан эстетикалық әсер дарытып тұрған көркем мәтіндегі элементтерді айқындау, жүйелеу болса, *негізгі міндеттері* — көркем шығарма құрылысын зерттеу, ондағы поэтикалық тәсілдерді талдау.

Поэтика мақсат-міндеттеріне қарай үш түрге жіктеледі: жалпы поэтика (теориялық немесе жүйелік «макропоэтика»), жеке (сипаттамалы) поэтика («микропоэтика») және тарихи поэтика.

Жалпы поэтика көркем мәтіннің дыбыстық, сөздік және образдық құрылымын қарастырады. Ол көркем шығармада авторлық ойдың жүзеге асу амалдарын, поэтикалық тәсілдердің көркемдік қызметін қарастырады. Жалпы поэтикада шығарманың дыбыстық жағын (ырғақ, бунақ, ұйқас, өлең өлшемі, дыбыс толқыны т.б.) өлеңтану ғылымы қарастырады. Шығарманың сөз табиғатын стилистика зерттейді. Образдық салада шығармадағы образдар, мотивтер, сюжеттер зерттеледі.

Жеке (сипаттамалы) поэтика ол көркем туындының жасалу жолдарын, авторлық ойтүрткінің нақты бір шығармадағы жүзеге асуын қарастырады. Жеке поэтика көркем шығарманың табиғатын ашумен айналысады, сол арқылы шығарманың эстетикалық ықпалды қасиетінің дара жүйесін жасайды.

Жеке поэтика көркем шығарманы талдау нәтижесінде шығарманың барлық көркемдік құралдарын саралап, шығарма құрылымындағы бір-бірімен үйлесім-үндестігі бар элементтердің эстетикалық ықпалды қасиетін айқындап көрсетеді. Жеке поэтика негізі жеке жазушының шығармашылығын, белгілі бір шығарманың құрылымын сипаттайтын немесе зерттеу талабының ерекшеліктеріне сай топ шығарманы баяндап, талдап түсіндіреді. Мәселен, бір циклді, бір автордың, әдеби бағыттағы жанрдың, тарихи кезеңнің қатысына қарай қарастырылуы мүмкін.

Тарихи поэтика поэтикалық тәсілдердің шығу тегін, генетикасын қарастыратын поэтиканың саласы. Таратып айтсақ, тарихи поэтика жекелеген көркемдік компоненттердің (жанрлардың, сюжеттердің, стилистикалық бейнелердің) туу, қалыптасу және даму тарихын, тағдырын, барлық әдебиетке тән ортақ типологиялық белгілерін айқындайды.

Тарихи поэтика салыстырмалы-тарихи әдебиеттану көмегімен әртүрлі көркем шығарманың поэтикалық жүйесінің ортақ қасиеттерін, ортақ қайнар бастауларын (генетикалық) немесе адамзатқа ортақ заңдылықтар (типологиялық) негізінде ашуға бағытталған. Әдеби сөз өнерінің тамыры, бастауы ауыз әдебиетінде жатыр. Осы тұжырымды Р. Бердібайдың «Кәусар бұлақ» еңбегіндегі айтқан пікірімен толықтыра кетсек: “Көркем сөз шығармаларының даму, жетілу, жаңа сапаға көшу тарихы фольклор мен жазба әдебиеттің өзара байланысы мен бір-біріне ықпалының замандар бойында үзілмей желі тартып келгенін дәлелдейді. Түрлі халықтарда тарихи-әлеуметтік жағдайларына қарай кейде осы арна қатарласа дамыған, қайсы бір кезде осылардың біреуі алдыңғы шепке шығып отырған. Сонымен қатар, осы екі көркемдік ағынның жалпы даму бағытында ортақ үлкен заңдылықтар бар. Ол ауызша әдебиет дәстүрлерінің бірте-бірте жазбаша дәстүрге ауысу, ұласу тенденциясы”.

Тарихи поэтика — әлі қалыптасу процесіндегі жас ғылым салаларының бірі. Оның ғылыми негіздерін осыдан екі ғасыр бұрын Ресей ғалымы А.Н. Веселовский салған. Алыс және шетел ғалымдарының да тарихи поэтика проблемаларына арналған әртүрлі деңгейдегі зерттеулері бар.

Демек, әдеби поэтика — маңызды ғылыми пән. Оның мақсаты көркем шығарма құрылысын, оның жазылу тәсілдері мен қолдану принциптерін қарастыру болып табылады.

**ӘЗІЛХАН НҮРШАЙЫҚОВ ПРОЗАСЫНЫҢ
ПОЭТИКАСЫ**

Өмірде әдеби шығармаға негіз болатын тақырыптар сан алуан. Көркем туындыға нендей тақырыпты арқау ету, оны қандай әдіс-тәсілмен оқырманға жеткізу жазушының еркіне, таланты мен дүниетанымына байланысты. Науқандық тақырыпқа арналған кейбір шығармалар белгілі бір кезең аралығында ғана өзекті болып, кейін уақыт көшіне ілесе алмай мәнділігінен айрылып жатады. Ал шынайы шебердің қаламынан туған, жалпы адамзатқа тән асыл қасиеттерді ту етіп көтерген жекелеген туындылар заман озып, ұрпақ алмасқан сайын жаңа қырынан ашылып, адам баласын соны мұраттарға жетелей түседі, рухани азықтың сарқылмас суатына айналады.

Сондай өміршең шығармаларды дүниеге әкелген қаламы қарымды жазушыларымыздың бірі — Әзілхан Нұршайықов. Қазақтың көрнекті қаламгері, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықов Қазақстан облысының 1922 жылы 15 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданында, Келінсүйегі деген жерде дүниеге келген.

1941-1945 ж.ж. Қызыл армия қатарында қызмет етті. Майданда жүргенде де қолына қаруы мен қаламын қатар ұстап жүрді. Өзінің жауынгер жолдастарының майдандағы ерліктерін мадақтап, үнемі өлеңдер, очерк, мақалалар жазып жүрді. Олар майдан газеттерінің, республикалық газет беттерінде жарияланып тұрды. Ұлы Отан соғысы жылдарында қан майданда қаруымен де, қаламымен де күрескен Әзілхан Нұршайықов ерен еңбектері үшін II дәрежелі Даңқ, «Құрмет Белгісі», Халықтар достығы және II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Батырлығы үшін», «1941-1945 жылдардағы

Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін медальдарымен марапатталады.

Соғыстан кейін Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірді. Ең алғаш еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған жазушы бұрынғы облыстық «Екпінді» газетінде (қазіргі «Семей таңы»), республикалық «Қазақстан пионері» газетінде, «Соц.Қазақстан» газетінде, Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінде қызмет етті. Сонымен қатар «Қазақстан пионері» газетінің бөлім меңгерушісі, республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінің редакторы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Қазақ Совет Энциклопедиясы тіл, әдебиет және фольклор редакциясының меңгерушісі, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі, Қазақстан Жазушылар одағы проза кеңесінің, жас әдебиетшілер кеңесінің төрағасы сияқты қызметтерді атқарды.

Өмір жолы мен қызмет еткен жылдары халық тағдырының қиын сынға түскен кезеңдеріне тұспа-тұс келген Ә. Нұршайықовтың қаламынан туындаған шығармаларда сол заман бедері мен замандастарының асқақ бейнесі көз алдыңнан көлбеп өткендей болады. Қай тақырыпты жазса да өмір дерегінен алып, оған көркемдік қуат дарыта білген туындыгер Әзілхан Нұршайықовтың шығармалары — замандастарының адамгершілік болмысын шынайы қалпында эстетикалық қуаттылықпен танытып, оқырманына гибратты үлгі бере білген туындылар. Атап айтқанда, аты аңызға айналған халық батыры, Ұлы Отан соғысының даңқты қаһарманы, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының ер тұлғасын, азаматтық қасиетін танытуға арналған «Ақиқат пен аңыз» (1976 ж.) роман-сұхбаты, замандастарының адамгершілікпен астасқан адал махаббаты мен шынайы сүйіспеншілігі баяндалатын «Махаббат, қызық мол жылдар» (1970 ж.) романы, Кеңес Одағының Батыры, ірі әдебиетші ғалым Мәлік Ғабдуллин атынан ардагер азаматтар туралы айтылатын «Тоғыз толғау» (1977 ж.) повесть-монологы, асқақтық пен әсемдікті танытатын «Махаббат жыры» (1964 ж.), «Ескі дәптер», «Әсем», «Ботакөз» (1966 ж.), «Ғажап адам» (1968 ж.) атты лирикалық повестері мен майдандас жауынгер достары-

ның ерліктерін суреттейтін «Невель түбінде», «Великие Луки ұрыстары» сынды майдан жазбалары мен басқа да шығармалары мұның айғағы бола алады.

1970 жылы ол өзінің тұңғыш романы «Махаббат, қызық мол жылдарды» жазып бітірді. Роман жастардың күні бүгінге дейін сүйіп оқитын шығармасы. Мұнда махаббат, достық, адалдық, адамгершілік сияқты мәңгі тақырыптарды жазушының шынайы сезіммен сөз ете алуы бұл шығармаға осындай күдірет дарытқандай. Романның негізгі мақсаты — адамгершілік, эстетикалық тәрбие, жан дүние тазалығын, мөлдір махаббатты паш ету. Ә. Нұршайықов кейіпкерінің іс-әрекеттері ауыр сын сәттерде де, махаббат пен еңбекте де биік адамшылық өлшемдермен бағаланады. Өйткені жазушы шығармаларының пафосы адам жанының рухани қуатына, өмірсүйгіштігіне, әсемдігіне негізделген. Мұның өзі жазушы шығармашылығының өзіндік сипатын танытады. Романдағы Ербол, Меңтай, Жомартбек, Тана, Майра бейнелері арқылы әр адамға өмірді дұрыс түсіне білуге ой салатындай жан тебіренерлік шығарма. Бұл роман ешқандай «жалаңаштанбай» қазақи мінезімен суреттелген, лайланбаған тұнық роман. Жалпы, «Махаббат, қызық мол жылдар» романының берер тәлім-тәрбиесі әлі күнге дейін мол.

1980 жылы жазушыға атақты Бауыржан Момышұлы туралы жазған «Ақиқат пен аңыз» кітабы үшін еліміздің үлкен наградасы Мемлекеттік сыйлық берілсе, 1987 жылы әскери-патриоттық тақырыпты дамытуға қосқан үлесі үшін А. Фадеева атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлыққа ие болған. Жазушының «Ақиқат пен аңыз» романы Т. Сартакованың аударуымен «Истина и легенда» деген атпен орыс тілінде жарық көрді.

«Ақиқат пен аңыз» роман-диалогының бас кейіпкері — халқымыздың аты аңызға айналған қаһарманы, жазушы, Кеңес Одағының Батыры — Бауыржан Момышұлы. Сұхбат үлгісінде жазып әдебиетімізге жаңа жанрлық түр енгізген Ә. Нұршайықовтың бұл романынан бүгінгі, тіпті ертеңгі оқырман қауым да батыр аға жайында білгісі келген жайлардан толық мәлімет алып, өзін толғантқан сан-салалы сұрақтарға жауап тауып, Баукеңмен қайта жүздесіп, қайта араласып отырғандай күй кешері сөзсіз. Романда қазақ халқының қаһармандық бейнесін көрсету үшін даңқы аңызға айналған Бауыржан бейнесімен ғана шектелмей,

аспан тәңірісі Талғат Бигелдиновті, фашизм ордасына алғаш ту тігуші Р. Қошқарбаевты, партизан Қ. Қайсеновті келістіре суреттейді. Әзілхан Нұршайықов шығармаларын шолып қарасақ, онда қайсарлығымен, үлкен адамгершілігімен, жан сарайының көріктілігімен оқырман жүрегінен жылы орын алатын кейіпкерлер баршылық. Жазушының сүйікті де кесек сомдалған қаһармандары — Бауыржан мен Мәліктер алып Алатаудай оқырманын сүйсінтеді. Хамза мен Әділжанды алсақ, бірі — мүгедек, екіншісі — зағип болса да өмірге құштар, қиындыққа төзімді, еңбексүйгіш жандар, ал Асылгүл мен Биғайша қайырымды да қамқор іс-әрекеттерімен жағымды. Мәншүк Мәметова, Ыбырайым Сүлейменов, Төлеген Тоқтаров тағы басқа бір топ майдандас достарының образдары отаншылдығымен, елсүйгіштігімен ерекшеленеді. Бұдан жазушының кейіпкерді таңдау, оны толыққанды көркем образға айналдыру тәсілдеріндегі дара суреткерлігін де байқаймыз.

Кейіпкерлері көбіне тарихи тұлғалар болғандықтан, оның болмысы мен характерін қаз-қалпында бейнелеуге ұмтылуы, деректі материалдарға жүгінуі шығармаларының тарихи маңыздылығын арттырған. Құндылығын тарихшылардың өзі мойындаған «Ақиқат пен аңыз» деректі роман-сұхбатында отаншылдығымен, ерлігімен ел аузында аты аңызға айналған халық батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының образын соны әдіспен сомдап, біртуар қаһарманның рухани әлемін жария етіп береді. Бүкіл жұртшылыққа танымал жандар жайлы тек шындық қана жазылуға тиіс екені бәрімізге аян. Ә. Нұршайықов шығармаларының шыншылдық сипатын жақсы бағалай келе Нұрқасым Қазыбеков: «... егер шын тарих ұлы-ұлы оқиғалар мен даңқты адамдардың өміріне байланысты жазылатын болса, онда Әзілхан Нұршайықов шығармалары болашақ үшін де өте қажет, ұзақ жасайтын өміршең шығармалардың қатарынан орын алары хақ» [1, 72], — дейді. Расында, ірі тұлғалардың болмысын, адами қасиеттерін танытатын мұндай шығармалар қай кезде де бағалы.

Халқымыздың сүйіп оқитын жазушысына айналған Ә. Нұршайықовтың сырлы қаламынан туындаған «Махаббат жыры», «Махаббат, қызық мол жылдар», «Ақиқат пен аңыз», «Тоғыз толғау», «Мәңгілік махаббат жыры» атты тағлымы мол шығармалары қай кезде де құндылығын жоймайтын көр-

кем дүние. Жазушы шығармашылығы жайында С. Хайдаров: «Ә. Нұршайықов өзінің әңгімелерінде, повестерінде, очерктерінде гуманизмді, өмір жеңісін, ақиқат үстемдігін дәріптейді» [2], – дейді. Шындығында, жазушы шығармаларын оқығанда өмір шындығын, замандас келбетін айнадан көргендей әсерде қаласың. Соларға қарап өз бойыңдағы болмыс-бітісті безбендеп, мініңді түзеуге бет аласың.

Әскери тақырыпта жазылған шығармаларында Әзілхан Нұршайықов майданда жүріп әскери сумкасынан қойын дәптерін түсірмей көргенін, сезгенін, жауынгерлердің жаңбырдай жауған оқ пен жарылған снаряд, бомбалардың арасында жүріп жасаған ерліктерін жазды. Ол жазған материалдары кейін кесек шығармаларға айналды. Мәселен, «Ақиқат пен аңыз» романдиалогында ерлігімен аты аңызға айналған халық батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының қаһармандық тұлғасын сомдаса, «Тоғыз толғау» повесть-монологтарында халқымыздың асыл перзенті, қазақ әдебиетінің білгірі, Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің күнделікті өмір тіршілігіндегі қарапайым бейнесі дараланады. «Тоғыз толғау» повесть-монологында ғұлама жазушылар Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлин, Мәлік Ғабдуллин сияқты халқымыздың сыйлы азаматтарының бейнелерінің көрініс алуы жазушы шығармаларының тарихилығын байқатады. «Майдан жазбаларына» енген «Великие Луки ұрыстары», «Невель түбінде», «Ер Төлеген», «Мәншүк әні» атты деректі әңгімелерінде Кеңес Одағының Батырлары Мәншүк Мәметова, Төлеген Тоқтаров, Ыбрайым Сүлейменовтің, майдандас достары Әбдірахман Бимурзин, Мырзаби Ерназаров, Рымбек Байсейітов, Мұқан Омарбаевтардың жарқын бейнелері патриоттығымен, отансүйгіштігімен дараланып, ерлік іс-қимылдары үстінде көрінеді.

Қаһармандық рухтағы “Ақиқат пен аңыз” романы мен “Тоғыз толғау”, “Махаббат жыры”, “Ғажап адам”, “Невель түбінде”, “Великие Луки ұрыстары” т.б. әңгіме, повестері дерек пен дәйектің, тарихи шындық пен көркемдік шешімнің арақатынасын ашуға бағытталған.

Журналистік соқпақтың бәрінен өткен қаламгер қаламынан туған тамаша да құнды дүниелер елін қуантты, қазақ халқының рухани қазынасына айналды. Ол «Алыс ауданда», «Тың асты-

ғы», «Жомарт өлке» сияқты көптеген очерктер жинағының, «Махаббат жыры», «Алтын соқпақ», «Батырдың өмірі», «Мен журналиспін» атты публицистикалық топтамалардың, «Автопортрет», «Жамбылға хат» әскери естеліктер, «Қаламгер және оның достары», «Өмір өрнектері», «Екі естелік» тағы басқа да көптеген кітаптардың авторы.

Ә. Нұршайықов — естелік, күнделік хат жанрларын көркем проза деңгейіне көтерген жазушы. «Қаламгер және оның достары» эпистолярлық романы, «Өткелдер» роман-естелігі, әдебиетші қауым күнделік-эпопея деп баға беріп жүрген «Өмір өрнектері» атты әдеби күнделіктері бұған дәлел. Қарапайым өмірлік деректерден мәнді дүние тудыра білетін еңбекқор қаламгердің әскери, тұрмыстық және әдеби күнделіктері өмірінің соңғы жылдарында жеке кітап болып жарық көріп жатты.

«Естелік жазуға ерекше шеберлік қажет. Өз заманының шындығын жан-жақты қамтып жазған шынайы естеліктің көркем шығармадан еш кемдігі жоқ. Егер көркем шығарманы жазғанда шындықты әдемілеу үшін «түрлі-түсті бояулар» жағылса, шындыққа ондай бояу-союдың қажеті жоқ. Шындық өзінің табиғи қалпында сұлу. Ал оқиғаны, кейіпкерді табиғи болмысымен көрсете алатын шығарма — естелік», — деп айтқан жазушының сөзінен естелік жанрына ерекше ден қойғандығын көреміз.

1985 жылы қазақтың ұлы жазушылары М. Әуезов пен С. Мұқанов туралы «Екі естелікті» жазса, 2000 жылы Әзілхан Нұршайықов әдебиетімізге бір емес, қатарынан екі тың туындысын алып келді. «Қаламгер және оның достары» атты эпистолярлық романы мен автордың өзі «әдеби күнделіктер» деп атаған «Өмір өрнектерінің» бірінші кітабын оқырманға ұсынды.

Ә. Нұршайықов шығармашылығының мол мұрасы 2005 жылы «Қазығұрт» баспасынан шыққан таңдамалы шығармаларының он томдығында тұтастай жинақталып берілді. Көзі тірісінде әдеби мұрасының шашауын шығармай келешек ұрпаққа жиыптеріп беруі жазушының өз еңбегіне де, ұрпақ алдындағы борышқа да жауапкершілікпен қарауы деп бағалап, тағзым етсек артық болмас дер едім.

Ал енді Әзілхан Нұршайықов шығармашылығының зерттелуі жайына келер болсақ, туындыгер жайында дер кезінде мерзімді басылымдарда сындарлы пікірлер айтылып, дара қолтаңбасының

қырларына баға беріліп отырғандығына төмендегі мақалалар тізімі дәлел бола алады: Р. Бердібаев «Қазақ прозасындағы замандас тұлғасы» [3, 53-55, 74-75], Б. Уахатов «Көркемдік ізденістер» [4, 40], С. Қирабаев «Алыстағы аудан өмірінен очерктер» [5], Н.Ғабдуллин «Қаһарманның адамгершілік әлемі» [6], Ш. Елеуқенов «Адам деп ат қойған соң...» [7], «Ерлікке жаралған ұрпақ жазушысы» [8], Б. Сахариев «Жастықтың өзі — жайсаң жыр» [9], Ж. Дәдебаев «Ақиқат пен аңыз арасы» [10], Ж. Қазбеков «Ақиқаты — аңыз, аңызы — ақиқат» [11], Т. Кәкішев «Шынайы өмір жыршысы» [12] т.б.

Қазіргі таңда Ә. Нұршайықов шығармашылығын әр қырынан зерттеп, ғылыми еңбектер жазған ғалымдарымыздың [13, 14, 15, 16, 17, 18] қатары арта түсуде. Туындыгердің әдеби мұрасының танымдық-тағлымдық мәнін, тарихи-деректілік сипатын, дара стилін ғылыми зерттеу аспектісіне айналдырған ғалымдардың ізденістері туралы мәліметтер «Әйгілі Әзаға» атты естелік-эсселер жинағында [19] кеңірек айтылған.

Адамзаттың тағдыры мен тіршілігі, болмысы мен арман-мұраты шынайылықпен көркем өрнектеліп, тұлғалана бейнеленген Ә. Нұршайықовтай дара туындыгердің ғибратты шығармашылығы әлі де талай зерттеу нысанына айналып, ондағы құндылықтардың дәріптеле түсетіні аян.

Әдебиеттер:

1. Қазбеков Н. Ой таразысы: Сын мақалалар. — Алматы: Жазушы, 1991. — 255 бет.
2. Хайдаров С. Годы радости и любви //«Ленинская смена». 1979, 23 май.
3. Бердібаев Р. Қазақ прозасындағы замандас тұлғасы. — Алматы: Қазақстан, 1968. — 85 бет.
4. Уахатов Б. Көркемдік ізденістер. — Алматы: Жазушы, 1991. — 208 бет.
5. Қирабаев С. «Алыстағы аудан өмірінен очерктер». Өрлеу жолында. — Алматы: ҚМКӘБ, 1960. — 292 бет.
6. Ғабдуллин Н. «Қаһарманның адамгершілік әлемі» Замандас келбеті. — Алматы: Жазушы, 1972. — 224 бет.
7. Елеуқенов Ш. «Адам деп ат қойған соң...» Замандас парасаты. — Алматы: Жазушы, 1977. — 300 бет.
8. «Ерлікке жаралған ұрпақ жазушысы» //«Қазақ әдебиеті», 1992, 4 желтоқсан.

9. Сахариев Б. «Жастықтың өзі – жайсаң жыр». Күрескер тұлғасы. – Алматы: Жазушы, 1979. – 3763 бет.
10. Дәдебаев Ж. «Ақиқат пен аңыз арасы». Шымырлап бойға жайылған. – Алматы: Жазушы, 1988. – 187 бет.
11. Қазбеков Н. «Ақиқаты – аңыз, аңызы – ақиқат». Ой таразысы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 255 бет.
12. Кәкішев Т. «Шынайы өмір жыршысы» // «Қазақ әдебиеті», 1992, 4 желтоқсан.
13. Қалқабаева С. Әзілхан Нұршайықов прозасындағы адамгершілік ізденістер: монография. – Алматы: «Қазығұрт», 2004. – 168 бет.
14. Қалқабаева С.Ә. Ә. Нұршайықов прозасындағы адамгершілік ізденістер: филол. ғылымд. канд... дис. авторефераты. – Алматы, 1995. – 24 бет.
15. Нұрымова Қ. «Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романының шығармашылық тарихы»: филол. ғылымд. канд... дис. авторефераты. – Алматы, 1997. – 27 бет.
16. Доскеева Ш. Ә. Нұршайықов шығармаларындағы замандас бейнесі: филол. ғылымд. канд... дис. авторефераты. – Астана, 2009. – 30 бет.
17. Кенжегарина А. Әзілхан Нұршайықов шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік идеялар: филол. ғылымд. канд... дис. авторефераты. – Алматы, 2010. – 27 бет.
18. Тоқтағазин М. Әзілхан Нұршайықов шығармаларындағы деректік негіз және көркемдік сипат: филол. ғылымд. канд... дис. авторефераты. – Астана, 2010. – 29 бет.
19. Әйгілі Әзаға. Естеліктер мен эсселер. – Астана: Фолиант, 2012. – 552 бет.

ТУЫНДЫГЕР МҰРАТЫ ЖӘНЕ ЖАНРЛЫҚ-СТИЛДІК ДАРАЛЫҚ

Сөз өнерін мұрат тұтқан әрбір қаламгердің көңіл түкпірінде әдебиетте өмір қалтарысындағы еленбей жатқан жайларды қозғап, тың ой, жаңа ізденіс танытып із тастасам деген ізгі ниет жатары сөзсіз. Алайда әдебиетте өзіндік қолтаңба қалдыру бақытына қалам тербеп, шығарма жазған жазушының бәрі бірдей ие бола бермейді. Өйткені қаламгердің әдеби бетін айқындайтын нәрсе — жазушының дара стилі. Ал оның орнығуы жазушының шығармашылық дарының қуатына, шыңдалған суреткерлік шеберлігіне байланысты. Сондықтан да болар әдебиет зерттеушісі, ғалым Қ. Жұмалиев [1, 23] стильді табиғи дарынмен тікелей сабақтастырып, оны тек шын талант, ұлы жазушылар туындыларынан ғана іздегенді дұрыс санайды. Жазушының өзіндік стилінің орнығуы оның дүниетанымына, идеялық мақсатына, авторлық позициясы мен интеллектісіне, өмірлік тәжірибесі мен дара қолтаңбасына да қатысты. Осы жолдағы шығармашылық ізденісі оның тақырып таңдау, сюжет құру, жанрын анықтау, образ бен характер жасау әдістерінен, тіл ерекшеліктерінен де көрініс алады. Оны аңғару үшін жазушының бүкіл шығармасын барлап қараған жөн. Жазушы стилін бір шығармасын оқи сала таныдым деу үстірттік. Өйткені ол академик-жазушы З. Қабдолов айтқандай, «эволюция үстіндегі, диалектикалық даму үстіндегі нәрсе» [2, 332]. Әрі оған әдеби процестегі алғы дәстүр мен озық тәжірибенің ықпалы болатындығын да ұмытпаған абзал.

Бәрінен бұрын әдебиетке жаңа стильдің келуі тарихқа, өмірге деген көзқарастың жаңашалануына, ойлаудың жаңаруына тікелей байланысты. Осы жай әдебиет зерттеушісі З. Бисенғалиевтің мына пікірінде: «Әрбір көркемдік әдіс пен түр, пішін, бейнелеу тәсілдері өмірдің өзінен туындап, соған себепті қоғамдық сананың белгілі даму дәрежесіне сай келеді. Тіпті қоғамдық экономикалық дамудың материалдық табыстары өнер туындылары үшін жаңа мүмкіндіктер, қажетті жағдайлар да жасайды» [3, 42], — деп дәл айтылған. Уақыт ағымындағы неше түрлі қоғамдық өзгеріс-

жаңаруларды қырағылықпен шала біліп, заман келбеті мен замандас образын шебер бейнелей алу интеллектісі ірі суреткерлер үлесіне ғана тиесілі бақыт. Қазақ әдебиетінде мұндай бақытқа ие болған Ж. Аймауытов, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсіреповтер – өздерін өнегелі шығармалары арқылы үлкен стилист-суреткер ретінде мойындатқан тума дарындар. Әрі озық үлгілерімен жаңа стильдік ізденістер жолында тер төгіп жүрген өзінен кейінгі талай жазушыларға тәлім бергендері де даусыз.

Сынаптай сырғыған уақыт озған сайын дамып, жаңара түсу әдебиет үшін де табиғи заңдылық. Осындай жаңа леп, жаңа ізденісті әдебиетке 60-70 жылдары С. Залыгин, В. Тендряков, Ю. Трифонов, В. Шукшин, А. Быков, Ш. Айтматов, С. Жүнісов, С. Шәймерденовтер әкелгендей болды. Олардың адамгершілік мәселесіне аса ден қойып, адамның ішкі рухани-адамгершілік әлемін психологиялық шеберлікпен суреттеуге ұмтылуы әдебиетте әлеуметтік-психологиялық повестердің бой көтеруіне игі әсер етті. Мысалы, Т. Ахтановтың «Боран», С. Шәймерденовтің «Мәжнүн тал» атты әлеуметтік-психологиялық повестерінде адам характерінің күнделікті тіршілік ағымында алынып, әлеуметтік-адамгершілік аспекті тұрғысынан қаралуының өзі әдебиетіміздің ілгерілеуін көрсетеді.

Осы жылдары әдебиетімізге шығармалары арқылы идеялық-көркемдік жаңа сипаттар мен жанрлық-стильдік ерекшеліктер ала келген жазушының бірі – Әзілхан Нұршайықов болды. Академик М. Қаратаев: «Ә. Нұршайықов – әдебиеттің әңгіме, повесть, новелла секілді шағын жанрларында жарқ етіп көрініп, өнімді еңбек еткен жазушы. Оның қаламынан туған «Ескі дәптер», «Махаббат жыры», «Әсем», «Ботагөз» атты лирикалық повестер – бүгінгі прозаның аясына өзінше жаңа леп, жаңа бояу қосқан шығармалар» [4, 131], – деп жазушының өзіндік қолтаңбасын бірден танытты.

Жазушының әдеби бетін айқындау – оның өмір тәжірибесін, шығармашылық еңбек жолын, ерекшеліктерін, материал жинау, образ жасау тәсілдерін, яғни жазушылық зертханасының қат-қабат қырларын тануға жол ашады. Оның жазушылық лабораториясын зерттеп қарасақ, публицистикадан көркем прозаға бет бұрған алғашқы кезеңінің өзінде-ақ адамгершілік мәселесін шығармаларының басты діңгегі ете алуынан жазу-

шы шығармашылығының идеялық-тақырыптық ерекшелігін аңғару қиын емес. Гуманист-жазушы мейлі әскери-қаһармандық тақырыпқа иек артсын, мейлі еңбек пен махаббатты сөз етсін өз идеясының түп қазығын адамгершілікке әкеп тірейді. Рас, бұл мәселені қозғамайтын шығармалар кемде-кем. Алайда, оны Ә. Нұршайықов өз дүниетанымы тұрғысынан, жаңаша әдіс-тәсілмен шеше біледі. Осы бір өмірлік мәнді мәселені нақты деректерді, өмірлік ащы тәжірибені ұсына отырып көркем шындыққа айналдырады. Мұнысы шығарманың өнегелік жағын арттырып, тәрбиелік әсерін, нанымдылығын арттырады. Оның тырнақалды туындыларынан бастап қай жанрда жазылған шығармаларын алсаңыз да жазушы өзі көріп, басынан өткерген немесе замандастары куә болған жайларды ғана суреттейді. Мысалы, «Ақиқат пен аңыз» роман-сұхбаты, «Махаббат, қызық мол жылдар» романы, «Махаббат жыры», «Ғажап адам», «Тоғыз толғау» повестері, майдан жазбалары — бәрі тарихи деректер, құжаттар негізінде жазылған дүниелер. Жазушыда фактілер, деректер, құжаттар негізінде жазу стилінің орнықты қалыптасуының сыры әдебиетке очеркист, публицист ретінде келуінде.

Көптеген ірі суреткерлердің — М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, С. Мұқанов, А. Толстой, А. Серафимович, Д. Фурманов, т.б. көркем прозаға очерк арқылы өткені әдебиетімізде белгілі. Сондай-ақ М. Шолохов, А. Фадеев, Б. Полевой, Қ. Симонов, Л. Леонов, А. Бек, А. Кривицкий, Б. Момышұлылардың ірі шығармаларының негізі отты жылдардағы оқиғалы очерктер болған. Талай көркем очерктер Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары жазылған айтулы шығармалардың басты сюжетін құрғанына, олардың кейбір қаһармандары ірі образға айналғандығына Қ. Симоновтың «Тірілер мен өлілер» трилогиясы, А. Фадеевтің «Жас гвардиясы», М. Шолоховтың «Олар Отан үшін алыстысы», Б. Полевойдің «Адам тағдыры», А. Кривицкийдің «Москва түбіндегі қарауылы», А. Бектің «Волоколамск тас жолы», Л. Леоновтың «Великошумскіні алуы», Б. Момышұлының «Москва үшін шайқасы» т.б. мысал бола алады. Сондай-ақ шығармасымен де, өмірімен де талайларға үлгі-өнеге берген ірі суреткер Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы да Кеңес Одағының Батыры Қайырғали Смағұлов жайында жазған очерктерінен өрбігені аян. Бұған қоса заманымыздың ғұлама жазушы-

сы М. Әуезов үшін де очерк көркем шығармаға барудағы ізденіс жолдары болған. Мысалы, «Түркістан солай туған», «Оңтүстік сапарларынан», «Шаяндағы шешен Керекең» очерктері «Өскен өркен» романын жазар алдындағы дайындықтың баспалдақтары іспетті еді. Шығармалары осы еңбектің арқауы болған жазушы Әзілхан Нұршайықов үшін де журналистиканың үлкен жанры очерк, өзі айтқандай, журналистика шекарасынан өткізіп, жазушылыққа бет қойғызған «шекара жанр» [5,13] болды.

Өзінің жазуға бейімділігін ең алғаш ақын, әскери тілші ретінде байқатқан жиырма жасар жауынгер Әзілхан Нұршайықов Ұлы Отан соғысы жылдарында елімізге қаруымен де, қаламымен де жас жігерін жұмсап еңбек сіңірді. Отан деп от кеше жүріп, аға сержант Ә. Нұршайықов майдандық газеттің белсенді әскери тілшісі болды. Оның «Социалистік Қазақстан» мен майдандық газеттерде жарияланған «Атамыз Жамбыл ақынға», «Жеңіс кілті», «Өсиет», «Соқ темірді қызған кезде», «Жас батыр», «Ант», «Ұсынамын жүрегімді», «Дайындал, досым, жорыққа», «Батыр наводчик Бимурзин», «Артиллерист Ерназаров» т.б. өлең мақалаларында жауынгерлердің ерліктері, қаһармандық рухы, адамгершілік болмысы жырланды. Отты жылдарда жедел мақала, хабарлар жазып машықтанған майдангер публицист соғыстан кейін қаруын тастаса да қаламын тастамады. Қазақтың Мемлекеттік университетінің тіл-әдебиет факультетін бітіргеннен кейін жиырма жылдай журналистік қызмет атқарды. Осы жылдар ішінде ізденгіш, еңбекқор журналист Ә. Нұршайықов «Алыстағы ауданда» (1956), «Жомарт өлке» (1960), «Алтын соқпақ» (1967), «Жер туралы жыр» (1974) т.б. очерктер жинағын жариялады. Оқырманның жақсы бағасына ие болған бұл жинақтар Ә. Нұршайықовты журналист ретінде көпшілікке танымал етті.

Көркем очерк жаза жүріп қаламы төселген Ә. Нұршайықов алпысыншы жылдары өз талантын көркем прозада сынға салды. Ең алғашқы «Ескі дәптер» («Солдат сыры» деген атпен алғаш 1961 жылы маусым айында Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінде жарияланған) атты туындысы кейін келе оқырманның ыстық ілтипатына бөленген «Махаббат, қызық мол жылдар», «Ақиқат пен аңыз» романына ұласты. Өмірдің талай қиын-қыстау кезеңін бастан кешіп, қаншама журналистік сапар шек-

кен ой түйгіш, ізденімпаз журналист үшін көркем шығармаға арқау етерлік материалдар көп еді. Бұған қоса көрген-білгенін ерінбей қойын дәптеріне түрте жүру, күнделік жүргізу еңбек-қор жазушының факті жинаудағы басты әдісі болды. Бұл тәсіл шығармасын өмірлік деректерге сүйене отырып жазу стилін қалыптастыруға ықпал етті. Жазушыға тән бұл ерекшелікті соғыс кезінде әскери құрамада, кейінгі жылдары газетте қызметтес болып, журналистік, жазушылық шеберлігіне тәнті болған әріптесі Қасым Шәріпов: «Нұршайықов өзінше өзгешелігі бар жазушы. Әзілханның басқалардан бір айырмасы — ол кейіпкерді ойдан шығармайды, халықтың ішінен іздеп жүріп, тауып алады. Қатардағы замандастарымыздың, еңбек ерлерінің, Отан соғысы солдаттарының келісті келбетін суреттеп, паш етеді. Осы тұрғыдан біз оны журналист-жазушы деп атай аламыз» [5, 7], — деп дәл тауып айтқан. Ә. Нұршайықов шығармаларының, очерктерінің кейіпкерлерін оймен шолып қарасақ, тұлғасы, адамгершілігі жағынан бірінен-бірі асқақтап көрінетін еліміздің ардақты азаматтары көз алдымызға елестейді. Олар Кеңес Одағының Батырлары Бауыржан Момышұлы («Ақиқат пен аңыз»), Мәлік Ғабдуллин («Тоғыз толғау»), Махмет Қайырбаев («Батырдың өмірі»), Мәншүк Мәметова («Невель түбінде»), Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданындағы «Дала Мересьеві» атанған атақты шопан, «Тағдырын жеңген адамдар» алтын медалінің екінші иегері Хамза Ақжолов (Ғажап адам»), жазушылар Мұхтар Әуезов («Кездесу»), Сәбит Мұқанов («Танысу»), Әбділда Тәжібаев (Ақын туралы очерк»), Мұқан Иманжанов («Мұқан Иманжанов туралы»), Борис Полевой («Борис Полевой туралы әңгіме»), Социалистік Еңбек Ерлері Алтынбек Дәрібаев («Большевиктің бейнесі»), Күләй Шарбақбаева («Әйел тағдыры»), Ілияс Қыдырбаев («Ағайынды екеу»), Егемкүл Тастанбаев («Оңтүстік») т.б. Бұдан аңғаратынымыз, жазушының қолға қалам алғандағы мақсатының бірі — өнегелі азаматтардың өмір жолын, елге еткен еңбегін жазып, бүгінгі күннің тарихын болашақ үшін айқындап беру. Сондықтан да кейіпкерлердің болмысын сөз еткенде жазушының басты назары рухани әлем мен жеке тұлғалардың қасиет саласына ауады. Бұл қасиеттерді аршып көрсетуде қаһарманымен жүздесіп, әңгіме-сұхбат құру барысында оның ішкі әлеміне дендей енеді. Кейіпкерлері тарихи

тұлғалар болған соң болмыс пен характерді шынайы бейнелеуге, сөйтіп оқырманды иландыруға баса көңіл бөледі. Осы тұрғыдан келгенде, жазушы шығармаларының құжаттық тірегі болуы оның тарихи маңыздылығын арттырған.

Шығарманы мәнділік дәрежесіне көтеретін нәрсе — жазушының суреткерлік шеберлігі. «Шеберлік — Б. Уақатов айтқандай, — шығарманы жазудан басталмайды. Өмірде болатын әрқилы жайларды салыстыра біліп, салмақтай алу шеберлікті аңғартады» [6, 46]. Осы бір сөз Ә. Нұршайықов шеберлігіне қатысты айтылғандай көрінеді. Өйткені өз идеясына сай материалды талғампаздықпен сұрыптай алатындығы, әрі өмірдегі елеусіз көріністердің өзін елеулі құбылыстарға айналдырып жіберетін шеберлігі шығармаларынан әркез байқалып отырады.

Жазушы шығармаларына материал жинауда ғана емес, оны оқырманына жеткізуде де ұтқырлық танытады. Мейлі мақала, очерк жазсын, мейлі әңгіме, повесть немесе роман жазсын оның оқырманға тартымды болуына, оқушысын бір сарындылықпен жалықтырмауға тырысады. Бұл үшін олардың түр жағынан бір-біріне ұқсамауы жолында ізденіс жасайды. Оның шығармаларының роман-диалог, повесть-монолог, естелік-әңгіме, т.б. болып келуі соның айғағы. Тіпті очерктерінің өзі очерк-эссе, очерк-әңгіме, естелік-очерк болып, ал мақалалары хат, бетпе-бет әңгіме, шағын пьеса, публицистикалық толғау түрінде жазылып, жаңа нақыл, жарасты теңеулермен өрнектеліп келеді. Мұндай жанрлық ізденістері жазушылық стилінің бір қырын танытып тастайды.

Әсіресе Ә. Нұршайықов талантының қуаты мен дара қолтаңбасын айғақтайтын шығарма халық батыры Бауыржан Момышұлы туралы жазылған «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы болды. Шығармаға ден қойып қарасақ, оның стиліне де, жанрына да журналистиканың әсері болғандығы айқын сезіледі. Тіпті шығарманың тууына «Жұлдыз» журналының тапсырмасы түрткі болғандығын автордың «Ақиқат пен аңыз» қалай туды?» деген мақаласынан білеміз. Сауал мен жауап түрінде жазбақ болған интервью очеркі болашақ романның жанры мен стилін айқындап берді. Шығарманың деректілік стильмен сұхбат түрінде жазылуы оны деректі көркем роман-сұхбат деп атауымызға толық мүмкіндік берді. Сұхбат түрінде кең көлемді эпикалық шығарма

жазу – Ә.Нұршайықовтың әдебиет жанрына салған дара соқпағы болды. Әзағанның бұл жаңалығы әдебиетші қауым назарынан тыс қалған жоқ. Белгілі ғалымымыз академик Р.Бердібаев: «Роман-диалог қазақ әдебиетінде бұған дейін кездеспеген форма. Бұл ретте жазушының соны соқпақ салғаны, қазақ романының мүмкіндік кемерін кеңейте түсетіні анық» [7], – дейді «Ақиқат пен аңыз» роман-сұхбаты туралы. Көлемді шығармада оқиғаны бұндай формада баяндау тек қазақ әдебиетінде ғана емес, басқа да туыстас халықтар әдебиетінде бұрын-соңды болған жоқ. «Рас, – профессор Т. Кәкішев айтқандай, қазақ прозасының қалыптасу дәуірінде сұрақ-жауап түрінде жазылған әңгімелер кездесетін, бірақ осы романдағыдай көркемдік тенденцияға айналған емес. Мұнда интервью формасының елесі ғана бар. Сұрақ қойып, жауап тыңдаушы автор кейіпкер өмір өткелдерінің ірі-уағын, ащы-тұщысын іріктемей шежірешідей шерте беруге ниеттенгенмен, образ сомдауға қажетті детальдарға назар аударған жан дүниесі де, ой арманы да оқушыға сезіліп отырады. Ал сауалдарға жауап қайтарып отырған қаһарман өзінің көркем шығарма кейіпкеріне айналып отырған сәтін іштей сезіп, соны ажарлы тұтастыққа жеткіземін дегенмен шындық арқауын аттамайды» [8]. Осы тұста ескерте кететін жай, автор тек сұрақ-жауап сұрлеуімен ғана тартып отырмай, лирикалық шегіністер жасап, айтқалы отырған ойын қосымша деректермен толықтырып отырады. Ал бұдан біз роман жанрына тән көптеген көркемдік элементтерді табамыз. Осы айтылғандардың өзі романның бір ерекшелігі болса керек.

Кітаптың сұхбат түрінде жазылуы авторға талай мүмкіндіктер берді. Біріншіден, қаһарманын шығарма мақсатына қарай бағыттауға әрі оны әр қырынан танытуға жол ашса; екіншіден, шығарманың тарихи шыншылдығын арттырды; ал үшіншіден, автордың оқиғаны өз тарапынан да баяндауына, өз сезімдерін еркін білдіруіне мүмкіндіктер жасады. Қалай дегенмен де халыққа еткен еңбегімен ел арасында аты аңызға айналған батыр туралы жазу үшін автор ғалымдық, жазушылық, журналистік ізденістер танытып, кейіпкер мінезінің сан алуан жақтарын әр қырынан шынайы бейнелеп, үлкен білімділік көрсетті. Бауыржан ерліктері, мінезінің кей қырлары жайында А. Бек, А. Кривицкий, М. Ғабдуллин, Б. Момышұлының өз шығармаларында ай-

тылғандықтан, оларды қайталамау мақсатымен, батыр өмірінің қамтылмаған қалтарыстарын өзгеше әдіс-тәсілмен жазуға ұмтылды. Бұны автордың өзі-ақ ашып айтады: «... мен Момышұлы өмірінің оқырман қауымға мәлімсіз жақтарын алып, соны айтып берейін. Сонда ол қай кезеңі болу керек? Балалық шағы ма? Жоқ, балалық шағы оның «Ұшқан ұя» кітабында баяндалған. Онда мен Баукеңнің жастық, жігіттік шағын алуым керек. Атап айтқанда, Б. Момышұлы өмірінің «Ұшқан ұя» кітабындағы оқиға біткен жерінен бастап, оның «Москва үшін шайқас» кітабы басталатын жерге дейінгі өмірін өз материалыма өзек етуім керек. Оқырман да атақты батыр өмірінің осы тұсына ықылас қоюға тиіс. Әңгіменің негізгі арқауы осы болуы керек те, оған көген желісіне тізген бұршақтай етіп Момышұлының саяси, философиялық, әскери көзқарастарын білдіретін бірнеше жанама сұрақтарға жауабын жалғастыруым қажет. Ел сүйген ойлы ұлдың этика, мораль, тәрбие мәселелеріне байланысты пікірлерін де жаңағы желіге өріп, қиюластыру абзал. Сонда біз жазатын нәрсенің жанры интервью, естелік, әңгіме — үшеуінің сипатын бірдей танытатын оймен астасып диалог іспетті болуы керек» [9, 101]. Жазушы алдына қойған осы мақсатын түбегейлі орындап шыққан. Өйткені Баукең шығармада «бірде әскери адам, бірде қоғам қайраткері, бірде ділмар шешен, енді бірде өткен оқиғаның әлеуметтік қорытындысын шығаратын социолог-ғалым» [10]. Бұған қоса ақылгөй қарт әрі ойлы жазушы. Осындай күрделі тұлғаны сұрақ-жауап дәстүрімен сомдап беру жазушының үлкен шеберлігін, дара стилін танытты.

«Дара стильдің қалыптасуына қажет тағы бір шарт, — дейді академик М. Қаратаев, — ол жазушының өз басының дара адамгершілік стилі» [11, 95]. Расында, романның тағы бір сонылық қасиеті — кей тұста жазушының өзі де оқиғаға араласып, кейіпкер кейпіне ауысып отыруы. Мұндай сәттерде автордың дүниетанымы, жан сарайы танылып қалады. Ал жазушының жеке басының адамгершілік сипаты — дара стильдің қалыптасуына қажетті шарттың бірі. Сондықтан да жазушының өз ойы мен сезімдерін шығармасына енгізе алуының өзі шеберлікті талап етеді. Осы тұрғыдан қарасақ, өз образын шығармаларына сіңімді енгізуде Ә. Нұршайықовтың жанрлық ізденістерінің септігі үлкен. Әсіресе шығармаларының диалогқа, монологқа құрылуы,

баяндау тәсілінің әр алуандығы автордың өз ойын еркін білдіруіне көп мүмкіншілік берген. Мәселен, «Ақиқат пен аңызда» автор мен кейіпкердің кезектесе отырып сөйлеуі өз ойы мен болмысын танытуда да, роман оқиғасын өрбітуде де өзгеше бір әдіс болған. Сұхбат барысында екі түрлі мінезді (бірі — қатал, екіншісі — жұмсақ) жанның тіл табысып, пікір түйістіре алғанына таң қалмасқа болмайды. Бұның сыры тереңдегі жан дүние ұқсастығында жатса керек. Ол — адалдық, әділ сөйлеушілік, өзге пікірмен санаса алушылық, сезімталдық. Мұндай ұқсастықты мәселе төңірегінде ой қозғау, деталь, эпизодтарды сөз ету, одан түйін жасауларынан аңғарып жатамыз.

Шығармада автор тарапынан баяндалып, расталатын сюжеттер көп. Дегенмен айтқанының бәрі рас дей берместен фактілер келтіріп, құжаттармен куәлап, Бауыржан көзқарасын да ескеріп отырады. Осылай өзі кейіпкер тасасында тұрып, бағыттау арқылы сыпайылық, мәдениеттілік көрсетеді.

Ә. Нұршайықовтың шығармаларында мұншама жүктің салмақты басын көтеретін образ — Ербол Есенов. Қаншама адам тағдырын зерттеп, жан дүниесіне үңіліп жүрген мамандығы журналист осы бір жанның есімін Ә. Нұршайықовтың әрбір шығармасынан естіп қаламыз. Ол бірде — баяндаушы әрі кейіпкер («Махаббат, қызық мол жылдар»), бірде — тыңдаушы әрі бақылаушы («Әсем», «Махаббат жыры», «Ғажап адам», «Ескі дәптер»). Бәрінде ол — автор айтпақ болып, мансұқ тұтқан түпкі ойды іске асыруға қызмет етіп жүрген бейне. Ербол Есенов пен жазушы арасына теңдік белгісін қоюға да болады. Өйткені екеуінің өмір жолының тармақтары сәйкес келіп, дүниетаным, көзқарастары да түйісіп жатады. Жазушының шығармаларында өз өмірінің элементтері араласып жүргенімен, шығарма кейіпкері — көркем бейне. Оны суреткер әрлейді, белгілі бір идеялық қалыпқа құйып өңдеп шығарады. Мысалы, «Махаббат, қызық мол жылдардағы» Ербол жүрген жол жазушы өмірінің көп тұстарына дәлме-дәл келгенімен, шығармада Ұлы Отан соғысына барып, жауды жеңіп қайтқан саналы қазақ жастарының тағдырын елестетуінің мәнісі осында. Демек Ербол — жиынтық дәрежеге жете алған көркем образ. Ондай көркем бейне — жазушы стилінің айқын көрсеткіші. В. Виноградовтың айтуынша, жазушы стилі образ жасау барысында қалыптасады [12, 154].

Олай болса, тасасында жазушының өзі тұрған Ербол образы — қаламгер стилі мен идеясын танытқан басты кейіпкер. Осы тұста Қ. Жұмалиевтің: «Стиль жазушының өзі» [13, 13], — деген сөзін еріксіз құптаймыз.

Шығармадағы жазушының өз образы жайынан сөз қозғағанда *авторлық баяндау тәсілін* айтпай кетуге болмайды. Себебі көркем туындының *нарративтік жүйесі* автордың сөзі мен толғаныстары арқылы келісті өрнек табатындықтан, шығармада, автор мен нарратор көп ретте ортақ қызмет атқарады. «Яғни, авторлық сана жеке-дара өмір сүрмейді. Ол өзге саналармен әр қырынан сабақтасып, құрылым жағынан түрлі баяндау деңгейлерін алып жатады және көркемдік орайында жанрлық-стильдік принциптермен сабақтас болады». [14, 89]. Жалпы баяндау тәсілі жазушы үшін бет алған нысанаға жетудің жолы іспетті болғандықтан, суреткер оны өз идеясы мен шығарманың материалдық негізіне сай етіп таңдайды.

Оқиға деректілігі мен образ шынайылығына аса ден қоятын Ә. Нұршайықов шығармаларында негізінен бірінші жақтан баяндау тәсілін қолданады. Мұнысы автор үшін шындықты бейнелеудің жолын ашқан. Ірі стилист — жазушы Ш. Айтматов бірінші жақтан баяндауда шындықты толымды етіп көрсету мүмкіндігі шектеулі екендігін айтады [15, 166]. Алайда, Ә. Нұршайықов осы қиындықты жеңіп, баяндаудың бұл түрінің кемерін кеңейте түседі. Тек авторлық баяндау сұрлеуімен тартып отырмай бірде баяндаушы-нарратор — кейіпкер болса, бірде ол қызметті әңгімеші-нарратор атқарып отырады. Бұған қоса ауызша тұрмыстық баяндаудың түрлерін (хаттар, күнделіктер, құжаттар т.б.) пайдалана отырып, шығарма мазмұнын кеңейтіп өрбіте баяндайды. Бұл әдісі, біріншіден, шығарманы ықшамдап, тартымдылығын арттырса, екіншіден, суреттелген жайдың шыншылдығын күшейтеді, ал үшіншіден, автор қатысын байқатады.

Жазушы өз замандастарының образын суреттеуде де осы тәсілді қолданады. Мұндай шығармаларының ұлғайтылған ішкі монолог түрінде жазылуы замандастың жан дүниесін психологиялық нәзіктікпен көрсетуге жол ашқан. Мысалы, замандастар болмысын, олардың биік моральдық келбетін алға тартатын «Махаббат, қызық мол жылдар» романының оқиғасы бас кейіпкер — Ербол аузымен баяндалып, бар құбылысқа талдау

соның сезімі, көңіл-күйі, көзқарасы арқылы берілуінің өзі баяндаушы — қаһарманның болмысын танытып отырады. Онсыз шығарма шыншылдық қуатқа, тәрбиелік мәнге ие бола алмайды. Сондықтан кейіпкер автор идеясына бағынса, ал автор жалпы адамзаттық мораль ережелерін қатаң ұстанады. Бұдан келіп *баяндаушы (нарратор) кейіпкер — автор — оқырман* санасының сфераларында идеялық-эстетикалық бірлік туындайды. Осындай бірлікті Ә. Нұршайықов «Махаббат, қызық мол жылдар» романында лирикалық баяндау жүйесіне сыйғыза алған. Бұл шығарманың лирикалық сарынға құрылғандығын дәлелдейді. Әрі адам жанын танытудағы басты әдісі болғандығын көрсетеді. Баяндаудың бұл түрі бізге Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романынан да мәлім. Онда да шығарма лирикалық кейіпкер атынан айтылып, бар жай соның көкірек көзінен өткізіледі. Ірі суреткердің осы шеберлігін Ә. Нұршайықов өзіндік қолтаңбамен жаңғырта білген.

Лирикалық нарратив формасына туыстас халықтар әдебиетінде О. Верггольц, В. Солоухин, Ю. Смуул, Я. Брыль, И. Друцэ, Р. Галуатов, Ю. Шесталов, Э. Межлайтис, Ю. Куранов, Г. Троепольский, В. Лихоносов, т.б. аса ден қойып, оны замандастың рухани байлығын, шындыққа деген танымын, ішкі тебіренісі мен жүрек қалауын білдіру әдісі ретінде жемісті пайдаланды. Лирикалық сарын жетекші роль атқарған мұндай лирикалық прозаны әдебиет зерттеушілері талдай келе жеке-дара (самостоятельная) стильдік ағым деп қабылдады.

Қазақ прозасында да Б. Майлин шығармаларынан бастау алған *лиризм* 60-70 жылдары қазіргі заман тақырыбы мен адамгершілік мәселесін сөз еткен шығармаларда еркін бой көрсетіп жеке стильдік ағым болып қалыптасты. Айталық, Т. Ахтанов, С. Шәймерденов, С. Мұратбеков, Ж. Жұмаханов, С. Жүнісов, Т. Әлімқұлов, Қ. Жұмаділов, Ә. Сараев, Ә. Әлімжанов, Ө. Қанахин, Ш. Құмарова, М. Сүндетов, Қ. Ысқақовтардың шығармалары адам жанын тербетер нәзік сезім, әсем әуезділігімен ерекшеленеді. Осы тұста Ә. Нұршайықовтың «Ескі дәптер», «Махаббат жыры», «Ғажайып адам», «Әсем», «Ботакөз» атты лирикалық повестері де қазақ прозасына «өзінше жаңа леп, жаңа бояу қосқан шығармалар» [4, 134] болды. Жастардың асқақ рухы мен асыл арманын, сүйіспеншілік сезімі мен ізгі мұраттарын егілте жыр

ететін бұл повестерден жазушының кейіпкер жанын лирикалық әдістермен ашу стилін көреміз. Автор лирикалық прозаға тән әр түрлі монологтық формаларды қолданады. Мысалы, жазбаша тұрмыстық баяндау формасының күнделіктік түрін «Ескі дәптерде», қолжазба хат түрін «Ботакөзде» пайдаланса, ал ауызша баяндау формаларын «Әсем», «Ғажайып адам», «Махаббат жырында» қолданған. Баяндаудың мұндай әр алуандығы шығарманы бір сарындылықтан арылтады, әсерін күшейтеді. Оқиға өрісін кеңейтіп, ондағы характерлердің өзін-өзі танытуына мүмкіндіктер ашады.

Шынайы лиризм өрнектерін жазушы замандас образын, оның адамгершілік сапасын тереңірек суреттеуде де тиімді пайдаланған. Жазушы ол үшін *психологиялық суреттеу* принциптеріне жүгінген. Ал психологиялық суреттеу әдеби кейіпкердің адамгершілік қасиеттерін сыннан өткізудің, өзін танытудың бірден-бір жолы. Шындығында психологиялық талдаусыз қаһарманның ішкі жан дүниесін, характерін суреттеу мүмкін емес. Қаһарманның көкейге қонымды болуы үшін бұл мәселе басты шарт. Содан да болар жазушының замандас образын сомдайтын «Махаббат, қызық мол жылдар», «Әсем», «Ботакөз» атты шығармаларының қай-қайсысын алсақ та *психологизм мен лиризмнің бірлігін* көреміз. Ә. Нұршайықов шығармасында оқырманын бейтарап күйде қалдырмай, ондағы кейіпкер тағдырына алаңдатып, еліктіре ала жөнелуінің бір тетігі — ондағы психологизм мен лиризмде жатыр. Бұл тұрғыда Ә. Нұршайықов шығармаларының лирикалық кейіпкер тарапынан баяндалуының ролі зор. Бұлай дейтін себебіміз, шығарма сюжеті лирикалық кейіпкердің рухани дүниесімен, таным әлемімен тағдырластықта алынып баяндалады. Лирикалық кейіпкер болып жатқан оқиғаларға қатысушылардың характерін ашуға тырысады. Ол үшін әртүрлі психологиялық суреттеу принциптеріне жүгінеді. Айталық, кейіпкердің жан дүниесін ашу үшін бірде — оның ойы мен сезімдерінің ағымын тікелей суреттесе, енді бірде — іс-әрекет, қимыл-қылықтарын портреттік сипаттамалар арқылы меңзеп отырады. Кейіпкердің психологиясын талдап көрсету оның рухани келбетін суреттеу үшін ғана емес, образдың шығармадағы ролін айқындап, дара мінезін таныту үшін қажет. Демек көркем бейненің оқырман санасында

берік сақталуы суреткердің кейіпкер жанының көп иірімдерін, ішкі дүниесін, мінездерін даралау талабымен шарттас.

Ә. Нұршайықов — кейіпкердің *характерін*, ішкі кеңістігін суреттеуде көп ізденіс танытқан жазушы. Тұлға болмысын жан-жақты ашу шебері Ә. Нұршайықов көркем шығармаларында кейіпкер сезімінің иірімдері мен характерін танытуда, оның психологиясы мен күйініш-сүйінішін, сөйлеу тәркінін, қимыл-қозғалысын, бет-пішінін суреттеуді молынан пайдаланады. *Мінездеу* де алуан түрлі жолдармен беріледі. Жазушы осы көркемдік тәсілдер арқылы қаһарманның ішкі әлеміне ене отырып, оның жан дүниесінің сипатын көз алдымызға елестетеді.

Әсіресе жазушы *монолог* пен *диалог* құруға шебер. Шығармаларының баяндау жүйесі тұтастай диалогқа («Ақиқат пен аңыз») немесе монологқа («Тоғыз толғау») құрылуының өзі бұған дәлел. Ә. Нұршайықов адам жанының нәзік иірімдерін жеткізуде ішкі монологты түрлендіре қолданады. Сондықтан адамгершілік, әлеуметтік мәселелер төңірегіндегі толғаныс, қаһарманның өткенінен баяндайтын естелік, кейіпкердің алуан түрлі көңіл-күйін, мінезін танытатын ішкі ой формаларында қолданылған. Бұған қоса ішкі монологтың күнделіктік жазба түрін де шебер пайдаланғандығын «Ескі дәптерден», «Ботакөзден», «Махаббат, қызық мол жылдардағы» Меңтайдың «Өз ойларымынан» көреміз. Ал қаһарманның ішкі әлемін, терең көңіл түкпіріндегі аңсары мен арманын, тілектерін еркін көсілтіп айтуда монологтың мәні мен орны өзгеше екендігі түсінікті. «Ақиқат пен аңызда» автор елге, туған жерге деген махаббат сезімі Бауыржанның бала кезінен-ақ бойында бар қасиеттер болғандығын ішкі монологтар арқылы ұтымды бере алған. Осы бір ыстық сезім сағыныш боп түрткілеп қатардағы қызыл әскерлік парызын өтеп елге келе жатқан жас азаматтың сабырын алады. Жас жүрегі бірде: «Қайдасың, аяулым, ауылым? Қайдасың ата-ана, бауырым?» — деп тағатсыздана шарқ ұрса, бірде: «Айналайын даламның ақ бораны! Бауыржан әскерде қандай азамат болды екен деп сынағың келетін болар сенің, сына! Ал аяғымнан! Күрес менімен. Бәрібір Бауыржан сенің қикағыңа көнбейді» [16, 54], — деп сағынышын қайсарлыққа жеңдіреді. Осы монологты жайдан-жай беріп отырған жоқ. Мұнда Бауыржанның туған жерге, туған-туысқа деген сүйіспеншілігіне қоса, патриотизмнің

ұшқыны байқалады. Осындай сүйіспеншілік сезім оны Отанға қауіп төнген жылдарда ерлікке жетелегендігін автор психологиялық нәзіктікпен сатылай көрсетеді.

Ә. Нұршайықов шығармаларында *монолог* авторлық идеядан туындап, кейіпкердің ақыл-парасатын, адамгершілік қасиетін аша түсу мақсатында пайдаланылған. Сондықтан кейде ішкі пікір талас, кейіпкердің өз-өзімен диалогы іспетті айтылады. Мысалы, «Махаббат, қызық мол жылдардағы» Ерболдың мына бір диалогына ден қоялық: «Үйлену оңай, үй болу қиын» ғой, — деймін мен белгілі нақылдың белгілі сөзін қайталап, тағы да ақталып. — Сомадай жігіт боп сөз айтып тұрсаң саған да біреу тиер-ау. Тән де табыса беретін болар. Бірақ, алдымен адамның жаны үйлесуі абзал ғой. Жаны үйлескен жандар ғана жақсы өмір сүріп, қызықты күндер кешпек. Ал жан жарасымы махаббат арқылы келмек. Махаббат — жас ғұмырдың жалынды жыры. Жастыққа тән ерекше екі қасиет: ерлік пен махаббат болса, біріншісінің сынынан сүрінбегенім аян. Енді екіншісінен де сүрінбесем деймін. Ол үшін өзім сүйген жанды ғана жар етуім керек! Ол — Меңтай ғана... Бірақ «батыл емессің» дегенің рас. Батыл болсам баяғыда, соғыста жүргенде, Сәлимаға: «Басқа ешкімге барма, тек қана мені тос» деп кесіп айтпайтын ба едім. Батыл болсам баяғыда Меңтай: «өзіңіз айтыңызшы, таста деңізші ол жігітті, бұз деңізші уәденді — бұзып-ақ кетейін» деп толқып тұрғанда, «Таста! Бұз!» демейтін бе едім... Жарайды, енді өйтпеймін. Ертең қайтадан барамын да Меңтайға бірден өзімнің оны әлі күнге дейін сүйетінімді айтамын! Содан соң оған: «жарым бол!» деп тікелей тілек білдіремін! Бірден осылай деймін!..» [16, 251]. Тұмажан кесірінен айрылып қалған Меңтайымен Бүргенде қайта табысқаннан кейін де «жар етсем» деген ниетін айта алмай қиналған Ерболдың ішкі арпалысын автор қосарланған үн түрінде береді. Бір адамның екіге жарыла айтылатын ішкі үнінің бірі — екіншісін біресе айыптаса, енді бірде — ақыл айта, қайрай түседі. Психологиялық ойдың бұлай түрлендіріле берілуі, бір жағынан, кейіпкер ойының дамуын, сезім шынайылығын табиғи суреттесе, екіншіден, қаламгердің стильдік өрнектерін де айқындап отырады.

Қаламгер қаһарманның ішкі жан сезім дүниесіне сыртқы бет-әлпет, кескін-келбетін, мінез-машығын сай етіп суреттейді. Әрі кейіпкердің белгілі оқиғалар жүйесіне қатысына қарай қам-қаре-

кет, бет-бейнесі мен характерін күрделендіре түседі. *Портрет* — мінездеудің заттық нұсқасы. Оған адамның бар бітімі, бойы, ішкі-тысқы психологиялық халі енетіндігін Ә. Нұршайықовтың кейіпкер пішіндемесін жасау әдісінен байқауға болады. Әсіресе «Ақиқат пен аңыздағы» Бауыржанмен майдандас болған Мәлік Ғабдуллиннің естелік-әңгімесіндегі батырды сипаттаған мінездеу-портреттер бұған бірден-бір дәлел. Оларда Бауыржанның айбынды характері сыртқы кескін-келбетінен көрініс беріп тұрады. «Тек үстіне ақ тонды желбегей жамылып, төрде отырған қайратты қара шашы танкке тосқауылға қойған айқыш-ұйқыш рельстей тікірейген, екі көзі оттай жайнаған, жағына пышақ жанығандай, ұзын бойлы арық командир ғана орнынан тұрмады. Балтабек сәлем бергенде оның бетіне жалт ете қарап, өн бойын тез шолып өтті де, қозғалмастан отыра берді» (16, 132). Бұл Мәліктің Бауыржанды алғаш көргенде алған әсері. Бауыржанды сипаттаған басқа да портреттерінде сырт көрінісі осылай сұсты көрінгенмен, іс-әрекетін, әскери жауапты мәселені шешудегі аталы ойын, азаматтық өткір де жігерлі сөзін келтіре отырып, батырдың адамгершілігіне тәнті етеді. Мысалы, Алматыда жасақталып жатқан құрама бригада жауынгерлерін үйретіп, соғысқа бастап әкелу үшін командирлер мен саяси қызметкерлерді тылға жіберу туралы бұйрыққа қарсы шығып, дивизия комиссары С.А. Егоровқа көптің көкейіндегі сөзді тауып айтып, талап қоюынан оның үлкен жүректің, биік мақсаттың адамы екендігін көреміз. Бауыржанның: «Жоқ, жолдас комиссар! Менің кеудемде адамдық тілек, әкелік мейірден басқа жауынгерлік ар мен намыс бар. Ол осы отырған бәрімізге ортақ намыс. Кәне, айтыңдаршы: осы отырғандардың ішінде жараланбаған жан бар ма? Жоқ қой! Ендеше бұл дивизияның гвардия атағын алуына бәріміздің де еңбегіміз сіңді. Олай болса осында қалуға біздің қақымыз бар. Осы дивизия құрыған жерде біздің де біріміз қалмай құрып бітуіміз керек! Ал дивизия құруға тиіс емес, құрымайды. Ендеше ақырғы қасық қаны бойында жүрген азаматтар осы дивизияның құрамында болып, жеңіске жетуге міндетті!» [16, 137], — деп өткір де шешімді ой айтып сөйлеген сөзі арқылы автор оның адуынды да өзге ешкімге ұқсамайтын өр мінезін танытады. Осы тұста Ә. Нұршайықов қаһарманының сөйлеген сөзі Б. Уақатовтың: «Диалог әр уақытта геройдың характерінен,

оның мінез-құлық, психологиясының қалыптасу, өзгеру тарихынан туып отыруға тиісті» [17, 145], — деген қағидасын қатаң ұстанғандай. Жазушы батырдың бұл сөзіне салмақты мән артқан. Шындығында, бұл сөз 8-дивизияның тағдырын өзгерткен, мәңгілік даңққа жетектеген тарихи сөз болды. Мәскеу үшін шайқаста бұл дивизиядан талай жұлдызды батырлар шықты, Бауыржанның да есімі, даңқы мен дабысы әмбе әлемге танылды.

Романда үлкен жүк көтеретін Мәлік Ғабдуллиннің осы бір естелігінде оқиға, іс-әрекет, өмірлік фактілер жүйелі айтылып, қаһарман характерін танытатын *диалогтар, мінез-деме-портреттер* бір-бірін толықтырып, өзара байланыс бірлікте берілген. Ә. Нұршайықовтың өзіндік бір ерекшелігі — кейіпкердің сөзіне көп мағына сыйғыза алатындығы. Диалог арқылы әрі оқиғамен таныстырады, әрі образды аша түседі. Демек «көркем шығармадағы кейіпкер сырына қанықтыратын, характер табиғатын, қаһарман бойындағы моральдық-этикалық сапаларды ашуға мүмкіндік беретін маңызды құралдардың бірі — диалог» [18, 150].

Кейіпкердің мінез-құлқын мейлінше айқын етіп жеткізетін диалогтың бірі — «Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы Ербол мен Тұмажанның поезда кездескендегі диалогы. Онда автор Тұмажанның азғындығын өз сөзі арқылы-ақ көрсеткен. Сөзімізді растау үшін Тұмажанның өз ақымақтығына өзі мәз болып айтқан мына бір сөзіне ден қоялық: «...Қыз не үшін жаратылғанын білесің бе өзін? Білмесең мен айтайын: қыз қызық үшін, ләззат үшін жаралған. — Осылай деп ол өз-өзінен тамсанып, тісін ақситты. Бұл тұста ол маған кісі емес, тісі сақылдап тұрған қасқыр сияқты боп көрінді. — «Қыз» деген сөздің өзі қызды көріп, бүйрегің бүлкілдесін, бүйірің қызсын, оны көрсең лап қой, бас сал да умажда деген мағынаны береді. Ал мен бас салдым да, өмірдің өзіме тиісті қызығын көрдім. Кеше немістермен біз не үшін соғыстық осындай қызық көрмесек, а? Мен саған айтайын бар ғой: дүние екі келмейді. Сондықтан да тірі күнінде тәтті қыздардың шырынын сорып қалу керек, мына мен құсап. — Ол жыртқыштың тұяғы іспетті мұқыл саусағымен өз кеудесін түртіп қойды. Содан соң қысық көзін одан сайын сығырайта түсіп сөзін аяқтады. — Жалғыз қыз ғана емес, өмірдегі тәттінің бәрінен өз үлесінді үзіп, жұлып, жұлмалап алып қалу керек! Міне, мұны білетін Ошақбаев

ешқашан да опық жемейді» [16, 217]. Бұл Тұмажанның өмір сүру жайындағы «философиясы». Осында диалогпен қатарластыра Ербол тарапынан беріліп отырған Тұмажанның метафоралық сипаттағы кескіндемесі де оның табиғатын тереңірек аша түсуге септігін тигізген. Оның қимылдарын жыртқыш аңға — қасқырға ұқсату жазушы қиялының жүйріктігін көрсетеді. Әрі кейіпкер сөзінің мазмұнына қарай бет-пішінінің мимикасын сәйкестендіру шеберлігі де ұтымды. Романда диалог пен портреттің байланыс бірлігі өзгеше бір көркемдік шешімін тапқан, әрі кейіпкердің өз характерінен туып, қалыптасып жатады.

Жазушының кейіпкер пішіндемесін жасау жолдарын сөз еткенде «Ақиқат пен аңыздағы»: «... ақ қарды бұрқыратып ақ боз атпен шауып бара жатқаның, сонда сенің менің көзіме шауып бара жатқан адам емес, оқ өтпейтін, қылыш кеспейтін қара бурка қардың үстінде өзінен-өзі қалықтап ұшып бара жатқан сияқты боп көрінгенің бәрі-бәрі есіме түсті. Талғар полкінің пірі — екі танауы шелектей болып делиген ақ боз атты көсілте шауып жүрген қаһарлы Бауыржан әрқашанда көз алдымда болды» [16, 233], — деп батальонды бастап қиян-кескі ұрыста жүрген Бауыржанды суреттейтін Кеңес Одағының Батыры Шапшеевтің образды сипаттамасын айта кеткен жөн. Мұнда да образды оймен берілген келісті сурет, метафоралық сипат бар. Мұндай тұста жазушы метафоралық портреттің тамаша үлгілерін жасаған Л. Толстой, Н. Гоголь, Чахрухадзе, Шафтели, М. Әуезов, С. Мұқанов сынды суреткерлер дәстүріне иек артқан болса керек. Қалай дегенмен бұл пішіндемелерден жазушының шығармашылық дара ізденістері көрінеді.

Ә. Нұршайықов шығармаларында *диалог* қаһарман мінезін танытуда ғана емес, жазушының баяндау тәсілін түрлендіріп беруде де маңызды қызмет атқарады. Диалогтың осындай мүмкіндіктерін жазушы оқиғаны өрбітуде, даңғой журналист Шалдуар Шалғынбаевтың образын ашуда да шебер пайдаланған. «... Шалдуар одан сайын мәз болады.

— Әр айдың аяғында мына дөдең, — ол бармағын шошайтып, кеудесін түртті, — мың жарым, екі мың сом гонорарды қалтасына салып алып, талтаңдап жүре береді. Оның үстіне менің ай сайын сегіз жүз сом жалақым тағы бар. Енді осының бәрін қосшы өзің.

— Көп ақша ғой, — дедім мен.

— Жоқ, өзің қосшы, кәне.

— Екі мың үш жүз, екі мың сегіз жүздей-ау деймін.

— Дәл-дәл. Кейде мына үшеудің өзі де боп кетеді, ah! — деп ол бармағымен шынашағын басып тұрып, қалған үш саусағын шошайтады. — Міне, көп ақша қайда жатыр? Ал сен отыз сомды көп ақша көресің» [16, 174]. Осы үзіндіде Шалдуардың сөйлеу мәнері мен көңіл-күйін қимыл-қозғалысымен қоса баяндай отырып, оның мінез-құлқын мейлінше айқын етіп жеткізеді.

Осы жерде айта кететін нәрсе, Ә. Нұршайықов шығармаларында кейіпкердің адамгершілік асыл қасиеттерімен қатар қоғамның моральдық нормаларына қайшы келетін теріс мінездер де көрініс алған. Жазушы қаламының қара бояуына көбірек боялған зұлым Тұмажан мен Әсет образдары арқылы жазушы жақсылық пен зұлымдықты өнердің эстетикалық заңдарына жүгіне отырып көркемдік тұрғыдан суреттейді. Жақсылық пен жамандықтың символы іспетті біріне-бірі қарама-қарсы қойылған бұл кейіпкерлердің өзара күресі барысында автор өзінің эстетикалық мақсат-мүддесіне, ұстанған бағытына сай келетін адам жанының сұлулығы мен игі қасиеттерін арши түседі, моральға жат іс-әрекет, мінез-құлықты әшкерелеп, сынға алады. Мұның өзі жазушының оқырманды адамгершілікке баулуының бір үрдісі болса керек.

Жалпы жазушының *диалог жасау тәсілдеріне* барлап қарасақ, ол әр алуан мүмкіндіктерімен берілген. Бірде қысқа реплика түрінде берілсе, бірде ұзақ әңгіме қалпында, енді бірде екі адамның арасындағы әңгіме-сұхбат немесе қақтығыс формасында қолданылған. Мұның бәрі Ә. Нұршайықовтың жазушылық шеберлігінің қыры мен сыры көп екендігін айғақтайды.

Диалогтан жазушының гуманистік позициясы мен шеберлігіне қоса, талғамы да көрінеді. Б. Ыбрайымов «Көркемдік көкжиегі» атты әдеби-сын еңбегінде: «Қазіргі қазақ прозасындағы диалогтарда жиі кездесетін елеулі екі олқылық бар. Бірі — кейіпкерді, әсіресе, жас кейіпкерді романтикалық сипаттағы өршіл бейне етіп суреттеймін деп оның аузына әсіреқызыл, кеуек сөздерді сала беру. Бұнда да кейіпкер сөзінің кеуектігі мен көптігі жазушының көркемдік нысанасын бейнелеуге септігі әлсіз, әрі шығарманың реалистік қуатын да кемітеді.

Екінші олқылық — кейіпкерлері арқылы оқырманға ой саламын, толғандырамын деген игі ниеттегі автор жалпыға мәлім ақиқаттарды қайталап, «кітаби» сарынға, жалаң дидактика мен схематизмге бой алдырады» [19, 127], — деген сын айтады. Осы сынның Ә. Нұршайықовтың кейбір диалогтарына тиіп кететін тұстары да бар. Өйткені жазушының адам сезімін астастыра беретін кей қайырымдарында кейіпкер аузынан шынайы жүректен шықпаған сырты жылтырақ сұлу сөздерді естіп қалатынымыз бар. «Ғажап адам» повесіндегі мына бір диалогты алып қаралық:

— Хаке, сіз ғажап адам екенсіз! — деймін дауыстап.

Хамза күледі.

— Иә, госпитальдың бас дәрігері солай деген болатын. Бірақ мен ғажап адам емеспін. Мен сүйек пен еттен жаралған кәдеуескі адамдардың бірімін. Ал менің жаныма қуат берген бір ғажайып күш бар. Ол — біздің заманымыз. Егер мен Октябрь революциясынан бұрын туып, мұндай күйге ұшырасам, қандай жігерлі, қандай еңбекшіл болсам да бұл дәрежеге жете алмаған болар едім. Әркімнің аяғының астында қалып, зорлық пен әділетсіздіктің батпағына тұншығып тынар едім. Сондықтан сіз адамды ғажап деменіз, адамның көкірегіне керемет күш құйған заманды ғажайып деңіз. Мен сияқты мүгедек, ақсақтарды адам етіп, ал сауды сонау космосқа құстай самғатып отырған да сол!.. [16, 508]. Осында кейіпкер тілінен жалпылама ұғым, жасанды әсершілдік табы сезіліп тұрады. Екі аяғы бірдей протез Хамза Ақжоловтың образын жасауда қаншама қиындықты, ішкі күйзелісті бастан өткізіп, оны жеңе білген кейіпкердің күш-жігер қуатын психологиялық күрес барысында суреттеу жетіңкіремейді. Жазушы қаламын күрмелткен нәрсе, шығарма оқиғасы кейіпкер тарапынан өмірбаяндық әңгіме түрінде айтылуы ма деп қаламыз.

Әзілхан Нұршайықов мақал-мәтелдерді, афоризм мен келісті сөз тіркестерін шығарма өрмегіне белгілі бір идеялық мақсатта пайдаланады. «Махаббат, қызық мол жылдарда» Меңтай аузынан шыққан әр сөздің үлкен бір тәрбие мектебіндей, қыздарға айтар ақыл-кеңестей естіліп, ана тәрбиесін көрген қыздың сөзіндей әсер етуі содан. Мысалы: «... он сегізге келген қыздың өз киімін өзі тігіп, тоқып кие алғаны жөн ғой» [16, 51], «...әйелге керек негізгі үш қасиет бар, ағай. Олар: еңбекшілдік, ақылдылық, сұлулық. Бойында осы үш қасиет тегіс бар әйелді

төрт құбыласы түгел әйел деп бағалау абзал. Ал соның алғашқы екеуі ғана табылса, онда соңғысынсыз да өмір сүре беруге болады» [16, 66]. Ерболды елітіп, ғашық еткен оның осындай салиқалы сөздері, жарасымды қылығы мен ізетті жүріс-тұрысы еді. Меңтай қолжазбасын оқыған тұста да қыз ойының озықтығына тәнті болып, онан сайын ынтыға түседі. Оның: — «Осындай көрікті, ақылды, адамгершілігі мол қызға қолы жетіп, жар еткен жанның арманы бар ма екен, сірә», — деп армандауы Меңтайға берілген үлкен баға. Әрі бұл Ерболдың оны ақылы, адамгершілігі үшін ұнатқандығына дәлел. Автор кейіпкерлерін бір-бірінің ішкі әлеміне енгізе отырып, саналы махаббатты мұрат етеді. Осылай жазушы шығармаларындағы әрбір мақал-мәтелдерді, әрбір мағыналы сөйлемдер мен сөз тіркестерін өнегелік, әдептілік сияқты адамгершілік асыл қасиеттерді дәріптеуге бағыттайды.

Көркем образ жасаудың бір әдісі — *мінездеу* болса, Ә. Нұршайықов бұл көркемдік әдісті де шығармаларында өзіндік сипатпен қолдана алған. Сондықтан да оның шығармаларынан мінездеудің бірнеше үлгілерін кездестіреміз. Мысалы, авторлық тікелей мінездеу, жанама мінездеу, өзгеге немесе кейіпкердің өзіне мінездеме бергізу, жеке-дара мінездеме, топтық мінездеме, мінездеме-портрет, т.т.

Автор қаһарманын бірлі-жарым мінездеумен шектеп қана қоймайды, оған шығарманың өн бойында оқиға қатысына қарай, іс-әрекет, қимыл-қозғалысына сай әр қырынан мінездеме беріп отырады. Айталық, роман-диалогта бас қаһарман Бауыржан Момышұлының бір өзіне бірнеше мінездеме берілген. Автордың өз тарапынан айтылатын мінездеулерден басқа, Мәлік Ғабдуллиннің, генерал И. М. Чистяковтың, генерал-майор Баксовтың, полковник Серебряковтардың Бауыржан характерінің қыры мен сырын, жауынгерлік іскерлігін аша түсетін мінеземелері берілген. Олардың жазылу стилі де әр басқа. Солардың ішінде мына бір-екі мінездемені алып қаралық: «Оның үнсіздігінің өзі ауызды жай жұмып отырғандық емес, ішкі тегеурінді тежеген, жөн-жосықты екшеген парасаттылықты танытатын еді. Сонымен бірге оның жүзі жылыған сәтке алданып қалуға да болмайтын. Ол орынсыз қылық, оғаш сөзді бірден тыйып тастайтын өрлілігімен де танылып қалған болатын» [16, 143], «...батыл, өжет, тактикалық жағынан сауатты, ұрыс үстінде әскерлердің

өзара байланысын ептілікпен ұйымдастыра біледі, ұрысты жақсы басқарады, тәртіпті. Өзіне де, өзгелерге де талап қойғыш, бағыныштыларының арасында абыройлы. Саяси ой-өрісі кең. Моральдық жағынан берік» [16, 305]. М. Ғабдуллин атынан айтылатын біріншісі — көркем сөз өрнегімен өрілген әдеби мінездеу болса, екіншісі — гвардия полковнигі Момышұлы Бауыржанды 9-гвардиялық дивизияның командирі лауазымына бекіту туралы ұсынысқа қоса берілген іс-қағаздары стилімен жазылған жауынгерлік мінездеме. Онда Кеңес Одағының Батыры гвардия генерал-майоры Баксовтың қолы қойылған. Автор тарапынан оқырман назарына ұсынылып отыратын мұндай тиісті құжаттар да батыр характерін толықтырып, кеңірек тануға мүмкіндіктер ашады. Қысқасы, олардың бірінен — әскери іске жетіктігін, талапшылдығын, ер мінезділігін, сыйлылығын білсек, енді бірінен — парасатты да жан сарайы сұлу жан екендігін көреміз.

Романда қаһарманның жан дүниесін айқара аша түсуде, оның өз-өзіне мінездеме бергізетін тұстар да жеткілікті. «Құдай маған дарын берді. Оның үстіне өтімді затқа өтпейтін нәрсені қалайда қосақтап сататын кейбір сатушылар сияқты қыңырлықты және маған берді», — деуінен батырдың өзіне сыни көзқараспен қарайтынын көреміз. Француз жазушысы Оноре де Бальзактың: «Өзінің осалдығын білген — ең құдіретті кісі» — деген сөзін ескерер болсақ, адамның өз мінін түсініп, мойындауын мықтылық дер едік. Бұл тұста Бауыржанның әскери Академияны бітірген сәтте өзіне ұсынылған екі қызметті менсініңіремей жіберген ағаттығына өкініші еске оралады. «Осы қателігімді ойласам күні бүгінге дейін екі бетім дуылдап қоя береді. Адамгершілік, азаматтық, коммунистік арым өзімді өмір бойы осы үшін айыптаумен келеді» [16, 323], — дейді Бауыржан. Бұл батырдың жанын жеген ішкі күйзелісі еді. Баукеңнің өзі жіберген кемшілікке, бойындағы кері мінезге тоқтала кеткендегі мақсаты кейінгі ұрпақты теріс қылықтардан сақтандыру, оларға өсиет айту. Бауыржанның мұндай психологиялық көңіл-күйін суреттейтін сәттер шығармада аз емес. Мысалы, Қиыр Шығыста бірге қызмет еткен Чистяковты 1942 жылы Нахабино селосында қайта кездестіргендегі көңіл-күйі, полкқа қайтып келе жатқандағы тебіренісі, өзіне тетелес командир Қурганскийдің өліміне қайғыру, жанына жақын адамдардан айрылғандағы күйзелісі т.б.

Жалпы Ә. Нұршайықов шығармаларындағы әр алуан мүмкіндіктермен берілген көркемдік әдіс-тәсілдердің бәрі өзара байланыс бірлікте болып, көркем образдың характері мен болмысын танытуға дәнекерлік етеді. Сондықтан да жазушының көркемдік-стильдік ізденулері жаңаша адамдық қарым-қатынастарды суреттеу, шындықтың жаңа қырларын өнер тілімен аша білу шеберліктерімен ерекшеленеді. Ә. Нарымбетов айтқандай, «...стиль сөз зергерлерінің үлкен шеберлікпен жазылған көркем туындыларынан көрінуге тиіс» [20, 27] болғандықтан да, біз жазушы шығармаларының жанрлық-стильдік сипаттарын негізінен «Ақиқат пен аңыз», «Махаббат, қызық мол жылдар», «Тоғыз толғаудай» кемел шығармаларын тілге тиек ете отырып сөз еттік. Өйткені олар жазушының өзіндік қолтаңбасын танытқан шығармалар. Яғни олар — жанрлық жағынан да, образды сомдау, характер жасау жолдары тұрғысынан да көркемдік ерекшеліктері сан қилы туындылар.

Жалпы жазушы шығармаларының материалдық тірегі деректілік, кейіпкерлері халқымыздың өнегелі азаматтары болғандықтан да, автор негізінен ақиқат детальдарды тілге тиек ету, әртүрлі құжаттарды пайдалану, кейіпкердің өзін сөйлету, өткенді еске түсіру тағы тағыларға бой ұрған. Мұндай ізденістер қаламгердің адам жанын ашудағы жанрлық-стильдік өзгешеліктерін танытты.

Шын мәнінде Ә. Нұршайықов — адам характерін сонылық бейнелеу тәсілдерімен танытқан жазушы. Кейіпкерлерін кең өмір сахнасына шығара отырып, оларды бірде — әрекет үстінде, бірде — сезім құмарлығында, бірде — сөйлеу, ойлау аясында, енді бірде — бет-әлпет, пішінін бейнелеу барысында көрсете отырып, адамның күрделі табиғатын, рухани тіршілігін танытатын көркем-эстетикалық образ жасады. Олар табиғи болмысымен, сезім шынайылығымен, биік адамгершілік мұраттарымен ұнамды. Мұның бәрі жазушының адамгершілік асыл қасиеттерді дара суреткерлік көркем сөз өрнектермен насихаттап, үлгі-өнеге көрсете білгендігін айғақтайды.

Әдебиеттер:

1. Жұмалиев Қ. Стиль — өнер ерекшелігі: Әдеби зерттеу мақалалары. — Алматы: Жазушы, 1966. — 229 бет.

2. Қабдолов З. Сөз өнері. — Алматы: Қазақ университеті, 1992. — 351 бет.
3. Бисенғалиев З. Жаңа жанр жолында //Қаз ССР ҒА Хабарлары. Филология сериясы. 1983. №2. 41-47 беттер.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. III том, 2-кітап. — Алматы: Ғылым, 1967. — 663 бет.
5. Нұршайықов Ә. Мен — журналистпін. — Алматы: Қазақстан, 1973. — 167 бет.
6. Уахатов Б. Қазақ прозасындағы характер жасау шеберлігі: филол. ғылымд. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс. — Алматы, 1960. — 299 бет.
7. Бердібаев Р. Аңызға ұласқан ақиқат. «Жалын», 1977. № 1. 140-144 беттер.
8. Кәкішев Т. Шынайы өмір жыршысы // «Қазақ әдебиеті», 1992, 4 желтоқсан.
9. Нұршайықов Ә. Автопортреттер: Әдеби портреттер, естеліктер, әскери жазбалар. — Алматы: Жалын, 1977. — 200 бет.
10. Ерғөбеков Қ. Шоқтығы биік туынды // «Октябрь туы». 1978, 4 тамыз.
11. Қаратаев М. Революция рухымен: Жинақ. — Алматы: Жазушы, 1978. — 416 бет
12. Виноградов В. О языке художественной литературы. — М.: Худ. литература, 1959. — 653 с.
13. Жұмалиев Қ. Стиль — өнер ерекшелігі: Әдеби зерттеу мақалалары. — Алматы: Жазушы, 1966. — 229 бет.
14. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. — Алматы: Жазушы, 1987. — 232 бет.
15. Айтматов Ч. Точка присоединения // «Вопросы литературы». 1976. №8. С. 146-167.
16. Нұршайықов Ә. Төрт томдық шығармалар жинағы. — Алматы: Жазушы, 1992. Т.1. Роман, повесть және әңгімелер. — 432 бет, Т.2. Роман, майдан жазбалары және эсселер. — 448 бет.
17. Уахатов Б. Қазақ прозасындағы характер жасау шеберлігі: филол. ғылымд. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс. — Алматы, 1960. — 299 бет.
18. Бердібаев Р. Қазіргі қазақ прозасындағы замандас тұлғасы. — Алматы: Қазақстан, 1968, — 85 бет.
19. Ыбырайымов Б.К. Көркемдік көкжиегі: Әдеби-сын. — Алматы: Жазушы, 1981. — 264 бет.
20. Стиль сыры: Редакциясын басқарған Қаз ССР Ғылым Акад. корреспондент мүшесі проф. М. Қаратаев. — Алматы: Ғылым, 1974. — 336 бет.

«МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР» РОМАНЫНДАҒЫ ОБРАЗДАР ЖҮЙЕСІ

Адамзат қоғамының, әр кездегі әлеуметтік ауан мен ой-сананың, эстетика мен этикалық нормалардың даму дәрежесін білгіміз келсе көркем әдебиетке жүгінеріміз хақ. Өйткені онда дәуірдің тыныс-тіршілігі, өмір өзгерістері бейнеленіп, адамның жан дүниесінің сыры шертіледі. Талантты суреткер ешқашанда адам мен заманды бөле-жара қарамайды. Оның мәнісі қоғам мен адам біріне-бірі тығыз байланысты ұғым. Қоғам адамдардан, оның тыныс-тіршілігінен тұрса, адам да қоғамсыз өмір сүре алмайтыны аян. Демек көркем шығармада образ – орта – уақыт бірлігі бөлінбестен тұтастықта алынып, шынайы қалпында суреттелуі тиіс. Академик З. Қабдоловтың: «Замандас тұлғасы!.. Өз дәуірінің үні болып табылатын жазушы атаулының ең абзал, ең асыл мұрасы – осы» [1, 7], – деп айтуы тегін емес. Әдебиеттің басты мақсаты да, құнды бағдарламасы да өз заманы мен оған сай замандастарының рухани болмысын, көркем образын суреттеу.

Осындай мұрат жолында ізденіс танытып, замандас бейнесін жасау арқылы дәуір сырын аша білген қаламгерлер әдебиетімізде баршылық. Әсіресе белгілі кезеңнің өзекті тақырыбын қамтып, замандастың адамгершілік әлемін көрсетуде романист жазушылардың атқарған ролі зор. Қазақ романының алғашқы қарлығаштары М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», С. Көбеевтің «Қалың мал», С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» романдарындағы төңкеріс алдындағы ескі салт-дәстүрге қарсы тұрып, бақыт пен шынайы махаббат үшін күрескен жастардың бейнесін жасау дәстүрі Кеңес өкіметі жылдарында да қызу жалғасын тапты. Мысалы, Қазан дүрбелеңі тұсындағы кедей өмірін, әлеуметтік арпалыстарды суреттейтін С. Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу», Ж. Аймауытовтың «Қартқожа», «Ақбілек», С. Мұқановтың «Ботакөз» романдары, 30-жылдардағы заман өзгерісі мен жаңа типті адамның рухани жаңаруын сөз ететін М. Дәулетбаевтың «Қызылжар», І. Жансүгіровтің «Жолдастар», Б. Майлиннің «Азамат Азаматыч», Ғ. Мұстафиннің «Өмір не

өлім», С. Ерубаеттың «Менің құрдастарым», Ғ. Слановтың «Дөн асқан» романдары бұған дәлел.

Осы заман тақырыбына бару, замана ерлерінің бейнесін жасау қазақ романының әлеуметтік ролін арттырып, әдебиетіміздің өрісі мен тақырыптық аясын кеңейтті. Алдыңғы дәстүрден үлгі ала отырып, кейінгі жылдары бүгінгі күн тақырыбын шығармаларына арқау еткен жазушылар қазіргі дәуір адамының жан дүниесіне, моральдық, этикалық қадір-қасиетіне тереңірек үңілетін болды. 60-жылдардың басында М. Әуезов «Өскен өркен» романында биік интеллект адамның бейнесін Нил Қарпов образы арқылы жасап, тамаша үлгі тудырды. Ұлы суреткердің ізін ала жарық көрген З. Шашкиннің «Теміртау», Т. Әлімқұловтың «Ақ боз ат», З. Қабдоловтың «Жалын», С. Шәймерденовтің «Болашаққа жол» атты романдарында парасатты замандас бейнесі жасалды.

Әдебиетіміздегі қазіргі дәуір адамының образын оның ішінде қазақ жастарының моральдық, этикалық бет-бейнесін көрсету дәстүрін сөз еткенде С. Ерубает, Б. Бұлқышев, М. Иманжановтардың өздері-ақ үлкен мектеп болуға тиіс. Себебі С. Ерубаеттың «Менің құрдастарым» романы, Б. Бұлқышевтың «Өмір сүргім келеді», «Шығыс ұлына хат» атты публицистикалық әңгімелері, М. Иманжановтың «Қыз сыры», «Жастық», «Таныс қыз» әңгімелері мен «Алғашқы айлар» повестері қазақ жастарының өмірін, рухани ұмтылысын әсерлі де ұтымды суреттейтін шығармалар.

Сондай-ақ, бергін келе жастарды өмірдің қайнаған ортасында ала отырып, оның адамгершілік қасиеттерін, қоғамдық ой-сананы көрсету І. Есенберлин, Ә. Кекілбаев, Ш. Мұртаза, С. Жүнісов, Қ. Исабаев, З. Шүкіров, М. Мағауин, Ә. Тарази, А. Байтанаев, Қ. Жұмаділов, Д. Досжанов, Ж. Жұмаханов, Р. Тоқтаров, О. Бөкеев, С. Мұратбеков, М. Сүндетов, Қ. Сегізбаев, А. Жақсыбаев, Ш. Құмарова т.б. шығармаларында жалғасын тапты. Бұл жазушылардың шығармаларында басты назар мораль тақырыбына, адамның рухани байлығына аударылған.

Қазақ романдарындағы жас замандас образын жасау дәстүрін Б. Майтанов «Қазіргі қазақ прозасындағы жас замандас бейнесі» деген еңбегінде Б. Майлиннің «Азамат Азаматычынан» бергі жалғасып келе жатқан дәстүр өрнектерін сөз ете келе,

көркем әдебиетке мынандай талаптар қояды: «Жастар тірлігін суреттегенде сыры мен сымбаты үйлескен жаны сұлу, мұраты асқақ жігіттер мен қыздардың барша ұнамды қасиеттерін жинақтап, типтік дәрежеге жеткізе көрсету керек. Бұл үшін суреткерлік, шыншылдық, психологиялық жітілік, ең бастысы — шаттыққа бермес әдемі мұң, әдемі үміт, кәусар мөлдірлік керек, көркем образдың табиғи, таза болмысы керек» [2, 66]. Байыптап қарасақ, әдебиетімізде осы талапқа сай сомдалған образдар баршылық. Мысалы, «Менің құрдастарымдағы» жан әлемі бай Рахмет, «Өскен өркендегі» асыл да асқақ махаббатты көксеген Ілияс пен Айсұлу, «Ғашықтардағы» ақ көңіл де қиялшыл Жантас, «Сенімдегі» білімді де өжет Нұрлан, «Қара маржандағы» арманшыл Нариман, «Махаббат, қызық мол жылдардағы» махаббат пен достыққа берік Ербол мен Меңтайлар — жастар бойындағы асыл қасиеттерді жинақтаған образдар. Шындығында, жалынды жастар, олардың адамгершілік парызы мен азаматтық қарызы туралы жазылған шығармалар әдебиетімізде ауыз толтырып айтарлықтай екен. Біз сөзімізге тиек еткелі отырған Ә. Нұршайықовтың шығармалары да осы тақырыпты толықтыратын дүниелер.

Мораль тақырыбын өз шығармаларына өзек еткен Әзілхан Нұршайықов — алғашқы шығармаларынан-ақ замандастарының асқақ рухын, қыры мен сыры мол жан дүниесін айқара ашып көрсетуге деген шеберлік таныта алған қаламгер. Жазушының қай шығармасын оқысаң да ерекше бір күй кешіп, әдемі сезімге бөленесің. Өйткені оның кейіпкерлері адамгершілігі мол, жан дүниесі сұлу жандар болып келеді. Сөзімізге дәлел ретінде, «Махаббат, қызық мол жылдар» романына тоқталайық.

«Адамшылық алды — махаббат, ғаделет сезім», — деп ұлы ақын Абай айтқандай, Ә. Нұршайықов шығарма оқиғасын махаббат төңірегінде құра отырып, жас кейіпкерлердің сүйіспеншілік сезімдерін сынға салып, ең асыл адамгершілік қасиеттерді аршып көрсетеді. Сол арқылы жас қауымды тәрбиелеуге ұмтылады. Бұл мақсатын жазушы «Махаббат, қызық мол жылдар» кітабы қалай жазылды?» мақаласында: «Махаббатқа соқпай кететін сезім аз. Анаға сүйіспеншілік, жарға құштарлық, отанға перзенттік, туған топыраққа борыштық сезімдерінің бәрі махаббатқа байланысты. Адам бойындағы ең асыл сезімдердің

бірі адамгершілік сезімі де махаббатпен сабақтас. Өйткені махаббат қадірін білмейтін адамда адамгершілік сезімі болмайды, ал адамгершілігі жоқ кісінің жүрегіне махаббат ешқашан да ұя салмайды. Мінеки, осы себептен де мен жастардың жүрегіне махаббат арқылы жақындауды мақсат еттім» [3, 80], — деп ашық айтқан. Бұны біз жазушының бір ғана шығармада ұстанған идеясы деп түсінбеуіміз керек. Өйткені жазушының лирикалық повестерін оқығаннан кейін де бұған қанық бола түсеміз. Алайда жазушыны осы мақсатына толық жеткізген «Махаббат, қызық мол жылдар» романы болды деп айтсақ қателеспейміз.

Адамның ішкі сұлу сезімі — махаббат психологиялық тереңдікпен, ұлттық мінезге сай етіп суреттелген «Махаббат, қызық мол жылдар» романы (1970) жарық көрген күннен бері оқырман қауым жүрегінің төрінен орын алып келеді. Мұны романның 1971 жылғы республикада ең көп оқылған кітап аталуынан, ал 1972 жылы ҚазКСР-ның Мемлекеттік сыйлығын алуынан-ақ көруге болады. Автор осы романның өзіне ғана оқырманнан мыңға жуық хат алыпты. Сондай-ақ мерзімді басылымдарда отызға жуық пікірлер жазылып, бірқатар әдеби-сын еңбектерде [4, 5, 6, 7, 8, 9] тілге тиек етілді. Осы зерттеу мақалалардың бәрінде де романға жақсы баға беріліп, ыстық ілтипат білдірілген. Көпшілік қауым солардың бірінде айтылғандай: «...романды совет студенттерінің биік моралі, жалпы жас жеткіншекті жақсы жолға бастайтын әсерлі, өнегесі мол, махаббат, достық, адамгершілікті жырлайтын туындыға санайды» [10]. Сондықтан да болар соғыстан кейінгі жылдардағы студенттердің асыл мұраттары мен армандары дәл бүгінгідей әсер қалдырып, қазіргі студент жастардың да көңіліне ұялай кетеді. Расында, мұнда махаббат пен достық сезімдерінің сұлу жарасымдылығы, адамгершілік қасиеттердің асқақтата көрсетілуі шығарма абыройын арттырды. Әсіресе романның студент жастар арасында көп оқылып, талқыға түсуінің мәнісі бар. Өйткені студенттік орта, олардың күнделікті тұрмыс-тіршілігі, арман-мақсаттары шынайы түрде көрініс тапқан. Роман, атап айтқанда, ҚазҰУ-дың тіл-әдебиет факультетінде 1945-1949 жылдар аралығында оқыған бір топ жастар өміріне негізделген. Демек жазушы роман оқиғаларын өзінің әрі құрбыларының басынан өткерген, өзіне етене таныс жайлардан өрбіткені анық.

Сондықтан да болар автор мен бас кейіпкер Ербол арасында ұқсастықтар көп. Біз оны жазушының «Махаббат, қызық мол жылдар» кітабы қалай жазылды?» мақаласында кейіпкерлерінің прототиптері жайында оқырманға айтқан жауабынан да аңғарамыз.

Қай халықтың әдебиетін алсақ та, замандас тақырыбына жазылған шығармалардың алуан бір тобы студент жастар өмірін қамтиды екен. Олардан жоғары мектеп мәселесін қозғап, жастардың идеялық-адамгершілік бейнесін, рухани ізденістерін көрсетуге деген ұмтылыстар байқалады. Бұған қырқыншы жылдар соңында жарық көрген Л. Қасоның «Днепрдің арғы жағында», Ю. Трифоновтың «Студенттер» романдары, Е. Успенскийдің «Біздің жаз», В. Добровольскийдің «Сұр шинельдегі үшеу», «Женя Маслова» повестері дәлел. Сондай-ақ, Г. Қоноваловтың «Университет», В. Аксеновтің «Әріптестер», Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романдары, М. Мағауиннің «Көк мұнар», С. Шәймерденовтің «Болашаққа жол» (кейінгі аты «Инеш»), З. Қабдоловтың «Өмір ұшқыны» повестері осы тақырыпты толықтыра түседі. Аталған шығармалар, біріншіден, қиындығы мен қызығы мол студенттер тіршілігін, олардың ынтымақты ортасын, жас қыздар мен жігіттердің махаббат сезімдерін, үлкен еңбек жолына аттанар алдындағы рухани дайындықтарын көрсетуімен қызықты болса, екіншіден, білім мен ғылымға құштар әрі жолдастық сезім мен азаматтық парызды жоғары қоятын Петр Лагоденко, Вадим Белов, Спартак Галустян («Студенттер»), Александр Максимов, Владислав Карпов, Александр Зеленин («Әріптестер»), Ербол Есенов, Меңтай Ербосынова, Майра Абаева («Махаббат, қызық мол жылдар»), Едіге мен Гүлшат («Көк мұнар»), Женя Менделеева, Ерен Дайыров, Мәулен Жандосов («Болашаққа жол»), Қабен мен Жанар («Өмір ұшқыны») сынды образдармен үлгі-өнеге берді. Бұл туындыларға жалпылап осылай баға бергенімізбен, әрбір жазушы көтерген мәселесін әр қырынан сөз етіп, өзіндік әдістермен шешуге тырысқан.

Адамның ең мәнді де қымбат студенттік жылдарындағы шынайы сүйіспеншілік сезімі лирикалық әуенмен төгілте баяндалатын Ә. Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол

жылдар» романы да қаламгердің дара қолтаңбасын таныта келе, тұтастай жастар қауымының жүрегіне жол тапты, әрбір шаңырақтың төрінен орын алды.

«Махаббат, қызық мол жылдар» романында махаббат пен достық, әдеп пен имани сезімдердің ұлттық мінезге сай көрініс алып, сұлу жарасымдылық табуы, ал адамгершілік асыл қасиеттердің асқақтата көтерілуі шығарманың эстетикалық әсерін күшейтіп, тәрбиелік қуатын арттыра түскен. Шығарманың басты образдары Ербол мен Меңтай – әдептілік пен арлылықтың әдемі үлгісіндей. Терең сезім иесі Ербол мен инабатты сұлу бойжеткен Меңтай арасындағы шынайы сүйіспеншіліктің лирикалық сарынмен баяндалуы романның зор жетістігі дер едік.

Шығарманың бас кейіпкерлері – кешегі солдат, бүгінгі студент *Ербол* мен инабатты сұлу бойжеткен *Меңтай*, ал негізгі оқиғасы осы екеуінің арасындағы ұяң сезімге, шынайы сүйіспеншілікке құрылған. Екі жастың жүрегін тербеткен махаббат әуенін сипаттауда әріден жырланып келе жатқан халқымыздың «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» сияқты ғашықтық жырлары мен «Қамар сұлу», «Шұғаның белгісі», «Қалың мал» романдарындағы қазақи сүйіспеншіліктің ұлттық дара сипатын көрсету дәстүріне жүгінгені әркез байқалып отырады. Романда адамның махаббат сияқты құпия да сұлу сезімі психологиялық тереңдікпен ұлттық мінезге сай етіп берілген. Мұны филология ғылымдарының докторы, профессор Т. Кәкішев те: «Бұл романда бар адамзатқа тән махаббат сезімі бүгінгідей анайыланбай, «жалаңаштанбай», қазақи мінезімен, қазақи қылық қияпатымен суреттелген» [11], – деп дөп басып айтқан. Романның бір артықшылығы осынысында болса керек. Осы аңқып тұрған «қазақи мінез», әсіресе Меңтай мен Ербол болмысын, мінез-құлқын сипаттаған тұста қоюырақ көрінеді. Меңтайдың инабаттылығы, арлылығы, ұстамдылығы, нәзіктігі, жан дүниесінің тазалығы ұлтымызға тән үйлесімділікпен суреттелген. Сондай-ақ Ербол да Төлеген мен Қозылардай махаббатта да, майданда да ерлікке әзір ер-азамат ретінде танылады. Әсіресе, соғыстан жеңіспен оралып, романтикалық күйде жүрген солдатты топ студент қыздардың ішіне тап қылып, төрт жыл армандай болған аруларды көргенде, көште кетіп бара жатқан қырық қыздың бірінен-бірінің асқан сұлулығына тамсанып, есі

кеткен Төлегендей күй кештіруі, олардың әрқайсысына портреттік сипаттама бергізетін тұстары, жазушының ауыз әдебиеті элементтерін өте шебер пайдаланғандығын көрсетеді. Жарасымды жеңіл юмормен жазылған осы эпизодты езу тарта, күлімсірей отырып оқисың. Романның мұндай жетістіктері ондағы махаббат дастанының ұлттық өрнекпен өріліп, сұлу жарасымдылық табуына септігін тигізген.

Мәңгілік жастық шақтың өзіндей көрінетін осы романда бейнеленген студенттер арасындағы сыйластық, жарасымды әзіл-қалжың, сауық кештері оқырман жүрегінде әдемі әсер қалдырып, алуан түрлі характерлер мен образдарды елестетеді. «Бес саусақ бірдей емес» дегендей, Ербол замандастарының мінездері де, тағдырлары да әрқилы. Жазушы осы заңдылықтарды ескере отырып, бірнеше жиынтық образдар жасауға ұмтылған. Мысалы, қалжыңқой, қу тілді Жомартбек, білімі саяздау, жеңіл ойлы Зайгүл мен Қанипа, сабырлы да ақылды қыз Майра, ер мінезді Тана, уәдеге табансыз Сәлима, надандау Бүркітбай, есерсоқ, дөрекі Тұмажан, маскүнем Шалдуар Шалғынбаевтардың әрқайсысы — дара мінез-бітіс иелері. Жазушы сол тұстағы жақсылы-жаманды қасиеттерді осы кейіпкерлер арқылы жинақтап көрсеткен. Өз замандастарының асыл қасиеттерін Ербол мен Меңтай бойына шоғырландырған.

Роман оқиғасын өз атынан баяндап отыратын журналист *Ербол Есенов* — шығарманың басты идеялық жүгін көтеретін кейіпкер. Осы образ туралы Ш. Елеукуеновтің: «Бұл бейненің негізгі тақырыбы — адамның бақыты, тіршілік өмірдің мән-мақсаты. Ең алдымен Ерболдың бойындағы адамгершілік, азаматтық қасиеттерді айқындап алады да, одан кейін барып Ә. Нұршайықов оқушыға өз көзқарасын білдіреді. Жұрт көңіліне бірден ұялайтын бұл көзқарастың мәнісі — адалдық, ақ көңілділік, көпке қызмет қылуға құштарлық» [12, 142], — деуінің мәнісі осында болса керек.

Жазушы суреттеуінде Ербол сырт көзге жуас, жасықтау, тым қарапайым болып көрінгенмен, ол — майданда ер, еңбекте бейнетқор, білімге құштар, махаббатқа адал, достыққа берік, жаны да, ары да таза табанды жігіт. Оның ішкі бай сезімінен бас алған мұндай сұлу жан дүниесі шығарманың өне бойында біртіндеп, табиғи түрде нанымды ашылған. Өйткені адам характері ұзақ

уақыт бойында қалыптасатын процесс. Әрі Әбу Насыр әл-Фараби айтқандай: «...сөз жүзінде емес, мінез-құлықты іс жүзінде шыңдау арқылы іске асыруға болады». Ә. Нұршайықов осындай заңдылықтарды әр кез ескеріп отырған. Роман басында Ербол ұяң, ұялшак, ынжықтау ауыл баласын елестетсе, соңыра еңбекке араласып, ел өмірін көріп келгеннен кейін басқаша қырынан танылады. Оның ашық та батыл, шешен де білгір азамат болғанын көреміз. Оны ширатқан еңбек пен өмір. Рас, Ерболдың өмір жолы оңай болмады, тіршіліктің талай ауыртпалықтарын көтеруіне тура келді. Күндіз оқу оқып, кешке жұмыс істеді. Тіпті жексенбі күндері базарға барып отын түсірісіп, одан тапқанын тамағына талшық еткен күндері де болды. Ербол басынан өткерген осындай қиындықтарды сөз ететін тұстар, бір жағынан, оның сын-сипатын аша түсіп, шыңдалу, ширығу, өсу жолын нанымды етсе, екіншіден, соғыстан кейінгі жылдардағы студенттердің жұпыны өмірін, елдегі тапшылықты шынайы көрсетеді. Лирикалық шегініс арқылы берілген мұндай көріністер шығарманың әр жерінен бой көрсетіп жатады. Әсіресе, Ербол жазған «Қарашеке» әңгімесіндегі жарығы сөніп, есігіне қара құлып салынған иесіз үй, оны қорыған ит, иесін танып жүгіре келіп асыла кеткен Қарашеке — осы көріністер соғыс кезіндегі ауылдың жүдеу өмірін, әрбір жанұя кешкен қайғы-қасіретті суреттеуде өте ұтымды әрі нанымды шыққан. Соғыстың салдары Меңтайдың өзі тоқыған свитеріне Ерболдың сия төгіп алатын эпизодында да астарлы түрде берілген. Жеңіл юмормен жазылған осы оқиғаға автор бірнеше мағына сиғызып, әлеуметтік, эстетикалық әрі моральдық мән бере алған. Автор өмірдің ащы шындығын, айтсам деген түпкі идеясын Меңтайдың құрбыларына: «... Орнықсыз кішкентай сауыттың құлап кеткеніне ағай кінәлы ма екен? Қарандаршы өздерің, біріміздің жөні бүтін сия сауытымыз жоқ қой алдымызда. Біріміз әтірдің сауытына, біріміз дәрі-дәрмек шишасына сия құйып жазамыз. Ал бұған шын кінәлыны іздесек — соғыс қой ол. Соның салдары емес пе бәрімізге қағаз, қарындаш, портфельге дейін қат болып кеткені» [13, 43], — дейтін сөз арқылы түйіндейді. Бұған қоса, жазушы бұл оқиғаны Ербол мен Меңтай арасындағы алғашқы сүйіспеншілікті айғақтайтын деталь ретінде де пайдаланған. Дәріс үстінде сия сауытқа созған Ербол қолының қыз қолына жанасқан сәттегі кешкен күйі, сияның Меңтай сви-

теріне төгілгеннен кейінгі халі лирикалық нәзіктікпен баяндалған. Осындай сәттерде ғашық адам басынан өткеретін жүрек дірілінің, албырттықтан туған оғаш мінез, үміт пен күдік аралас мазасыз ойлардың психологиялық дәлдікпен берілуі сүйіспеншілік сезім шынайылығына иландырады. Шығарманың оқырман көңілінен шығуы осындай жан-күй нанымдылығында болса керек.

«Махаббат — әуелі адамның адамдығы ... деген нәрселермен байланысты» [14, 136], — деп Абай айтқандай, Ерболдың адамгершілігін сынға салған махаббат болды. Бұл жолда қыз жүрегін тез жаулай алмайтын тұйық мінезді Ерболға талай кедергілер кездесті. Оның Меңтайға деген махаббаты қуанышқа толы көңілді махаббат емес, азабы мен сағынышы мол, мағыналы махаббат болды. Әдебиетімізде Ерболдай махаббат жолында тайсақтамайтын, бәрін салмақты оймен шешуге тырысатын, асыл сезімі жүрек түкпірінде сақталатын жігіттер образы жоқ емес, бар. Мысалы, М. Әуезовтің «Өскен өркен» романындағы Ілияс та Ерболдай асқақ та асыл махаббатты көксейтін жас. Ерболға Меңтай жанында жақын жүрсе де арманындай асқақ, ақылды да жаны таза пәк аруы болса, Ілиясқа да Айсұлу — сағымдай мұнартқан перизаты. Меңтай Ербол жанының сұлулығына, әдептілігіне, қайырымдылығына, адалдығына, еңбексүйгіштігіне іштей елітіп жүрсе, Айсұлу Ілиястың мейірім толы жүзін, әдепті қылық, есті сөздерін жүрегіне ұялатқан. Екі романдағы қос ғашықтар осылай ынтық сезімдерін жеткізе алмай жүргенде ғашықтықтың әсем әнін бұзып араға Тұмажан мен Сағит сияқтылар енеді. Бұл екеуінің махаббат туралы ұғымы таяз. Қыз жүрегін күшпен жаулауға ұмтылған осы екі жанның бірі қыз арын ластап, жанына жара салса, екіншісі жыртқыштықпен қыз тәніне жара салады. Әрине, мұндай жыртқыштардың ұзаққа бармай тұсалатынын автор естен шығармайды. Сондай-ақ Т. Жармағамбетовтің «Нәзік бұлттар» повесіндегі Теміржан характерінің кейбір жақтары да Ерболға ұқсас. Олар әрбір істі ұят безбеніне сала білетін арлы жігіттер. Теміржан мен Ербол басынан кешкен жайдың ұқсастығы мынада: екеуінің де сүйген қызының өзгеге берген уәдесі бар. Іштей құмарта тұрса да Теміржан да, Ербол да оларға уәделерін бұздырмайды. Бұл кейбір оқырмандар кінәлайтындай «ынжықтық» емес, өзгенің көңілімен де санаса білетін әділдік болса керек. Бұған қоса түр-

мыс қиындығына төзбей, махаббат таразысында ауытқыған Сәлима жайын да байыппен ойлап, «мені күтпе» деп ерге шыға беруіне рұқсат етуінің өзі Ерболдың әділдігіне дәлел. Осылай автор сүйіспеншілік сезімінен гөрі адамгершілік ар-инабатын басым ете отырып, өз кейіпкерін парасаттылыққа ие ете алған. Бұл жерде біз жазушының гуманизм жақтаушысы болғандығын құптаймыз. Алайда жоғарыда айтылған шығармалардағы ұқсас жай екеуінде екі түрлі шешім тапқан. Бірінде Теміржан мен Құлсая арасында тұрған Ілияс арлы азамат болса, екіншісінде бір-бірін ұнатқан Ербол мен Меңтайға кедергі болған Тұмажан қара ниетті оңбаған жан. Дегенмен «Махаббат, қызық мол жылдардағы» қыз тұнығын лайлаған Тұмажанның опасыздығы шығарма оқиғасының әрі қарай дамуына, кейіпкерлердің адамдық болмысын тереңірек аша түсуге себепкер болып тұр.

Оқырман қауымды сұлу махаббат әлеміне еліте әкетіп бара жатқан нәзік лирикалық әуенді бұзған Тұмажанның зұлымдық әрекеті, бір-бірін сүйген екі жастың арманды айрылысы аппақ уыз адал сезімді күйреткендей көңілің жүдей қалады. Бірақта олай емес екен. Қайта осы тұста Ерболдың Меңтайға деген сүйіспеншілігінің үлкен жүрек пен биік адамгершіліктен туғандығына куә боламыз. Ерболдың өзін де, қызды да қинамау үшін алыста болуды ұйғарып, университеттің сырттай оқу бөліміне ауысуы, көрші облыстық газетке орналасуы осындай сезімнен туады. Алайда, XVII ғасырда өмір сүрген француз жазушысы Р. Бюссидің: «Махаббаттағы айрылысу отқа тиген жел сияқты, әлсіз от сөніп қалады, қуатты от лаулап жанады», — деп айтқанындай, бұл арманды айрылысу Ерболдың Меңтайға деген махаббатын қайта арттыра түсті. Жазда сессияға келгенде Меңтай жайынан хабардар болып, оны іздеп табады. Сүйіктісін алғаш көргендегісіндей пәк күйінде қабылдап, сүйе біледі.

Автор Ерболды рең жағынан «шомбалдау боп біткен тәпелтек бойлы, етектей ерінді» деп келісімсіздеу етіп суреттегенімен, оны сөзімен де, ісімен де оқырман көңілінен шығатын характер ретінде сомдайды. Бұл тұста автор характерді айқындайтын нәрсе кейіпкердің ішкі тебіреніс, өзіндік ой, дүниетанымына қоса, іс-әрекет, қимыл ұмтылысы екендігін нақты көрсетіп берген. Бұдан байқайтынымыз, жазушы мақсаты — тән сұлулығынан гөрі жан сұлулығын жоғары қойып, адамның бойындағы

түпкі адамгершілікті, сұлу да биік сезімге қабілеттілікті көрсету. Осылайша оқырманды жан тереңіне бойлатып, әдемілікке құштар ету, шынайы сүйіспеншілікті дәріптеу.

Жазушының: «Бұл романды өз басым махаббат жайында жазылған саяси мәнді кітап деп ойлаймын» [3, 59), — деуінің де мәні бар. Романда Ерболдың Меңтайға деген махаббаты ғана емес, оның азаматтық көзқарасы, дүниетанымы, журналистік қызметі де қамтылған. Ербол жай кейіпкер емес, Мопассанның «Сүйкімді дос» романындағы Жорж Дюруа сияқты өзін журналист болуға дайындаған соғыстан қайтқан солдат, кіші командир. Алайда Жорж Дюруа махаббатқа тұрақсыз, ашына әйелдерінің көмегімен көтерілуді ойлайтын, моральдық жағынан азғындау жан болса, Ербол адал сүйіспеншілікті көкसेген, өз мүддесінен өзгенің қамын жоғары қоятын, журналистік еңбегін де соған жұмсайтын кішіпейіл, қарапайым ел азаматы. Романның басында-ақ Ербол бойындағы талантты, журналистік қабілетті Мұхтар Әуезов бейнесін айнымай танытатын профессор Мұхит Әуенов сынды оқытушының көре білуі, оған демеу беріп ынталандыруы, жатақханадан орын әперіп қамқорлық көрсетуінің өзі болашақ журналист Ерболдан үлкен үміт күттіргендей әсерде қалдырады. Кішіпейіл де үлкен жүрегімен, табиғи болмысымен шынайы қалпында шығармадан орын алған осы бір қасиетті жанның Ерболға артқан сенімінің ақталарына оның романда келтірілген мақалаларын оқи отырып куә боламыз. Бір жылдай газетте қызмет істеген тұста жазған мақалалардың өзі Ерболдың ел-жұрт қамын ойлайтын, жастарға ақыл айтарлық дәрежедегі азамат болғанын айқындайды.

Оның Бүркітбай сияқты бастықтардың колхозшыларға көрсеткен дөрекілігін сынап, ел арасындағы ауылға бөлінушілікке, арызқойлыққа, ескі психологиялық элементтерге қарсы тойтарыс беруін адалдық, арлылық, жақсылық үшін бейбіт өмірдегі күресі деп қабылдаймыз. Ерболдың майданда да елі үшін жаумен шайқасып, талай ерліктер көрсеткенін жауынгерлік өмірін еске түсірген тұстарда көріп қаламыз. Мәселен, жертөлеге түскен снарядты алыс шұңқырға апарып тастап, жанындағы жолдастарын бір ажалдан құтқаруы, жақын келген жау танкісіне граната лақтырып өртеуі халық алдындағы борышын сезінуден туған ерліктер. Сұрапыл майданда жаудан жасқанбай шайқасқан

отаншыл Ербол бейбіт күндерде де қолына қалам алып, ел арасындағы тоғышарлармен, арызқойлармен шама-шарқынша күреседі. Алайда жазушы Ерболдан үлкен қайраткер-журналист жасауды мақсат етпеген, содан да болар көбіне журналистің моральдық тазалығын көрсетуге баса ден қойған. Мұнысы махаббаттың саяси мәнін ашуға тырысқан «Алтын діңгек» мақаласындағы байсалды ойларынан да аңғарылады. Автор Ерболдың журналистік қызметін, әр мәселеге азаматтық саяси көзқарасын романда іс-әрекеттен гөрі көбіне мақалаларында айтқан ойлары арқылы ғана берген. Жазушының бұл тәсілі аса ұтымды болған деп айта алмаймыз. Себебі газетке шыққан мақалаларын тұтастай келтіруі, Ербол аузына таптаурын болған жаттанды сөздерді салуы жасандылау әрі шығарма көркемдігіне нұқсан келтіргендей. Тағы да бір айтатын нәрсе, Ербол — коммунист. Оның характеріндегі мұндай сипат санамыз қайта түлеген қазіргі кезде образ болмысының шынайылығына нанымсыздық тудырып, схематизмге бой ұрғандықты байқатқанымен, ол үшін жазушыға кінә артуға болмайды. Өйткені Ербол мен оның замандастары коммунистік рухпен тәрбиеленіп, сол сеніммен өмір сүргені ақиқат. Демек мұндай жайдың көрініс алуы шығармадағы оқиғаларды сол кездің көзқарасымен қарап, сол кездің шындығымен, ұғым-түсінігімен бергендігі. Бұл сол заман тынысының айқын белгісі болса керек.

Романда Ербол болмысын, адамгершілік қасиеттерін кеңірек аша түсуге себепкер болып тұрған басты бір кейіпкер бар. Ол — көркіне мінезі сай, әдепті қыз *Меңтай*. Оның бітім болмысы мен характері де Ербол көзқарасы арқылы танылады. Әдептілік пен арлылықтың әдемі үлгісін танытатын осы екі кейіпкер бір заттың екі беті іспетті бірін-бірі толықтырып отырады. Меңтайға берілетін алғашқы портреттік сипаттаманың өзінен-ақ автор оның жан тазалығын сездіріп, оқырманды осы кейіпкерге ынтықтырғандай болады. «Ортадан сәл ғана төмендеу бойы бар, самай тұсы ширатыла бұйратылып тұратын қою шашын ұзын қос бұрым етіп өріп, оны ақ маңдайынан жоғарылата басына бірнеше рет орап, екі ұшын тас қылып төбесіне түйіп тастаған, ақ беті таза қолмен аршыған жұмыртқадай кіршіксіз, жасы он сегізге келген талдырмаш қыз... Орасан үлкен де емес, онша кіші де емес дөңгелек қара көздер «тергеуші» қыздың көзіндегі ойнақылданбай,

көлгірсіп күлімдемей, өзгеше бір пәк таза тұнықтықпен жаудырай қарайды. Жылы шуақты осы қос көздің арасынан төмен қарай ақ қағазға ақ бояумен тартқан тік сызықтай болып, қыр мұрыны көрінеді. Осы әсем мұрын астындағы таңертеңгі гүлдей бүрісіңкі оймақтай ауыздың «мені кім сүйеді» дегендей ынтыға үлбірей қалған боялмаған қызыл еріндері қыз жүрісінің ырғағымен әлде өзі дір еткендей ме, әлде тыныш тұрған мені дір еткізгендей ме бір белгісіз жайды аңғартты... Жаныма тақап қалған қыздың аппақ бұғағы мен мойнын көзім шалғанда тамағымның ішінен бір жұмсақ нәрсе қытықтай жөнелгендей және бір сезім пайда болды. Әсіресе оның ақ бетіндегі мойылдай мөлдіреген мең менің көзімді де, өзімді де магниттей тартып әкетіп бара жатты» [13, 34]. Меңтай көркін суреттейтін осы портретті оқып отырғанда классикалық әдебиетімізде жасалған Шұға, Гүлхашима, Қамар, Ғайша, Жамал, Ақбілек, Тоғжан мен Әйгерім сынды шынайы достық пен махаббатты берік ұстаған, сұлулығымен жұртты тамсандырған қыздар образы көз алдыға елестейді. Әрі оның М. Әуезовтің «Өскен өркеніндегі» ақылды да әдепті Айсұлу, Ш. Мұртазаның «Қара маржанындағы» пәк жанды Мәрзия, Т. Ахтановтың «Махаббат мұңындағы» ұяң мінезді Ләззат, С.Шәймерденовтің «Болашаққа жолындағы» талғамы биік, сезімтал Инеш сынды қазақтың ұяң да арлы қыздарының бейнесін толықтыра түсетін кейіпкер екенін мойындайсың. Меңтай М. Әлімбаев айтқандай: «Ақылды, ұстамды, білімдар, жан сұлулығы жарқырап көрінген қазақи мінез бен жаңа дәуір қызы психологиясының қосындысы — синтезі» [15, 120]. Расында, өзі құрбылас замандас қыздардың жиынтық характерін танытатын Меңтай басынан кешкен трагедиялық жағдайлар да соғыс кезіндегі әрбір адамның тартқан қасіреті еді. Ол жастайынан әкеден айрылса, соғыста жанашыр болар ағасы қаза тапты. Оның артынша қайғыдан анасы қайтыс болып, жетім қалды. Қорғансыз қызға жасаған Тұмажанның опасыздығы Меңтайға тиген тағдырдың таяғы болды. Жазушының Меңтайды осыншама азапты жолдардан өткізуінің мәнісі — оның уақыт жүгін арқалаған кейіпкер болғандығында.

Дегенмен осы шығармаға кезінде пікір білдірген мақалалар мен хаттарда оқырмандар романның трагедиямен аяқталғанына өкініш айтып: «Таза жарастықты қасіретсіз-ақ аяқтауға болмас па?» [16], — деп те жазды. Біз мұны өзгеге қиянаты жоқ, жаны

таза Меңтайдай кейіпкерді оқырманның қазаға қимау сезімінен туған ниеті деп қабылдаймыз. Себебі әділет заңына сүйенсек те, Меңтайдың соншама азаптан кейін бақытты ғұмыр кешуге қақысы бар емес пе еді деген ой әркімге де оралары хақ. Осы тұста оқырманын бейтарап күйде қалдырмай кейіпкер кешкен күйге ортақтастырып, оның тағдырына алаңдата алған шеберлігі — лиризм тәсілін автордың үлкен жетістікпен қолдана білуінде екендігін айта кеткеніміз абзал. Дегенмен көркем шығармада әрбір кейіпкер автор ойының құлы, идеясының құрбаны екенін ұмытпауға тиіспіз. Меңтай өмірін трагедияға құру арқылы автор қыздарды сабақ аларлық өмір мектебінен өткізсе, жігіттерді қыз тағдырына жауапкершілікпен қарауға міндеттейді. Шығарманың тәрбиелік мәні осынысында болса керек.

Эмоциялық жылылығы мол, эстетикалық талғаммен жасалған Меңтай — жазушының биік мұратынан туған басты кейіпкердің бірі. Оның жүріс-тұрысы, көркі, мінез-құлқы, дүниетанымы жарасымдылықпен үйлескен адам болмысын елестетеді. Әрі ол сыпайы да инабатты, сезімтал да қайырымды. Меңтай бойына сіңген бұл қасиеттерді автор жалаң сөзбен емес, іс-қимылмен сипаттауға көбірек ұмтылған. Мысалы, Ерболға әуел бастан ақ қамқорлық көрсетуі, лекцияны жаза білу дағдысына үйретуі, сия сауытты төгіп алғаннан кейін қыздардың қылжағына тап болған Ерболды қорғаштай сөйлеуі — оның өзгенің жанына қаяу түсірмейтін қайырымдылығының айғағы дер едік. Бұған қоса ол сергек те сыншыл. Адамның жаман жағынан гөрі жақсы жақтарын көбірек көруге тырысады. Содан да болар құрбы-құрдастарының кемшілігін кешіре біліп, ешкімнің көңілі қаларлық сөз айтпайды. Тұрғыластары қандай мәселе төңірегінде болсын кеңес сұраса, қолынан келгенше көмегін көрсетіп, жөн-жобасын айтады. Мысалы, танысқанына не бары алты-ақ тәулік болған жігітін сынап берші деп өтінген Зайгүлге: «Менің айтар ақылым мынау ғана: өзің біл, өзің ойлан, өзің есепте. Қыздың өзіне лайық өмірлік жар таңдауы ауыл болып ақылдасып, базардан ат сатып алу емес. Өзің оған жақсы жігіт деп шаң жуытпай тұрсың. Ал жақсы жігіттің әлден арақ ішуі маған ұнап тұрған жоқ. Қосылған соң кемшілігін түзеп әкетуге әлім келеді, апам айтқандай, махаббатымның күші, өз қажырым жетеді десең өзіңе серік ет оны» [13, 156], — деуі оның

ана ақылын көкейіне түйіп өскен әрі оны бойына дарыта алған тәрбиелі қыз екендігін аңғартады.

Оның қағазға түсірген «Өз ойларым» атты қолжазбасын оқи отырып, Меңтайдың жан сарайымен танысамыз. Қабілет-қарымы мен түйсік-түсінігін пайымдап, аппақ жанының астарын көреміз. Әрі адамгершілігі мол, жаны сұлу, ажарына ақылы сай қыз екендігін мойындаймыз. Оның үлкен тебіреніспен жазылған: «Әйел махаббаты — ең күшті махаббат. Еркектер әлімен күшті болса, әйелдер махаббатымен мықты. Әйел махаббаты — әлемнің тұтқасы» [13, 162], «Мен Отанымды сүйемін. Өз мемлекетімді өз үйімдей көремін. Егер мен соғыста болсам сүйікті Отаным үшін Зоя Космедемьянская, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова сияқты қасықтай қанымды, шыбындай жанымды аямас едім. Бірақ менің үлесіме соғысқа бару тиген жоқ. Мен бұл соғыста талай адамның қаны төгіліп қорғалған қасиетті мемлекетімнің моральдық негіздері одан сайын берік бола беруін мұрат тұтамын...» [13, 162], — деген сияқты үздік-үздік ойлары отаншылдығын, ерлік пен ерліктің жақтаушысы екендігін айғақтайды.

Романда Меңтайдың көрініс берер сәттерінің бәрі әдептілікті, инабаттылықты насихаттағандай. Бұдан біз автордың әдеп мәселесіне аса ден қойғандығын аңғарамыз.

Әдебиет — әсемдіктің әлемі десек, ал әсемдіктің бір белгісі әдептіліктен көрініс алады. Ғұлама эстетик ғалымымыз Әбу Насыр әл-Фараби “Қайырымды қала адамдарының көзқарастары” атты еңбегінде әдепті әрбір жеке тұлғаның рухани байлығы деп есептесе, әдеміліктің жыршысы М. Жұмабаев “Педагогикасында” әдеп тәрбиенің озық нәтижесі, мәдениеттіліктің үлгісі екендігін айтқан. Әсемдік пен әдеп, адамгершілік пен мейірбандық жайы қай кезде де әдебиеттің басты тақырыбы болды.

Адамгершіліктің озық қасиеттерінің бірі — *әдептілік жайы*, әсіресе, замандастың әсемдік әлемін сипаттайтын шығармаларда көбірек сөз етіледі. Өйткені зерттеуші Л. Қунчева айтқандай: «... адамгершіліктің өзінде де әсемдіктің белгілері бар» [17, 45]. Мәселен, 70-жылдарда жазылған М. Мағауиннің «Көк мұнар» романында, Ә. Сараевтің «Жұлдызды жон», З. Шүкіровтің «Жас жесір» повестерінде әдеп проблемасы басты назарға алынып, бұл шығармалардың эстетикалық негізіне айналған. Мұның бәрі жазушының оқырман санасына халқымыздың

асыл қасиеттерін ексем деген түпкі мақсатынан туғандығын айқындайды. «Махаббат, қызық мол жылдар» романында орын берілген әдептілік жайындағы нақыл сөздер ақыл-өсиеттер осындай ниеттен туған. Сондықтан да автор қисыны келген тұста оқырманына адамгершілікті, жақсы әдет, озық дәстүр, жоғары мәдениеттілікті дәріптеуге тырысқан. Оны автор Ербол, Меңтай, Майраның анасы тағы да басқа басты кейіпкерлердің сөздері, ой-тебіреністері арқылы жүзеге асырған. Мысалы, Ерболдың жазып алған махаббат жайындағы ұлағатты сөздерін, өлер алдында Ерболға жазып қалдырған Меңтайдың хатын, Майра мен Меңтай анасының шешендікпен айтылған ақыл-өсиеттерін оқи отырып, тәлім-тәрбие аларлық көп лұғаттарды кездестіреміз. Ал бұлардың бәрі романның идеясымен үйлесіп, ол арқалаған әдептілік жүгінің салмағын арттыра түседі. Сондықтан бұны жастар тәрбиесі, қыздар әдептілігі жайындағы шығарма деуге әбден болады. Әсіресе Меңтайдың анасы түрткен нақылдар арасында жастарды салиқалылыққа, әдептілікке, ұстамдылыққа, ізеттілікке, салауаттылыққа шақыратын өсиеттер көп. Соның ішінде: «Қыз көйлегінің етегі тізеден жоғары шықпауы керек, себебі қыздың жалаңаш жеріне көп көзінің құрты түскіш келеді. Ал халықта: «Есті қыз етегін қымтап ұстайды» деген мақал бар. «Қызға қатты күлудің қажеті жоқ, жігіттерге оның жымиғаны да жетіп жатыр», «Шошандаған қыз шешесінің атына кір келтіреді» [13, 156]. «Қыздың жақсы жігітке шығуы, жігіттің жақсы жар тандап алуы жеңіспен пара-пар. Алдымен жеңіске жету қымбат, ал жеткен жеңісті баянды ету — одан да қымбат» [13, 157], — сияқты ана жүрегінен шыққан шұрайлы нақылдар қыз тәрбиесі мен мінез-құлықтың ұлттық этикасы сияқты.

Осы арада айта кететін бір жай, автор замандас бойынан үнемі көрінуге тиіс әдептілікті айшықтауға ден қойған, содан да болар кейіпкердің әдеп қасиеттерін шым-шытырық оқиғалар оңтайында сынға салмай, күнделікті жай тіршілік ағымындағы қақтығыс, пікір талас, диалог барысында көрсетуге тырысады. Айталық, қыздардың әр алуан қам-қарекеттерін, мінез-қылықтарын, пікір қайшылықтарын, сөз саптастарын сипаттау арқылы-ақ оқырманға ой түйетін, тәлім алатын көп нәрселерді меңзейді. Әрі бүгінгі күні де көңіл қоярлық мәселелердің пернесін дөп басып әдептілікке, арлылыққа шақырады. Осындай ізгі ниет, ұлағатты

өнеге Майра анасының айтқандарынан да байқалады. Абзал ананың аузынан шыққан: «Жалғыздың жан жолдасы — ары мен жары», «... жарыңды жаныңмен тең ұста, жаныңды арыңмен тең ұста», «Ақылды қызға ана көп, аяулы жанға пана көп» [13, 27], «Ана болған — дана болады» [13, 273], — деген түйдек-түйдек, даналық маржан сөздерді естіп шүйкедей ғана қарапайым кейуананың шешендігіне қайран қаласың. Бұған қоса оның мырзалығы да сүйсіндіреді. Қамқор болар туысы жоқ Меңтай мен Ерболға мал сойдырып той жасайды. Екі жастың қуанышына ортақтасып, өз баласындай жақын көреді. Шығармада аз көрінсе де осы бір жан кең пейілді, үлкен жүректі ел анасы ретінде есте қалады. Автор осылай бірі — оқыған, бірі — оқымаған қос ананың ғажап бейнелерін жасайды. Олардың философтар трактаттарымен теңдес сөздерін оқыған тұста, осындай аналардан тәлім алған Меңтай мен Майрадай есті қыздарға оқырман ілтипаты арта түскендей болады. Автор бұл нақылдарды жайдан-жай роман көлемін арттыру үшін келтіріп отырмаса керек. Біріншіден, оқырман ойын бір сәт әдептілікке аударып, тәлім айтса, екіншіден, оны кейіпкерлердің ішкі сырларын жеткізудің, рухани байлығын көрсетудің тәсілі ете білген. Дегенмен он шақты бетті алатын нақыл сөздерді санамалап келтіру шығарма көркемдігін кемітіп, жазушы шеберлігіне сын бола ма деп те ойлайсың. Сондықтан да осы ойды айтар тұста жазушы басқаша бір үйлесімді әдіс табуы керек пе еді деп те қаласың.

Әдебиет зерттеушісі, профессор Т. Нұртазин бірде Қазақ ұлттық университетінде осы кітап бойынша өткен оқырмандар конференциясында сөйлеген сөзінде: «Бұл романның өзіне тән үш қазығы бар. Олар — махаббат, достық, адамгершілік. Жазушы өзінің өнер өрмегін осы үш қазық бойымен тарқатып отырады» [18], — деген. Айтса айтқандай, бұл шығармада достық мәселесі де салмақты идеяны көтереді. Романда шынайылығымен сөз етілген Ербол мен Тана, Меңтай мен Майра арасындағы көңіл мен сезім жақындығын ой елегінен өткізе келе қазіргі қазақ әдебиетінің көш бастаушысы Қадыр Мырза Әлидің: «Достық түбі — адалдық» [19, 133], — деп жазған ғибратнәмә жолдарын еріксіз еске аласың. Әрі олардың достықтары сыйластыққа, адал сезімге құрылғандығына иланасың.

Романда *Ербол, Тана, Заман* — үшеуінің арасындағы достық, адалдық, адамгершілік қарым-қатынастары өзгеше бір сырмен жарасымды суреттелген. Автор Заманды сахна сыртында ұстай отырып таныстырса да, Тана арқылы Ерболдың оған деген тілектес ниетін жеткізген. Ербол досқа адал. Оны өзге сезімнің бәрінен де биік қояды. Оған Заманның бақи болған хабарын біле тұрса да, Заман серттескен ғашық жас Танамен бір бөлмеде үш түн қатар тыныстағанмен, оның өз құмарлығын басып, азамат рухына қиянат жасамауға бел бууының өзі жеткілікті дәлел. Ерболдың: «Жаным тірі тұрғанда мен досымның атына кір келтіруге тиіс емеспін. Танадан ләззат ұрлап, дос қарызы, дос аруағы алдында қара бет болуға қақым жоқ!» [13, 131] — деген ішкі ойы жан тазалығын, өткінші сезім мен бір күндік нойыс нәпсінің құлы емес, ертеңін ойлаған салиқалы ойдың иесі екендігін байқатады. Ол ару ары мен тазалығын қымбат санайды, сол үшін де қыз тағдырына жауапкершілікпен қарайды. Онысы тек Танаға ғана емес Меңтай тағдырына қатысты тұстардан да көрінеді. Ербол қиын кездерде сүйгеніне де, досына да қол ұшын бере біледі. Мысалы, о дүниелік деп жүрген Заманның аманшылық хабарын алып келіп, ақылдасуға келгенде Танаға қолынан келгенше көмегін көрсетуі, жаз бойы жұмыс істеп тапқан екі мыңдай ақшасын «жолға қаражат ет» деп беруі осыған айғақ. «Бұным саған қарыз емес, достық қарызының титімдей төлеуі ғана болар. Ана қарызынан кейінгі өтелмес үлкен қарыз достық қарызы екенін білесің ғой өзің...» [13, 201], — деп ағынан жарыла айтқан сөзінен оның асқақ адамгершілікті жоғары бағалайтынын көреміз.

Романда *Тана қыз* даралық қырымен танылатын образ. Оның батылдығы мен өткірлігі, ақ көңілділігі мен ер мінезділігі — құрбы қыздарынан оны оқшаулап тұрған қасиеттер. Сүйген жігітінің тірі екендігін естігенде, Заманды алыс жерде болса да іздеп барып, қиындықты бірге көтеруге бел буатын Танаға берілген мінездемелер де мағыналы. Мысалы, Заманның: «Ер мінезді, ер көңілді менің Танамдай қыз жоқ» деген бір ауыз сөзі-ақ оның ер мінезділігін мойындатқандай. Келе-келе автор оның іс-қимылы, сөйлеген сөздері, Ерболмен сырласу сәттері арқылы өжеттігіне қоса, ой мен сөзге де жүйрік, өнерлі қыз екендігінен хабардар етеді. Достықты қадірлей білетін ауданның жас мұғалімі Тана образы арқылы автор жаңаша типті қазақ қы-

зының үлгісін жасауға ұмтылған. Автордың мұнысын құптағанымызбен, ауылда өскен Тананы қазақ қыздарының табиғатына тән ұлттық тәрбиеден тайдыра көрсетуі аса жатық шықпағандығын айта кеткеніміз жөн. Бұрын көрмеген, тек Заманның айтуымен сырттай ғана таныс Ерболды алыс ауданнан амандасу үшін өзі іздеп келуі (велосипедке мініп), жігітпен бір бөлмеде үш түн түнеп, оған деген тән құмарлығын тежемей, қайта ашық білдіруі қазақ қыздарына тиесілі ұяңдықтан ала бөтен. Тана характері жағынан З. Шашкиннің «Тоқаш Бокин» романындағы Бикен образын елестетеді. Ерке боп өскен Бикеннің өз еркімен сүйген жігітінің халын сұрап, бейтаныс адамдарға жолығуы, қала мәдениетін меңгерген сыпайы да айлалы бола тұрып, Тоқаш соңынан қалмай жүгіруі ұлттық салт-санадан аттағандыққа жатады. Екі шығармада да Бикен мен Тана характерлерінде даралық сипат басым берілген.

Романда *Меңтай* мен *Майра*, *Ербол* мен *Жомартбек* арасындағы достықтың таза ниет, ақ көңілден туғандығына шүбәланбаймыз. Әрқашан жұптары жазылмай жүретін бұлардың өзара сыйластықтары, қамқорлықтары шынайы достықтың үлгісін көрсеткендей. Майраның адамгершілік қасиеттерін, әсіресе, аша түсетін түс Бүргендегі көрініс. Ол Меңтайға қиын кездерде ақ пейіл дос, сенімді серік бола алды. Оның іс-әрекеттерінен, салмақты ойы мен сөздерінен ана тәрбиесін көріп өскен ақылды да сабырлы қыз екендігін көреміз.

Шығармада *Жомартбек* те адал достықты қастерлейтін жан ретінде бейнеленеді. Оның сырт пішіні келісімсіздеу, ал «мінез жағынан тіл алғыш жұғымтал, оның үстіне едәуір қу тілді» [13, 73] болғанымен жанының түкпірінде адалдық, үлкен адамгершілік, ізеттілік жатқандығын сезгендей боламыз. Автор бұл кейіпкерлердің образын кеңірек ашуды мақсат етпеген. Дегенмен *Майра* мен *Жомартбек* аз көрінгеннің өзінде әрқайсысы өзіне лайық мінез-құлықпен есте қалып қояды.

Романның бір жетістігі — мұнда қыздардың әртүрлі мінез-құлықтарының жасалғандығы дер едік. Олардың бірі — әдепті де сабырлы болса, енді бірі — жеңілтек те тұрлаусыздығымен көрінген. Осылардың ішінде *Зайгүл* — өз қылықтарымен көзге ұратын кейіпкер. Ол модашыл, жігіт көрсе қылмындай кететін, ұшып-қонба жеңілтек мінезді қыздардың бейнесін елестетеді. Ол

жайындағы: «Зайгүл киім жағынан өзгелерден өзін ерекше ұстауға тырысатын. Кексе әйелдерге ұқсап, мойнына студент қолы жетпейтін қызыл түлкі салып, екі қолын бірдей қаракөл жеңқолғапқа тығып, оқшауланып жүретін» [13, 203], — деген мінездеу-портрет оның бар болмысын сипаттап тұр. Әрі «адамның күн шуақ жақтарына көңіл бөлмей, көлеңке жағына көбірек көз салатын» таяз ойлылығы сөйлеген сөздерінен сезіліп қалып жатады. Оның ондай қылықтарын Жомартбек қуақы тілмен түйреп отырады. Салмақты да білімді Меңтай табиғатымен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын жеңілтек те білімсіз Зайгүлдің мінезіндегі міндерді мұрнынан тізе отырып, автор халқымыздың арлы қыздарының жарасымды үлгісін ұсынады. Кітапта Зайгүлдің ұнамсыз жақтарымен жанастырыла жақсы қасиеттері де қамтылған. Оның ойындағысын бүкпей ашық айта салатыны, артында арамдығы жоқ турашыл, ақ көңіл қыз екендігі Меңтайдың оған берген мінездемесінде айтылған. Әсіресе, Заман мен Тана жағдайын естіген Меңтай құрбыларын Тананың жолына қаражат жинастырып беруге көмектесуге шақырғанда мойнындағы бағалы түлкі жағасын сатып қаржыға беруге ұсынуы Зайгүлдің шешуші сәттерде адамгершілік жағынан табылатындығын байқатады. Ербол мен Меңтай маңын қоршаған *Майра, Жомартбек, Зайгүл, Қанипалар* — әзілдесе де, күле де, күңірене де, көмектесе де білетін ақжарқын жандар. Олардың жарастықты жастық өмірін, достық, жолдастық қарым-қатынасын сөз ету арқылы автор студенттер қауымының ұйымшыл ортасын біркелкі тәуір сипатта көрсете алған.

Соғыстың халықтың тек әлеуметтік-тұрмыстық әл-ауқатын ғана емес, моральдық болмысын да үлкен сынға салғандығын алуан түрлі тағдырлар арқылы көрсеткен. Осы тұста заманның зауалына төтеп бере алмаған, солқылдақ сүйіспеншіліктің азабын тартқан жандар көп болды. Оған романда Ербол мен Сәлима, Сәлима мен Бүркітбай оқиғалары бірден-бір дәлел. Ерболға берген серті болса да, шешесінің айтқанынан шыға алмай оқуын тастап, әйелі өлген Бүркітбайдың босағасын аттаған Сәлима жайы өмірдің ащы шындығының шымыр көрінісі. Соғыс жылдарындағы мұндай әйел тағдыры Ө. Қанахиннің «Дәмелі» романында, Н. Ғабдуллиннің «Кестелі орамал», Ә. Кекілбаевтың «Бір шөкім бұлт» повестерінде де сөз етіледі. Бұлардың

кейіпкерлері де Сәлимадай тағдырлары тәлкекке түскен қыз-келіншектер. Көптеген қыздар басына түскен халді көрсететін *Сәлима* — жиынтық образ.

Романда соғыстың тұрмысқа тоғытылған тауқыметіне шыдамай уәдеге тайғанақтық жасап, ауқатты шалға тұрмысқа шыққан Сәлима өмірі аянышты суреттелген. Ол — сүйген жігітінен айрылып орны толмас өкінішке бір қалса, оған қоса Бүркітбай зәбірлігінен тағы да азап шекті. Бұған кінәлі, біріншіден, соғыс болса, екіншіден, өзінің табансыздығы, қиындыққа төзімсіздігі еді. Осы кемшілігінің салдарынан таза сезім, шынайы сүйіспеншіліктен айрылды. Осы тұрғыдан қарағанда Сәлима түрікмен жазушылары Кербабаевтың «Тамшы су — бір түйір алтынындағы» Наташа, К. Шамшиевтің «Ар азабындағы» Роза, А. Атажановтың «Сенің таныстарыңдағы» Махинурлар сияқты бақытты өмірді байлықтан, малына киініп, дәулетті тұрудан іздейтін шолақ ойлы шошақай қыздар қатарына да қосылып қалады.

Алайда, махаббат жолында күресудің орнына шарасыздық, осалдық танытқанымен, оның Ерболға жазған хаттарынан ақылдан құралақан емес, қайта сөзге шешен, ойға жүйрік қыз екендігін де аңғарамыз. Романда Ербол мен Сәлима арасындағы сүйіспеншілік хаттар арқылы жинақы да нанымды баяндалған. Мұның өзі автордың қосымша сюжеттерді шашыратпай қисынды енгізе алатын шеберлігін танытады.

«Ақылсыз басты қылығы танытады», — деп Жүсіп Баласағұн айтқандай, романда азғындықтары іс-әрекеті, саяз ойы, дөрекі сөздері арқылы-ақ байқалып қалатын ұнамсыз кейіпкерлер — *Бүркітбай*, *Тұмажан Ошақбаев*, *Шалдуар Шалғынбаевтар*. Олардың табиғатын ірілі-ұсақты эпизодтар барысында нақты аша түседі. Мысалы, бас көтерер азаматтар майданға кетіп, билік қолына тиген Бүркітбайдың аш-жалаңаш, ауру-сырқау ауыл адамдарына залымдық көрсетуі, қорғансыз Сәлимаға құрық салуы әрі зәбірлеуі, Лашын иттің өліміне себепкер болуы; ал Тұмажанның өлім аузында жатқан жолдасына арамдық ниетпен жалған өсиет хат жаздырып алып, өлігін бір шұңқырға тастай салуы, Меңтайды алдап тұнығын ластауы — осының барлығы бұлардың тас жүрек жан екендіктерін айқындайтын детальдар. Жазушының қара бояуына көбірек боялған бұлардың ұнамсыз

кейіпкерлер екендігін пайымдау оқырманға аса қиынға соқпайды. Оның үстіне оларға берілетін портреттік сипаттамалар да надандықтарын, жұғымсыз жан екендіктерін жария етіп тұр.

Романда «Аһ!» деп қойып маңғаздана керіліп, шірене сөйлейтін Шалдуар Шалғынбаев та алғаш көрінгеннен-ақ қуыс кеуде, мелдек атқан мақтаншақ жан екендігін байқатады. Өзі аш-жалаңаш жүрген Ерболға қолынан келгенше ағалық қамқорлық көрсету орнына, отынын тасытып, ағашын жарғызып құр қол жібергенімен тұрмай, күндіз оқып, кешке істеген курьерлік жалақысы мен қалам ақысын алған сайын екі жүз грамды «тіркемесімен» алдыртып жұғызуы ұяттан ада, пайдақор пенде екендігіне дәлел. Жұғымсыз Шалдуар образынан ішімдікке салынып, моральдық жағынан азғындаған адамды көреміз. Ербол әріптестерінің ішінде *Бағи Уазитов* сынды адамшылық қадір-қасиетті сақтаған жандар да бар. Қиналған шақта Ерболға қол ұшын беріп, рухани, әрі материалдық жағынан да демеуі оның өрені биік азамат екендігін аңғартады.

«Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы образдар жүйесін оймен шолып өтсек, бірі — биікте, енді бірі — төмен еңісте тұрған әр алуан кейіпкерлерді, олардың сан қилы тағдырлары мен кісілік келбеттерін көреміз. Жазушының бар талантын сарқа жасаған кейіпкерінің, қиыстыра құрастырған сюжет детальдарының әсерін сеземіз. Шындығында, жазушы әрбір кейіпкерді адамды жақсылыққа тәрбиелеу, я жамандықтан жирендіру мақсатымен жасайды. Оның іс-әрекетін, мінез-құлқын, күйініш-сүйінішін суреттеу арқылы оқырманның жан жүйесіне әсер етіп, рухтандырып, әсемдікке талпынтады. «Махаббат, қызық мол жылдар» романының осындай құдіреті бар екендігін профессор Әзиза Нұрмаханова: «Бұл кітап қалай дегенмен де өте күшті жазылған, оқушының жан жүйесін тебіренерлік шығарма. Әр сөзі адамға ой салады, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге шақырады», [20] — деп дәл тауып айтқан. Автор мұнда кейіпкерлерінің тек жеңісін ғана алға тартпай, өмір жолында сүрінген, жаңылыс басқан сәттерін баяндай отырып, адамды ойлантуға, толғантуға үйретіп, адами ар-ұжданымызды тәрбиелеуге үлес қосары сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Жебе: Әдеби толғаныстар мен толғаулар. — Алматы: Жазушы, 1977. — 379 бет.
2. Майтанов Б. Қазақ прозасындағы жас замандас бейнесі: филол. ғылымд. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс. — Алматы, 1977. — 159 бет.
3. Нұршайықов Ә. Автопортреттер: Әдеби портреттер, естеліктер, әскери жазбалар. — Алматы: Жалын, 1977. — 200 бет.
4. Әлімбаев М. Қалам қайраты: Эсселер, сын, мақалалар. — Алматы: Жазушы, 1976. — 224 бет.
5. Бердібаев Р. Қазақ романы. — Алматы, 1975. — 45 бет.
6. Елеуқенов Ш. Замандас парасаты: Қазақ әдебиеті. Социалистік реализм мәселелері. — Алматы: Жазушы, 1977. — 300 бет.
7. Қазбеков Н. Ой таразысы: Сын мақалалар. — Алматы: Жазушы, 1991. — 255 бет.
8. Сахариев Б. Күрескер тұлғасы: Мақалалар, зерттеулер. — Алматы: Жазушы, 1979. — 373 бет.
9. Уахатов Б. Көркемдік ізденістер: Әдеби сын мақалалар жинағы. — Алматы: Жазушы, 1991. — 208 бет.
10. Қаллемов Г. Жазушы почтасынан // «Социалистік Қазақстан». 1972, 24 мамыр.
11. Кәкішев Т. Шынайы өмір жыршысы // «Қазақ әдебиеті», 1992, 4 желтоқсан.
12. Елеуқенов Ш. Замандас парасаты: Қазақ әдебиеті. Социалистік реализм мәселелері. — Алматы: Жазушы, 1977. — 300 бет.
13. Нұршайықов Ә. Таңдамалы. Екі томдық. — Алматы: Жазушы, 1980. — Т. 1. Роман мен повесть. — 520 б. — Б. 426.
14. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Шығармалар жинағы: 2 томдық. — Алматы: Жазушы, 1986. Т. 2. Аудармалар мен қара сөздер. — 199 бет.
15. Әлімбаев М. Қалам қайраты: Эсселер, сын, мақалалар. — Алматы: Жазушы, 1976, — 224 бет.
16. Рақымжанов Ә. Өкінішті өткелдерден өтіп... // «Жетісу». 1971, 7 қаңтар.
17. Кунчева Л.И. Литература и нравственность. — М.: Знание, 1969. — 48 с.
18. Жас ұрпаққа үлгі болар туынды // «Қазақстан мұғалімі», 1972, 15 маусым.
19. Мырза Әли Қ. Ғибратнәмә. — Алматы: Қазығұрт, 2001. — 133 бет.
20. Нұрмұханова Ә. Шындық шуағы // «Лениншіл жас». 1976, 17 қыркүйек.

«АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ» РОМАН-СҰХБАТЫ ЖӘНЕ ҚАҺАРМАНДЫҚ МҰРАТ

Шығармада жазушы қандай көркемдік тәсілді қолдансын оны көркем образдың ішкі әлемін ашу кілті ретінде пайдаланады. Алғашқы шығармаларынан-ақ адам жанының күрделі табиғатын танытуға ұмтылған Әзілхан Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» роман-сұхбатында гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының образын жасау арқылы біртуар батырдың қаһармандығын, адамгершілік әлемін жария етті.

Баукеңдей ержүрек жанның шынайы тұлғасын бейнелеуде соны бағыт тауып, батыр болмысын терең зерттеп, толымды туынды жазған қарымды қаламгер Әзілхан Нұршайықов еңбегі ерекше. «Ақиқат пен аңыз» роман-сұхбаты 1976 жылы алғаш рет кітап болып жарияланған соң авторға келген хаттардың бірінде: «Біз Баукеңнің өмір жолын, бойындағы адамгершілік асыл қасиеттерін біле бермейтінбіз. Кейбір ауызекі естігендеріміз бойынша Баукеңді дәл мұндай жаны жомарт жан деп есептемейтінбіз. Біз ол естігендеріміздің мүлде қате екенін енді түсіндік. Енді біз сіздің осы кітабыңыз арқылы Баукеңнің өте ақылды, терең білімді, әрі сөзге шебер, нағыз жомарт жанды азамат аға екеніне көзіміз жетті», — дейді оқырман. Бұл сарынды хаттар авторға көптеп келді. Бұдан біз шығарманың танымдық және тәрбиелік мәнінің зор болғандығын мойындаймыз.

Шындығында, осыдан бірнеше жыл бұрын жазған «Ақиқат пен аңыз» роман-сұхбатын бүгінгі, тіпті ертеңгі оқырман да әр оқыған сайын Баукеңмен қайта жүздесіп, қайта араласып отырғандай күй кешері даусыз. Өйткені бұл — жазушының өмір өткелінде жинақтаған мол тәжірибесі мен көп жылдар бойғы дамылсыз шығармашылық ізденісінің нәтижесінде туындаған шымыр шығарма. Аталған роман туралы кезінде баспасөз беттерінде көптеген пікірлер айтылып, баға берілгенімен, уақыт өткен сайын қайта ой елегінен өткізіп, жаңаша тұрғыда әр қырынан қарап отыру кейінгі ұрпақтың міндеті болса керек. Сұхбат түрінде жазылған бұл романның оқушы қауым батыр аға жайында білгісі келген жайлардан толық мәлімет

алып, өзін толғантқан сан-салалы сұрақтарға жауап табады. Сондықтан романның диалог, сұхбаттасу түрінде жазылуы батырдың қаһармандық тұлғасы мен мұратын, жалпы адамдық болмысын сенімді бейнелеуде ұтымды әдіс болған.

«Әрбір адамның тарихи маңызы оның Отанға еткен еңбегімен, оның адамгершілік азаматтығы — оның патриоттығымен өлшенеді», — дейді Н.Г. Чернышевский. Бауыржан Момышұлы — отаншылдығымен де, патриоттығымен де тарихтан өз орнын алған дара тұлға. Ел арасында аты аңызға айналған батыр туралы жазу авторға оңай соқпады. Себебі бұл шығарма кейіпкердің көзі тірісінде жазылды. Сондықтан да жазушының өмірде болмаған жайды қиялдан қосып жазуына қақысы жоқ еді. Керісінше батыр болмысын, характерін дәл өмірдің өзіндегідей етіп көрсету міндеті тұрды. Осындай міндетті сезінген жазушы батыр туралы романды деректі, яғни документальды шығарма түрінде жазуды ұйғарды. Жазушы романды қолға алмас бұрын үлкен ізденіс танытып, өзін психологиялық дайындықтан өткізді. Өйткені оның болашақ кейіпкері мінезі адуын да қиын тұлға еді. Дегенмен қалауын тауып, Баукеңмен арагидік кездесе жүріп, талай жылдар бойы сұхбаттас, сырлас болды. Мұнымен қатар жазушы Баукеңнің туып өскен жеріне барып, бірге өскен замандастарымен, туыстарымен, қызметтес болған көптеген адамдармен сөйлесіп, ел аузындағы батырдың өз сөздерін, ол туралы аңыз боп кеткен әңгімелерді қағазға түсірді. Осыншама қыруар материалды Ә. Нұршайықов «жазушылық лабораториясында» елеп-екшеп, ұтымды әдістермен оқушы аудиториясына ұсынды. Негізінде жазушылар тәжірибесіне үңілсек, тарихи оқиға мен тарихи тұлға туралы жазатын жазушының әрбірі бұндай ізденістерді бастан өткерсе керек. Мәселен, И. Стаднюк «Соғыс» романын жазуға кіріспес бұрын соғыс тарихымен, соғыс өнерімен айналысқан. Бұған қоса, бұрынғы әскери басшылармен, Кеңес өкіметінің өкілдерімен әңгімелескені, документтік материалдар жинай жүріп, әскери мемуарлар оқығаны, кейін жазу үстінде осылардың бәрі шығарманың өзегі болғаны белгілі [1].

«Ақиқат пен аңыз» романының ұзын-ыргасы сұхбат түрінде жазылғанмен, кітаптағы барлық деректерді автор Бауыржан

аузынан жазып алған жоқ. 1986 жылы «Жалын» журналына берген интервьюінде «Бауыржан маған роман-диалогтағы сияқты өмірбаянын басынан бастап, соңғы беттегі нүктесіне дейін өзі айтып, баяндап берді ме? Жоқ. Ең алғашқы күні мен онымен он екі сағат әңгімелестім. Сол әңгіме кезінде өз аузынан отыз бет материалды қолмен жазып алдым. Баукеңмен ең алғаш ұзақ әңгімелескеніміз де сол алғашқы күн болды. Одан кейін арамызда кейбір қысқа-қысқа кездесулер өтті (ауруханада, үйде, қонақта, көшеде, Жазушылар одағында). Бірақ бұл кездесулерде жазып алғаным алғашқы күндегіден аз болмаса, көп емес еді. Өзге материалдың бәрін өз бетіммен (кітаптар арқылы, жұртпен әңгімелесіп) жинап алуыма тура келді», [2, 436] — дейді жазушы. Расында, үлкен ізденісі мен төккен маңдай тері шығарманың өн бойынан сезіліп тұрады.

Бауыржанның қаһармандық тұлғасын нанымды жасауда автор сұхбаттан басқа замандастарының, М. Ғабдуллиннің, зайыбы Кәмаштың естелік-әңгімелерін, қарулас және қызметтес болған жолдастарының сөздерін, әртүрлі құжаттар, мінездемелер, хаттар, күнделіктер мен хаттамалардың түпнұсқасын келтіріп отырады. Бұл, біріншіден, шығарма оқиғасының тарихи шындығын растап, баяндау формасын түрлендірсе, екіншіден, батыр характерін аша түсудің тағы бір әдісі іспетті.

Ә. Нұршайықовтың роман оқиғасын өрбіту барысында құжаттарды, деректі материалдарды пайдалана білу шеберлігін әдебиетшілер де жоғары бағалайды. Филология ғылымдарының кандидаты Н. Төреқұлов: «Автор кейіпкер өміріне қатысты документтерді, іс-қағаздарының мәліметтерін әдемі ойната біледі. Талай тұста құрғақ цифрлардың өзі толғаулы сөзден артық әсер етеді» [3], — дейді. Сондай-ақ романға пікір айтқан бірқатар мақалаларда [4, 5, 6, 7, 8] да оның деректілік сипатта жазылғандығы баса айтылады. Тіпті тарихшылар [9] да шығарманың құндылығына назар аударды. Осыншама пікірлерді ескере келе, «Ақиқат пен аңызды» құнды да өміршең шығарма деп толық айта аламыз.

Автордың Бауыржанға қойған сұрақтарын, оған берілген жауаптарды сарапқа салып қарасақ, роман мақсаты батырдың майдандағы, жайшылық өмірдегі іс-әрекетін, жан жүрегінің иірімдерін, тебіреніс-толғаныстарын, күйініш-сүйініштерін,

көңіл қалауларын сөз ете отырып, оның адамдық болмысын, адамгершілік қасиеттерін жарқырата аша түсу екенін аңғарамыз. Автор: «Бауке, менің мақсатым — сіздің өміріңіздің ұзындығын қағазға түсіру», — дейді бір сөзінде. Алайда біз мұны батыр өмірін жалаң, сезімсіз жай баяндау деп түсінбеуге тиіспіз. Олай еместігіне романды терең оқыған сайын көзіміз жете түседі.

Автор өзінің кейіпкерін алғаш таныстырғанда-ақ оны қатал әрі сұсты етіп сипаттағанымен, перде артында адам жанының сұлулығы барын сездіре түседі. Мысалы, Бауыржанның портретін былай сипаттайды: «...Ескі әскери кительді иығына желбегей жамылған, үстіне қайырма жағалы, омырауы ашық сарғыш түсті көйлек, жолақты жұқа шалбар, аяғына жасыл тапочка киген Бауыржан отыр екен. Үстел басында еңсесін тік ұстап еті қашқан иегін сәл көтере түсіп, сырттан кірген кім екен деп есікке тесірейе қарап отырған ол бір сәт маған шығыңқылау бет сүйегін, суаңқылау ұртын, салбыраңқы мұртын, кісіге тайсалмай тіке қарайтын, қарағанда жанарынан ұсақ-ұсақ ине шашырап жатқандай боп көрінетін сәл қисықтау көзін, қара жартастай қасқып тік жатқан маңдайды шимайлаған жол-жол әжімдерін шебер қол гранитке айнытпай қашап, айнытпай түсірген аса бір сұсты, сол сұстылығымен тартымды көрінетін тас мүсінге ұқсап кетті» [10, 10]. Автордың алғаш көрген сәттегі бұл келбеті жоғарыда айтқан пікірімізді растай түседі. Алайда батыр жанының сұлулығын назарымызға түгелдей жайып салмай, тамтұмдап бірте-бірте ұсына отырып, өзіне тарта түсу мақсатында Бауыржанның басынан кешкен қиын-қыстау кезеңдерді, іс-әрекеттерді, естеліктерді жиі келтіреді.

Жазушы әрі ғалым Ә. Әзиевтің: «Ақиқат пен аңыз» атты кітап адамгершілікке, азаматтық, ерлікке толы» [11], — дегеніндей, мұнда да жазушының алға қойған негізгі мақсаты — кейіпкерлер жан дүниесін айқара ашып, содан туындайтын қаһармандық асыл мұраттарды жария ету.

Шындығында, адамды ерлікке итермелеуші күш — оның рухани қасиеттері, моральдық ар-ожданы. Адамгершілік жоқта қаһармандық жоқ, ізгілік жоқта ерліктің ұшқыны да болмақ емес. Осындай терең гуманизмді айғақтайтын адамгершілік пен ерліктің, қаһармандық пен асқақ рухтың дастаны іспетті бұл шығармада Кеңес Одағының Батырлары

Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов, Мәншүк Мәметова, Төлеген Тоқтаровтардың, толарсақтан саз кешіп партизан отрядын бастаған халқымыздың ерлік дәстүрін жалғастырған қазақ жауынгерлерінің үлгі-өнегесіндей бетке ұстайды. Сондай-ақ атақты қолбасшылар — В.К. Блюхер, Г.К. Жуков, А.М. Василевский, К.К. Рокосовский, И.Х. Баграмян, И.В. Панфилов, М.В. Захаров, И.М. Чистяковтардың іскерлігін, адамгершілікпен ұштасқан бейнесін сомдайды. Осы сияқты адамдармен жүздесіп, қызметтес болғандығының өзі, біріншіден, Баукеңнің образын биіктетіп тастаса, екіншіден, шығарманың тарихи ақиқаттығын байқатады. Шығармада аты аталған образдардың бәрі дерлік тарихта болған, кейбірінің әлі көзі тірі болуының өзі шығарма шыншылдығына еш күмән тудырмаса керек.

Сан алуан образдардың галереясын жасау барысында автор диалектикалық даму заңдылығын әсте естен шығармаған. Автор қаһармандарын бірден герой немесе ақылгөй данышпан дәрежесіне көтеріп жібермей, сатылай дамыта көрсетеді. Сондықтан да образдардың іс-әрекеті мен характерлері нанымды да ұтқыр шыққан. Автор қай кейіпкерді суреттесе де, ерлігін дәріптесе де Баукеңнің бағалауынан өткізіп, оларға мінездеме беруде де оның көзқарасын ескеріп отырады. Сондықтан да шығармадағы кейіпкерлерді Бауыржан образына жанамалата алып сөз етеміз. Бұл бас қаһарманның да, басқа кейіпкерлердің де болмысын, толыққанды тұлғасын ашуға мүмкіндік береді.

XII ғасырда өмір сүрген ақын Ахмед Югнакидің: «Адамгершілік кімде болса соны ер деп есепте», — деген аталы сөзін еске алсақ, Ә. Нұршайықов кейіпкерлерінің дені осы екі ұғымның жүгін қатар көтерген жандар. Өйткені жазушы адам баласының асыл қасиеттері мен мұраттарын осы адамгершілік сезімге сыйғызады. Бар жақсылықтың бастауын осы сезімнен табады. Сондықтан жазушы шығармашылық шеберлігін қаһарманның ішкі дүниесін таныту жолына бағыттаған. Бауыржан Момышұлы алғаш рет көркем прозада басты кейіпкер қатарында танылатын «Москва түбіндегі қарауыл» атты деректі повестің авторы А. Кривицкийдің: «Бізде В. Карповтың «Қолбасшысы» сияқты кітаптар көп емес. Солардың қатарында менің Әзілхан Нұршайықовтың Бауыржан Момышұлы туралы кітабын атап айтқым келеді. Кітап автор мен қаһарманның өзара диалогы түрінде жазылған.

Кітапты бас алмастан оқып шықтым. Онда ересен ерлік үлгілерін қалыптастырушылардың бірі болған ер жүрек офицер бейнесі қаз-қалпында көз алдыға келеді. Ал бұл дәрежелі кітап Панфиловтың өзі туралы әлі күнге дейін жазылған жоқ. Өзімнің «Москва түбіндегі қарауыл» атты деректі повесімде мен оның бейнесін нобайлап қана келтіргенім болмаса, характерін толық ашып көрсете алдым дей алмаймын» [12, 184], — деп айтқан сөзіне ден қойсақ, Ә. Нұршайықовтың образ жан әлемін ашудағы шеберлігін мойындаушылықты байқаймыз.

Жазушының шығармашылық таланты мен шеберлігін мойындатқан «Ақиқат пен аңыздың» бас қаһарманы — Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақтың қаһармандық тұлғасын танытып, көркем шығармалардың кейіпкеріне айналған тарихи тұлға. Романда жазушы Б. Момышұлының қатардағы жауынгерден гвардия полковнигі дәрежесіне дейінгі өсу жолын сатылы түрде тарихи деректерге, архивтік материалдарға сүйене отырып суреттеген. Осы екі аралықта оның жастық шағы, Қызыл Армияда атқарған әскери міндеті, қоғамдық қызметінің алғашқы баспалдақтары, Қиыр Шығыстағы офицерлік қызметі, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы батальон, полк командирі болуы қамтылған. Тіпті соғыстан кейін Мәскеуде Әскери академияны бітіріп, онда сабақ бере жүріп, әскери профессор болғандығы жайлы да айтылады. Баукең өмірінің жиырма бес жылын әскери қызметке арнаған. Он бір ай — қызыл әскер, он төрт ай — взвод командирі, үш жыл төрт ай — рота командирі, тоғыз ай — атқыштар полкы штабы бастығының орынбасары, бес ай — республикалық әскери комиссариаттың аға нұсқаушысы, бес ай — батальон командирі, екі ай — полк командирінің орынбасары, сегіз ай — атқыштар полкының командирі, жеті ай — Бас штаб әскери академиясының жанындағы білім жетілдіру курсының тыңдаушысы, үш ай — дивизия командирі, екі жыл екі ай — Бас штаб әскери академиясының тыңдаушысы, екі жыл — бригада командирінің орынбасары, бес жыл — әскери академияда ординарлық әскери профессор болған Б. Момышұлының осындай әскери қызмет жолы қамтылып, романның жүгі болған. Әрі құжаттармен расталған. Оған дәлел 406-атқыштар полкының штаб бастығының көмекшісі екендігі туралы, 206-атқыштар полкында батальон штабының басшысы болып қызмет істейтіндігі

жөніндегі, 8-ші гвардиялық атқыштар дивизиясында тұрақты әскери қызмет атқарғандығы туралы куәліктердің, 1075-атқыштар полкының командирі міндетін орындау туралы жолдама қағаздың, 1073-ші полк командирі болу жөніндегі бұйрықтың, Кеңес Одағының Батыры генерал-майор Баксовтың 9-шы гвардиялық қызылтулы атқыштар дивизиясының командирлігіне бекіту туралы ұсынысының, Жоғары Академияның жанындағы білім жетілдіру курсы бітіргендігі жөніндегі куәлігі мен осы академияның толық курсы бітіргендігі жайындағы дипломының түпнұсқасын көз алдымызға ұсынуы шығарманың деректі материалдарға негізделіп жазылғандығын айғақтайды. Б. Момышұлы жүріп өткен осы жолды біз тек Баукеңнің ғана емес, халқымыздың ұлттық әскери даму дәрежесі, деңгейі деп қабылдауымыз керек. Себебі, романның бас кейіпкері Б. Момышұлы — қоғамдық-саяси деңгейде ойлап, іс-әрекет еткен кесек тұлға.

Бауыржан бойындағы үлкен қасиеттің бірі — әділдік, шыншылдық. Ол өз басынан өткерген, көзімен көрген жайларды, маңындағы жандардың қиянаттары мен ізгі істерін сарапқа салу негізінде әділдікті бойға сіңірді. Мұны тергеуші Емельяновтың түрмеде жатқан 250 қазақтың заңсыз қамалған 220-сын босаттырып, Кеңес заңын бұрмалап жүрген шолақ белсенді милиционерлерге тыйым салып тастаған әділетті ісін көріп, сабақ алғанын сөз етуінен де аңғаруымызға болады.

«Әділдік пен адалдық — адамның ең қымбат қасиеті», — деп жазушының өзі айтқандай, романда Бауыржанның әділдігі әркез адамгершілікпен ұштасып қабыса көрінеді. Бұған қалалық кеңестің солдат анасына берілуге тиіс пәтерді өзіне беруге ұйғарғанын естіп білгенде жәдігөйлік пен заңсыздыққа төзе алмаған Бауыржанның: «Мен саған біреуге берілген пәтерді бер деген жоқпын. Мына ордерді жыртыңыз да, пәтерді бұрын уәде етілген адамдарға беріңіз!» [10, 31] — деп қалалық совет қызметкерлерінен істі әділ түрде шешуін қатаң талап ететін эпизод дәлел. Осы тұста ежелгі грек драматургі Менандрдің: «Әділ адамның адамгершілік қасиеттері заңды жоқтатпайды», — деп айтқан сөзі еріксіз ойға оралады. Бауыржан жайында айтылып жүрген осы әңгімені автор еске түсіре отырып кейіпкерін бірнеше қырынан аша түседі. Біріншіден, әділдігі көрінсе, екіншіден, анаға деген құрметіне разы боламыз.

Бауыржанның адалдығы мен анаға деген құрметіне қоса, қайырымдылығын, жомарттығын көрсете түсетін бұдан да басқа іс-әрекеттерді жазушы романда мол да сiңiмдi пайдаланған. Мысалы, Мәскеудегі татар әдебиетінің он күндігінде Мұса Жәлилдің жары Әминаны топ төріне шығаруы; ақындар айтысында қазылар алқасының шешіміне көңілі толмаған оның Надежда Лушниковаға халық атынан өз ақшасына «Лира» маркалы алтын сағат сатып алып сыйлауы; ауылдағы тұрмысы нашарлау немере інісіне көрсеткен қайырымдылық көмегі; алдауға түскен таксист жігітке ебін тауып жиырма бес сом беруі; Алматыға гострольге келген семейлік жиырма шақты артисті үйіне қонақ етіп, бәріне шапан жабуы т.б. Қаһарманның бейнесін толықтырып, жан дүниесін айқара аша түсетін бұл естеліктер, шығарманың эпикалық тынысын да кеңейтеді.

Батыр жанының жомарттығын, мінезінің басқа да қырларын өмірінің соңғы жылдарында тағдырын қосқан жары Қәмаш апайдың «Жақсыгүл» мен «Таксист» әңгімесінен де көреміз. Бұларда Баукеңнің атын жамылып сәл де болса мақтанып қалуды, ұсақ пайдаға қол жеткізуді ойлап тұратын аяр ойлы, арсыз жігіттердің іс-қылықтарына Баукеңнің жаны жүдегенін айтады. Осы детальдардың бәрі батырдың бір жауабында: «Ардақты ананы қадірлеймін. Ары бар жасты ардақтаймын. Талабы бар жасты құрметтеймін. Маңғазсынған ағаны ұнатпаймын» [10, 46], — деген сөзінің іс жүзінде растығын дәлелдейді. Осылай Бауыржанның ірі азаматтық келбетін жалаң сөзбен дәріптемей, оның әрбір іс-әрекетінен айқын аңғартып отырады.

Бауыржан қанына сiңген дағдының бiрi — өзгенiң асыл қасиеттерiн бағалай бiлу. Ол еңбекте iстес болған жақсы бастығын ұстаз тұтып, әркез есiнен шығармай дәрiптеп, ал жаман бастығын жамсата баяндап отырады. Өзiнiң азамат ретiнде қалыптасуына ықпал еткен, бағыт-бағдар берген, қамқор болған iзгi жандар жайында әңгiме барысында сүйiспеншiлiк, ризашылық сезiммен жүйелi мәлiметтер берiп кетедi. Олар — губерниялық оқу бөлiмiнiң бастығы Әшiров, аудандық атқару комитетiнiң төрағасы Нығмет Сырғабеков, ауылшаруашылық институтының ректоры Ораз Жандосов, Шымкент өнеркәсiп банкiсiнiң басқарушысы Тимофей Терентьевич Дубовик, Республикалық банк меңгерушiсi Борис Михайлович Бархан, алғашқы әскери

ұстазы Николай Редин, генерал Панфилов, полковник Круглов, полковник Серебряков, подполковник Курганский, комиссар Егоров т.б.

Әсіресе ең алғаш еңбек жолын бастаған кезде құшақ жая қарсы алып, білгенін үйреткен Дүйсенғали Бурабаев есімін ыстық көңілмен еске алады. Бауыржан оның жауапты хатшысы болып жүріп одан талай азық алады, ұқыптылықты, жауапкершілікті бойына сіңіреді. Осындай игі қасиеттерді еккен келесі бір адам — Нығмет Сырғабеков. Ол туралы былай дейді: «Сырғабеков ақылды, байсалды, барынша көшелі адам екен» [10, 35]. Сырғабеков романда осы мінездемеге сай іс-әрекетімен көрінеді. Ауаткомның хатшысы Бағовты құрбақаға теңегені үшін комсомолдан шығарылып, кәсіподақ билетінен айырылғанда қол ұшын беріп, ағалық ақылын айтып, әр кез жанын жасытпай жігерлендіре сөйлеуі арқылы Бауыржанға талай жайды ұқтырғандығы нанымды баяндалған. Оның: «Ол кісі жаман-ақ кісі шығар, қалқам, бірақ ол кісі сенен үлкен ғой. Үлкенді сыйлау керек еді ғой» [10, 44], — деген екі ауыз сөзінің өзі Бауыржанды өз қылығына ұялтқан үлкен жаза әрі ақыл еді. — «Қызара білу, ұяла білу — адам бойындағы ең тамаша адамгершілік қасиет», — деп Ч. Дарвин айтқан қағидаға сүйенсек, осы тұста автор балаң Бауыржанның ішкі арпалысын сөз ете отырып, жан тазалығына сүйсінтеді.

Жастайынан аға ақылын тындап, жан жылуын сезіп өскен Бауыржан үлкенді құрметтеуді, олардың жақсылықтарын айта жүруді парыз санайды. Әкесіндей қамқорлық көрсетіп, жақсылыққа баулыған Тимофей Терентьевич Дубовик қартқа, Отанды сүюді үйреткен Борис Михайлович Барханға ықыласы ерекше, айтар алғысы мол. Елге еңбегі сіңген азаматтардың жақсылығын асырып айтпаса кемітпейді. Тіпті олардың атын ғана емес, ұлағатты сөздерін де жадында сақтағанына разы боласың.

Өзінің сабырлылығымен, білімділігімен Бауыржанның есінде қалған бастықтарының бірі — республикалық банк меңгерушісі Бархан Борис Михайлович. Бұл кейіпкер үлгі боларлық іс-қимылдарына қоса, нақыл боларлық дана сөздерімен де оқырманды баурайды. Мысалы, Барханның: «Ұрысуга адам әрқашан да үлгереді. Одан бұрын ұғысуды ойлау керек... Алдымен адамның жақсылығын көру абзал» [10, 70], — деген сөздері оның үлкен ақыл-парасат иесі екендігін пайымдатады.

Бауыржан бойындағы адалдыққа, принциптілікке, жігерге көңілі толған Барханның оны Ленинградқа бір жылдық білім жетілдіру курсына жіберуі үлкен сый болды. Себебі Ленинградта жүріп білім нәрін жиды: орыс классиктерінің шығармаларымен, өнерімен сусындап, орыс халқының тарихымен; оның елдігінің, ерлігінің, өрлігінің мұраларымен танысты. Ленинградта өткен бір жыл өзі айтқандай, өмірінің — «өзгеше бір жемісті, келісті, аса бір нұрлы жылы болды». Ленинград, Мәскеу арқылы Отанға деген сүйіспеншілікті, өзге халыққа деген құрметті жүрегіне ұялатты. Жырақта жүрген кездеріндегі елге деген сағынышын психологиялық нәзіктікпен беру арқылы автор Бауыржанды ерлікке жетелеген отансүйгіштік, патриоттық, интернационалдық сезімдердің қалыптасуын сатылай көрсетеді.

Романда Бауыржанның тәлім алған, әскери әзірлігін жетілдірген орта, ұстаздары кең қамтылған. Соның бірі — Термезде әскери қызметте жүргенде мергендікке баулыған алғашқы әскери ұстазы Николай Редин. Оның образын көрсетуде автор Б. Момышұлының «Ұстаз» әңгімесіне жүгінген. Мұнда да әңгімедегідей талап қойғыш, білгенін шәкіртіне үйретуден жалықпайтын еңбекқор ұстаз көз алдына елестейді. Автор осы қарапайым жан жайлы айтқыза отырып, Бауыржан бойындағы ізгі қасиеттерді аша түсуді көздейді. Ол — ұстазын қай кезде де жадынан шығармау, құрмет тұту. Рединмен соғыс жылдарында қайта кездескендегі көрісуі, өз қарамағында қызмет еткенімен оны әр кез ұстаз санап құрмет тұтуы, соңғы сапарға шығарып салған сәттегі ыстық сезімі мұны растай түседі.

Деректі прозада көркем шығармаларға тән тәсілдерді қолдану жолының тарлығына қарамастан, жазушы роман-сұхбатта табиғаттың өзін кейіпкер характерін қалыптастыруда әрі танытуда шебер пайдаланған. Бауыржанның жас жанын қайсар, өжет етіп шынықтырған, қатал мінезін қалыптастырған Қиыр Шығыстың қатал табиғаты да болғандығын онда бес жылдай әскери әзірлік жүргізген күндерін тебіреніспен еске алған тұста көреміз. «Қиыр Шығыс менің ауылымның, ағайынның қадірін білдірген, Отанымның ой-қырын танытқан оның көп ұлтты ұрпағының өкілдерімен туыстастырып, достастырған ұлы университетім, мектебім болды. Өмірдің қилы-қилы қиыншылықтарынан жан-жақты сабақ беріп шыңдаған ұстазым да сол Қиыр Шығыс дер едім» [10, 168], —

дейді. Сібірдің алпыс градус аязында жүргізген әскери әзірліктерін оқи отырып, оның суық та ызғырық қысы Бауыржанның денесін де, ойын да, характерін де шынықтырып, қиындыққа көнбіс етіп тәрбиелегендігіне иланасың. Осы шыңдалудың нәтижесінде Мәскеу түбіндегі шайқастарда өзі де, батальоны да жауға қарсы қасқая тұра шайқасып, қайсарлық пен ерліктің тамаша үлгісін көрсетті. Осы ерліктер жайы Ұлы Отан соғысы тарихында өшпес сиямен жазылып, А. Бектің «Волоколамск тас жолы», Б. Момышұлының өзі жазған «Москва үшін шайқас» атты деректі шығармаларда, талай очерктерінде шын қалпында суреттелгенімен, Ә. Нұршайықовтың роман-сұхбатында ерлік те тосыннан жарқ еткен жағдай емес, ұзақ дайындықтың жемісі, ішкі байлықтың көрінісі екендігін мегзей білген.

Бас қаһарман Б. Момышұлына тән қасиеттерді ашуда, автор оны өзге кейіпкерлермен қарым-қатынаста көрсетеді. Ол үшін өмірдің алуан түрлі жақтарынан сабақ, тәлім берген маршал Василий Константинович Блюхер, полковник Круглов, капитан Шурдук, комбриг Дотоль, майор Чистяков сияқты әскери ұстаздары жайында әңгімелетеді. Бауыржан бойына баһадүрлік мұраттар дарытқан Қиыр Шығысты оларсыз елестете алмайды, бөле-жара қарамайды. Сондықтан да олардың характерін ашып, адамдық болмысын танытатын детальдарды егжей-тегжей әңгімелеп отырады.

Ол Кеңес елінің алғашқы маршалдарының бірі болған Василий Константинович Блюхерді өз көзімен көргендігін және әскери байқауда үздік әзірлігі үшін қолынан сыйлыққа сағат алғандығын мақтаньш сезіммен айтады. Бұл мақтангерлік емес, шындық еді. Бауыржан жастайынан-ақ әскери мектептен шыңдалып шыққан жауынгер болды. Ол жаяу әскер спортымен де қатты шұғылданған. Оған қоса қылыш сермеу, мергендік өнерін де жетік меңгерген. Мұнысы Термезде әскери қызметін өтеп жүрген кезінде, винтовкадан үш минутта отыз екі оқ шығарып, оның жиырма екісін нысанаға тигізген мергендігі үшін генерал Коговтан алғыс алу деталынан да көрінеді.

«Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады», — деп Абай атамыз айтқандай, талай ұстаз алдын көрген Бауыржанның олардың жақсы жақтарын ала білгендігі өз сөздерінде айтылады. 406-полктың командирі полковник Круглов туралы былай дейді:

«Круглов менің ең жақсы әскери ұстаздарымның бірі болды. Ол кісі біреулермен сөйлескенде ылғи өз орнын бос қойып, басқа жерде отырып сөйлесуші еді. Солдаттардың қамын өз балаларының қамындай ойлайтын. Қарамағында бағыныштыларына әділ болатын. Әр командирдің кемшілігін біліп, сол кемшіліктерін үнемі есепке алып отыратын. Бірақ ешкімге сен анадайсың, сен мынадайсың демейтін. Кругловтың маған берген үлгісі осындай еді» [10, 128]. Әсіресе оның сауаттылығын, солдаттарға қамқорлығын, әділдігін бағалайды. Сондай-ақ 406-атқыштар полкында штаб бастығының көмекшісі қызметін атқарған кезде (оны куәлікпен растайды), осы штабтың бастығы болған капитан Шурдуктың адамгершілігіне, адамға сеніммен қарайтын кішіпейілдігіне талай куә болғандығын айтса, ал комбриг Дотольдың ақылшы командир болғандығын ыстық ілтисиппен еске алады. Дотольдың қызметтен босағанын естіген сәттегі Бауыржанның көңіл-күйін суреттейтін тұстар, командирлерін не үшін жақсы көргендігін сұраған Чистяковқа берген жауаптары Дотольдың образын биіктете түседі. Чистяков сұрағына: «Әділдігі үшін, әскери өнерге жетіктігі үшін, жауынгерлердің жанын ұға білетін зерделігі үшін» [10, 180], — деп жауап береді. Жазушының осы жерде кейіпкер сөзіне дарытқан күдіреті әскери шені де, қызметі де үлкен басшыдан қаймықпай жүрегінің түкпірінде жатқан адал ойын ашып айтқан Бауыржанның шыншылдығын Чистяковпен бірге оқушы қауым да сыйлағандай күй кештіре білуі. Шыншылдық, адалдық оның қанына сіңген дағды екендігін, ат спорты жарысын аттың құйрығын шауып алғаны үшін дивизия штабынан полкқа дейін он шақырым жер атыңды жетектеп барасың деп жазалағанда, ешкім бақылап тұрмаса да адал орындағанынан да көреміз. Осы екі эпизодтың өзінен-ақ автор үлкен шеберлікпен үш кейіпкердің болмысын танытып тастайды. Дотольдың шәкіртіне сыйлылығын, Бауыржанның шыншылдығын, Чистяковтың өзгенің жақсы қасиетін сыйлай білетін жан екендігін байқатады.

Автор Бауыржанға өмір көшінде, оның сұрапыл сын сәттерінде серіктес болған жандар жайлы сыр шерткізеді. Ол үшін Ұлы Отан соғысы жылдарында 8-гвардиялық дивизияның сапында болып, адамгершілігімен, ерлік істерімен жадында өшпестей із қалдырған генерал Панфилов, генерал Чистяков, пол-

ковник Серебряков, комиссар Егоров, командирлер Курганский мен Баксов сияқты майдандастарының орны ерекше. Бауыржан генерал Панфиловтың ерлігін, дәстүрін, адамгершілік қасиеттерін өмір бойы насихаттап жүрсе, генерал Чистяковтың үлкен ойлылығы, қатаң талапшылдығы, адалдығы үшін, ал адам жанының психологы Серебряковты соғыстың арпалыс сәтінде өзінің іскерлігімен, білімділігімен, парасаттылығымен талай жауынгерлерге медет болғандығы үшін бағалайды. Мерт болған командирлер мен жауынгерлердің абыройын көтеріп, әркез өзгенің жақсы қасиетін, еңбегін бағалап жүруді Бауыржан биік парыз санайды, сол міндетті орындауға тырысады. Мысалы, 1942 жылы 1073-Талғар полкының құрылғанына бір жыл толуын атап өткен салтанатты жиынды ашқан сөзінде Баукең былай дейді: «... Ендеше біздің полкымыз ең алғаш дүниеге келгенде соны жас нәрестедей етіп жерден көтеріп, жөргекке орап алған үш адам бар еді: олар генерал Панфилов, аға батальон комиссары Егоров және полковник Серебряков болатын. Сондықтан да біздің полкымызға генерал Панфиловтың сезімталдығы дарыған. Біз өзіміздің осы үш «кресныйымызды», үш «өкіл әкемізді» мәңгілік мақтаныш етеміз» [10, 229-230]. Бауыржан істес болған, үлгі-өнеге алған ұстаздары мен командирлерін осылай бір сәт те ұмыт қалдырмай оларға әділ бағасын беріп, азаматтық, қаһармандық, адамдық бет-пердесін қырағылықпен ашып отырады.

Шығармада тарихи тұлғалар жайында сөз етілгенде, нақты шындыққа негізделген толыққанды характерлер жасалады. Соның ішінде 8-гвардиялық дивизияның командирі, Кеңес Одағының Батыры генерал-майор Панфиловтың образы, адамдық бар жақсы қасиетті әрі қолбасшылық озық тәжірибені жинақтаған жан ретінде көрінеді. Оны еске алғанда, Бауыржан ойына ең алғаш оның әкесіндей бауырмал, білгір ұстаз болғандығы оралады. Панфиловтай атақты қолбасшымен майдандас болып, тәлім-тәрбие алуы Бауыржанды да даңққа жеткізді. Романда Бауыржан аты Панфиловпен тең дәрежеде айтылады. Автор Мәлік естелігін келтірген тұста, оның: «Біздің дивизиядан шыққан барлық батырлардан басқа аттары ерекше аталатын екі адам бар. Оның бірі — Панфилов болса, екіншісі — Бауыржан. Панфилов 8-гвардиялық дивизияның даналығы болса, Бауыржан дивизияның ар-намысы болды. Панфилов асқар таудай атақты

дивизияның табаны болса, Бауыржан оның ең биік шыңы болды. Панфилов дивизияның жүрегіндегі лаулаған оты болса, Бауыржан оның лапылдаған жалыны болды. Панфилов дивизия ерлігінің аспаны болса, Бауыржан сол аспанның төсіндегі жарқыраған жарық жұлдызы, төбеден аумас Темірқазығы болды» [10, 141], — деген сөздерін келтіре отырып, Панфиловтың да, Бауыржанның да тұлғасын асқақтатып тастайды. Біз бұны тек Мәлік Ғабдуллиннің ғана емес, автордың, халықтың олардың еңбегіне, ерлігіне берген бағасы деп ұғамыз. Алайда талантты әскери қолбасшы әрі жауынгердің ұстазы болған Панфилов образы Бауыржан Момышұлының «Москва үшін шайқас», «Соңғы екі кездесу», «Біздің генерал», А. Бектің «Волоколамск тас жолы», А. Кривицкийдің «Москва түбіндегі қарауылында» кең қамтылып, жан-жақты ашылғандықтан, бұл жайға қайта-қайта оралуды автор артық санаған. Дегенмен бұл шығармаларда сөз етілетін Панфиловтың даналығы, қолбасшылық дара қасиеті, әскери тактикаға жетік қабілеті, жауынгерлерге деген қамқорлығы романда да жинақы түрде айтылған. Мұнда генералды іс-әрекет үстінде ауқымды көрсетпей-ақ, бір-екі эпизодтардан-ақ оның қарапайымдылығын, даналығын, сөзге шешендігін, жауынгерлерге сыйлылығын танытып тастайды. Бұған қоса ара-тұра оның тұлғасын ашатын, ерліктері мен елге еткен еңбегін бағалайтын сөздерді келтіре отыра, асқақ мұраты мен жарқын бейнесін көз алдымызға елестетеді. Әсіресе романның тоғызыншы диалогының VIII-X бөлімдерінде Панфиловтың аузынан шыққан бірнеше қанатты сөздерін келтіреді. Мысалы, «Дүние толастамай мен шинелімді шешпеймін. Болашақ ұрпақтың өмірі мен өнері, бақыты мен байлығы — осы сүр шинельдің ішінде», «Байыптап істелген батылдық — әскери таланттың туысы», «Мергенге қырағы көзбен қоса, қыңқ етпес төзім керек, көз — көреді, төзім жеңеді», «Солдат сыйлаған сардар ғана қадірлі командир» сияқты ақыл, нақыл сөздері данагөйлігін, шешендігі мен көсемдігін айғақтайды. Ал оныншы бөліміндегі шағын эпизодтағы генералдың солдат жанына жігер құя сөйлеген жылы сөзі оның қарапайым да кішіпейілдігіне сүйсінтеді. «Правда» газетінің редакциясында болған кездесуде Бауыржан Панфиловтың қаншама гибрат сөздерін айтқанда оны есіне сақтап жүргеніне разы болсақ, ал өзінің ұлағатты нақыл сөздерін естіген тұста ұстазының асыл қасиетін

бойына қабылдап сіңіре білгендігіне куә боламыз. Бауыржанның: «Политрук сөзі жауынгерге жігер беру үшін, оның намысын қайрау үшін қажет», «Елін сүйген жауынгер ер болады», «Жігерсіз сөз жүрекке жетпейді», «Басқа жазушылар қағазға жазса, біз жауынгерлердің жүрегіне жазамыз», «Басқалар сиямен жазса, біз қанымызбен жазамыз», «Тәртіп — жауынгердің бірінші қаруы», «Жауынгер командирден бұйрық қана емес, сол бұйрықты орындайтын жігерді қоса алуы керек» сияқты нақылдары, белгісіз лейтенантқа жазған хатындағы «Командир ешқашанда солдат-жауынгердің адамдық қасиеттерін қорламауы керек», «Бағыныштылардың ары мен намысын қорлаған адам тәрбиеші де, бастық та бола алмайды» деген тәлім берер сөздері әрі әскербасылық қағидасы іспетті. Баукеңнің осындай парасатты ойының, адуынды ісінің қуаты романда оқырманды табындыра түседі.

Жауынгерлер батырға қарап бой түзесе, командирлер дана қолбасшыға қарап ой түзейді. Шындығында, соғыстың ащы шындығы, әскери өмір тәжірибесі Панфилов пен Бауыржандай бейнелі де өткір сөзге бейім, дарынды да көреген жандардың ой түюінің қайнар көзі болды. Командирлердің жігерлі де қанатты қағидалары соғыстың қызу сәттерінде сарбаздарға бұйрықтан да әсерлі болып, ерлікке бастағандығына романда дәлел көп. Мысалы, ұрыс үстінде жауынгер Блоханың қасына келіп, ерлігіне, мергендігіне ризашылығын білдіріп, рухын көтеретіндей сөздер айтуы, алдынан шыққан жау танкісіне беттеуге жүрексінген жауынгер намысын оятып жігерлендіруі осының айғағы. Бауыржан тәртіпке берік, талапшыл командир болғанымен, қысылтаяң кезде жауынгер жанына жігер беретін, демеу болатын жылы сөз, әзіл-қалжың айтуды да ұмытпайды. Өйткені Бауыржан: «Жауынгер командирден бұйрық қана емес, сол бұйрықты орындайтын жігерді қоса алуы керек» деп түсінеді.

Кітапта Бауыржанның сырт бейнесі сұсты да тәкаппар көрінгенмен, мейлінше кішіпейіл әрі мақтаншақтыққа жаны қас. «Бауыржанның биік дәрежені, даурықпаны, даралықты, мансапқорлықты, мақтанды, көп сөзділікті сүймейтін, айбарлы да қайсар қылықтары, шын батырға тән кейбір оқыс мінездері аса нанымды берілген. Оған кәдімгі шын Бауыржандық «дара мінездер» дарытқан. Өзі жайлы сұраған сәтте ол өзін мақтай

жөнелмей, біреу немесе бір мәселе төңірегінде ой өрбіте отырып, қарапайым да салмақты етіп баяндайды. Айталық, автор генерал-полковник, Кеңес Одағының Батыры Иван Михайлович Чистяковтың «Дружба народов» журналында жарияланған естелігінде жазған: «Момышұлының маған ұнайтын тағы бір қасиеті болатын, ол оның шыншылдығы еді. Мен оның қанша қиын болса да, тіпті өзіне содан зиян келсе де тек қана шындықты айтатынын білуші едім. Өзінің бағыныштыларынан да осыны талап ететін» [10, 154], – деген сөздерін оқығанда Бауыржан дандайсымайды. Қайта Чистяков туралы жан тебіренерлік үлкен әңгіме айтып, оның адамдық келбетін келістіре суреттеп береді. Оның Панфилов өлгеннен кейін 8-гвардиялық дивизияның Мәскеу түбіндегі жауға қарсы шабуылын басқарған қолбасшылық еңбегін, ұрыстарда дұрыс шешім қабылдай алатын көрегендігін, оған қоса түн қатып, солдаттармен иық тіресіп қатар жүргендігін айта келе, дивизияға сіңірген еңбегін әділ бағалайды. Бауыржанның Чистяковтан көрген ізгі қасиеттері: іскерлігі, ойлылығы, талапшылдығы, жігерлілігі, тәжірибемен ұштасқан білімділігі, өзгенің жақсы жақтарын көре білуі, әрі қателігін ескертіп, ақылын айта жүруі. Осы екі кейіпкердің бір-біріне берген мінездемесін келтіре отырып, автор образды ашу тәсілін түрлендірген. Баспасөз материалдарына, өзгенің пікіріне сүйенген. Мұнысы баяндаудың да аясын кеңейткен.

Шығармада 316-дивизия – кейінгі 8-гвардиялық дивизияның И.М. Чистяковтан соң командирі болған полковник Иван Иванович Серебряковқа да сипаттама беріледі. Ол туралы: «Серебряков деген өте бір парасатты адам еді. Ар мен әділдік дегенде жанын аямайтын. Иван Иванович адамға жариялап жақсылық жасамайтын кісі тұғын» [10, 255], – дейді. Бұл мінездемелің растығын оның КСРО Жоғары Кеңесінің Президиумына жолдаған хаты мен жауынгерлік мінездемесінен, соғыстың қысылтаяң сәтінде уақыт тауып Бауыржанға жүрек тебіренерлік жылы хат жолдауынан көреміз. Жоғары жаққа жазған хатында Бауыржанның қаһармандық істерін жазады. Осы еңбегі мен ерліктері әлі күнге дейін бағаланбай келе жатқандығын айта келе, оны лайықты наградаға ұсынады. Подпольскідегі әскери архивтен алынып түп-нұсқасын келтірген осы хатты байыптап оқысақ, бір жағынан, Серебряковтың 1944 жылы-ақ Бауыржанның

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі мен еңбегін лайықты бағалай білген көрегендігіне, адалдығына әрі азаматтығына разы боламыз. Екіншіден, Бауыржан ерліктеріне қанығамыз. Осы тұста Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің: «Баукең, атақ назары түспеген, бірақ тарихтың назары түскен, бір өзі жүзден аса ерлік жасаған, мен сияқты жүздеген жұлдызды, жұлдызсыз батырларды баулыған ұста, ұстаз, ардагер азамат қой!» [10, 153] — деген сөзі есіңе түседі. Соғыстың қанды қасабын бірге кешкен замандастары, қызметтестері Баукеңнің халыққа, елге сіңірген еңбегін жоғары бағалағанымен, қаншама жазылып, еңбегіне лайық атақ-дәреже берілуін халық жоғары жақтан талап еткенімен, тоқырау жылдары бұл өтініш қанағаттандырылмай келді. Алайда халқымыздың санасында жарты ғасыр бұрын-ақ «халық батыры» деген ұғымға ие болған Бауыржан Момышұлына 1990 жылдың желтоқсанында Кеңес Одағының Батыры атағы берілгенде, халқымыз көптен күткен қуанышпен қауышып, мәре-сәре болып қалған еді. Ақиық қырандай ғұмыр кешкен біртуар батырдың асқақ парасаты мен асау рухының, ақиқаттың алдында бас игендіктің белгісі еді бұл.

Полковник И.И. Серебряков жайында, әсіресе романның сегізінші диалогында кеңірек сөз етіледі. Бірінші дүние жүзілік соғысқа, кейінгі азамат соғысына қатысып жинаған тәжірибесі мол оның Ұлы Отан соғысы жылдарында 8-гвардиялық дивизияның даңқын шығаруға сіңірген еңбегі зор. Мұны растайтын тарихи деректің бірі — 1942 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің 12 шілдесінде жарияланған Қазақстан Қ/б/ ПОҚ-нің хатшысы М.А. Скворцов жолдасқа берген анты. Онда құрылғанына бір жыл толған 8-гвардиялық дивизияның Мәскеу үшін болған шайқас күндеріндегі ерліктерін айта келе: «Совет қалалары мен селоларын ойранда, тона деп Гитлер жіберген қараниет айуандарды талқандап, біржола құртуға — қазақ халқының тапсырмасын бұлжытпай орындауға біз ант етеміз», — дейді. Полковниктің осындай қаһармандық рухы мен мұраты романда да көрініс алған. Ол — өз ісін жан-тәнімен істейтін іскер де білімді жан. Әрі адамның ішкі ойын жүзінен оқи білетін зерек. Оның осы сезімталдығы адамгершілікпен ұштасқандығын Горюны түбіндегі ұрыста селоны басып алған дұшпанды Бауыржан батальоны тактикалық әдіспен тас-талқан еткен кезде, Бауыржанға ризалы-

ғын білдіріп жылы хат жолдауынан көреміз. Бұл хаттың сол бір арпалыс сәтте қайрат бергендігін Баукең еске ала отырып, Серебряковтың үлкен адамгершілігін, адам жанына жол таба білетін сезімталдығын, парасаттылығымен талай адамға сүйеу болғандығын тілге тиек етеді.

Шығармада Кеңес Одағының Батырлары, 19-гвардиялық полктың, бұрынғы 1073-атқыштар полкының командирлері болған И.Д. Курганский мен И.Л. Шапшаев образдары да тәлім-тәрбие берерлік өнеге ерліктерімен көрінетін тұлғалар. Елді дұшпаннан азат ету жолында өмірін қиған осы екі командирдің ерліктерін сөз ете отырып, олардың 19-гвардиялық Талғар полкына сіңірген еңбегінің зор екендігін баса айтады. Осылайша романда Бауыржанның ұстаздары, қызметтес болған замандас-құрдастары, әскери ортасы мейлінше кең қамтылып, батырдың тағдырымен тұтастықта берілген. Олар жайлы толғана айтқан әңгімелерден автор, біріншіден, өскен ортасын, тәлім-тәрбие алған мектептерін, арлы азамат болып қалыптасу, өсу кезеңдерін көрсетсе, екіншіден, өзгенің жақсы жақтарын бағалай білетін жанының дарқандығын білдіреді. Олардың бәріне де Бауыржан жүрегінен орын табылғанына таңырқаймыз. Өзі бір сөзінде: «Құдай мені қисық қып жаратса да, алдымнан ылғи жақсы командирлерді кездестірді. Кешегі помкомвзвод Редин, полковник Коваленко, комбриг Дотоль, генерал Панфилов осындай өзгеше жандар еді. Олардың алдында Емельянов, Дубовик, Бархан тәрізді ұстаздарым тағы болды. Редин өлгенде бірге туған інімнен ажыраған іспеттендім. Коваленкодан ажырағанда — ағамнан, Дотоль кеткенде — әкемнен айрылғандай болып едім. Ал Панфилов опат болғанда — інім, ағам, әкем үшеуі қатар өлгендей күйге түстім. Көп күйзеліп, ішімнен көп күңірендім. Өмір бойы Панфиловтың орнын өксімен өтетін шығармын деп ойладым» [10, 186], — дейді. Үлкен жүрегінің тебіренісінен туындаған осы сөздерін естігенде ұстаздарын бағалай білген азаматтың жан дүниесіне табынамыз. Бұл ұстаздары мен командирлері жайлы сыр шерткізгенде автор баяндаушы кейіпкерін тек сезім жетегіне түсірмей, факті, мұрағат материалдары, құжаттар, естеліктерге сүйеніп отырып сөйлетеді. Сондықтан да шығарманың деректілікпен жазылуы оны әрі көркем шығарма, әрі тарихи кітаптық қуатқа ие еткен. Бауыржанның жоғарыдағы сөзінде

өз мінезінің теріс жағын мойындауы әйгілі педагог В.А. Сухомлинскийдің: «Кінәсын мойындау — өзін-өзі дүрелеу емес, қайта ол адамгершілік пәктікке, өнегелікке талпыну», — деген сөзін растайтындай. Осындай тұстарда автордың Бауыржан мінезінің күрделі қырларын табиғи қалпында суреттеуге деген ұмтылысы көрінеді. Расында, батыр мінезінің кейде бет қаратпай тастайтын қаталдығын, бетің бар, жүзің бар деп қаймықпайтын өжеттігін де көрсете алған. Алайда мұның бәрі жан тазалығынан туындап жатқан ерекшеліктер екенін де аңғарта кетеді. Бұған қоса талай жыл әскери қызмет атқарған Бауыржанның сөйлеу тілінде «Молчать!», «Понятно тебе?», «Встать!» деп бұйыра сөйлеу дағдыға айналғандығын автордың сұхбат барысында байқатып отыруы да жарасымды шыққан.

Бауыржан — өз ортасының жемісі. Әрине, ол тұс, орта бір-ыңғай жақсылыққа, ізгі ниетті жақсы жандарға толы болды деп түсінбеуге тиіспіз. Оның да қайшылықтары мен қиыншылығы мол болғандығын автор шығармада назардан тыс қалдырмайды. Бауыржанның әңгімесін осы арнаға да бұрып, оның өмірдегі талай әділетсіздіктердің куәсі болғандығын, табансыз, тоқмейілсіген надан басшылармен ымырасыз болғандығын, екі жүзді, жылтыр, өтірік мүсіркеп мүләйімсіген жандардан жаны жиренгендігін, онымен шама-шарқынша күресіп отырғанын сөз еткізеді. Мысалы, Шымкент өнеркәсіп банкісінің экономисі қызметін атқарып жүрген кезінде кейінгі келген бастығы Георгий Феодорович Марченконың принципсіздігі, дұрыс істі қорғай алмағандығы үшін қорланып жұмыстан кетіп қалуы; Жуалы аудандық милициясы мен аудандық атқару комитетіндегі қылықтары; Сарыағаш курортында менменсініп, қызмет дәрежесін бетке ұстап, шірене панданып жүретін прокурорды ұялтуы; академияда оқып жүрген кездегі Бирманның әділетсіздігін әшкерелеуі т.б. Бұлардан адалдық, арлылық, принциптілік һәм имандылық Бауыржанның қанына сіңген қасиеттер екендігін көреміз.

Бауыржанның күншілдік, біреудің жетістігін көре алмаушылық сияқты теріс әрекеттерді жек көретіндігін дәлелдейтін көріністер де романда баршылық. Соның бірі — романның алғашқы басылымына енген 8-гвардиялық дивизияның Серебряковтан кейінгі командирі генерал-майор Чернюговқа қатысты деталь. Чернюгов Бауыржанға Панфиловшылдығы, оның дәс-

түрін сақтағыштығы үшін сөгіс бергенде: «Панфиловтың аты ешқашан да өшпейді, оның дәстүрі Совет Армиясының рухында мәңгілік өмір сүретін болады» [13, 223], — деп қаймықпастан жауап береді. Осы жайдың шығарманың кейінгі басылымынан алынып тасталуы өкінішті дер едік. Өйткені бұл Бауыржанның өр мінезінің қырларын ашуда үлкен роль атқаратын деталь. Бұған қоса шығармада Панфиловтан кейінгі дивизия командирлерінің бірі болған полковник Шелудьконың да өзге біреудің жетістігін көре алмайтын іші тар адам екендігінен хабардар етіп кететін мысал да бар. Олардан байқайтынымыз, Бауыржанға күншілдікті сынату арқылы кейіпкерлерінің болмысын танытқан. Романда бас қаһарманның іс-әрекет, мінез-қылықтарынан, өткір тілінен, бір жағынан, жақсылыққа жаны жақын, жамандыққа ымырасыз екендігін көрсек, екіншіден, халқымыздың «жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын» деген мақалын адамгершілік қағидасы етіп ұстайтындығын ұғынамыз.

Роман-сұхбатта Бауыржанның және басқа да бірқатар адамдардың болмысын кеңірек ашуда Мәлік Ғабдуллиннің естелік-әңгімесінің арқалар жүгі мол. Ол өзі куә болған жайды айта келе: «...оның Егоров алдында сөйлеген сөзін тыңдап, өткен түнде ғана тас мүсін деп таныған адамның аузынан сай сүйекті сырқырататын жігерлі, жалынды, саналы сөздер естігенде оның аталы ой, өктем үніне тәнті боп ғажаптанғанмын» [10, 143], — дейді. Мәлік сөз ететін эпизодтар Баукеңнің ерлігін, өткірлігін, арлы жан екендігін тағы бір танытып тастайды.

Ерен ерлік пен өрліктің үлгісі бола білген Бауыржанның реті келген сәтте жауынгерлерге жігер беретін сөздер айта жүретін кезі көп. Мысалы, 8-гвардияны толықтыруға Алматыдан жасақталып келген қазақ жігіттеріне айтқан: «Жаудан қорықпандар, оған жеңілемін деп емес, жеңемін, құримын деп емес, құртамын деп ұмтылыңдар» [10, 147], — деген сөздері бір ғана дәлел. Осы келген жігіттердің ішінде кейін өшпес ерлік жасаған Төлеген Тоқтаров, Жұмажан Батталов, Қайырбек Жүнісов тағы басқалар бар еді. Алғашқы сәттен-ақ өжет жігіттер екендігін байқататын Төлеген мен оның достарының ерліктері туралы романда Мәлік әңгімесінен естиміз. Автор бұл батыр жігіттердің образдарын жасауда М. Ғабдуллиннің «Сұрапыл жылдар»

кітабының «Төлеген Тоқтаров» деген тарауында және Б. Момышұлының «Бір түннің оқиғасы» әңгімесінде Төлегеннің ерлігі мен өлімін сөз ететін мәліметтерге сүйенген. Мысалы, романда айтылатын ұрыстың қызу сәтінде немістің жеті солдаты мен бір офицерін алдына салып әкелгендігі, оның жолдасы Ж. Батталовтың жаудың бір танкісін жойғандығы аталған шығармаларда да сөз болады. Әрине, бұл ерліктер басқаша бұрмалап суреттеуге келмейтін шындық болса, ал «Ақиқат пен аңыз» тарихи деректер негізінде жазылған көркем шығарма.

Баукеңнің өз ұстаздары жайында ыстық ілтисипатпен айтқан әңгімелерінен алған әсерін: «Сенің қандай ғажап ұстаздарың болған, Бауке! Сол ұстаздарың сені мәпелеп тәрбиелеген. Сені олар талай-талай апаттарға жұмсап, шынықтырған. Апатқа жұмсау арқылы олар өзінді апаттан алып қалып отырған. Сенің тағы бір асыл қасиетің сол ұстаздарыңды ешқашан ұмытпайтындығың. Тірісінде ұстаз тұтқан ағаларын көзі жұмыла сала ұмытып кететін адамдар аз ба? Сен ондай кісі емессің, Бауке. Сені халық сол үшін де жақсы көреді» [10, 227], — деп өмір өткелінде көп жайттарға қаныққан, саналы адамның көңілді толқытарлықтай ішкі психологиялық тебіренісімен түйіндейді.

Әсілі, ерлік — адамгершіліктің ең жоғары өлшемі, ішкі байлықтың көрінісі екендігін шығарманы оқи отырып ұға түссесің. Өйткені мұнда генералдан бастап қатардағы жауынгерден де ерліктің тамаша үлгісін табасың. Оның бәрі де парыз бен қарызды ұғынған адамгершіліктен туындап жататын іс-әрекет екенін жоғарыда сөз етілген мысалдардан байқаймыз. «Өзіңнің бауырларың мен өзіңнің Отаныңды қорғап немесе тіпті өз Отаныңның мүддесін қорғап, өміріңді құрбан етуден асқан асыл мұрат жоқ» — деп Ф.М. Достоевский айтқандай, Отан жолында, асыл мұраттар жолында жан қиған ер азаматтардың образдары да роман-сұхбатта келтірілген. Соның бірі — танк әскерлерінің генералы А.И. Лизюков. Бауыржан осы генералмен сұхбаттасқан кездесуін айта отырып, оның үлкен ақылдың, мәдениеттің, адамгершіліктің адамы екендігін көрсетеді. Оның ерлігі К. Симонның «Дружба народов» журналында жарияланған «Соғыстың әркілы күндері» деген күнделігінде де айтылған.

Сондай-ақ шығармада автор Вильгельм Адамның «Қиын шешім» деген кітабындағы 64-армияның командашысы генерал

М.С. Шумиловтің адамгершілігін, Кеңес Армиясының гуманизмін көрсететін «Жеңімпаздармен жүздесу» деген тарауын тұтастай пайдалануды жөн көрген. Мұндағы автордың мақсаты — Шумиловтің адамгершілігін, Кеңес Армиясының гуманизмін көрсету, тіпті оны жауына да мойындату. Алайда өзге шығармалардан тұтастай көшіріп келтіруі артық дүние ме деп қаласың.

Әзілхан Нұршайықов шығармасының өн бойында тарихи құнды деген шығармаларды барынша мол пайдаланады. Атап айтқанда, жоғарыда аталған шығармалардан басқа Кеңес Одағының маршалы, КСРО Қорғаныс министрі Андрей Антонович Гречконың «Қарпаттан асқанда» атты тарихи естелігін, генерал Галицкийдің «1941-1944 сұрапыл сын жылдары» және Талғат Бигелдиновтің «Аспандағы айқастар» атты кітаптарын қажетті жерінде образдарды жан-жақты аша түсу үшін, оқиға шыншылдығын нанымды ету үшін тиімді пайдалана білген. Тіпті газет материалдарын, Совет Информбюросының хабарын да келтірген. Мұның бәрі кейіпкерлерінің ерліктерін нанымды ете түскен.

Шығармада автор Ұлы Отан соғысына қатысты фактілерді көп келтіріп отырады. Олардың біразына тоқталар болсақ, соның бірі — полковник Илья Васильевич Карповтың полкынан Мәскеу түбіндегі ұрыстарда жиырма тоғыз Кеңес Одағының Батыры шыққандығы туралы мәлімет еді. Олардың жиырма сегізі саяси жетекшісі Василий Георгиевич Ключков басқарған 4-ротадан болса, біреуі — 6-ротаның саяси жетекшісі Петр Вихрев. Оларға Валдай-Холм жорығында екі батыр Төлеген Тоқтаров пен Мәлік Ғабдуллин қосылды. Олардың бәрі де қазақстандықтар еді. Сондай-ақ шығармада Холм бағытындағы ұрыстарда 8-гвардиялық дивизия жауынгерлерінің жасаған ерліктері, полк командирі Б.Момышұлының және комиссар Логвиненконың еңбектері мен ерліктері де нақты деректермен келтірілген.

Мұнда Отан үшін қаны қатар төгілген көп ұлтты совет сарбаздарының ерліктері, интернационалдық достығы туралы да айтылған. Бауыржан әңгімесінен өзі куә болған қырғыз жігіттері Дүйшенкүл Шопошов, Бүркіт Әлішеров, Әшірбай Қоянкөзов, Тоқтағұл Исабековтердің ерліктерін естігенде сүйсінесің, әрі автордың бір мақсат-мұрат жолында жан қия күресе білген ұлты әр басқа жауынгерлердің бейнесін көрсете кетуді ұмыт

қалдырмағанына риясыз разы боласың. Романды осы тұрғыдан салмақтасақ та, ол соғыс жылдарындағы көп ұлтты кеңес елінің жауынгерлерінің интернационалдық достығын, топтық ерліктерін суреттейтін К. Симонов, Ю. Бондарьев, А. Чаковский, В. Скорогорбатов, А. Кривицкий, Б. Момышұлы, Ә. Шәріпов, М. Жұмағұловтардың әскери-қаһармандық тақырыпта жазылған шығармаларының алдыңғы қатарында тұратын құнды дүние. «Бұдан біз Ұлы Отан соғысы қаһармандарының зор тұлғасын көреміз, солардың жүріп өткен жолын, Кеңес Армиясының ерлік шежіресін көреміз. Осының бәрін көркемдемей, көріктемей түптура ақиқатпен бірге туған Бауыржан Момышұлымен байланысты таныған кезде кітаптың көп тұсы Ұлы Отан соғысының тарихы, көп тұсы Кеңес Армиясының уставы мен тактикасы сияқты әсер етіп, оқырманын іштей Отанын қорғауға дайындап, оның санасына патриотизм мен интернационализм рухын егіп отырады. Бұл — «Ақиқат пен аңыз» атты роман-диалогтың басты мақсаты, көздеген нысанасы. Кітап сол нысанаға жеткен» [14, 74].

Роман-сұхбатта Бауыржанның адамгершілік болмысымен қоса, отты жылдардағы ерліктеріне де үлкен көңіл бөлінген. Мәселен, Бауыржан батальоны жауынгерлерінің Горюныны қорғаған ерліктері, осы деревняны алғанда Бауыржанның бұйрықты жаңаша өзіндік мәнермен орындап, үлкен жетістікке жетуі, жаудың екі танк, екі зеңбірек, пулемет, арбаларын олжалап, документтерге тола үш машинаны қолға түсіруі — мұның бәрі соғыс жылдарындағы Баукеңнің өшпес ерліктері. Бұған қоса батырдың ерліктерін, адамгершілігін романда келтірілген генерал-полковник, Кеңес Одағының Батыры Чистяковтың — «Дружба народов» журналында жарияланған мақаласы, Серебряковтың КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумына және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумына жолдаған хаты мен жауынгерлік мінездемесі, генерал-майор Баксовтың бірнеше рет жазған мінеземелері т.б. құжаттар толықтыра түседі.

Шығармада Баукең ерліктері туралы әдебиетте көп жазылғандықтан ол жөнінде қысқаша мәліметтер беріп, негізгі шеберлігін батырдың ішкі әлемін, адамгершілік қасиеттерін ашуға жұмсаған. Жазушының мұндай мақсатын басқа кейіпкерлерді сомдауынан да байқаймыз. Оған Украина жерінде болған ұрыстарда партизан отрядын бастап талай ерлік үлгісін көрсет-

кен, халыққа танымал, әлі арамызда жүрген Халық қаһарманы Қасым Қайсеновтің, Кеңес Одағының Батыры атағын екі мәрте алған ұшқыш, қазақ халқының қаһарман ұлы Талғат Бигелдиновтің образдары дәлел. Б. Момышұлы науқастанып ауруханада жатқанда көңілін сұрап, азаматтық жүрегінің сүйіспеншілігін білдіре келген сәтін сөз ететін шағын детальдан Қасым Қайсеновтің адамгершілігін көрсек, ал А.А. Гречконың естелік кітабында Қасым туралы айтылғандарды оқи отырып, оның ерлігі жөнінен толық мағлұмат ала түсеміз. Сондай-ақ тоғызыншы диалогтың V-VII бөлімдерін оқығанда Талғат Бигелдиновтің мақсатқа жету жолындағы табандылығына: қайсарлығына, ерлігіне әрі қарапайымдылығына сүйсінесің. Жалпы осы екі батырды кейіпкер етуде автор олардың характерін нақты танытатын детальды талғампаздықпен тандап орынды пайдаланған.

«Шәкіртсіз ұстаз тұл» — демекші, қаншама ұстаз алдынан өтіп, көрген-білгенін бойына сіңіре алған Бауыржан да шәкіртсіз емес. Батальондағы әрбір солдат Бауыржанды ұстаз тұтады, ерліктің үлгісі деп біледі. Мәселен, Жалмұхаммед Бозжанов, Ефим Филимонов, Семен Краев, фельдшер Киреев, лейтенант Борисов, артиллерист Андреев, Жан Дайзиевтер — болаттай берік, батыр жауынгерлер әрі асыл азаматтар. Осы шәкірттерінің ішінде Жолтай (Жалмұхаммед) Бозжановтың образы тартымды шыққан. Ол туралы Бауыржанның әңгімесінен оның өжеттігін, үлкенді сыйлай білетін елгезек те кішіпейілдігін, батыр аузынан шыққан әрбір нақыл сөздердің қамқоршысы бола білгендігін көреміз. Романда келтірілген Бауыржанның Бозжанов қазасын естіртіп туыстарына жазған қазанамасынан «өрімдей жас, жайраң қаққан жалынды азаматтың» батырлығын, адамгершілігін, ер тұлғасын көз алдымызға елестетеміз. Оның өлер алдында айтқан: «Фашистің бетін ғана емес, бөксесін де көрдім... Шегінбей, шабуылға шығып өлдім. Арманым жоқ, аға» [10, 270], — деген сөзі оның қаһармандық мұрат иесі екендігін айғақтайды.

Бауыржан өз қарамағындағы жауынгерлеріне сыйлы. Мұндай құрметке жеткізген оның адамгершілігі, әділдігі, мейірімділігі. Сарбаздардың оны өз жүректерінің әмірімен «батя» («әке») деп атап кетуіне себеп, ол әкедей бейіл, әкедей әділ, әкедей қамқоршы командир». Сондықтан да командирдің әрбір сөзі, іс-әрекеті жауынгер жүрегіне жол табады.

Бауыржанның жан дүниесін, ерлігі мен қаһармандық мұратының көрінісін сөз еткенде, оның бұл мәселе жөніндегі түсінігіне, ой-пікіріне тоқтала кету де орынды. Әңгімеге арқау болған «Қол көтерген дұшпаннан гөрі, қорамсаққа қол жетпей өлген жауды сыйла», «Бір жаралыға жәрдем беріп, оны аман алып қалған жауынгер он ұл тапқан анадан артық», «Үлкенді ізетте, кішіні күзетке», «Айдындана шапқаннан ажал да сескенеді» деген мақалдарының қандай оқиғаға негізделіп айтылғанына мән беріп қарасақ, айналасындағы адамгершілік іс-әрекетті, қарым-қатынастарды батырдың оймен қорыту нәтижесінде туғандығын білеміз. Осы ретте өзі де ерліктің талай үлгісін жасаған Баукеңнің ерлік туралы ой-түсінігін астын сыза айта кетпеске болмайды. Ол: «Ерлік адам жанының лап еткен жалыны, жарқ еткен найзағайы. Ерлік биіктегі кемерінен асып, лақ етіп құздан құлаған тасқын, жер сілкінсе салдыр-күлдір болып таудан төмен қарай лықситын сан алуан тастардың ағыны», «Ерліктің негізі сүйіспеншілік. Кісі сүйгенінің құлы да, құрбаны да болады. Отанын сүйген солдат ол үшін отқа да суға да түседі. Сөйтіп саналы түрде ерлік жасайды» [10, 234], «Бір ердің ерлігі жүз жауынгерге үлгі, мыңға өнеге болады. Ердің ерлігін ер қайталайды», «Елім деп еңіреп туған асыл азаматтардың ерекше еңбегі ғана ерлік болып бағаланады» [10, 235], «Ерлік ешқандай есепке көнбейді» [10, 231], — дейді. Ерлік жайындағы ішкі тебіреністен туған ой түйдектері, біріншіден, Баукеңнің айқын мақсат-мұратын, көзқарасын білдірсе, екіншіден, оның ғаламат ақыл-ойдың, үлкен тәжірибенің, парасаттың адамы екендігін айғақтайды.

Автордың Бауыржанға қойған сұрақтарын, оған берілген жауаптарды, замандастарының естеліктерін сарапқа салып қарасақ, романда қозғалмаған тақырып, қамтылмаған мәселе кемде-кем. Оларды жазушы «Бауыржан сықылды ойы алғыр, көзі көреген, тілі өткір, өмір өткелдерінен үлкен сана арқалап, еркелік мінез дарытып шыққан адам арқылы қазақ халқының бүкіл сыр-сымбатын әскери толғам арқылы көрсетуді арман етті. Және ол мақсатына мықтап жетті де» [15]. Жазушы Баукеңді сөзге тарта отырып, батырдың да, оның замандастары мен майдандастарының да адамгершілік қасиеттерін көрсете білген.

Қаһармандар жанының көп иірімдерін, мінез-құлқын көрсетуде деректі материалдарды молынан пайдалануы, әрі көркемдік

құралдардың да бар мүмкіндіктерін, атап айтқанда, мінездеудің алуан түрлі жолдарын, монолог, портрет, психологиялық талдау, қанатты сөздерді кеңінен қолдануы шығарманың шыншылдық қуатымен қоса, көркемдік дәрежесін де биікке көтерген. Сондықтан да роман-сұхбатта халық батырының келешек ұрпаққа үлгі боларлықтай толыққанды көркем образы сомдалған. Мұнда филология ғылымдарының докторы Әзиза Нұрмаханова айтқандай: «Бауыржан Момышұлының асыл қасиеттері, я ерлігі, азаматтығы, жан-жақты дамыған ой-өрісі, адалдығы, арлығы, принциптілігі кімге болса да өсиет-өнеге, тәлім-тәрбие аларлық» [16], — дәрежеге көтеріле алған. Демек, Әзілхан Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» роман-сұхбатында бойына қаһармандық, интернационалдық, педагогикалық, тәрбиелік мәні бар қасиеттер жинаған батырдың асқар таудай мүсінін сомдап, биіктіктің өлшемін, асқақтықтың үлгісін ұсынған. Осындай күрделі тарихи тұлға табиғатын жан-жақты ашып, шынайы қалпында көркем сөзбен мүсіндеу үшін дамылсыз ізденіп, кейіпкерімен ұзақ жылдар бойы сырлас болды. Соның нәтижесінде өзінің батыр жайында айтарын және батырдың болашақ ұрпаққа айтар ойын толық жеткізе алды.

Әдебиеттер:

1. Стаднюк И.Ф. Сокровенное: публицистика. — М.: Воениздат., 1977. — 237 с.
2. Нұршайықов Ә. Өмір өрнектері: Әдеби күнделік. — Алматы: Жазушы, 1987. — 488 бет.
3. Төреқұлов Н. Талант табиғаты // «Социалистік Қазақстан», 1978, 4 тамыз.
4. Дәдебаев Ж. Шымырлап бойға жайылған: Мақалалар. — Алматы: Жазушы, 1988. — 187 бет.
5. Майтанов Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. — Алматы: Ғылым, 1982. — 148 бет.
6. Жұмаділдин А. Сүйер ұл сүйінер тұлға // «Жезқазған туы». 1976, 25 маусым.
7. Қазбеков Н. Ақиқаты — аңыз, аңызы — ақиқат // «Жерісу». 1978, 5 тамыз.
8. Оразов Б. Ақиқат пен аңыз // «Мәдениет пен тұрмыс». 1977. №1.
9. Әйтімов З. Патриоттық туынды // «Қызыл ту». 1978, 10 тамыз.
10. Нұршайықов Ә. Таңдамалы. Екі томдық. — Алматы: Жазушы, 1980.

- Т.1. Роман мен повесть. — 520 бет, Т.2. Ақиқат пен аңыз. Роман-диалог. — 360 бет.
11. Әзиев Ә. Азаматтық пен ерлік шежіресі // «Орталық Қазақстан». 1978, 9 тамыз.
 12. Кривицкий А. На полях книг: монологи публициста. — М.: Сов. писатель. 1986. — 453 с.
 13. Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз: роман-диалог. — Алматы: Жазушы, 1976. — 384 бет.
 14. Қазбеков Н. Ой таразысы: Сын мақалалар. — Алматы: Жазушы, 1991. — 255 бет.
 15. Қәкішев Т. Шынайы өмір жыршысы // «Қазақ әдебиеті», 1992, 4 желтоқсан.
 16. Нұрмұханова Ә. Шындық шуағы // «Лениншіл жас», 1976, 17 қыркүйек.

МАЙДАН ЖАЗБАЛАРЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТІЛІК

Әдеби шығарма өмір шындығының көрінісі десек, өмірдегі маңызды оқиға мен дара тұлғалар көркем туындыға негізгі өзек, жазушы талантын оятар қозғаушы күш екендігі мәлім. Жазушы қоршаған ортадан алған шикізатын сезім толқынынан, талғам елегінен өткізе отырып, тәрбиелік мәні бар дүние етіп оқырманға ұсынады. Қаламгердің қандай шығарма жазса да алдына қойған мақсат-мұраты болмақ. Соған сай кейбірі тарихи шындықты суреттеуге басым көңіл бөлсе, енді бірі — көркем қиял тізгініне ерік береді. Әрине, бұл — туындыгердің өз қалауы. Дегенмен көбіне оқырман қауым қай шығарманы қолына алса да одан санаға сиымды, тарихи тұрғыдан нанымды дүниелер іздейтіні даусыз.

Шындықты, тарихи тұлғалардың болмысын шынайы түрде көркем бейнелеу үшін жазушы өмірлік деректі игерудің ұтымды жолдарын таңдайды. Соның бірі — әр түрлі құжаттар, хат, күнделік, қолжазба, мінездемелерге сүйене отырып, яғни деректілік негізде жазу. Нақты шындықты ашудың бұл жаңа көркемдік әдісі қазіргі әдеби үрдіске тән сипат болып отыр. Ол, әсіресе, 60-70 жылдардағы әскери прозада үлкен орын алады. Мәселен, А. Чаковскийдің «Блокада», Стаднюктің «Соғыс», Богомолловтың «Қырық төртінші жылдың тамызы», қазақ әдебиетінде Б. Момышұлының, М. Ғабдуллиннің, Ә. Сәрсенбаевтың, С. Бақбергеновтың, Ж. Жұмахановтың шығармалары деректілік негізде жазылған дүниелер. Бұдан деректілік Ұлы Отан соғысы жайындағы көптеген шығармаларға тән сипат болғандығын көреміз. Ал оның түп-тамыры отты жылдардағы публицистикадан өрбігеніне сол тұстағы публицистиканы, оның кейінгі жылдардағы жазушылар шеберлігіне, көркем прозаға әсерін қарастырған В.В. Филипповтың [1], Л.Е. Герасимованың [2], Г.Ф. Бондаренконың [3], Т.В. Казачкованың [4], З. Ященконның [5], Р. Ыдырысов [6] пен Т. Ыдырысовтың [7] зерттеулері көзімізді жеткізеді. В.В. Филиппов «Русская литература» журналының 1978 жылғы бірінші санында жарияланған «Көркем әдебиеттегі документализм мәселесі» мақаласында: «... документальность в

художественной литературе связана с воссозданием реального лица, невыдуманного события, конкретного места и времени действия, во-вторых, с введением в произведение различного рода документов выполняющих художественные функции», — деп деректіліктің көркем шығармадағы сипатын түсіндіреді. Бұған қоса кететін нәрсе, деректі көркем шығармада басты көңіл тарихи тұлға өмірбаянына, суреттелетін оқиғаға бөлінетіндігі. Әрі жазушы мақсаты оқиға мен қаһарман характерін табиғи қалпында көркем суреттеу болуға тиіс. Себебі деректі көркем прозаның ғылыми-тарихи зерттеулерден айырмасы нақты оқиғаны көрсетуі мен дара тұлғаның портреттік-психологиялық бейнесін жасау шеберлігі жазушының көркем қиялымен (вымысел) жымдасып кетуге тиіс. Г.Ф. Бондаренко мұндай шығармада үш бірліктің: *документ — автор — герой* болу керектігін айта келе: «Путь от факта к образу при безусловном приоритете документально-го начала, осуществляется через художественное переобразование факта, пропущенного через творческое сознание писателя, в рамках реальных события и реальных героев» [8, 12], — деп сөзін шегелей түседі. Шындығында, жазушының шығармашылық ойлауынсыз тартымды да тұшымды көркем шығарма жазылмақ емес. Ол қай жанрда, қандай әдіс-тәсілмен жазылса да жазушы ой еңбегінің жемісі.

Расында, дерек, факт, документ жансыз материал ғана іспетті, ал суреткер оған жан бітіруге тиіс. Онсыз шығарма көркемдік дәрежесіне, идеялық мақсат-мұратына жетпейді, танымдық, тәрбиелік мәніне ие бола алмайды. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев айтқандай: «Жазушының ойлау парасаты мен суреткерлік шеберлігі жоғары деңгейде тоғысқанда ғана тарихи шындық пен жазушы қиялдауы арасында жарасым орнайды, шығарманың тарихи негізі айқындалып, маңыз мәні арта түседі» [9, 44]. Өмірдің шикі материалы мен шындық арасындағы алыс жолды жүріп өту үлкен парасат пен шеберлікті, талант пен талғамды қажет етеді. Демек, суреткер шеберлігі шығармада басты роль атқарады.

Бұл сөзімізге ұстанар дәлеліміздің бірі — журналист-жазушы Әзілхан Нұршайықовтың әскери тақырыптағы шығармалары дер едік. Жоғарыда айтқан үш бірліктің (құжат — автор — қаһарман) тамаша үлгісін Ә. Нұршайықов, деректі көркем прозасында,

оның ішінде, «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогында көрсете білді. Кезінде бұл шығармаға пікір айтқан Б. Кенжебаев: «Автор да, кейіпкер де майдан оқиғаларын шетінен тізіп баяндай бермейді. Автор сөйлесе, архивтік сирек дерек — документтер арқылы майдангер — кейіпкердің жан дүниесін ашуға талпынады» [10], — дейді. Бұл жазушы шеберлігіне берілген зор баға еді.

Ә. Нұршайықов әскеритақырыпта жазылған шығармаларында өмір шындығын, тарихи тұлға болмысын ашу негізі етіп деректілікке дендейді. Деректілік ақиқи оқиғаларды нанымды көрсетудің ұтымды жолы болғанмен, қиындықтары да көп. Мұны жазушының мына бір сөзінен де аңғарамыз: «Деректі шығармада шындықтың өзі ғана шырқап тұруы керек. Деректі кейіпкер көркем қаһарман сияқты үнсіз қала бермейді, өзін теріс суреттесе жазушымен дауласа да жауласа да алады. Деректі тарихи оқиға — халық қазынасы, халық оны ешкімге де бұрмалаттырмайды» [11, Т.2., 363]. Ә. Нұршайықов осындай қиындықты сезе тұра, одан тайсақтамай әдебиетіміздегі деректі көркем прозаға өз үлесін қоса білді. Мысалы, «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы бас кейіпкер Бауыржан Момышұлымен тікелей сұхбаттасу, оның замандас, туыстарымен әңгімелесу, кітаптар, архив материалдары негізінде жазылса, ал «Махаббат жыры» мен «Ғажап адам» повестері автордың журналистік сапарларынан кейін дүниеге келген. Екі повестің де бас кейіпкері өмірде бар жандар.

«Автопортрет» кітабына енген «Великие Луки ұрыстары», «Невель түбінде» атты деректі әңгімелері де майдандас болған жолдастарының ерліктері ізімен жазылған дүниелер. Әрине, жазушы шығармаларында өмір ақиқатын құжаттар негізінде тізіп баяндай салмаған, қайта оларды көркем образдың характерін, адамгершілік болмысын аша түсу жолында пайдаланған. Яғни деректі материалдар да қаһарманның жан дүниесін жарқырата танытатын құралдардың бірі ретінде қызмет атқарған.

Ұлы Отан соғысы жылдарында майдандас болған жолдастарының ерліктерін мадақтап жүру Ә. Нұршайықов қаламына сіңген дағды екенін «Ер Төлеген», «Невель түбінде», «Мәншүк әні» атты деректі әңгімелерінен де көреміз. Бұл деректі әңгімелерде Кеңес Одағының Батырлары Мәншүк Мәметова, Төлеген Тоқтаров, Ыбрайым Сүлейменовтің, майдандас достары Әбдірахман Бимурзин, Мырзаби Ерназаров, Рымбек Байсейітов,

Мұқан Омарбаевтардың жарқын бейнелері патриоттығымен, отансүйгіштігімен дараланып, ерлік іс-қимылдары үстінде көрінеді. Великие Луки түбінде жаумен айқасқан осы жүзінші бригададағы қазақ жауынгерлерінің әрбір күнгі ерліктері «Тоғыз толғау» повесінің сегізінші толғауында баян етілетін сержант Нұршайықовтың соғыс кезіндегі күнделіктерінен де таныс.

Күнделік үлгісінде жазылған деректі әңгімелерінде автордың жеке дара, топтық ерліктерді суреттеулерінен бұл шығармалардың оқиғаларізімен фактілер негізінде жазылғандығын аңғартады. Оның үстіне күнделік түрінде баяндалуы да мұны растайды. Дегенмен автор жадағай деректерді қуып кетпей, ерліктің туындау себептерін ашуға ұмтылады. Ерлік табиғат сыйы емес, саналы іс-әрекеттің нәтижесі екендігін, рухани жан дүниемен, адамгершілік негізбен байланыстылығын дәлелдейді. Ол үшін кейіпкерінің жайшылық кездегі күйініш-сүйініштерін, көңіл қалауларын суреттейді. Мысалы, автор қазақтың аяулы қызы Мәншүкті төрт рет көргендігін, оның жан тазалығына, нәзіктігіне, халық әніне деген құмарлығына риза болғандығын еліте айта келе, батыр қыздың ішкі дүниесін айқара ашып береді. «Мәншүк арқасында келе жатқан автоматын сырғытып алдына шығарды. Домбыра пернесін қуалаған сияқтанып, стволдың сағағын нәзік саусақтарының ұшымен жып-жып еткізіп, басып-басып қояды. Содан соң оң қолының саусақтарын сәнмен тарбита ұстап, сәл бөгелді де, автоматтың ағаш дүмін қағып-қағып жіберді. Мәншүктің қазақтың атақты әншілерінің осы бір кербез қылығын есімізге түсірген бұл ерке қылығына бәріміз мәз бола күлдік. Ол өзінің нәзік, сонымен бірге асқақ әуенімен «Қара торғайды» бастады...» [11, 375], «Мәншүктің екі беті алмадай қызарып кетті. Екі танауының ұшы сәл қусырыла түсіп, ол оттай лаулап ортамызда тұрды. Оның жан-жүрегінің қызуына балқып, қосыла шырқалған әннің ырғағымен біріміздің басымыз бірімізге тие, теңселе тербеліп біз тұрдық. Ән аяқталғаннан кейін Мәншүк су шайқаған қарақаттай боп мөлдіреп кеткен қара көзін жұмып, басын изеп қалды. Содан кейін сұқ саусағының ұшымен екі көзінің құйрығын тез сүйкеп тастады. Ұялы үлкен қара көздер жаңа жалынмен қайта жарқ ете қалды» [11, 376]. Осы суреттеулерде нәзіктік пен ерліктің әсем үйлесімін автор шебер жеткізеді.

Қарапайым қазақ қызының ұлтжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін көрсететін іс-әрекет, диалог, естеліктер де шығармада келтіреді. Великие Луки түбінде болған шайқаста көрсеткен ерліктерін жаза келе, Мәншүктің пулеметімен жауды жайратып сап, қаһармандықпен мерт болғандығын тебіреніспен жазады. Невель түбіндегі қазақ жауынгерлерінің неміс фашистерімен жан аямай соғысып, оларды Великие Луки қаласына кіргізбеген ерекше ерліктерін айта келе, осы ұрыстар жайында жазған генерал К.Н. Галицкийдің «1941-1944 қатал сын жылдары» атты кітабынан тарихи мәліметтерді де келтіреді: «Мұнда 19-гвардиялық және 360-атқыштар дивизияларының, 44-шаңғылы және 100-атқыштар бригадаларының жауынгерлері жауға қарсы тұрды. Ұзақты күнге созылған кескілескен ұрыста асқан ерлікпен табандылық көрсетті» [11, 372], «Оң жақта жаудың темірдей қыспағына полковник А.А. Морецкий басқарған (саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Сақтаған Бәйішев) 100-атқыштар бригадасы ойдағыдай төтеп берді. Бұл бригаданың құрамында жаумен ерлікпен әрі табандылықпен шайқасқан көптеген қазақ жауынгерлері болды. Бригада дұшпанның барлық қарсы шабуылдарын тойтарып қорғаныста аса зор табандылық көрсетті. Осында... қазақ халқының қаһарман қызы пулеметші Мәншүк Мәметова өзінің өлмес ерлігін жасады...» [11, 373]. Осылай деп жазылған мәтіндік үзіндіні автор жайдан келтіріп отырған жоқ, жауынгер достарының Невель түбіндегі жанкешті ерліктерін нанымды етіп баяндап әрі тарихилық мағына сыйдырып отыр. Шындығында, Мәншүкті де, Төлегенді де, Ыбрайымды да ерлікке итермелеген отансүйгіштік, патриоттық, қайсарлық, өжеттік сезімдер еді.

Ә. Нұршайықов қаһармандарының рухани күшін соғыс тудырған тосын бір күрделі жағдайда сынға салады. Сол арқылы адамдық болмысын, ерліктің мәні мен табиғатын ашып көрсетеді. Осы тұрғыдан келгенде «Махаббат жыры» мен «Ғажап адам» деректі повесі В. Быков, Б. Полевой, М. Шолоховтың повестеріне ұқсас келетіні де рас. Быков повестеріндегі табиғатынан әлсіз әрі ауру Сотников пен мүгедек Мороз, В. Полевойдың «Нағыз адам туралы аңызындағы» Алексей Мересьев, М. Шолоховтың «Адам тағдырындағы» Андрей Соколовтар сияқты Әділжан мен Хамза да соғыс мүгедегі болғанымен болаттай берік, рухы

мықты жандар. Олардың алға қойған мақсаты — қаһармандық мұрат. Оған жету үшін қолдан келгеннің бәрін істейді. Барлық күш жігерін соның соңында сарп етеді. Олар қазақ әдебиетінің Мересьеві мен Павел Корчагині іспетті кейіпкерлер. Бұлардың ұқсастығы жайында Т. Ахтанов: «Махаббат жырының» бас қаһарманы Әділжан — Павка Корчагин мен Мересьев тағдырын еске салатын, бірақ өзіндік ұлттық бөлек характері бар тұлға» [12, 174], — дейді. Жазушы бұл образдарды жасағанда идеялы етіп Мересьев пен Корчагинді ұстанғаны белгілі. Олай деуімізге себеп, жазушы «Борис Полевой туралы әңгіме» атты әдеби портретінде сүйіп оқитын, ерекше бағалайтын кітаптары «Құрыш қалай шынықты?» мен «Нағыз адам туралы аңыз» екендігін айтады. Тіпті бұл шығармалардың дүниеге келу ұқсастықтарына да қайран қаласың. Борис Полевой «Нағыз адам туралы аңыз» повесін «Правда» газетінің тапсырмасымен очерк жазуға шыққан сапарында екі аяғы бірдей протез ақсақ ұшқыш Алексей Мересьевтің аспанда самғағанына куә болып, оның өз аузынан естіген ерлікке толы әңгімесі негізінде жазса, Ә. Нұршайықовтың «Махаббат жыры» мен «Ғажап адам» повестері де журналистік сапарлардан кейін өмірге келген дүниелер.

Оқырманға публицист, очеркист ретінде танылған Ә. Нұршайықовтың «*Махаббат жыры*» повесі алғаш жарияланған прозалық көркем туындысы. Повестің үзіндісі 1963 жылдың он жетінші қарашасында «Социалистік Қазақстан» газетінде бірінші рет «Менің майдандас досым» деген атпен жарық көрді. Повесть 1964 жылы жеке кітап болып шықты. Бұл повесть жазушының очерктен көркем прозаға өту үшін ұмтылып басқан алғашқы қадамы болды. Повесть кезінде оқырманның ыстық ілтипатына бөленіп, біраз сыншылардың [12, 13, 14] назарына ілікті.

Повесть мазмұны жазушы мен бас кейіпкер Әділжан атынан баяндалып отырады. Кей тұста автордың өзі де жанама кейіпкерге айналып кетеді. Бұл оқиғаның шыншылдығын арттыра түседі. Шығарманы автор деректі повесть деп атауды ұйғарды. Бірақ жеке кітап болып басыларда редактордың ұсынысымен көркем повесть аталып, оқиға болған жер-су аттары сол күйінде қалдырылып, ал Әділхан Құсайынов — Әділжан Хасенов, оның жұбайы Асылтай — Асылгүл болып өзгертіледі. Жазушының өзі Ербол Есенов бейнесінде көрінеді.

Повесть мақсаты — соғыстың адам тағдырына тигізген зардаптарын жеке образ арқылы көрсету, кеңес жауынгерінің асқақ рухын, өмірге, еңбекке деген құштарлығын таныту.

Шығарма оқиғасы Великие Луки қаласын азат ету шайқасынан басталады. Қала азат етілгенімен Великие Луки қамалының ішінде жаудың үлкен бір гарнизоны қалып қояды. Фашистер сол гарнизонға қайта қосылу үшін майдан шебін бұзбақ болып жанталасады. Кеңес сарбаздары жаумен төрт күн бойы қайсарлықпен соғысады. Төртінші күні қазақ жауынгерлері — наводчик Әділжан Хасенов, замковой Айтқали Құсайынов оқтаушы Абжалов, оқ тасушылар Ахмет Оразов пен Нұрғазы Бекбосынов, зеңбірек бұрушы Сапарғали Үсенов, зеңбірек командирі Ербол Есеновтерге жау танкілерімен жекпе-жек айқасуға тура келеді. Осы жерде жазушы бір топ жауынгерлердің ерлік қимылдарын сөз ете келе, оларға шағын түрде топтық сипаттама беріп өтеді. Мұнысы олардың ішкі әлемін, қаһармандық бейнесін танытады. Өжет те қайратты жауынгерлердің басты мұраты — қас дұшпанның көзін жойып, жеңіске, бейбіт өмірге жету, халқы мен туыстарының амандығын сақтау. Адамгершілікке негізделген осы мақсатты орындау жолында олар ерлікке барады. Жазушы шайқас үстінде Әділжанды былай сипаттайды: «... Әділжан болса нағыз саспайтын сабаздың өзі. Қандай қиын-қыстау кезеңде болса да ол асықпай көздеп: «Ата алмасам — маған серт, от алмасаң — саған серт!» деп ату механизмін басып кеп қалады. Зеңбіректі атар алдында «Ата алмасам — маған серт, от алмасаң — саған серт» деп алу оның ежелгі әдеті. Бұл атақты Қобыланды батырдың жауға шабар алдында өзіне-өзі қайрат бере айтатын қаһарлы сөздерінің бірі. Ендеше Әділжан да өзін Қобыланды батырдан кем тұтпайды» [11, 300]. Әділжан өз басын тәуекелге тіккен, халқымыздың батырлық дәстүрімен рухтанған осындай жан. Дұшпанның екі танкісін қиратқан Әділжан шайқас үстінде майдандас достарынан, екі көзінен айрылады. Жеңіске жеткенімен, қос шырағы мәңгілік сөніп, зағип болып қалады. Тек екі көзден ғана емес, елге келген соң көңілі қалап, жаны сүйген Ғайниынан да айрылады. Тағдыр тоқпағы екі жақтан бірдей соққыға алады. Автор қаһарманын осындай тығырыққа тірей келе, оның арашасы етіп адамгершілік қасиеттерді, жігерлілікті ұсынады. Қаншама налып, қапаланғанымен, Ғайни

жанының арпалысын іштей түйсініп, азаматтық көрсете біледі. Махаббаттың бар азабын бір өзі көтеруге бел байлап, қызға рұқсат береді. Бұл жай Әділжанның жаны мен тәнін жаралаған жау оғынан кем емес еді. Повесті оқып отырған оқырман да осы тұста Әділжанның күйі енді не болар екен деген дағдарысқа ұшырайды. Алайда жазушы рухы мықты Әділжанды кері құлдыратпай, тығырықтан шығара білген. Оның Отан үшін еткен ерлігін бағалайтын қамқор жандар қоғамымыздан табылады. Оған Ақтас руднигінің комсомолец жастары қамқорлық көрсетіп, жанына жігер құяды. Әділжанның өмірге құлшынысын қайта оятып, өзінің халыққа керектігіне көзін жеткізеді, ақырында, Әділжан қоғамға аз да болса үлесім тисін деген ниетпен ел-жұрт ішін аралап, майдандастарының ерліктерін насихаттайды. Оларға арнап жыр шығарады. Тіпті ауыл адамдарымен ілесіп бейбіт еңбекке де араласып: құдық қазысады, астық тиеседі, орақ қайрасады. «Өмірдің ең қиын шағында да қасқайып қарсы тұра біл, ондай өмірдің өзін пайдалы ет» деген Павка Қорчагиннің сөзін ұранындай жаттап алған Әділжанның бейбіт өмірде де соғыстағыдай қайсарлық танытып, бар қиындықты жеңе білген қажырлылығы Т. Иманбековтің «Үш айдың үш күні» повесіндегі Серімбек бейнесін еске түсіреді. Ол да соғыста сол қол, сол аяғынан айрылып мүгедек болып келсе де жұрт қатарлы еңбек етуімен оқырман көңілінде із қалдыратын образ. Осындай жігерлі образдардың қазақ әдебиетінде бой көрсетуі Әзілхан кейіпкерлерінің үлгі бола білгендігін айғақтайды. Соның ішінде Әділжан — осындай қаһармандықтың үлгісін танытқан тұғырлы тұлға.

«Махаббат жырында» кейіпкердің жан әлемін ашуда адамгершілік, ар, парыз, махаббат мәселесіне айрықша көңіл бөлген. Оны образдың мінез-құлық, іс-әрекеті барысында шешуге тырысады.

Повесте Асылгүл абзал адамгершілік іс-әрекетімен, қайырымдылығымен, жан сұлулығымен оқырман көңілінің төрінен орын алатын образ. Әділжанның Ғайни жаралаған жүрегін өз махаббатымен емдеуі, қамқор да адал жар бола білуі үлкен жүректің адамы екендігін ұқтырады. Оның: «Отан үшін жаралы болған жанның жазығы жоқ. Ендеше мен осы жігітке жар боламын» [11, 335], — деген нартәуекел сөзінен нағыз ер мінезді, өр әйелдің тұлғасын көреміз. Сан қилы тағдыр қасіретін шеккен мұндай кейіпкерлері бар

шығармаларды атар болсақ, М. Ғабдуллиннің «Кестелі орамал», О. Бөкеевтің «Шайтан көпір» повестерін атар едік. Әділжан мен Асылгүл, Хамза мен Биғайшалар сияқты бұлардағы Досан мен Қалима, Аспан шал мен Қамқа арасындағы қарым-қатынас, бір-бірінің жан күйзелісін түсінушілік бұл шығармалардың мәнін арттырып тұрған өзек дер едік. Сондықтан да автор адамгершілік сапаны сынға түсіре отырып, оны жігер мен ерліктің арқасында жарқырата аша түседі.

Повесте көңілдері жарасқан, армандары асқақ, қос ғашық Ермек пен Ләйла образдары сүйкімді шыққан. Олардың асыл мұраттары — өздері айтысқан ант: «Алдымен жауды жеңу, артынан қосылу, Отан үшін от пен суды бір кешіп, бар ауыртпалықты бір көру!» Осылай серттескен екі жас майданға қол ұстасып аттанады, жаумен де қатар жүріп шайқасады. Бір ұрыста екеуі де ерлікпен көз жұмады. Осы екі жастың аянышты трагедиясы арқылы сұм соғыстың сұрапылынан армандарына жете алмай қыршын кеткен өрімдей азаматтардың жиынтық образын берген. Бұл соғыс жылдарындағы талай тағдырды елестететін шындық еді.

Повестің осындай оқиға шынайылығы мен жетістіктері болғанымен, кемшіліктері де жоқ емес. Мәселен, кей жерде кейіпкерінің аузына жасанды асқақ сөздерді салу, я болмаса көңіл-күйлерін тым қатты егілтіп, аса әсірелеп жіберу. Әсіресе Әділжан мен Асылгүл сүйіспеншілігін сөз етер тұста табиғи суреттеу жетпей жататындай. Жазушы Асылгүлді өжет етіп көрсетуді мақсат еткендіктен бе, әйтеуір оған өз кезіндегі қазақ әйеліне тән ұяндықты аздап жоғалттырғандай әсер қалдырады. Мұндай сәттерде кейіпкердің көңіл-күйін психологиялық тереңдікпен нәзік те шынайы суреттеу жетіспей жатады. Б. Уахатов «Көркемдік ізденістер» [15, 42] деген еңбегінде Ә. Нұршайықовтың лирикалық повестеріне тән кемшілік бірыңғай эмоцияға беріліп, шектен асыра лиризмді қолдану екендігін ескерте кетеді. Бұл пікірді мақұлдасқа болмайды. Өйткені жалаң лиризм шығармадан біршама байқалып тұрады. Біздіңше, бұл кейіпкер сезімін беруде шынайылықтан гөрі жасандылықтың, романтизмнің басымдығын көрсетеді.

Ә. Нұршайықовтың повестеріне лиризммен қоса романтизм тәсілі де тән. Романтизм әдісімен жазылған «*Ғажап адам*» атты

деректі повесін оқығанда да «Махаббат жырындағыдай» күй кешіп, әсерге бөленесің. Өйткені кейіпкерлері характері мен болмысы жағынан өте ұқсас. Негізгі кейіпкері соғыс жылдарында Дондағы Ростов қаласын азат ету шайқасында жараланып, екі аяғынан бірдей айрылған мүгедек солдат, қазіргі еңбек озаты шопан Хамза Ақжолов. Онымен жазушы 1966 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданына барған сапарында танысып, оның өмірін өз аузынан естиді. «Тағдырын жеңген адамдар» алтын медалінің екінші иегері, «Дала Мересьеві» атанған атақты шопан тағдыры жазушыны қатты толғандырады. Сапардан оралған соң алғаш Хамза жайында очерк жазады. Ол 1968 жылы «Жұлдыз» журналының екінші санына «Азамат сыры» деген тақырыппен жарияланады. Т. Ыдырысов Хамза Ақжолов образы жайлы былай дейді: «Осынау өр мінезімен, өмірден лайықты орын алсам деген қайрат жігерімен, қиынға құлаш ұрған таудай талабымен сүйкімді» [16, 103]. Расында, оның өр мінезін, әрбір қимылы мен сөздері байқатып тұрады. Айталық, бұған өзі екі аяғынан бірдей айрылып протез киген мүгедек бола тұра госпитальдан шығарда госпиталь бастығы полковниктен өзін майданға қайта жіберуін өтінуі дәлел. Қарсылық білдіргенде ол: «... Мені мүгедек еткен кім? Немістер. Ендеше мен олардан қалайда кегімді алуым керек емес пе? Ол үшін менің қалайда майданға баруым қажет» [11, 498] — дейді полковникке. Хамзаның отансүйгіштігін, жауға кекшілдігін жариялайтын осындай сөздері арқылы патриоттық сезімнің ішкі жан дүниемен байланыстылығын көрсетеді. Мұндай ішкі рухани күштер майдан даласында оны талай рет ерлікке итермеледі. Ол шабуыл кезінде бөгет болған жау пулеметіне жер бауырлап барып граната лақтырып майдандастарының алға басуына мүмкіндік жасайды. Осылай жау танкісінің көзін жояды. Бұл ерліктеріне қарап Сұлтан Баймағамбетов, Ақәділ Сухамбаев, Александр Панкратов, Сүндетқали Есқалиев, Жұмажан Қарақұлов сияқты қазақстандық жауынгерлердің [17, 6] қатарына қосуға болады. Алайда, шығармада жазушы Хамзаның майдандағы ерлігінен гөрі, еңбектегі ерлігін көрсетуді басты мақсат еткен.

«Еңбек сүйгіштік — адамның адамдық қасиетінің негізгі өлшемдерінің бірі», — деп Ш. Айтматов айтқандай, Хамзаның еңбекқорлығы арқылы автор, біріншіден, оның адамдық болмысын кемелдендіре көрсетуге тырысса, екіншіден, маңдай тері төгілген

нағыз еңбектің күшін паш етеді. Хамза еңбекқорлығына мына тұстарда қайран қаласың: екі аяғы протез күйінде балдақсыз жүруге жаттығуы, елге келген соң колхоз төрағасынан жұмыс сұрауы, екі аяғын жүк көтеруге үйретуі, Биғайшаның арбасынан төрт-бес ауыр қапты түсіріп, қайта тиеуі. Ол осындай еңбекқорлығының арқасында ұнатқан қызы Биғайшаның жүрегін жаулап алады. Ақыры, ата-аналарының қарсылығына қарамай байласқан серттерін орындап, бақытты жанұя құрады. Өзінің қалаған кәсібі — мал бағумен айналысып, еңбекте лайықты сыйқұрметке ие болады. Бір сөзінде: «Кеудемді қуаныш кернеп, жердегі теңіз, көктегі күнге қараймын... Сол екеуіндей мырза, сол екеуіндей еңбекшіл бола бергім келеді», дейді Хамза өз кәсібіне, туған жеріне, кең даласына деген сүйіспеншілігін білдіріп. Осы тұста Белинскийдің мына сөзі еске түседі: «Еңбек қана адам жанын жарқындылық пен жарастыққа, өзін-өзі ризалық сезіміне бөлеп, бақытты ете алады». Хамза еңбек нәтижесінде қоғам мен жеке өмірде бақыт пен қуаныш таба білген жан.

Ә. Нұршайықов шығармаларының кейіпкерлерін барлап қарасақ, олардың табиғи болмысы мығым, рухы асқақ, мақсат-мұраты айқын, сенімге берік болып келеді. Жазушының сүйікті де кесек сомдаған кейіпкері Б. Момышұлының бір өзінен-ақ осы қасиеттердің бәрі табылып жатады. Ал Әділжан мен Хамзаны алсақ, бірі — зағип, екіншісі — мүгедек болса да өмірге құштар, еңбексүйгіш, ерік-жігері мықты жандар. М. Ғабдуллин, М. Мәметова, Ы. Сүлейменов, М. Қайырбаевтар, майдандас достарының образдары отаншылдығымен ерекшеленеді. Не жайында, кім туралы жазса да деректі материалдарға сүйене отырып, адам жанының тылсым тұстарын ашудың түйінін тарқата білген жазушы шығармалары — танымдық тұрғыдан құнды да өнегелі дүниелер.

Әдебиеттер:

1. Филиппов В.В. Место и роль документализма в советской прозе о Великой Отечественной войне 60-70-х годов: автореф. дисс. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. — М., 1979. — 22. с.
2. Герасимова Л.Е. Советский публицистический роман 50-60-х годов: автореф. дисс. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. — Саратов, 1973. — 19 с.

3. Бондаренко Г.Ф. Документализм и художественный вымысел в современной советской прозе о Великой Отечественной войне: автореф. дисс. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. — М., 1980. — 24 с.
4. Қазачкова Т.В. Художественный очерк периода Великой Отечественной войны: автореф. дисс. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. — М., 1979. — 22 с.
5. Ященко З. Публицистика Л. Леонова 40-50-х годов. Автореф. дисс. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. — М., 1972. — 20 с.
6. Ыдырысов Р. Қазақтың әскери публицистикасы. (1941-1945): филол. ғылымд. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс. — Алматы, 1970. — 262 бет.
7. Ыдырысов Т. Очерк туралы ойлар. — Алматы: Қазақстан, 1969. — 210 бет.
8. Бондаренко Г.Ф. Документализм и художественный вымысел в современной советской прозе о Великой Отечественной войне: автореф. дисс. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. — М., 1980. — 24 с.
9. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. — Алматы: Ғылым, 1991. — 207 б.
10. Кенжебаев В. Тұғыры биік туынды//«Қазақ әдебиеті», 1978. 11 тамыз.
11. Нұршайықов Ә. Таңдамалы. Екі томдық. — Алматы: Жазушы, 1980. Т.1. Роман мен повесть. — 520 бет, Т.2. Ақиқат пен аңыз. Роман-диалог. — 360 бет.
12. Ақтанов Т. Керуен: Әдебиет туралы ойлар. — Алматы: Жазушы, 1969. — 339 бет.
13. Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.3. 2-кітап / Жалпы ред. басқ. профессор М. Қаратаев. — Алматы: Ғылым, 1967. — 663 бет.
14. Нағметов А. Қазіргі қазақ повестері және олардың жанрлық проблемалары: филол. ғылымд. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс. — Алматы, 1974. — 178 бет.
15. Уахатов Б. Көркемдік ізденістер: Әдеби сын мақалалар жинағы. — Алматы: Жазушы, 1991. — 208 бет.
16. Ыдырысов Т. Очерк туралы ойлар. — Алматы: Қазақстан, 1969. — 210 бет.
17. Бейісқұлов Т. «Кеудесін оққа тосып...» — Алматы, 1975. — 40 бет.

Ә. НҮРШАЙЫҚОВТЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ ПОВЕСТЕРІ

Әзілхан Нұршайықовтың прозалық шығармаларының пафосы — гуманистік идеяны уағыздау. Эстетикалық мұраты — жан дүние әсемдігі, сезім мөлдірлігі, адамгершілікпен астасқан махаббат екендігіне лирикалық повестерін оқығанда да көзімізді жеткіземіз. Адамгершілікті әрдайым әсемдік ұғымымен байланыстыра қараған М. Горький де «Сұлулық» әңгімесінде сұлулықтың өзінде адамды рухани байытатын күш бар екендігін айтады. Расында, сұлулықтың адамда қуаныш, ләззат, махаббат сезімін тудыратынын әркім-ақ мойындаса керек. Ғалым И. И. Машковский «Қайырымдылық пен сұлулық бірлігі» еңбегінде: «Әсемдік бізді қайырымды, елгезек етіп, жан байлығымызды, адамгершілігімізді арттыра түседі» [1, 3] — дейді. Осыған үндес пікірді Н. Четуновтың «Әсемдік жайлы пікір таластар» атты еңбегінен [2] де кездестіреміз. Түптеп келгенде, әсемдіктің өзі адамның жан дүние жеңісінің олжасы екен. Осы әдемілікті Ә. Нұршайықов жастар бойынан көруге ұмтылыс жасап, жаз өмір, жастық шақты шығармаларына арқау еткен. Сондықтан да «Ескі дәптер», «Ботакөз», «Әсем» атты лирикалық повестерінің кейіпкерлері жанына нәзік сезім мен махаббат жалыны тұнған, әсемдік пен арманға құлшына құмартқан балғын жастар. Кезінде бұл повестер туралы: «Жазушының бұл шығармалары түгелдей дерлік жастар өміріне, жастардың арманға толы ой-сезімін айшықтауға арналған» [3, 131], — деп жазылған пікір бұған дәлел. Бұл повестердің тақырыбы бір-бірімен үндес болғанымен кейіпкерлердің тағдырлары әр алуан, характерлері даралық сипат алған. Мысалы, соғыс салдарынан қыршын кеткен Қабира мен Әлкеннің орындалмай қалған арманы мен уыз махаббаты, болашақ жарды реңіне қарай таңдап, жаза басқан Ботакөздің аянышты тағдыры, жастықтың мастығынан уақытша адасып, кейін еңбек арқасында бақыт тапқан Әсемнің өмірі оқырманға үлкен ой тастайтын жайлар.

Жас адамға асқақтық, тәкаппарлық, алып-үшпа жеңілтектік тән. Бұл қасиеттердің ақылды билеп, өмір тәжірибесі жоқ

жастарды қателесуге әкеп соқтыратын кездері көп. Ә. Нұршайықов жастар өмірінің осындай бір көлеңкелі жақтарына да көңіл бөліп, сабақ боларлық жайларды сөз етеді. Оған, әсіресе, «Ботакөз» бен «Әсем» повестері дәлел. Мұнда адамның жаңылыс басуына себепші болған мінез қырларындағы кемшіліктерді, оның себебі мен салдарын ашуға деген жазушының ұмтылысы айқын көрінеді. Осы тұрғыдан жазушының бұл повестері Р. Тоқтаровтың «Ертіс мұхитқа құяды» романына, Ж. Жұмақановтың «Замана билігі», Ш. Мұртазаның «Белгісіз солдаттың баласы», А. Нұрмановтың «Солай болған екен», Б. Соқпақбаевтың «Гауһар», Қ. Найманбаевтың «Бастау», Н. Сералиевтің «Ақ қайың», С. Шәймерденовтің «Қарғаш» повестері мен Қ. Құттыбаевтың «Жастық шақ» әңгімесіне ұқсас. Замандас мінезінің қырларын психологиялық тереңдікпен ашуға ден қойған бұл шығармалардың бірқатарында, адамның рухани қуаттануына, моральдың биік сатысына көтерілуіне еңбектің еткен ықпалын сөз етеді. Мысалы, Ж. Жұмақановтың «Замана билігі», Ш. Мұртазаның «Белгісіз солдаттың баласы», А. Нұрмановтың «Солай болған екен» повестерінің кейіпкерлері — еңбекпен жетілген, өмір жолын жаңартқан әрі бақытын тапқан жас адамдар. Ә. Нұршайықовтың «Әсем» атты шағын лирикалық повесі де көтерген мәселесі жағынан осы шығармалар қатарына жатады.

Повестің бас кейіпкерлері Әсем мен Ақан замандастың екі түрлі бейнесін елестетеді. Бірі — жастықтың буымен оқуды тастап, ойсыз думанды өмір кешіп жүрген қала қызы болса, екіншісі — жастайынан далада өсіп, еңбекпен шыныққан ауыл жігіті. Повесть сюжеті осындай екі түрлі жанның өзара ұғынысып, еңбек пен махаббат арқасында арман мен мақсаттарын түйістіріп, жарасымды ғұмыр кешуін әңгімелейді. Нақ осындай өмір суретін «Замана билігіндегі» Гүлхан мен Ұлықбектің өмір жолынан да көреміз. Бұған қоса екі повестің кейіпкерлері мінез-құлықтары жағынан да өте жақын. «Замана билігіндегі» Гүлхан да Әсем сияқты повестің басында әлді ағасының арқасында шарап пен шаттық қуып, жастық шағын бейқамдықпен өткізіп жатқан қыз болса, соңында мүлде басқаша кейіпке ауысады. Бұл ақ саусақ, ерке қыздардың жанын тазартып, жүрегіне сұлу сезім мен ізгі арман құйған, біріншіден, нұрлы махаббат болса, екіншіден,

пайдалы еңбек еді. Бұған қоса жазушы бұл қыздардың бір қалыптан екіншісіне ауысуына итермелеуші ішкі күшті олардың өз бойларынан таба біледі. Гүлхан мен Әсем табиғатындағы елгезектік, ашықтық, мейірімділік сияқты сапалар олардың болашағынан күдер үздірмейді. «Замана билігіндегі» Гүлханның өмір дағдарысын өзгертіп, жаңаша өмір сүруіне себепкер қойшы жігіт Ұлықбек болса, ал Әсемнің ішкі күйін ұғып, азғындық дертіне шалдықтырмай дер кезінде араша түсе білген — Ақан.

Мал дәрігерлік институттың соңғы курсында сырттай оқып жүрген Ақан мен Әсемнің, оның маңындағы «доссымақ» құрбыларының парктегі алғашқы таныстықтары әдемі әсер қалдырмағанымен, сол бір ерке қылықты, ашық мінезді, сүйкімді қыздан Ақан әлдебір тартымдылықты тапқандай. Бұл еріксіз сезім оны алдамады. Әсем жанының тазалығына, мейірімділігіне кешікпей-ақ жігіт көзі жете түседі. Қарыны тоқтықтан секіріп жүрген бұзақылар ұрып, қашып кеткенде, қыздың басын сүйеп қасында отыруы, ауруханаға көңілін сұрап баруы Ақанға үлкен ой салады. Қанша жеңілтек болғанымен қыздың бұл адамгершілік істері Ақанның бойында оянған сезімді махаббатқа ұластырады. Автор осылай екі жастың сүйіспеншілігін бірден шарықтатып жібереді. Осы тұста жер мен көктей айырмасы бар екі жастың көңілдерінің бірден жарасып, қолтықтаса кетуін дәлелдейтін психологиялық түсініктемелер аздау. Рас, автор екеуінің арасындағы түсініспеушілікті (кикілжінді) диалогтар арқылы көрсетуге тырысқан. Алайда онысы жеткіліксіздеу болғандықтан оқиға нанымдылығы кемдеу.

Автор повесте ақ саусақ, іске икемсіз қала қызының ауыл тіршілігіне көндігу кезеңін беруге де көңіл қойған. Әсемнің ауыл мінезіне жат қайсыбір қылықтары, тік бақай келіннің қайын атаға ұнай қоймауы, оның өз кемшіліктерін түзеуге талпынысы, еңбекке араласуы, білімін көтеруі — осының бәрі Әсем өткен ауыр сынақтар болды. Осылай автор жас адамның адамгершілік сапалары ғайыптан дарымай, өмір сындарынан өту арқылы, игі ықпалдардың әсері негізінде қалыптасатындығын нанымды көрсетуге ұмтылған.

«Басқаларды бақытты етуге тырыса отырып, өз бақытымызды да табамыз», — деп ежелгі грек ойшылы Платон айтқандай, Ақан Әсем бойындағы асылдарды кірден тазартып,

өмірін шуақтандыру негізінде өз бақытын да тапқан жан. Ол Р. Тоқтаровтың «Ертіс мұхитқа құяды» романындағы Бекет сияқты өзге үшін жанын ауыртып, жылы пейіл, ыстық махаббатымен оған дем берсе, ал Ж. Жұмақановтың «Замана билігіндегі» Ұлықбектей адамның бақытты өмір сүруі үшін еңбек пен дала жетіспейді деп түсінетін жігіт. Оның: «... адамның жеңілтектігін, кісіге сенгіштігін пайдалануға болмайды ғой. Өз жайын ол ойлай алмаса, сен қамқорлық жасауға тиіс емессің бе?» [4, 426], — деп ойлауы ішкі дүниесінің тазалығынан хабардар етеді. Әрі бұл жолдар автордың оқырманға айтар ойының салмағын да көтеріп тұр. Яғни, кейіпкердің осындай ойын беру арқылы Р. Бердібаев жазғандай: «Автор өмір талабы аса қатал екенін сол үшін әрбір іске жауапкершілік күшті болу керектігін ишара етіп отырады» [5, 54-55].

Осы пікірде айтылған өмір философиясын ескертуді Ә. Нұршайықов «Ботакөз» атты лирикалық повесінде де ащы тәжірибені ұсына отырып айтқан. Мұнда талғампаз, тәкаппар, сұлу бойжеткен Ботакөздің жігітті ақылынан гөрі көркіне қарай таңдап, құрған отбасы баянды болмай, шеккен қасіреті Еркеш есімді жігіт атынан әңгімеленеді. Еркеш Ботакөзді (бұл атты өзі қойып алған, шын аты — Зияда) жиырма жыл бұрын студент кезінде бір көргенде ғашық болып, көңілін жалынды хаттар арқылы білдірген. Бірақ талғампаз қыз реңсіз жігітті менсінбестен қайрылып қарамай кете барды. Ботакөз өзі ойлағандай, сымбатты, сұлу, сері жігітті кездестіріп, тұрмыс құрған екен. Бірақ сегіз қырлы жігіті сексен сырлы болып шығып, ақыры ажырасып тынған. Кезінде Еркештің асыл сезімін елемей асқақтап қателескен қыздың тағдыры бүгінде аянышты. Сыртқы сұлулық пен сезім тереңдігінің басы қосылмаған мұндай қайшылықты І. Есенберлиннің «Алтын құс» романындағы Ақбаян бойынан да байқаймыз. Ботакөз «тек көрікті» адамдармен ғана қатар жүруді қаласа, ал Ақбаян өзі онша қаламаса да қызметі, атақ-абыройы жоғары жігіттерге көңілі ауғыш айлалы сұлу. Өзін шын сүйген адамның ынтық сезімдерін аяқ асты етіп, махаббатты қадір тұта алмаған екеуі де қателіктің құрбаны.

Осы шығармадағы Еркеш пен Сабыр болмыстарында да бірталай ұқсастықтар бар. Қаншама жылдар өтсе де алғашқы махаббатын естен шығармай, өмір бойы арман болған сол

аяулысының бүгінгі өкінішіне аяушылықпен қарап, реті келсе жәрдем беруге әзір тұруы — бұл екеуінің де биік сезімге, сұлулық пен махаббатты қастерлей білуге қабілетті жан екендіктерін көрсетеді. Оның үстіне күнделікті өмір тіршілігіне, қызметіне, жанұя жағдайына, мінез сипатына зер сала қарасақ, олардың адамгершілігі мол парасатты адамдар екендіктерін аңғара түсеміз. Әсіресе Еркештің әр мәселеге салмақты оймен қарауы, кезінде құйттай ықылас көрмесе де Ботакөздің мүшкіл тағдырын естігенде, керісінше жанашырлық ниет білдіруі үлкен азаматтық.

Повесте махаббатта да, өмірде де адал Еркешке қарама-қарсы не терең сезімнің, не асыл жардың қадірін білмейтін, сырты жылтыр тұрлаусыз Әсет жайы да сөз етілген. Маскүнемдікке салынып шаңырақ шырқын бұзған, Ботакөз жанын қасіретке толтырған Әсет рухани азғындаған жан. Сондықтан ол шынайы сезім, тұрақты махаббатқа қабілетсіз.

Повесте автор Ботакөз бен Әсеттің сәтсіз отбасылық өмірінен тез жанып сөнген баянсыз махаббатты көрсеткен. Бұл жайды сөз еткенде автор Б. Соқпақбаевтың «Гауһар», Қ. Найманбаевтың «Бастау», А. Жұмаділдиннің «Келіншек», Н. Сералиевтің «Ақ қайың», С. Шәймерденовтің «Қарғаш» повестеріндегідей көрсеқызарлықпен, жеңілтектікпен үйленіп, артынан көп ұзамай ажырасып жатқан жастар халін баяндаудан аса алмаған. Оның мәнісі Әсет образының психологиялық жағынан дәлелденбегендігінде болса керек. Алайда автор Ботакөздің жар таңдау, шаңырақ көтеру мәселелерінде жіберген қателіктерін, отбасындағы сәтсіздіктердің түпкі себептерін ашуға талпынған. Бұған қоса лирикалық кейіпкер Еркештің өзімен бірге жылдар көшіне ілесіп келе жатқан Ботакөзге деген асыл сезімі әркез көңіліне нұр құйып келгендігін сыр етіп шертуі де әсерлі. Сөзімізді «Қазақ әдебиетінің тарихындағы» осы шығарма туралы: «... Қиян-кескі тартыс, орынсыз жәбір-жапа, табалағыш ой-сана жоқ. Повесть оқушы жүрегіне адамгершіліктің асыл мұратын екендей әсер қалдырады» [3, 132], — деп жазылған ойлар растап, толықтыра түседі. Расында, повестің осы тақырыптағы шығармалардан өзгешелігі мен жетістігі де осынысында.

Қиялыңды алысқа шарықтатып, жүрек түкпіріндегі нәзік қылдарды шертетін мұндай құдіреттің Ә. Нұршайықов шығармаларына тән екендігін «Ескі дәптер» лирикалық повесін

оқығанда да сезінгендей боламыз. Өйткені бұл да екі жастың алғашқы оянған махаббаты, жүректерінің үндесе соққан дірілі, уыз жастықтың тәтті арманы жайлы мұңды хикая.

Повестің кейіпкерлері — жетімдіктің жабырқау күндерін қатар кешіп, балалар үйінде тәрбиеленген, кейін «өмірдің бір нұрлы шағын да бірге өткізген» Кабира мен Әлкен. Екеуінің осы өмір жолы сатылай суреттеле отырып, олардың характерлерінің қалыптасу процесі жүйелі көрсетілген. А. Нағметов айтқандай: «Жасқаншақ, уайымшыл, жылауық» Кабираның оқуда озат, сезімге берік, қандай құбылысқа болса да парасаттылықпен қарайтын Кабираға дейінгі, қызбалау, жеңілтек, қызғаншақтау Әлкеннен салауатты жігіт, саналы студент Әлкенге дейінгі олардың өсу жолы көз алдымыздан өтеді» [6, 122].

Екі жастың осы есею белестері повесте күнделік түрінде баяндала отырып, лирикалық стильмен жазылған. Жалпы лирикалық шығармаларда оқиға мен кейіпкердің іс-әрекетінен гөрі, оның тебіренісі, ішкі қыры үлкен роль атқарады. Айталық, «Ескі дәптердегідей» жастықтың асқақ арманы мен ізгілікке іңкәрлік жайын жыр еткен О. Бөкеевтің «Қайдасың, қасқа құлыным?» атты повесінен де осындай даралық байқалады. Шығарма романтик, арманшыл, сезімтал кейіпкердің көзімен берілетін лиризмге толы. Автор оны кейіпкерді сөйлету, ойланту арқылы іске асырған. Яғни, идеялық салмақты образдың ойына, тебіренісіне түсіру лирикалық шығармаларға тән заңдылық. Мұндай «лирикалық кейіпкерге түсетін жүк ауыр. Әңгімесі дәмді шығу үшін ақылды, парасатты жанның шыншыл толғаныстары қажет. Ең бастысы — лирикалық кейіпкердің жан тазалығы, адалдығы, түйсінгіш интуициясы, өмір құбылыстарын дұрыс пайымдай алатын жітілігі, дүниетаным өрісінің биіктігі» [7, 71]. «Ескі дәптерде» лирикалық кейіпкер Әлкен — осындай жүк көтерген образ. Олай дейтін себебіміз, ол шығармадағы өмір суретін өз танымымен жеткізуші ғана емес, кейіпкерлердің табиғатымен, болмысымен оқырманды таныстырушы да. Бас кейіпкер Кабираның жан дүниесі адамгершілік пен әсемдікке толы екендігіне Әлкен тарапынан ыстық ілтипатпен айтылған сырлардан қанып отырамыз. Өмірдің қиындығы мен қызығын бөлісіп, достығы мен махаббатын сыйлай білген Кабираның асыл жанын, мінсіз көркін ардақтай сипаттауда Әлкен асқақ сөздерді ғана қолданып қоймай,

оның ар-инабатын, жақсы мінез бен жарасты қылығын, ақылдылығын дәлелдейтін іс-әрекеттеріне дейін сөз етуге тырысады. Мысалы, озат оқуы үшін берілген сыйлықтарын өзгелерге таратып беруі, кіші кластың балаларына қамқорлық көрсетуі, достарының сабағына болысуы, Әлкенге деген мейірбандылығы сияқтылар Қабираның бауырмалдығын, кішіпейілдігін, әділдігін дәлелдейтін детальдар. Әлкен сипаттаған Қабираны ойша барлап қарасақ, «Махаббат, қызық мол жылдардағы» Меңтай образына ұқсастық тапқандай боламыз. Қабира да Меңтайдай ана ақылын жадында түйіп өскен есті қыз. Әр мәселеге сабырлы да ақылды қалыппен қарап, албырт жас болса да дұрыс шешім таба біледі. Онысын өзіне ғашықтық көңілі мен ынтызар тілегін білдірген Әлкен мен мұғалім Нұржанға берген жауабынан байқаймыз.

Әлкен Қабираға деген сүйіспеншілік сезімін, оған тән жетістіктерді санамалай отырып, өз бойындағы осалдықтарды да ашып көрсетеді. Өзін сол биікпен салыстыра қарап, қызбалық, қызғаншақтық сияқты кемшіліктерін жасырмай сынап отырады. Мінезіндегі бұл олқылық ғашық адамның еркін билеп шатыстыратынын түсінгенімізбен, Әлкеннің өз-өзіне сын көзімен қарап, кінәратын мойындауының өзі адамгершілік, өнегелікке талпыну деп қабылдаймыз.

«Ескі дәптер» повесінде үлкен тартыс, шиеленіскен оқиға үстінде көрінетін кесек характер жоқ. Сондықтан мұнда кейіпкер болмысы қарапайым әдіс-тәсілмен ашылған. Бұл жазушының ең алғашқы көркем прозалық шығармасы болғандықтан шығармашылық шеберлігінің әлі шыңдалу үстінде екендігін аңғарамыз. Алайда шығарма мәнін ашып, тақырыбын айқындап тұрған түс повестің соңы, автордың ақырғы шешімі. Әдемі арман мен жарасымды махаббатты ойрандаған соғыс, Әлкеннің майдандағы қазасы, қайғы мен дертті болған Қабираның өлімі арқылы автор соғыс кесірінен қыршын кеткен талай аяулы жастың тағдырын көрсеткен. Ә. Нұршайықов жасаған Әлкен мен Қабира образы – жалқыдан жалпыны ұқтыратын кейіпкерлер. Әрі повестің белгісіз жастың аяқталмай қалған күнделігімен бітуінің өзі орындалмай қалған арман, ерте солған жас ғұмыр куәлігін алға тартқандай. Соғыс Қабира мен Әлкендей мың сан ғашықтардың махабатын қиратып, тағдырын сергелдеңге салды. Мұндай жай әдебиетімізде жеткілікті көрініс алды. Мысалы,

Ө. Қанахиннің «Дәмелісі», Ә. Кекілбаевтың «Бір шөкім бұлты», Н. Ғабдуллиннің «Кестелі орамалы», Ж. Молдағалиевтің «Торғай толғауы» сияқты шығармаларында соғыстың қарапайым адамдардың тағдырына қаншалық ауыр әсер еткені, талай жас ғұмырды қыршынынан қиғаны туралы сөз етіледі. Алайда әр шығарманың өзіндік әсер, берер қуаты бар.

Ә. Нұршайықов шығармаларының басым көпшілігі жастарға арналған. Басты кейіпкерлері — адамгершілігі мол, жаны сұлу жастар, оқиғасы — солардың тағдырлары, ал идеясы — әдемілік пен әдепті насихаттау. Бұл сөзімізге «Әсем», «Ботакөз», «Ескі дәптер» т.б. шағын лирикалық повестерінде сөз етілген тақырып, әр алуан тәсілдермен жасалған көркем образдар кепіл бола алады. «Ескі дәптердегі» Кабира мен Әлкен махаббат пен достыққа адал, сұлулыққа құштар, арманшыл жастар болса, жігіттің жан сұлулығынан гөрі көркіне қызығып опық жеген Ботакөз («Ботакөз»), қызықшылықпен жеңіл өмір сүріп ұлттық мінез, ата дәстүрді ұмытқан Әсем, оған қол ұшын берген Ақан образдары («Әсем») оқырманын салмақты ойға жетелейтін, даралық мінез танытатын кейіпкерлер.

Лирикалық шағын повестері үлкен тартыс, шым-шытырық оқиғаларға бай болмағанымен айтар өнеге, ішкі қуатқа толы. Кейіпкерлерінің өмірге құштарлығы, адамгершілік ізденістері, әсемдікке құмарлығы оқырманын елітіп, жанын марқайтары сөзсіз.

Ә. Нұршайықовтың лирикалық шығармаларының мақсаты — әсемдік пен жан сұлулығын, нәзіктік пен адал махаббатты, асқақтық пен асыл мұраттарды жырлау. Сондықтан да болар жазушы қаһармандарының жан сұлулығы, түр, пішін сұлулығынан жоғары болып келеді. Мұны автордың «Ботакөз» атты лирикалық повесінде жігіт сымбаттылығына қызығып, опық жеген ажарлы бойжеткен Ботакөз өмірінің ащы тәжірибесін ұсынуы, осындағы Еркеш болмысы, Ербол («Махаббат, қызық мол жылдар»), Асылгүл («Махаббат жыры»), Ғайнилардың («Ғажап адам») реңінен гөрі жан сұлулығын көтере суреттеуі байқатып тастайды. Шындығында, ауыр сын қысылшаң сәттерде де, махаббат пен еңбекте де Ә. Нұршайықов кейіпкерлерінің әрекеттері адамшылық биік өлшемдермен бағаланады. Өйткені жазушы шығармаларының пафосы адам жанының қуатына,

өмірсүйгіштігіне, әсемдігіне негізделген. Бұл да жазушының өзіндік бір сипаты.

Әрбір жазушының көркемдік-стильдік ізденістері қаһарманның ішкі әлемін ашуға қызмет етеді. Жалпы проза дегеніміз, О. Верггольцтің анықтауынша, «ішкі әлемді ашу» [8, 281] болса, адамның сол ішкі әлемі, дара психологиясы арқылы мұндай шығармаларда әлеуметтік кеңістіктің психологиясы көрініс алады. Жекелеген тағдырлар арқылы жалпы адамзатқа ортақ моральдық-философиялық категорияларды қозғайды. Негізінен 60-80 жылдардағы лирикалық шығармаларда кездесетін жақсы белгінің бірі әлеуметтік психологияны шебер көрсету болды. Осы жылдардағы қазақ повестерінің жанрлық-стильдік ерекшеліктерін қарастырған диссертациялық жұмысында С. Ақашева [9] адам психологиясын, оның характері мен адамгершілік ізденістерін әлеуметтік-адамгершілік аспектіде алып, күнделікті өмір ағымында зерттейтін шығармаларды әлеуметтік-психологиялық повестер қатарына жатқызады. Ә. Нұршайықовтың «Әсем», «Ескі дәптер» повестері де солардың қатарына еніп кетеді.

Тағы да бір айта кететін нәрсе, Ә. Нұршайықовтың лирикалық повестеріне тән тақырып — қаһармандықты, әдемілікті сөз ету. Сондықтан да болар ондағы лиризм романтикалық әдістермен тұтасып кетіп жатады. С. Әшімбаев айтқандай, романтикалық сипат та шығармаға қажетті түп қазықтың бірі екендігін, оның ерекше қуат, өр серпін, бұлқыныс беретіндігін [10, 59] Ә. Нұршайықов шығармаларын оқып отырғанда байқаймыз. Өйткені қаһармандық мұрат пен ерлікті суреттеу автордан лирико-романтикалық стильді талап еткен. Мәселен, «Махаббат жыры», «Ғажап адам», «Ер Төлеген», «Мәншүк әні» майдан жазбаларында қаһармандық-трагедиялық образдар қалың бояумен әсірелей көрсетілген. Образдың көңіл-күйін романтикалық көтеріңкілікпен беруі автор үшін азаматтық парыздың адамгершілік негізін, ерліктің мәнін ашуға көмектескен. Жазушы адамның соғыстағы ерлікке ұмтылысын рухани қажеттілік ретінде қарастырады. Отан үшін, жеңіс үшін өлімге бас тіккен азаматтардың ерлігін ұлылық, даралық, биік саналылық деп есептейді. Сондықтан да Ә. Нұршайықов қаһармандарының өлімі, трагедиялық халі жоғары адамгершілік мағынаға ие бола алған.

Ә. Нұршайықов соғыс кезіндегі немесе кейінгі ел өміріне ден қойған әлеуметтік-психологиялық шығармаларында сол жылдардағы оқиғаларды ғана сөз етіп қоймай, сол уақыттың тынысын, көңіл-күйін беруге де ұмтылыс жасайды. Оның «Әсем», «Ескі дәптер» повестері осындай шығармалардың қатарына жатады. «Ескі дәптерде» лирикалық кейіпкердің балалар үйінде жабырқау өткен балалық шағын, есею жолдарын, Қабираға деген ғашықтық сезімін, екеуінің асыл армандарын, ізгілікке құштарлығын эмоцияға беріле романтикалық көтеріңкілікпен баяндауы, бұған қоса автордың Қабира мен Әлкендей талай жастардың әдемі қиялын талқандап, трагедияға ұшыратқан соғысқа деген наразылығын білдіруі лиризмге толы. Бұдан көретініміз, лирикалық повесть тек лирикалық кейіпкердің ғана ішкі толқынысын емес, суреттеліп жатқан жайға автордың қатысын да білдіреді екен. Себебі лирикалық проза үшін негізгі нәрсе жазушының сезімі мен ойлауы болып табылады.

Шағын лирикалық повестерінде де «...Әзілхан Нұршайықов кейіпкердің жан-сырына үңілу, албырт сезімдерді аялау, қосалқылығы сезіліп тұратын детальдардан іргені аулақ салу, психологиялық толғаныстарды жеткізе суреттеу, сөйтіп шығарманың композициялық шымырлығын ширата беру сияқты көркемдік шеберлікті әбден меңгергендігін байқатты және жарқын келешекке шылбыр тастап отырды» [11]. Адам жанын лирикалық әдістермен ашу стилін көрсететін бұл повестерде жазушы жеке-леген тағдырлар арқылы бүкіл адамзатқа ортақ әлеуметтік-психологиялық, моральдық-философиялық категорияларды қозғай отырып, өз дүниетанымын алға тартады, дұрыс бағыт-бағдар сілтейді.

Жалпы жазушы шығармаларын саралап, салмақтап қарасақ, көркем шығарманың құндылығын оның көлемі емес, өнеге мен тағлымға толы мазмұны, образдық жүйесі, поэтикасы айқындайтындығына тағы да көз жеткіземіз. Бұдан түйетініміз, Әзілхан Нұршайықов шығармаларының көлемі аз болғанымен, айтары саз дүниелер.

Әдебиеттер:

1. Машковский И.И. Содружество добра и красоты. — Киев, 1986. — 70 с.

2. Четунув Н. В спорах о прекрасном. — М.: Сов. писатель, 1977. — 340 с.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.3. 2-кітап / Жалпы ред. басқ. профессор М. Қаратаев. — Алматы: Ғылым, 1967. — 663 бет.
4. Нұршайықов Ә. Таңдамалы. Екі томдық. — Алматы: Жазушы, 1980. — Т. 1. Роман мен повесть. — 520 б.
5. Бердібаев Р. Қазіргі қазақ прозасындағы замандас тұлғасы. — Алматы: Қазақстан, 1968. — 85 бет.
6. Нағметов А. Қазіргі қазақ повестері және олардың жанрлық проблемалары: филол. ғылымд. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс. — Алматы, 1974. — 178 бет.
7. Майтанов Б. Қазақ прозасындағы жас замандас бейнесі: филол. ғылымд. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс. — Алматы, 1977. — 159 бет.
8. Вергольц О.Ф. Против ликвидации лирики. В кн: Разговор перед съездом. — М.: Сов. писатель, 1954. — 340 с.
9. Акашева С.С. Жанрово-стилевые особенности современной повести Казахстана: дисс. ... канд. филол. наук. — Алматы, 1991. — 167 с.
10. Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық: Әдеби-сын мақалалар, портреттер. — Алматы: Жазушы, 1985. — 248 бет.
11. Кәкішев Т. Шынайы өмір жыршысы // «Қазақ әдебиеті», 1992, 4 желтоқсан.

ӘДЕБИЕТТЕГІ АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕСІ

Коғамдағы моральдық атмосфераны қалыптастыруда әдебиеттің маңызы қандай зор болса, әдебиеттің құндылығын көтеруде моральдың да орны ерекше. Сондықтан да болар ерте дәуір әдебиетінен бері келе жатқан асыл парыз — адамның адамгершілігін асқақтата жырлау. Адамзаттың асқақ армандар жолындағы күресін, парасатын, жан дүниесінің сырын шерту — көркем әдебиеттің әріден келе жатқан басты мұраты. Бұл мақсат ешқашан да өз маңызын жоймақ емес, қайта күн өтіп, заман өзгерген сайын оның мәні арта түседі. Себебі, қай кезде де әдебиеттің негізгі нысаны — адам, оның ішкі әлемі. «Шын мәніндегі әрбір әдебиет үшін, егер ол — әдебиет, яғни адамтану болса, онда адамгершілік ізденістердің болуы міндетті» [1, 319]. Онсыз көркем шығарманың тәрбиелік мәні, эстетикалық мұраты ақсайды. Әдебиет қай кезеңде де жақсылық пен игі істерді, адам бойындағы адамгершілік қасиеттерді жырлады. Көнеден көш тартқан ауыз әдебиетінен бастап бүгінге дейінгі әдебиеттің қызметін таразылап қарасақ, ең әуелі адамның ой-арманын, ізгі мұраттарын, жақсылық үшін зұлымдықпен күресін, адамгершілік сезімдерін көрсетуге деген ұмтылысты пайымдаймыз. Мәселен, табиғаттың қара күшімен алысқан қаһармандарды суреттейтін ертегілер, туған жерін сырт жаудан қорғау үшін шайқасқан Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын сынды баһадүрлердің ерліктерін жырлайтын эпостық жырлар, адам жанына рух пен ізгілік нәрін сепкен Бұхар жырау, Төлеби, Қазыбек би, Әйтеке би, Махамбеттей бабаларымыздың жалынды жырлары мен шешендік сөздері, нақыл өсиеттері жоғарыда айтылған тұжырымның дәлелсіз еместігін айғақтаса керек. Сондай-ақ шетел, орыс, қазақ халықтарының классикалық әдебиеттеріне жүгінсек те мораль, адамгершілік қасиет қоғамдық терең мағына алған. Айталық, Шекспир мен Диккенс, Мольер мен Бальзак, Гете мен Шиллер, Салтыков Шедрин мен Достоевский, Толстой мен Гоголь, Әуезов пен Айтматовтар өз шығармаларында адамның сұлулығын, жоғары адамгершілік сапаларын әспеттеу арқылы өшпес образдар жасап, өз заманындағы моральдың кө-

кейкесті жақтарын сөз еткен. Бұдан классикалық әдебиетіміз гуманизм, мораль, ар-ождан мәселелерін ту етіп көтере отырып жетілгендігін көреміз. Әрі С. Әшімбаевтың: «Әдебиет... өз заманының саяси-әлеуметтік жағдайына сәйкес моральдық және рухани жағынан өсуі мен өзгеруінің, кері кетуі мен кемелденуінің таразысы әрі айнасы» [2, 50], — деген тұжырымын құптаймыз.

Әдебиеттің аксиологиялық аспектісі болып табылатын адамгершілік жайы уақыт өткен сайын жаңа ізденістермен жаңғырып келе жатқан өміршең де мәнді мәселенің бірі екен. Моральдық-этикалық бұл категорияның қай кезде де әрбір жазушының шығармаларында өзекті мәселе болғандығын жоғарыдағы мысалдардан көрдік. Шындығында, оның қат-қабатына үңіліп сөз ету қоғам үшін де, әдебиет үшін де басты қажеттілік. Олай дейтініміз, ол ұғымға адамға тән жағымды қасиеттердің бәрі де енеді. Айталық, жолдастық, достық, ерлік, жауапкершілік, сүйіспеншілік, мейірімділік, кішіпейілділік, әдептілік, әсемдік, жақсылыққа құштарлық, жамандықтан жирену т.б. Ал бұлар адамның әрбір іс-әрекетінен, қарым-қатынасынан, ой-түйсігі мен ізгілік қасиеттерінен көрініс тауып, адам жанының сұлу болмысын айғақтамақ. Осы сұлулықты бейнелеуге ұмтылыс қай кезде де көркем шығарманың басты мұраты болып келген. Себебі өмірдегі қоғамдық-әлеуметтік, тұрмыстық мәселелердің бәрі де ең алдымен адамгершілікке, ар-инабатқа байланысты дұрыс шешімін таппақ. Француз жазушысы Франсуа Мориактың да қоғамға ең алдымен моральдық тұрғыдан қарауының мәні осында болса керек. «Махаббат шөлі», «Треза Дескейру», «Агнец» романдарында адамның жалғыздығы мен адамгершілік ізденістері, қоғамды рухани құлдыраудан құтқару идеясын көтеруі Мориактың моралист жазушы екендігін танытады. Осындай ірі суреткерлердің шығармаларына ден қойсақ, «...гуманист жазушының қашан да көздейтін мақсаты адам характерін өмірдің әртүрлі жағдайында зерттеп, адамгершілік сезімнің тазалығына баса мән беру» [3, 278], — екендігін ұғынамыз.

Ірі классиктер жол салған адамды моральдық тұрғыдан жан-жақты зерттеу тенденциясы — күні бүгінге дейін созылып келе жатқан күрделі әдеби құбылыс. Бұл мәселеге қаламгер мейлі этикалық, мейлі эстетикалық көзқараспен қарасын, әйтеуір адам жанының байлығы мен сұлулығын, адамгершілік болмы-

сын қоғамдық өмір шындығымен әртүрлі байланыста ала отырып ашуға ұмтылады. ТМД әдебиетіндегі адамгершілік ізденістерді сөз еткенде ауызға алғаш Ю. Трифонов, В. Астафьев, В. Шукшин, В. Белов, В. Быков, В. Распутин, С. Залыгин, В. Можаяев, Ф. Фоменко, И. Друце, Г. Матевосян, М. Слуцкис, В. Лама, Ш. Айтматов, И. Байтемірова, Т. Сыздықбеков, А. Мұхтар, Ш. Рашидов, Б. Қербабаяев, Х. Дерьяев, Б. Құдайназаров, А. Атажанов, Қ. Шамшиев сияқты жазушылардың есімдері оралады. Олардың шығармаларында жиырмасыншы ғасырдағы кеңестік дәуір адамының ішкі рухани дүниесінің қалыптасуы психологиялық шеберлікпен берілген. Әр адамның басындағы адамгершілік асыл қасиеттерімен қоса, қоғамдық моральға жат мінез-құлық элементтері де сынға алынып, дара көркемдік шешімін тапқан.

Түрікменнің әдебиет зерттеушісі Ы. Жанымқұловтың: «Қайсыбір адамның адамгершілік қасиеттерін таразылап көру үшін ең алдымен оның еңбекке деген көзқарасын, ұжымдағы қарым-қатынасын, қоғамдық игіліктерге, сондай-ақ махаббат пен отбасы мәселелеріне көзқарасын басты назарда ұстау керек» [4, 3], — деп айтқанындай, кейіпкерлерін өмірдің әртүрлі саласында сынға салып, олардың парасатын, интеллектісін, адамгершілік қасиеттерін психологиялық тереңдікпен көрсетуге деген ұмтылыс Кеңестік дәуірдің 60-70 жылдары қазақ әдебиетінде де үлкен нәтиже берді. Замандастың рухани әлемін, характерін бейнелеудің көркемдік тәсілдері жетіліп, соны ізденістер аясы кеңіді. Заман келбетін танытатын кейіпкерлерін өмірдің әртүрлі саласында сынға салып, олардың парасатын, интеллектісін, адамгершілік қасиеттерін психологиялық тереңдікпен көрсетуге деген ұмтылыс Кеңестік дәуірдің 60-70 жылдары қазақ әдебиетінде де үлкен нәтиже берді. Замандастың рухани әлемін, характерін бейнелеудің көркемдік тәсілдері жетіліп, соны ізденістер аясы кеңіді. Бұған М. Әуезовтің «Өскен өркен», З. Шашкиннің «Сенім», З.Қабдоловтың «Жалын», Т. Әлімқұловтың «Ақ боз ат», І. Есенберлиннің «Ғашықтар», Р. Тоқтаровтың «Бақыт», С.Шәймерденовтің «Көкмұнар», Ә. Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романдары, Ж. Жұмақановтың «Келіншек», Ә. Әлімжановтың «Тоғысқан тағдырлар» повестері т.т. дәлел. Бұл шығармалардың қай-қайсысына да кейіпкердің жан дү-

ниесіне терең үңілу, адамдық болмысты жаңа қырынан ашу жолындағы ізденістер тән. Бұдан адамның күрделі табиғатын зерттеу көркем әдебиеттің қай кезде де басты мақсаты болғандығын көреміз.

О бастан-ақ әдебиеттің дінгегі ретінде күн тәртібінен бір елі түспей, қайта күн ілгерілеген сайын жаңа көркемдік тәсілдермен шешімін тауып келе жатқан адамгершілік, мораль мәселелері әдебиеттану ғылымында да өзекті тақырып болып келеді. Шығарма мейлі тарихи тақырыпты қамтысын, мейлі бүгінгі күн өмірін арқау етсін бәрібір жазушы идеясының түп қазығы болған мораль мәселесі, қаһарманның адамгершілік келбетінің прозадағы көрінісі талай жылдар бұрын-ақ бірқатар ғылыми еңбектерде сөз болғанмен уақыт озған сайын әр қырынан қарап, жекелеген жазушылардың осы тұрғыдағы соны ізденістерін барлап, жаңа идеялық-көркемдік өзгешеліктердің әдебиеттегі көрінісін қадағалап отыру, яғни кейіпкердің жан дүниесі мен адамгершілік ізденістерін ашудағы қаламгердің шеберлігін сөз ету әдебиеттану ғылымының негізгі міндеті. Бүкіл адамзаттың гуманистік қасиетіне баса назар аударылып отырған заманда мәнді де мәңгі бұл тақырып қай әдебиет өкілдерін болсын бейжай қалдырмаса керек. Тел өсіп, қатар дамыған туысқан, көршілес халықтардың әдебиеттану ғылымындағы осы мәселе төңірегіндегі ізденістер бұған дәлел. Бұл ретте арнайы ғылыми-зерттеу жұмыстарының көбейе түсуі осы мәселенің әдебиет сыншыларының басты зерттеу нысанына айнала бастағандығын көрсетеді. Оларды жіктеп қарасақ, бір тобы классик жазушылардың моральдық-философиялық ізденістерін, шығармаларындағы әсемдік пен адамгершілік үйлесімін сөз етсе, біразы Ұлы Отан соғысы жайындағы прозада көтерілген адамгершілік мәселесін патриоттық, ұлттық және жалпыхалықтық сезімдермен диалектикалық бірлікте қарастырады, ал енді бір алуаны замандастың рухани әлеміне арналады. Осыншама зерттеулер 60-70 жылдары-ақ әдебиетшілердің басты назарына іліне бастаған адамгершілік ізденістердің жыл өткен сайын өзектілігі арта түсетін күрделі де қиын тақырып екендігін айғақтайды. Расында, Э. Межелайтис айтқандай: «Адамның ішкі дүниесіне тереңрек үңілген сайын оның анағұрлым күрделі екендігіне көз жеткіземіз. Адам жаны неғұрлым тереңрек суреттелсе шығарма да күрделі бола түседі» [5, 188].

Замандас бейнесі мен оның рухани әлемінің әдебиетіміздегі көрінісіне қазақ әдебиет зерттеушілері де бірқатар еңбектер арнады. Ғалымдарымыз өз зерттеулерінде негізінен қоғам мен қазіргі адам арасалмағын, рухани-адамгершілік мұраттардың көркем әдебиеттегі әр алуан көрінісін ғылыми тұрғыда талдаған. Сондай-ақ белгілі бір жылдар аралығында жарық көрген шығармалардағы замандас образын, олардың заманға сай моральдық бет-бейнесін, мінезінің адамгершілік сипатын бейнелеудегі жазушы шеберлігі Б. Уақатов, Ж. Дәдебаев, Қ. Әбдәзұлы, Б. Майтанов, Т. Бекниязов, С. Қалқабаева т.б. ғалымдардың ғылыми жұмыстарында қарастырылады. Бұлардан пайымдайтынымыз, көркем прозадағы қазіргі дәуір адамы мен оның рухани адамгершілік ізденістері әдебиеттануда азды-көпті сөз етіліп, ғалымдарымыздың назарын аударып түскенімен адам жаны диалектикасының әдебиеттегі сыр-сипатын әлі де жан-жақты қарап, көңіл бөлетін жайттар баршылық. Әсіресе жеке суреткерлер кейіпкерлерінің бойындағы заман рухына лайық болмыс, бітім, адамгершілік сапаларын көре білу, оны бейнелеудегі тың идеялық-көркемдік ерекшеліктері мен стильдік ізденістерін айқындай түсу аса қажет.

Осы тұрғыдан қарағанда жан дүниесі жарқырай көрінетін адал, парасатты, өрелі замандастың көркем бейнесін мүсіндеген гуманист-жазушы Ә. Нұршайықовтың шығармалары да бүгінгі күннің қажеттілігіне айналған құнды дүниелер дер едік. Жазушының қандай шығармасын алсаңыз да басты кейіпкерлерінің жан иірімінен аңқып тұрған адалдықты, мөлдіреген рухани тазалықты бірден аңғарасың. Шығарманы оқып отырып, өзің де сол адамдардай парасат иесіне айналғың келеді. Бүгінгі замандастардың бойынан сондай асыл қасиеттерді іздей бастайсың. Өйткені оның кейіпкерлерінің бойындағы адалдық, кішіпейілдік, мейірімділік, әдептілік; отаншылдық, ерлік, көпшілдік, достыққа, махаббатқа тұрақтылық қазіргі жас ұрпаққа үлгі боларлық асыл қасиеттер.

Өмірдің өзінен алынып, жазушының эстетикалық талғамы мен шеберлігі нәтижесінде ерлік пен адамгершіліктің ғажап үлгісіне айналып, халыққа қайта ұсынылған Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Хамза Ақжолов, Махмет Қайырбаев, Мәншүк Мәметова т.б. образдары жазушының оқырманды

қаһармандық рухта тәрбиелеу, игі мұраттарға жетелеу ниетінен туған. Жазушы кейіпкерлерін оймен шолып қарасақ, азаматтық бейнесі мен адамгершілік қасиеттері жағынан бірінен-бірі асқақтай көрінетін халқымыздың ардақты ұлдары мен қыздарын көз алдымызға елестетеміз. Бұдан жазушылық мақсаты өнегелі азаматтардың өмір жолын, елге еткен еңбегін жазып, бүгінгі күннің тарихын болашақ үшін айқындап беру екендігін ұғына түсеміз. «Әзілхан Нұршайықов ұлт өмірін төменгі бұқара халықтың деңгейінен де жоғары – ұлы қайраткер тұлғалардың деңгейінен де зерттеген адам. Және өмірдің ыстық-суық мәселелерін ар-инабат көзімен көруге төселген қаламгер. Ол ізгілік пен жауыздық, ерлік пен ездік тақырыбына жазды» [6]. Бұдан біз қаламгердің биік моральдың жақтаушысы, адамдық асыл қасиеттердің жанашыры екендігін көреміз.

Әзілхан Нұршайықов шығармаларын шолып қарасақ, онда қайсарлығымен, үлкен адамгершілігімен, жан сарайының көріктілігімен оқырман жүрегінен жылы орын алатын кейіпкерлер баршылық. Жазушының сүйікті де кесек сомдалған қаһармандары – Бауыржан мен Мәліктер Алатаудай алып тұлғаларымен асқақтықты танытса, Ербол мен Меңтай образдары инабаттылығымен, әдептілігімен оқырманын сүйсінтеді. Хамза мән Әділжанды алсақ, бірі – мүгедек, екіншісі – зағип болса да өмірге күштар, қиындыққа төзімді, еңбексүйгіш жандар, ал Асылгүл мен Биғайша қайырымды да қамқор іс-әрекеттерімен жағымды. Мәншүк Мәметова, Ыбырайым Сүлейменов, Төлеген Тоқтаров тағы басқа бір топ майдандас достарының образдары отаншылдығымен, елсүйгіштігімен ерекшеленеді.

Ә. Нұршайықов кейіпкерінің іс-әрекеттері ауыр сын сәттерде де, махаббат пен еңбекте де биік адамшылық өлшемдермен бағаланады. Өйткені жазушы шығармаларының пафосы адам жанының рухани қуатына, өмірсүйгіштігіне, әсемдігіне негізделген. Мұның өзі жазушы шығармашылығының өзіндік сипатын танытады.

Әрине, жазушы өз шығармаларына арқау болған тарихи тұлғалар өмірінің шындығын құжаттар, деректер негізінде баяндай салмаған. Әртүрлі көркемдік тәсілдер арқылы типтік образ, нанымды характер жасап, қаһарманның ішкі әлемін көр-

сеткен. Тіпті деректі материалдардың өзін көркем образдың жан дүниесін танытатын құрал ретінде пайдаланған.

Әзағаң — қаһармандарының ішкі әлемін ашуда көркемдік-стильдік тұрғыда көп ізденіс танытқан жазушы. Шығармаларында көркем образ сезімінің иірімдерін, характердің қалыптасуын көрсетуде психологиялық суреттеу принциптерін, монолог пен диалогты әртүрлі жолмен кеңінен пайдаланған. Мұның бәрі де авторлық идеядан туындап, кейіпкердің ақыл-парасатын, адамгершілік қасиеттерін аша түскен.

Адамгершіліктің жыршысы атанған Әзағаң өз кейіпкерлерінің асқақ рухын, қыры мен сыры мол жан дүниесін алуан түрлі көркемдік тәсілдермен айқара ашып көрсету арқылы оқырманның көкірегіне ізгілік дәнін егіп, аппақ армандар әлеміне жол нұсқайды. Деректі материалдарды, өмірлік ащы тәжірибені негізге ала отырып жазған шығармалары өнегесі мол көркемдік шындыққа айналады. «Махаббат жыры», «Махаббат, қызық мол жылдар», «Ақиқат пен аңыз», «Тоғыз толғау» тағы да басқа көпшілікке танымал шығармаларында мейлі ерлік, мейлі махаббат жайы сөз етілсін — негізгі оқиғалар жүйесі адамгершілік арнасынан өрбіп, сол арнадан лайықты шешімін тауып жатады. Шын мәнінде, ерлік те, сүйіспеншілік те осы асыл қасиеттен бастау алады. Адамдардың қадір-қасиеті олардың адамгершілік пен арға, махаббат пен парызға деген көзқарасына қарай бағаланатыны даусыз. Олай болса, замандастың ішкі әлемінің парасаты мен азаматтық бет-бейнесінің өмірдегі арман-мұратының көрініс табуы әдеби шығарманың биік мақсаттылығын айқындай түседі. Уақытпен сабақтас бұл тақырып бүгінгі таңда да ең өзекті мәселелердің бірі. Өйткені рухани азықтан гөрі мүкәммал дүниеге қызығушылық белең алып отырған нарықтық қатынастар кезінде замандастарымыздың рухани құлдырауына ара түсе алатын бірден-бір идеологиялық құрал әдебиет болуға тиіс. Оның мәнісі, көркем әдебиеттің санаға сіңіп, көңілге орнығып қалатын тәрбиелік қуатына еш нәрсенің тең келмесі аян.

Сөз түйінінде айтарымыз, адам баласының бойындағы асыл қасиеттердің бірі — адамгершілік болса, осы асылды жырлап, адамның табиғаты мен тылсымға толы жан дүниесін зерттеуге бағытталған Әзілхан Нұршайықовтың шығармалары қай кезде де құндылығын жоймақ емес.

Әдебиеттер:

1. Кузнецов Ф.Ф. Размышление о нравственности: Кн.публицистики. — М.: Сов. Россия, 1979. — 411 с.
2. Әшімбаев С. Сын мұраты: әдеби сын. — Алматы: Жазушы, 1974. — 247 бет.
3. Сыдықов Т. Мұрат пен міндет: әдеби-сын мақалалар. — Алматы: Жазушы, 1987. — 318 бет.
4. Жанымкулов М. Нравственный облик современника в туркменских романах семидесятих годов: автореф. дисс. на соиск. учен. степени канд. филол. наук. — Ашхабад, 1987. — 24 с.
5. Межелайтис Ә. Контрапункт. Лирическая проза. — М.: Известия, 1972. — 448 с.
6. Елеуенов Ш. Ерлікке жаралған ұрпақ жазушысы // «Қазақ әдебиеті». 1992, 4 желтоқсан.

**ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДЕБИ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

Қазақстанның халық жазушысы, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Зейнолла Қабдолұлы Қабдолов — көркем сөздің ел таныған майталман шебері, әдебиеттің ірі қайраткері. З. Қабдолов көркем әдебиеттің дамуына қосқан үлкен үлесі үшін, көркем шығарма жазудағы табысы үшін еңбегіне сай халық жазушысы атанды. Ол — әдебиеттану ғылымына, оның ең бір күрделі саласы — әдебиет теориясына зор үлес қосқан ғалым. Әдебиеттану саласында ұзақ жылдар бойы өнімді еңбек етіп, алдымен ғылым кандидаты, онан кейін ғылым докторы ғылыми дәрежесін алу үшін арнайы диссертациялық еңбек жазып қорғады. Әдебиет теориясы саласындағы жазған, жарияланған еңбектері жоғары бағаланып, Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, онан соң толық мүшесі — академигі болып сайланды.

З. Қабдолов 1927 жылы 12 желтоқсанда Атырау облысында туған. 1945 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, 1950 жылы үздік дипломмен бітіреді де, осы білім ордасында үздіксіз ұстаздық және ғылыми жұмыстар атқарады. Ұстаздықтың алуан сырлы жарқын өнегесін танытқан оның бұл саладағы гибратты еңбегі — ұстаздардың өтуге тиісті педагогикалық мектебі десе де болғандай. Республикамыздың ең үлкен, белді ғылым мен білім ордасы — әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің білікті профессоры қызметін атқара жүріп, көптеген шәкірттеріне ғылыми жетекшілік етіп докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғатты. Бүгінде өзінен кейінгі

талай әдебиетшілер, жазушы, сыншы, журналистер академик-жазушыны тәлімі мол ұстаз тұтады.

3. Қабдолов — қазақ әдебиеттану ғылымының аса көрнекті өкілі, үлкен ғалым. Жоғары мектептегі әдебиет теориясын оқытудың, әдебиеттану ғылымының негіздерін оқытудың басты әдіснамалық бағыттары З. Қабдоловтың әдебиет теориясы мектебінен өріс алған. 1970 жылы жарық көрген «Әдебиет теориясының негіздері» атты жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы студенттерді әдебиет туралы білімнің негізімен сусындатып келеді. Бұл кітап қазақ әдебиеттану ғылымында, әсіресе әдебиет теориясы саласында үлкен жетістік деп бағаланған, ғылыми жаңалығы мол қомақты, іргелі зерттеу болды. Оның айрықша құндылығы көркем әдебиеттің табиғатын, оның өмірмен жалғастығын, қазақ сөз өнерінің ұлттық сипат-ерекшелігін ғылыми тұрғыдан терең ашып беруінде, теориялық қағидаларды, көркем шығармаларды үлкен талғампаздықпен танып, нақтылы талдау жасай білу шеберлігінде болатын. Бұл еңбек 1976 жылы «Сөз өнері» деген атаумен өңделіп, толықтырылып екінші рет басылды. Бірнеше рет қайта басылып шыққан «Сөз өнері» атты оқулық студенттердің жастана оқитын аса бағалы, құнды кітабына айналды.

«Сөз өнері» әдебиет әлемінің бар сырын ашып, сөз өнерінің басқа өнер салаларынан артықшылықтарын дәйекті пікірлерімен дәлелдейді, әдеби туындыдағы эстетикалық пайымға да диалектиканың жан-жақтылығымен қарайды. Ондағы жүйелі теория, нақты айқындаулар, дәлелді, негізгі толғам, тұжырымға жол ашады.

Зейнолла Қабдоловтың «Жанр сыры», «Әдебиет теориясының негіздері», «Жебе», «Сөз өнері», «Мұхтар Әуезов және оның әсемдік әлемі», «Арна», «Көзқарас» атты монографиялары мен зерттеу еңбектері әдебиеттану ғылымы мен сынының дамып, жетілуіне кәсіби деңгейге көтерілуіне үлес қосты.

Академик З. Қабдоловтың есімі қалың оқырманға жазушы ретінде де кеңінен таныс. «Ұшқын», «Жалын» романдары 1972 жылы Бүкілодақтық жұлдеге ие болды. «Менің Әуезовім» (1997) роман-эссесі үшін жазушы З. Қабдолов ҚР Мемлекеттік сыйлығына ұсынылып, 1998 жылы аталған сыйлықтың лауреаты атанды.

Әдебиетімізді әлемдік деңгейге көтерген халқымыздың саңлақ суреткері, ғұлама ғалым М. Әуезовтің өмір жолы мен шығармашылық өнерін зерттеп, дәріптеуге сан жылғы ғалымдық ізденісі мен жазушылық еңбегін, күллі ұстаздық ғұмырын арнаған академик-жазушы Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі қазақ әдебиетіне қосылған қомақты дүние. Ұзақ жылдар бойғы ізденістің қорытылған нәтижесі көрініс тапқан бұл еңбекте кемеңгер ұстаз, ақыл-ойдың кені ғұлама ғалым, көркем сөздің хас шебері М. Әуезовтің әдеби бейнесі мен адамгершілік тұлғасын жан-жақты жарқырата таныту мақсатын биік деңгейде орындаған. Кейіпкері тарихи тұлға болғандықтан көркем шығарма жанрын өмірлік деректерге сүйеніп жазылатын роман — эссе деп анықтап алуы ірі тұлға болмысын әрі ғалымдық көзқарас, әрі жазушылық дүниетаным тұрғысынан сомдауға көп мүмкіндік берген. Содан болар мұнда көркем әдебиетте қалыптасқан белгілі соқпақтардан бөлек жаңаша әдіс, тың болжам, батыл ой түйіндеулер көбірек орын алған. «Бүкіл роман жазушы Қабдоловтың ішкі толғанысы мен өзіндік көзқарасы арқылы өріліп отырады. Әуезов өмірінің суреттері жан-жақтан күйылған бұлақ тәрізді, бірте-бірте «үлкен көлге айналып, бай мазмұнға айналады». [1, 67]

Әуезов өмірінің жарқын шақтары мен бұралаң соқпақты кезеңдеріне жете қанық, әрі оның көркем дүниелерінің тылсымына терең бойлаған жазушы бұл шығармада баяндайтын оқиғаларды асқан сарабалд көңілмен сұрыптайды. Бала Мұхтардан дана Мұхтарға дейін қалыптасу кезеңдеріндегі ең маңызды мәселелерді қамтиды. Бітімі өзгеше бұл туындыда эссеист өзінің аңғарғанын, көрген-білгенін, сезген-түйгенін ешбір бүкпесіз қаз-қалпында баяндай отырып, өмір материалын өнер дүниесіне айналдырады. Дәл осы шеберлік оқырман көкейіне қонып, көңілін қозғап, таным көкжиегін кеңейте түседі.

Талапты жастың әдебиетке құштарлығын оятып, оны ғұмырлық сүйікті кәсібі етуге септігі тиген Әуезовтей дара тұлғаның жүрегінде із қалдырған өшпес бейнесін көркем образға айналдыруы шынайы әрі нанымды шыққан. Алғашқыда көне дүние философтарының ойларына бойлатып, әлем әдебиеті классикасының сырына қандырып, Абай поэзиясының тереңіне сүңгітіп, студент санасын өсірер ғажайып дәрістерімен елітіп әкеткен

талантқа тамсанып жүрген шәкірт Зекең, кейін келе ұстазының жанын да, зарын да ұға білетін, көп нәрсені айтпай-ақ түсінетін серігіне айналады. Ұстазымен бірге ойланып, ұстазымен бірге толғанады. Ұстазы жүрегінен өткізген сызды өз жүрегінен өткізеді. Екі жүрек тұтастыққа айналып, екі ой бір арнаға тоғысып жатады. Үкімет үйінің кең мәжіліс залында М. Әуезовтің жазушылық, ғалымдық қызметін үш күн бойы талқылап, нақақтан қаралап жатқанда дарабоз суреткердің қарсыласа алмай діңкесі құрыған сәттерінің куәсі болғандығын психологиялық суреттемелермен беретін тұстар бұған дәлел. «Талай әкесін сабағанды көріп едік, бірақ арбаға таңып қойып сабағанды көргенім осы» депті ғой біреу. Дәл сол секілді Әуезовті төрге — орталарына отырғызып алып, шетінен Мұқалап — «мәпелеп» — төпелеп жатыр» [2, 110], — деп жазады пайғамбардай қастерлеп жүрген ұстазын «аяусыз сабалап жүндей түткен» Сәмсүгір Сүршин, Қарабұжыр мен Шикілсарылар сияқтыларға налып. Кеше ғана қаптап досы боп жүргендердің бірі де шолақ белсенді партократтардың жаласынан арашалап қалатын жанашыр бола алмағаны аңғарымпаз шәкірттің жанын қынжылтады. Талант пен тобыр арасалмағын таразылайды. Ойы мен эстетикалық талғамы төмен тобырдың Әуезовті ұлтшыл деп, «Абай» романын большевизм идеясына жат шығарма деп тануы — талантқа тұсау салу әрекеті болғандығы анық. Белгілі бір кезеңдегі өмір шындығын танытатын осындай жағдайлар роман-эсседі едәуір мол. Суреткер өмірінен алынған мұндай деректер талант тағдыры — қиын тағдыр, тар да тайғақ жол болғандығын нанымды көрсетеді.

Роман-эссе кейіпкері — шығармашылық тұлға, жан-жақты дарын иесі. Сол себепті автор М. Әуезовтің суреткерлік шеберлігін таныту мақсатында оның көркем прозасын пайдаланса, ал енді ғалымдық дүниетанымын танытуда Абай поэзиясы туралы жазған пікірлерін, ғылыми еңбектерін нақты материал көзі ретінде қолданған. Жазушының шығармашылығы ғұмырнамасымен астарласа суреттелген. Қаламгердің өнері өмірінен өніп, өрбіп отырады. Мұны «Абай жолы», «Қыр суреттері», «Еңлік-Кебек», «Қаракөз», «Қорғансыздың күні», «Ескілік көлеңкесінде», «Қилы заман» сияқты халқымыздың тағдыры мен қасиеті баяндалатын шығармалары жайын сөз еткен тұстардан байқаймыз. Мәселен, «Абай жолы» сияқты дүние жазуға апарған негізгі жол — бала

жасынан Әуез атасының Абай өлеңдерін жаттатып, өмірге Абай көзімен қарауға тәрбиелеуінде жатқанын романда баяндалатын бала Мұхтар басынан өткерген өмір көріністері растап отырады. Абайды Мұхтардың алты жасында алғашқы әрі ақырғы көру сәті, ақын ағаның мейірімді жүзі мен ғұмыр бойы санасына арай шашқан жігерлі сөзін еске алатын тұстары сыршыл сезімге толы. Мұхтарды бала кезінде Абайшыл еткен атасы Әуез болса, ер жете келе Абай әулетіне жақындатқан, ол туып-өскен жерге ғашық еткен ағасы Қасымбек болды. Ағалы-інілі екеуі «Абай-аға шыққан қырға шығып, Абай-аға түскен ойға түсіп» сайын далаға бұрынғыдай бала Мұхтарша емес, ақын Абай көзімен қарады. Абай өлеңдеріндегі сұлу суреттердің тууына түрткі болған табиғаттың тылсым сырын ұқты. Болашақ жазылатын көркем дүниелерінің бастауы мен қайнар көздерін тапты. Сонымен қатар ол өзі туған топырақтағы ертегі-аңыз, қилы тағдырлар деңгейінде қалмай, аса талантты ақын жанының тереңіне үңіліп, «әлемдік әдеби классиканың күнес биігіне қарай батыл адымдады». Романда «Абай жолы» эпопеясындағы образдар галереясының түзілуі туралы соны пікірлер мол кездеседі. Әсіресе әйел жанының ішкі күйзелісін, болмысының нәзік те сұлулығын танытқан Ғазиза, Қарагөз, Тоғжан образдарының қазақ қыздарына тән сұлулық символына айналуына Мұхтардың сүйікті жары Абайдың немересі, Мағауия қызы Қәмила сұлудың себепші болуының өзі өмірдің өнердегі көрінісі екені рас. Сондай-ақ Мұхтар өмірде тағдыр қосқан үш әйелінің үш түрлі көркем туындысын — Қәмиланың «Қарагөзді», Райхан мен Валентинаның «Үйлену» мен «Сөніп-жануды» — жазуына себепкер болғаны да қызықты дерек. Шығармада суреткер өмірінің өнер мазмұнына айналғандығын дәлелдейтін мұндай деректерді айта келе, жазушы: «Құнанбай мен Абай — бәрінен бұрын Мұхтардың өзі. Бұлар ғана емес, сайып келгенде «Абайдағы» күллі кейіпкердің күллі сезімі мен сыры, ақылы мен ойы, парасаты мен философиясы — бәрі Мұхтардікі. Әуезовтікі!» [2, 200], — деп түйіндейді.

Абай мен Мұхтар болмысының ұқсастығы мен тұтастығын әркез ұмытпай жаса отырып, Әуезовтің фәни жалғанға келгендегі басты қызметі — Абай туралы эпопея жазып, Абай арқылы қазақ халқының өмірі мен тағдырын, сұлулығы мен ұлылығын көрсету болғандығына нандырады. Бұл тұста «Абай жолына»

берілген халықтың бағасын, Әуезовтің өз сөзін дәл қалпында келтіріп, ол пікірлерді автор өзінің әдеби, сыни пайымдауларымен толықтырып отыруы эссеисттің қарымды қаламгер, зерделі ғалым екендігін мойындатады. Туындыда автордың өз бейнесінің көрінуі баяндаушылық қызметті ғана атқармайды, кейіпкердің табиғатын ашуға, дара тұлғаның болмысын шеберлікпен мүсіндеуге бағытталған.

Шығарма тілі көркем, образды ой айшықтарына толы, аз сөзбен көп мағына беру тәсілдерімен ерекшеленеді.

Қазіргі қазақ прозасында М. Әуезов бейнесін сомдауға ұмтылған шығармалар аз емес. К. Оразалиннің «Абайдан соң», «Абайдан соңғы арыстар» романдары, Т. Жұртбаевтың «Бесігінді түзе» толғау-романы, Д. Досжановтың «Алыптың азабы» деректі романы т.с.с. жазылу стилі жағынан бірін-бірі қайталамайтын дүниелер баршылық. Осылардың ішінде стильдік, жанрлық тұрғыда жаңаша ізденіспен, сыни проза үлгісінде жазылған З. Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесінің орны дара. Бұған қоса айтарымыз, жазушы қолданған сан алуан көркемдік әдіс-тәсілдердің ішінде деректілік негіздің болуы шығарма шынайылығы мен құндылығын арттырып тұрған бірден-бір қасиет.

Әдебиеттер:

1. Бекниязов Т. «Өмірге құштарлық». — Алматы: «Қазақ университеті», 2000. — 345 бет.
2. Қабдолов З. Шығармалары. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014. Т. 6: «Менің Әуезовім» роман-эссе. — 320 бет.

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАР

Қазақстанның халық жазушысы Қадыр Мырза Әли — ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясының жан-жақты өсіп, өркендеуіне, кемелденуіне, болашақ ұрпақтың ұлттық рухын қалыптастыруда зор еңбек сіңірген ақын. Қазақ поэзиясының дамуына көп еңбек сіңіріп, зор көркемдік үлес қосқан Қадыр Мырза Әлидің шығармашылығы әдебиетші мен оқырман тарапынан жоғары бағаланып, ыстық ықыласқа бөленіп келеді. Ақын поэзиясына лайықты бағасын берген академик Зейнолла Қабдолов: «Қадыр Мырзалиев — сөздің сәйгүлігі, ойдың орманы. Ол жеке бастың дара мұңынан бастап, қым-қиғаш халықаралық қайшылықтарға шейін қысылмай, қымтырылмай еркін жырлай алады» [1, 7], — деп ақынның өзіндік бет-бейнесін, шығармашылық келбетін дәл айқындап береді. Қазақ халқының өмірін көркем бейнелеген ақынның поэзиясы қай кезде де мәнді, өміршең.

Қадыр Мырза Әли — қазақ поэзиясында ұлт рухын қалыптастыру жолында еңбек еткен ақын. Ақын поэзиясынсыз қазақ әдебиетін көз алдымызға елестете алмаймыз десек те болады. «Әдебиет ұлттық болу керек» деп түсінген ақынның әрбір өлеңінен қазақ халқының жаны мен болмысы көрініс алып жатады. «Қадыр Мырза Әли ұлт тарихын, мінез-құлқын, ойлы көзбен өлшеп суреттейді. Онда терең идеялық мағына бар» [2, 129-130], — дейді Қадыр поэзиясы туралы академик Серік Қирабаев. Ақын Аманхан Әлім болса, ұлт ақыны туралы: «Ол қазақ поэзиясы арқылы алып Қазақстанның, оның ішінде ұлтымыздың тұтастай понорамасын жасаған тұлға. Оның поэзиясы бізді поэтикалық өнердің заңдылығы мен ерік еркіндігіндегі сезім мен ойдың уақыты мен кеңістігін, биіктігі мен тереңдігін асқан жауапкершілікпен сезіндіріп, білдіретін ерекше құбылыс. Қадекең поэзиясынсыз толыққанды ұлттық қазақ поэзиясын көз алдымызға келтіру қиын. Ол — аксиома. Оның бүкіл шығармашылық ғұмыры тұтас бір ұлттың тарихы, сол ұлт өмір сүрген қоғам, заман, уақыттың барометрі» [3], — деп ақын поэзиясын ұлт табиғатынан бөліп алудың мүмкін еместігін тауып айтады.

Қадыр Мырза Әли өлеңдерінің поэтикалық қуатын күшейтіп тұратын ерекшелігі — ондағы ұлттық сипатты танытатын ұлттық мазмұн мен пішіннің бірлігінде, ұлттық дәстүр мен образды ойлаудың жаңашылдығында. Қазақ поэзиясының көркемдік дәстүрінен мол сусындаған ақын өлеңдерінде тың ой, жаңа ізденіс, рухани кеңдік, көркем суреттер мен шынайы образдар көптеп кездеседі. Ақын поэзиясындағы дала, домбыра, бесік, тау, тұлпар, киіз үй сияқты ұғымдар символдық мәнге айналған ұлттық көркем дәстүріміз. Сыншы-ғалым Б. Қәрібаеваның: «Өнер-өлең жарығымен халқымыздың тарихи психологиялық қойнауын Қадыр еркін ақтарған ақын» [4, 182] — деген пікірі — ақиқат. Қадыр ақын қазақ поэзиясында ұлттық ұғымға негізделген тұтас көркемдік ойлау жүйесін қалыптастырды, қазақ халқының ұлттық көркем образын мүсіндеді.

Қадыр Мырза Әли — қазақ поэзиясын ұлттық нақыштармен әрлеген, ұлттық көркемдік ойлау дәстүрін жалғастырған және жаңа көркем образдар тудырған қайталанбас тұлға. Қазақтың ұлттық поэзиясына, өз көркемдік әлемімен, өз таңбасымен келген Қадыр Мырза Әлидің шығармашылығы әркез әдебиеттану ғылымы мен сынының назарын аударып жоғары бағасын алып отырды. Ақын шығармашылығы қазақ әдебиетінің тарихына өшпес мұра ретінде енген.

Қадыр Ғинаятұлы Мырзалиевтің шығармашылығына шолу жасап қарасақ, 40-тан астам жыр жинақтары мен балаларға арналған топтамалардың авторы екен. Бүгінгі күнге дейін жалпы шығармаларының жинағы 20 томнан асады. Мәселен, «Ой орманы» (1965), «Дала дидары» (1966), «Ақ отау» (1968), «Домбыра» (1971), «Көш» (1973), «Жерұйық» (1976), «Алақан» (1977), «Қорамсақ» (1980, 1981), «Қызыл кітап» (1983), «Күміс қоңырау» (1970, 1985) жыр жинақтарында нәзік лирикалық сезімді терең философиялық ой-толғаныстарымен шебер ұштастырған. «Мәңгі майдан» (1993), «Биік баспалдақ» (1993), «Үкілі үзінділер» (1996), «Ғибратнәмә» (2001), «Алаштың арманы» (2001), «Жазмыш» (2001), «Еңіреп өткен ерлер-ай» (2001), «Иірім» (2004), «Шырғалаң» (2004), «Алмас жерде қалмас» (2004), тағы басқа кітаптары оқырманның іздеп жүріп оқитын, рухани нәр алатын дүниесіне айналған. Әдеби-сын кітаптарында халқының өткені мен бүгінгісіне, ғасырлар бой-

ғы арман-мүддесіне, мәдениет пен әдебиеттің даму сатыларына ой жүгіртіп, замандастарының тыныс-тіршілігіне үңіледі. Оның 200-дей өлеңіне ән жазылып, «Күндер-ай» деген атпен 1984 жылы жеке жинақ болып шықты. Драматургияда Алдаркөсе туралы «Сақалдың саудасы» атты сатиралық комедия мен Махамбеттің соңғы күндеріне арналған “Жаралы жолбарыс” атты драмасын жазды. Соңғы шығармасы үшін 1997 жылы Махамбет атындағы сыйлыққа ие болды. Оның шығармалары әлем әдебиетінің озық үлгілерімен үндес келіп, философиялық-дидактикалық дәстүрді дамыта жырлаған өзіндік өрнегімен танылды. Ақын өлеңдері ағылшын, француз, неміс, болгар, венгр, фин тілдеріне аударылған. Орыс тілінде «Бессонница» (1967), «Белая юрта» (1968), «Соловьиный сад» (1971), «Степные пути» (1975), «Твой дом» (1976), «Верхняя струна домбры» (1976), «Ладони» (1984), «Нижняя струна домбры» (1985), тағы басқа кітаптары жарық көрсе, өзбек тілінде «Күміс қоңырау» (1975), қырғыз тілінде «Алақан» (1979), әзербайжан тілінде «Бұлбұл бағы» (1980), моңғол тілінде «Шымыр жаңғақ» секілді еңбектері басылды. Аударма ісінде М. Овидий, Руми, В. Гюго, Г. Гейне, М. Лермонтов, С. Есенин, Я. Райнис, Л. Родари, Р. Ғамзатов, Э. Межелайтис, К. Кулиев өлеңдерін, Ш. Петефи мен С. Сүлейменовтің (“Атамекен”) жыр жинақтарын қазақ тіліне аударған.

Ақынның мол әдеби мұрасының таңдамалары «Қазығұрт» баспасынан 2001 жылы 12 том болып жарық көрсе, 2010 жылы толықтырылып 18 том болып қайта басылып шықты. Осындай ерен еңбегімен қазақ әдебиетін сан мен сапа, мазмұн мен көркемдік жағынан молайтып, халқымыздың рухани мәдениетіне зор үлес қосты. Әдебиетімізге сіңірген еңбегі нәтижесінде Қадыр Мырзалиев Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының (1966), ҚР Мемлекеттік сыйлығының (1980), Монголияның «Дарын» атты Халықаралық әдеби сыйлығының (1993), «Махамбет» атты сыйлықтың (1997), Республикалық тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының (2004) лауреаты атанды. Алайда ақын үшін ең жоғары атақ — қазақ халқының ұлт ақыны бола білуі деп білеміз.

Қадыр Мырза Әли шығармашылығы ұлт трагедиясы мен бақытының, оның ғұмырнамасының айнасы. Бар талантын, мақсат-мұратын өз ұлтын танытуға арнаған. Қадыр Мырза Әли өз буын, өз өмірін, сезімін жырлаушы ғана емес, сол арқы-

лы тұтастай ұлттың атынан сөз айта алатын, ұлт ойын жеткізе алатын дәрежеге көтерілген ірі тұлға. Жазушы Нұрдәулет Ақыштың: «Біз, ең алдымен, бүкіладамзаттық емес, ұлттық құндылық жасауды армандауымыз керек. Сонда ғана бізді әлем таниды, өзге ұлттар мойындайды. Біз әлемді ұлттық құндылықтарымызбен ғана таң қалдырамыз» [5], — деп айтқан ойы Қадыр Мырза Әли шығармашылығымен үндесіп жатқандай.

Менің бабам қақтаған қыр аптабы
Көшіп-қонып, ұрпағы тұрақтады.
Біздің тарих бұл да бір қалың тарих,
Оқулығы жүп-жұқа бірақ-тағы.

Қадыр жазған өлеңнің әр шумағы осылай шындық пен тарихтан сыр тартады. Жинақы да дәл айтылған ақиқат. Ұлттанушы-ғалым А. Айталының: «Адамды ұлтқа біріктіретін шешуші күш — ұлттық сана-сезім», — деп айтқанындай, ақын поэзиясы ұлтымыздың ойлауы мен санасында ұлттық негіздің сіңе түсуіне еңбек етуде.

Дүниені ұлттық түсінікпен қабылдау ұлт ақынына тумысынан тән нәрсе. Әрі бұл қасиеттің өлеңдерінен толық көрініс алуы да заңдылық. Өлеңдерімен ұлтымыздың мінезін, болмысын, табиғатын танытып, қазіргі қазақ лирикасының эстетикалық деңгейін көтерген ақындарымызды атар болсақ, тағы да ең алғаш аузымызға Қадыр Мырза Әли оралады. Себебі ақын поэзиясы ұлттық ой-сананы, дүниетанымды сезім шынайылығымен, ой тереңдігімен, асқақ та өршіл рухпен береді. «Қазақ — осы!» деп ұлтымызға тән жақсылы-жаманды қасиеттерімізді саралап, болмыс-бітіміміздің ішіне үңіледі. Елін шексіз сүйген талантты ақын, білімді тұлға екендігін мойындатады. Атап айтсақ, «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» атты өлеңінде қазақтың қандай халық екенін шетелдіктерге таныстыра келе:

Жайлауында жүрген жігіт бағып қой.
Дос келді деп,
Жасап жатыр анық той.
Тұңғыш рет көріп тұрсың сен оны,
Нағыз қазақ осы міне,
Танып қой!

Сәйгүлікті күйрық-жалы таралған
Сүйетұғын қазақ осы,
Қараңдар!
Қазақ осы:
Күй шығарып,
Ән салып,
Көкпар тартып,
Қыз кууға жаралған,

...Қазақ осы:
Дала дейтін,
Күн дейтін.
Қазақ осы:
«Өнер алды – тіл» дейтін... –

деп нені қалап, нені қастерлейтінін айтады. Халқымыздың жатырқауды білмейтін қонақжай, жомарт, қолы ашық, тойшыл, думаншыл, батыр әрі ақын халық екендігін көтеріңкі леппен мақтана жырлайды. Бұл өлеңнің әр шумағы халқымызға тән ұлттық болмыс пен мінезді жан-жақты аша түседі. Қадыр Мырза Әли шығармаларын әркез қадағалап, жоғары пікір айтып отырған академик С. Қирабаев: «Туған жер туралы толғанысты оның тарихы, салт-дәстүрі, халықтың жақсы мінездері жайлы ойларымен ұштастыруда Қ. Мырзалиевтің ізденістері өте бағалы. «Ой орманы», «Дала дидары» кітаптары қазақ тағдыры жайлы ақынды тебіrentкен ойлардың біздің бүгінгі өмір-тіршілігіміздің мән-мақсатын сезінуге бастайтынын көреміз. Ол шындыққа, құбылыстың сырына, дала тарихына ой көзімен қарауға үйретеді» [2, 129-30], – дейді. Шын мәнінде Қадыр Мырза Әли шығармашылығында халқымыздың қанына сіңген мінезі, салт-дәстүрі, тыныс-тіршілігі молынан сөз етілетін өлеңдер көптеп табылды. Атап айтар болсақ, «Домбыра», «Тарихи этнография музейі», «Киіз үй», «Қыз куу», «Бір үзім нан», «Қалада тұратын қазақ қарты», «Қанға сіңген қасиет», «Ат жарыс», «Қазақша күрес», «Аударыспақ», «Айтыс», «Тойтарқар», «Алаштың арманы» т.б. көптеген өлеңдерінде өз ұлтын жанындай сүйген лирик ақынның бейнесін елестетеміз. «Киіз үй» өлеңінде былай дейді:

Түндігінде ілулі Ай –
Дала шамы.

Төсеп тастап текемет,
 Алашаны,
 Сен күтесің қонақты,
 Жолаушыны,
 Сен күтесің ойын-той,
 Тамашаны.
 Сен тілейсің жұлдызды,
 Көк аспанды.
 Сен тілейсің бел асқан,
 Дөң асқанды.
 Сен тілейсің ақын боп шалқығанды,
 Сен тілейсің жақын боп жанасқанды...

Көркемдік дәстүрге бай поэзиямыздың нәрін сіңірген Қадыр Мырза Әли өз шығармашылығында дәстүрлі ұлттық образдарды шеберлікпен пайдаланып, жаңа ой айтудың тәсілі ете білді. Ақын өлеңдерінде ұлттық поэзиямызда дәстүрлі образға айналған ДАЛА, ТАУ, ОТАУ, ДОМБЫРА, КҮН, АЙ, ЖЕЛ, ТҮЛПАР, ҚОНАҚ сияқты символдық мәнді бейнелер көп кездеседі. Осындай дәстүрлі образдың бірі — ДАЛА. «Боз дала», «Дала бізден...», «О, дала», «Ұлы дала», «О, далам, менің байтағым», «Дала мен тау», «Дала мен гүл», «Дала мен қала», «Дүбірлі дала», «Төркін — далам», «Дала» т.б. Осыншама өлеңінің арқауы болған дала — әр өлеңінде тың мазмұн мен көркем бейнеге айналады.

“Дала дидарына” кітабында енген дала тақырыбындағы өлеңдерінде Дала бірде — кеңдіктің, бірде — ұлылықтың символы. «Қазаққа дала керек, ғарыш керек» өлеңінде: «Қазаққа дала керек, ғарыш керек, Керемет кеңдік керек, алыс керек, — десе, «Жиһан жер» өлеңінде:

Күнұзақ ойнаса жел күйді ерінбей,
 Керілген даланы Күн сүйді еріндей.
 Дала кең,
 Кеңдік те бір ұлылық қой,
 Ұлылық жатады өстіп игерілмей! —

деп, ақын Дала аясындағы құбылыстарды жанды кейіпте суреттеп, қазақтың болмысын далаға ұқсатады. Дала бейнесі арқылы, біз үшін ең бастысы, қазақ өлеңінің ұлттық сипаты мен мінезі

сүттің бетіндегі қаймақтай, басқа сипаттардан бұрын өлеңнің бетінде тұратындығы, ыстық сезілетіндігі болып табылады. Ал енді «Ұлы далада» былай дейді:

Ұлы түздің о баста тіні мықты.
Қалайды ол махаббат,
Жылылықты.
Бұл даланы көрмеген,
Сезінбеген
Жарытпайды түсініп ұлылықты!

... Көзбен емес,
Көңілмен мөлшерлейтін
Бұл даланың ғарышпен бір өлшемі!
Қандай тегіс бұл дала,
Қандай байтақ!
Төңкерілген аспанның қақпағындай! —

деп туып-өскен қазақ даласы өлшеміне гиперболалық теңеулер қолданады.

Қадыр Мырза Әли поэзиясының ұлттық мазмұнға ғана бай емес, түр, пішін жағынан да көп ізденісі, жаңашылдығы көп. Ақынның өлеңдері сан-алуан: екі, үш, төрт, жеті, сегіз, он бір, он төрт буынды композициялық-құрылымды болып келеді. Мысалы «Кііз үй» өлеңінде тармақ саны өлең мазмұнына бағындырылған:

...Қымыран ба?
Қымыз ба?
Оған байсың.
Кемшілігің —
Кент болып қона алмайсың.
Шопан барда мына біз жоғалмаймыз,
Біз бар жерде сен өзі-ақ жоғалмайсың!

Ақын туындыларының мазмұнын ұлттық дәстүрмен шебер ұштастырумен қатар, жарасымды жаңа формалар мен түрлер табуда ізденістер танытқан. Ақын өлеңдерінде поэзияға өзгеше ырғақ, әуезділік беретін *қайталауларды* шебер қолданады. «Ат» өлеңінде қазақ тұрмыс-тіршілігінде ерекше орын алатын

ат малының қадір-қасиетін қайталаудың бірнеше түрлерін (ассосанс, аллитерация, еспе қайталау т.б.) қолдану арқылы әсерлі береді:

Аргымағың бір кезде ердің құны,
 Ата—тарих, көзіңмен көрдің мұны.
Атың бар ма? — бақыттың үлкені сол,
Атың жоқ па? — сол үлкен сордың бірі.
Атың жоқ па? — жерледі жаманың да,
Атың бар ма? — ерледің заманыңда.
Атың жоқ па? — жоқшылық иығыңда,
Атың бар ма? — молшылық табаныңда.

Қадыр ақын өлеңдерінде өзіне дейінгі поэзияда орын алған көркемдік дәстүрлерді де жаңашылдықпен пайдаланған. Соның бірі — жыраулық толғаулардағыдай нақылдар мен афоризмдердің жиі кездесуі. Қадыр ақын афоризмдерінің көбі халық жадында сақталып, жатқа айтылады.

Қазақ боп
 Туғаныңа өкінбе,
 Қазақ боп
 Жарыта
 Алмағаныңа өкін! —

деген сияқты қанатты сөздері де ұлттық ар-намысты жона түсетін дүниелер. Ақын шығармашылығы қазақ поэзиясында ұлт рухын қалыптастыруға қызмет етті. Демек, Қадыр Мырза Әлиді қазақ поэзиясын ұлттық мазмұнмен байытқан, ұлттық көркемдік нақыштармен әрлендірген ақынымыз деп даралап айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. Қабдолов З. Қадырдың қадірі. Қадыр Мырза Әли. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. 1-т. — Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2001. — 480 бет.
2. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. — Алматы, 1998. — 224 бет.
3. Аманхан Ә. Талант тағлымы // «Ана тілі» газеті, 10 желтоқсан, 2009.
4. Кәрібаева Б. Қадыр поэзиясы хақында // Жұлдыз. — 1983, № 12.
5. Нұрдәулет А. // «Қазақ әдебиеті», 14 желтоқсан, 2007.

«ТОҒЫЗ ТОЛҒАУ» ПОВЕСТЬ-МОНОЛОГЫ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҮЛҒА

Казақ деректі көркем прозасында шығармашылық тұлғалар мен әдебиет қайраткерлерінің бейнесін жасау жолында еселі еңбек еткен жазушыларымыздың бірі – Әзілхан Нұршайықов. Жазушы өзінің өмір жолында жолығысқан, тағдырлары бір арнада тоғысқан ақын-жазушылар мен өнер қайраткерлерінің өнегелі өмірлерін өз шығармашылығына шынайы арқау етеді. Ол әдебиетте өз орны бар аға буын өкілдері мен замандастарын естелік, эссе, хикаялардан бастап, повесть, романдарына дейін кейіпкер етіп тартады. Оның қаһармандары – Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Жамбыл Жабаев, Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Мұқан Иманжанов, Әбділдә Тәжібаев, Тахауи Ахтанов сынды әдебиет қайраткерлері болып келеді. Суреткер қаламынан туындаған «Ақиқат пен аңыз» роман-сұхбаты, «Тоғыз толғау» повесть-монологы, «Қаламгер және оның достары» атты эпистолярлық романы, «Мен және менің замандастарым» өмірбаяндық романы, «Екі естелік» эссе, хикаялар кітаптарынан әдебиетімізге еңбегі сіңген көрнекті жазушы, ақын ғалымдардың қалыптасу жолдарын, шығармашылықпен айналысқан тұлғалардың әдеби-мәдени әрі қоғамдық ортасын көріп, олардың асқақ бейнелеріне сүйсініп, асыл қасиеттерін мойындаймыз. Жазушы шығармаларына ден қойып қарасақ, көрнекті әдебиетшілер өмірінің гибратты тұстары мен талантының жарқ еткен бір сәттерін, адамгершілікпен үйлескен азаматтық келбеттерін айшықты етіп көрсету суреткердің ізгі мақсаты іспетті.

Ә. Нұршайықовтың «Тоғыз толғау» повесть-монологы заманымызда өмір сүрген ардагер азаматтардың өз аузынан айтылып, қағазға түсірілген толғау іспетті. Әдебиет майталмандары М. Әуезов, Б. Майлин, С. Мұқанов, Ж. Жабаев, Б. Момышұлы, М. Ғабдуллин өмірінің жеке бөлшектері жайындағы мәнді толғаулар көбіне М. Ғабдуллин мен автор тарапынан баяндалады. Сондықтан ірі тұлғалардың бойындағы асыл қасиеттер мен мінезіндегі кейбір ерекшеліктерді екеуінің әңгімелеуі

арқылы біліп жатамыз. Әрине, көпшілікке танымал адамдар жайлы жазу үшін шығарманың шыншылдық қуатына аса ден қою қажет. Өйткені белгілі адамдар бейнесі жалғандық пен асыра сілтеушілікті көтермейді. Сол себепті де «Тоғыз толғауда» қаһарман не толғаса да өзі қуә болған немесе басынан өткерген жайды ғана қаз-қалпында көркем тілмен жеткізуге тырысқан. Ал жазушының мұнысы не жазса да деректі жайды тілге тиек ететін ерекшелігін тағы айғақтайды. Бұған қоса айтарымыз, жазушы қолданған сан-алуан көркемдік әдіс-тәсілдердің ішінде деректілік негіздің болуы шығарма шынайылығы мен құндылығын арттырып тұрған бірден-бір қасиет. Мұның тамаша үлгісін жазушының «Тоғыз толғау» повесть-монологынан көреміз.

Ардагер азаматтар мен атақты адамдар ғұмырының ұшқындары, солардың өмірінің бөлшектері іспетті бұл толғау деректі материалдарға толы. Жазушының «Ақиқат пен аңызда» төселіп қалған өзіндік стилі «Тоғыз толғау» повесть-монологынан да байқалады. Айталық, тек ақиқат детальдарды тілге тиек ету, кейіпкердің өзін сөйлету, өткенді еске түсіру, құжаттарды пайдалану т.б. Повесті оқи отырып «Ақиқат пен аңыздың» жалғасын тапқандай әсерде қаласың. Өйткені мұның да кейіпкері заманымыздың заңғар азаматтары М. Әуезов, М. Ғабдуллин, С. Мұқанов, Б. Майлиндер. Әдебиетіміздің осындай ірі тарландары, олардың өмірі туралы бұл толғау — «Тамаша адамдар өмірі» сериясына жататын мәнді шығарманың бірі. Жазушының тарихи тұлғаларға ден қоюы тақырып пен кейіпкерді таңдаудағы басты бір ерекшелігі. Жазушы шығармаларында тақырыптық бірлік болғанымен, оқырманына оны әртүрлі жолмен баяндауда көп ізденеді. Мысалы, «Ақиқат пен аңызда» шығарма мазмұнын автор мен кейіпкер сахнаға қатар шығып, бетпе-бет отыра кезектесіп баяндаса, «Тоғыз толғауда» автор көлеңкеде қалып, кейіпкердің өзі ғана ұзақ сөйлейді, яғни шығарма геройдың монологына құрылады. Мұны Т. Кәкішев: «... Ә. Нұршайықовтың түр іздеудегі тағы бір ұтысы, — дей келе, — «Ақиқат пен аңыздағыдай» іштей тәжікелесіп, кейіпкердің артық-кем сілтестерін өзінің ой толғанысынан өткізіп, оқушы назарын негізгіге, мәндіге аударып отыратын тәсіл повесть-монологта жоқ. Алматының әсем көшесінде Мәлік шерткен сырларды үн-түнсіз магнитофон лентасына жазып алып келе жатқан жолсерікті ғана

аңғарып отырамыз. Өйткені ол Мәліктің жан сырына, ағыл-тегіл ойына қол сұқпайды, қалыс отырады» [1], — деп дәл айтқан. Автор баяндаудың бұл түрін тақыр жерден емес, әдебиетіміздің өз қойнауынан алып әріден келе жатқан толғау дәстүрін жаңғыртып, прозада өзіндік әдіспен тиімді пайдаланған. Жалпы толғау өмір сүрген белгілі адамдар атынан айтылып, онда шындық оқиғаға лиро-эпикалық түсініктемелер беріледі. Мұнымен жете таныс автор адам болмысын лирикалық және эпикалық тәсілдерді қолдана отырып ашқан. Қаһарманның тебіренісі, көңіл-күйі, ой түюі арқылы беріліп жататын толғаулар лиро-философиялық циклдер іспетті дүние болып шыққан.

Тағы да айта кететін жай — повесте автор тарапынан айтылатын толғаулардың да көтерер жүгі салмақты. Автордың естелік-әңгіме ретінде берілген бірінші, алтыншы, жетінші, сегізінші толғаулары Мәлік айтқан мағлұматтарды толықтырып, образдарды кеңірек аша түсуге себепкер болған. Әрі «Сержанттың соғыс кезіндегі күнделігінен» жазушының 1943 жылы майданда өз басынан өткізген оқиғалармен танысамыз. Онда М. Ғабдуллинмен кездескен сәтін, өз батареясындағы жігіттердің ерліктерін сөз етеді. Осылай жазушы бұл шығармада да әскери-патриоттық тақырыпты ұмыт қалдырмайды. Шығармаларына ден қойып қарасақ, соғыс кездегі әскери өмірінен, ондағы көрген-білгендерінен там-тұмдап болсын мәліметтер беріп отыру — майдангер жазушының қаламына сіңіскен дағдының бірі. Автордың өз образын бүкіл шығармаларының өн бойына жайып, жымдастыра сіңіре алуының өзі үлкен шеберлік. Өйткені «автор образы оның сюжеттік-фабулалық, композициялық деңгейлердегі эмоционалдық көрініс беру сәттері, оның әр алуан текст қабаттарын мағыналық реңктермен безендіруі және әңгімеші, кейіпкер әлеміне ұтымды көше білу нәтижесінде қалыптасады» [2, 87]. Көргені мен көкейге түйгені көп Ә. Нұршайықовтың өз образын шығармаларында көрсете алуы үлкен қызмет атқарған. Біріншіден, өзінің жазушылық позициясын таныта алған; екіншіден, күллі шығармаларындағы идеялық-тақырыптық бірлікті айқындауға жол ашқан; үшіншіден, шығармадағы барша элементтерді байланыстыратын ұйымдастырушы мәнге ие болған, төртіншіден, қаламгердің стильдік-жанрлық өзгешелігінің қалыптасуына ықпал еткен.

Повесть — толғаудың өн бойы үлгі-өнегеге толы. Айталық, «Тағдыр таразысы» деп аталатын үшінші толғаудағы бір кезде өзіне қатыгездік көрсетіп, әділетсіз болған Семинге жасаған жақсылығы Мәліктің жан сарайының байлығын, кеңдігін көрсетіп, тұлғасын асқақтата түсетін деталь. Мәліктің жоғары дәрежесі мен қызметін пайдаланып Семиннен кегін қайтармай, керісінше жақсылық көрсетуі білместік емес, халқымыздың: «таспен ұрғанды аспен ұр» деген ұлы тәрбиесін бойына сіңіре білген азаматтығын танытса керек.

Повесте М. Ғабдуллиннің әдебиетке келу жолынан, осы жолдағы С. Мұқанов, Б. Майлиндердің ұстаздық қамқорлықтарынан хабардар боламыз. Ұстаз бен шәкірттің қарым-қатынастары, Б. Момышұлымен танысып білісуі, Ж. Жабаевпен жүздесуі толғауда әсерлі баяндалған. Бұл образдарды толықтыруда автордың естеліктерінің, қолжазба, күнделіктерінің атқарған қызметі үлкен. Соның ішінде сегізінші толғаудағы сержант Нұршайықовтың соғыс кезіндегі күнделігінің де әсері зор. Ондағы Великие Луки түбінде жаумен айқасқан жүзінші бригададағы қазақ жауынгерлерінің әрбір күнгі ерліктері көз алдына қаз-қалпында елестейді.

«Тоғыз толғау» повесть-монологы — естелік-әңгімелерден тұратын, баяндау тәсілі өзгеше шығарма. Алғашқы әңгімесі «Ұмытылмас бейне» атты естеліктен басталады. Мұхтар Әуезовпен кездескен, сұхбаттас болған кездерінің әрбір сәті күні бүгінге дейін көңілінде сайрап тұрғандығын автордың үлкен тебіреніс, ыстық сезіммен еске алуынан байқаймыз. Керекуге келген сапарындағы кемеңгердің түр-тұлғасы, кездесуде сөйлеген сөзі автордың ерекше тебіренісіне толы: «Міне, Мұхаң сөзге кіріскелі түр. Алдымен ол өзінің мінбеге келуін де қол соғып қарсы алған жұртқа, көкжиектен жарқ етіп жаңа ғана шыққан күннің жылы шуағындай болып, шын көңілімен балаша жымып, қасқа маңдайлы үлкен басын залдың екі жақ шетіне, түкпіріне, тіпті президиум үстелінде отырғандарға дейін кезек иіп, үлкен ықыласпен зор ілтипат жасайды. Жазушы мен оқушы жүрегі әрқашанда жалғас болмақ» [3, 24]. Мұханның аузынан шыққан әрбір сөз бен лебіздің құдіретін жеткізуде неше түрлі баламаларды қолданғандығын мына тіркестер мен сөйлемдерден де байқауға болады: «Қазақша сөйлесе — тұлпар, орысша сөй-

лесе — сұңқар...» [3, 23], «Ол — теңіз ырғағы. Бірін-бірі қуып, бірінен-бірі озған теңіз толқынындай...» [3, 24]. Тыңдаушысы да «...жаны толқын қуған қайықтай болып, ыргала шайқалып, теңселе тербеледі: бір сәт дауылпаздай боп биікке самғап, біресе қырандай жүйткіп төмен қарай зымырайды. Содан кейін лап етіп аспанға қайта көтеріледі де, толқынды қуалай толассыз қанат қағады» [3, 24]. Авторлық ұқсатулар мен теңеулердің өзі-ақ шешен өнерінің теңдессіз екендігін мойындатады. Қалың жұртқа Мұханды қадірлі еткен атақ-даңқы ғана емес, үздік ой, өнегелі сөздеріне қоса, кішіпейілдігі мен ізеттілігі екендігіне иландырады.

Ә. Нұршайықовты Мұхаңмен жақын таныстыққа әкелген кездесу кейін Алматыда университетте, одан кейін үйінде жалғасын табуы Мұхаң болмысын қарапайым тұрмыстық жағдайда аша түсуге жақсы мүмкіндік тудырған. Сәлем бермек боп имене келген Әзілханды кіші демей құрметтеуі, үйінде қонақ етуі, елдің жай-күйін сұрауы, өз үйінің жандарымен таныстыруы, оған арнап ас әзірлетуі, кітабына қолтаңбасын жазып беруі, шығармашылық кеңесін айтуы, әр сөзімен жаныңа қанат бітіретін қасиеті — бәрі-бәрі Мұханның адами болмысын аша түскен.

Автор тарапынан баяндалатын алғашқы әңгімеден кейін Мұхаң туралы естелік-әңгімені әдебиетші-ғалым М. Ғабдуллин жалғастырады. Мәлік Ғабдуллиннің әдебиет тарландары М. Әуезов, Ж. Жабаев, С. Мұқанов, Б. Майлиндермен кездесулері, Кеңес Армиясында қызмет еткен кездеріндегі қызықты эпизодтар жеке новеллалар түрінде беріледі.

Ұлы тұлғалар мен атақты адамдар ғұмырының ұшқындары, солардың өмірінің бөлшектері іспетті бұл толғау деректі материалдарға толы. Повестің бас кейіпкері халқымыздың асыл перзенті Кеңес Одағының Батыры, КСРО Педагогика ғылымы академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы Мәлік Ғабдуллин болуының өзі мұны айғақтаса керек. Автор М. Ғабдуллиннің күнделікті өмір тіршілігіндегі қарапайым бейнесін, қазақ әдебиетінің білгірі болғандығын шынайы қалпында көрсетеді. Мұны жазушы Мәлікке бар сырды жасырмай шыншылдықпен баяндату арқылы шешкен. Әрі Т. Кәкішев айтқандай: «Әңгіме шертушінің жан дүниесіндегі құбылыстарды аңғартар кезде өмір деректері кимелеп кіреді де, жасалар көркем образ мәнді штрихтармен жарқырай түседі» [1]. Сондықтан да болар

М. Ғабдуллиннің әдебиет тарландары М. Әуезов, Ж. Жабаев, С. Мұқанов, Б. Майлиндермен кездесулері, Кеңес Армиясында қызмет еткен кездеріндегі қызықты эпизодтар жеке новеллалар түрінде берілген.

«Ұмытылмас бейне» бөлімінде ғұлама жазушымыз Мұхтар Әуезовтің білгірлігін, кішіпейілдігін, сыпайылығын, мейірімділігін көрсететін детальдар келтірілген. Әсіресе жас талапкер жазушыларға деген бейілі мен жалын беріп жігерлендіре жүретін қамқорлығы автор тарапынан баяндалатын естелік-әңгімеде үлкен ықыласпен айтылған. Повесте Мұхаң образын кеңірек аша түсуде М. Ғабдуллиннің толғаулары басты қызмет атқарған. Екінші толғаудағы «Бір хаттың тарихынан», Мұхаң мен Мәлік арасындағы жазысқан хаттардан олардың әдебиет майданындағы еңбектері жайынан мағлұматтар алып, аға мен іні арасындағы сыйластықты аңғарамыз. 1955 жылдың 28 қазанында «Қазақ әдебиеті» газетінде басылған Мәлік Ғабдуллиннің «Мұхтар Әуезовке хатының» тұтастай келтірілуі, осы жылдың 11 қарашасында шыққан Мұхтар Әуезовтің «Мәлік Ғабдуллинге жауап хатының» мазмұнын беруі, М. Әуезовтің үлкен талант иесі бола тұра, әділдікке бас ие білетін, әділ сынды қабылдай алатын кішіпейілдігіне сүйсіндіреді. Осы тұста айта кететін бір жайт, бұл хаттардан тарихи шындықтың табы сезіледі. Атап айтқанда, елуінші жылдардағы әдебиет майданы атмосферасындағы келеңсіз жайлардың бір-бірімен көңілі сыйлас аға мен іні арасына да салқындық тигізгендігін түйсінеміз. Алайда адал көңіл иесі болған бұл жандардың үлкен жүрегі ұсақтыққа орын бере алған жоқ. Іні аға алдында кешірім сұрай білсе, аға оны кешіре алды. Осы хаттарды оқи отырып, ұлы адамдардың мәдениеттілігіне, сыпайылығына тәнті болып, әр кез әдеби сын осындай биік дәрежеден көрініп жатса деп ойлайсың.

Повесть — толғауда автор М. Әуезовтің жазушылық қызметінен гөрі адамдық болмысын аша түсуді көздеген. Ол үшін Мұхаңның бала сияқты кей мінездерін, иланғыштығын, жомарттығын, мырзалығын көрсететін шағын эпизодтарды пайдаланған. Жақан Сыздықов айтқан «Жақаңның әңгімесінен» құрдастар арасындағы жарасымды әзіл-қалжыңды, Мұхаң ауызша айтқан жеке сөздердің айтылу тарихын рахаттана оқып, Мұхаңның жан тазалығына, шешендігіне сүйсінесің.

Әзілхан Нұршайықов деректі прозасымен қатар көлемді эпикалық шығармасында да, атап айтсақ, «Махаббат, қызық мол жылдар» романында да сүйікті кейіпкері М. Әуезовтің бейнесін ұмыт қалдырмады. Роман бас кейіпкер Ербол Есеновтің (прототипі Әзілхан Нұршайықовтың өзі) аузынан баяндалады. Романның басында университетке келген бойда сүйікті әрі қамқоршы ұстазына айналған профессор Мұхит Әуеновтің түпбейнесі Мұхтар Әуезов екенін айнытпай-ақ танысың. Соғыста төрт жыл бойы оның «Абай» кітабын арқалап жүрген Ербол үшін профессордың дәрісіне қатыспай қалу кешірілмес күнәдай. Профессордың Ербол аузынан «Ақын» романын соғыста төрт жыл бойы зат қапшығынан тастамай арқалап жүргендігін, бүкіл солдаттың оны жарыса оқып, ондағы Абайдың ғашығы Тоғжанның сүйікті образға айналғандығын естігендегі толғанысы, осы оқиғаны мақала етіп жазуды Ерболға тапсыруы, ол тапсырманы Әуеновтің көңілінен шығатындай етіп жазып келуі, мұқабасы жыртылып, тозығы шыққан кітапты сыйға тартуы романда әсерлі беріледі. Оқ-дәрінің ісі шығып тұрған кітапты қайта-қайта сипалап: «Сен маған баға жетпес ғажап дүние сыйладың-ау, Ербол. Өзім майданға бармасам да, бұл кітап менің бір перзентім болып, соғысқа қатысыпты. Сол перзентті сен аман-есен ертіп әкеліп қолыма тапсырдың-ау менің. Соғыс өрт болса, өртке жанбай шыққан бұл кітаптың жаңа бір бағасын және таныттың сен. Рахмет, қарағым», – деп қатты тебіреніспен толқуы оқырманды да бейжай қалдырмайды. Төрт жыл соғыста болып, жауды жеңіп келген бойда туған жеріне де бармастан, университетте оқуға келген Ербол бойындағы білімге құштарлықты, азаматтықты, журналистік қабілетті бірден байқаған профессор Мұхит Әуенов солдат студенттің жайын сұрап, оның жатаханаға орналасуына қол ұшын береді. Профессор Әуеновтің Ербол шығармашылығына демеу беріп ынталандыруы, жатаханадан орын әперіп қамқорлық көрсетуі, бір жағынан, оның адами болмысын аша түссе, екіншіден, болашақ журналист Ерболдан үлкен үміт күттіргендей әсерде қалдырады. Кішіпейіл де үлкен жүрегімен, табиғи болмысымен шынайы қалпында шығармадан орын алған осы бір қасиетті жанның Ерболға артқан сенімінің ақталарына оның романда келтірілген мақалаларын оқи отырып куә боламыз. Бір жылдай

газетте қызмет істеген тұста жазған мақалалардың өзі Ерболдың ел-жұрт қамын ойлайтын, жастарға ақыл айтарлық дәрежедегі азамат болғанын айғақтайды.

Шығармаларында адам жанының күрделі табиғатын танытуға ұмтылған Әзілхан Нұршайықов Мұхандай тұлғаның ішкі әлемін ашу кілті ретінде деректілікпен қатар, көркемдік тәсілдердің бар мүмкіндігін қолданған. Бұл сөзімізге дәлел ретінде Әзағанның кейіпкер характерін іс-әрекет үстінде таныту, әртүрлі ситуациялық жағдайдағы портреттерін жасау, мінездеме беру, кейіпкердің ішкі ойы мен сөйлеу тілін психологизммен ұстастырып отыру, ұқсату, теңеу т.б. көркемдік тәсілдерді түрлендіре қолданғандығын айтуға болады.

Қазақ әдебиетінде Абайдай ұлы ақынның образын сомдап үлгі көрсеткен ірі суреткер Мұхтар Әуезовтің өз тұлғасы да талай көрнекті жазушыларымыздың шығармаларында көркем бейнеленді. Жазылу стилі жағынан бірін-бірі қайталамайтын Қ. Оразалиннің «Абайдан соңы» мен «Абайдан соңғы арыстар» романдары, Т. Жұртбаевтың «Бесігінді түзе» толғау-романы, Д. Досжановтың «Алыптың азабы» деректі романы, З. Қабдоловтың «Менің Әуезовым» роман-эссесі — бәрінің де басты кейіпкері заманымыздың заңғар жазушысы, ғұлама ұстаз, кемеңгер ойдың иесі Мұхтар Омарханұлы Әуезов.

Мұхтар Әуезов жайында жазылған дүниелерді санамалай берсек, бұнымен шектелмей әлі де созыла түсері анық. Алайда Әуезов бейнесін табиғи қалпында шынайылықпен жүрекке қонымды етіп танытудың жөні басқаша. Ә. Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романы, «Тоғыз толғау» повесть-монологы, «Қаламгер және оның достары» атты эпистолярлық романы, «Мен және менің замандастарым» өмірбаяндық романы, «Екі естелік» эссе, хикаялар кітаптарынан М. Әуезовтің толыққанды бейнесін көре аламыз. Жазушы бұл шығармаларында Мұханды өмірінің ғибраты мол тұстарын, адамзат мойындаған дарыны мен қабілетін, кемеңгерлігі мен биік парасатын, адамгершілікпен үйлескен азаматтық келбеттерін айшықты етіп көрсетуді мақсат еткен. Деректі көркем прозасында Әуезовті кең эпикалық көлемде негізгі қаһарман етіп бейнелемесе де, бірнеше шығармаларында дара тұлғаның образын жан-жақты танытқан жазушы Әзілхан Нұршайықов екенін айтқанымыз абзал.

Жалпы Ә. Нұршайықов шығармаларын сараптап қарасақ, ол — әдебиет, мәдениет, өнер қайраткерлері, шығармашылық тұлғалар жайлы ескірмейтін естеліктер жаза жүріп, өз кейіпкерлерін повесть, роман сияқты күрделі де көлемді прозалық жанрларға еркін көтерген қаламгер екендігіне көз жеткіземіз.

Көркем шығарма сюжетін құрайтын оқиғалар тізбегін деректі материалдарға, өмірдің ақиқат жайларына сүйене отырып өрбіту, оны көркем сөз өрнегіне түсіру — Ә. Нұршайықов шығармашылығының өзгеше қырлары. Кейіпкерлері көбіне тарихи тұлғалар болғандықтан, оның болмысы мен характерін қаз-қалпында бейнелеуге ұмтылуы, деректі материалдарға жүгінуі шығармаларының тарихи маңыздылығын да арттырған.

Бүкіл жұртшылыққа танымал жандар жайлы тек шындық қана жазылуға тиіс екені бәрімізге аян. Ә. Нұршайықов шығармаларының шыншылдық сипатын жақсы бағалай келе Нұрқасым Қазыбеков: «... егер шын тарих ұлы-ұлы оқиғалар мен даңқты адамдардың өміріне байланысты жазылатын болса, онда Әзілхан Нұршайықов шығармалары болашақ үшін де өте қажет, ұзақ жасайтын өміршең шығармалардың қатарынан орын алары хақ» [4, 72], — дейді. Расында, ірі тұлғалардың болмысын, адамгершілігін танытатын мұндай шығармалар қай кезде де бағалы.

Әдебиеттер:

1. Кәкішев Т. Шынайы өмір жыршысы // «Қазақ әдебиеті», 1992, 4 желтоқсан.
2. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. — Алматы: Жазушы, 1987. — 232 бет.
3. Нұршайықов Ә. Тандамалы шығармаларының он томдығы. — Алматы: «Қазығұрт», 2005. Т.5. — 552 бет.
4. Қазбеков Н. Ой таразысы: Сын мақалалар. — Алматы: «Жазушы», 1991. — 255 бет.

БАТЫРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕЛБЕТІ

Ақиық қырандай ғұмыр кешкен халқымыздың біртуар азаматы Бауыржан Момышұлының биік парасаты мен асау рухын, ерлігі мен батырлығын, мінезінің қырларын жазу үшін қалам ұстап, ой тербетпеген ақын-жазушы кемде-кем. Кейіпкері болған шығарманы айтсақ, А. Бектің «Волоколамск тас жолы», А. Қривицкийдің «Москва түбіндегі карауылы», Д.Снегиннің «Шабуылдасы», М. Ғабдуллиннің «Менің майдандас достарымы», З. Ахметованың «Шуақты күндері», Б. Момышұлының автобиографиялық кітаптары «Үшқан ұясы», «Москва үшін шайқасы», Ә. Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы т.т. Бұл шығармалардың тақырыбы ортақ, кейіпкері бір болғанымен, жазылу мәнері, стилі әрқалай.

Бауыржан Момышұлының дара болмысын танытуда соны бағыт тауып, «Ақиқат пен аңыздай» толымды туынды жазған, қарымды қаламгер Әзілхан Нұршайықовтың орны ерекше. Бауыржан Момышұлы — отаншылдығымен, патриоттығымен әрі шығармашылық өнерімен де тарихтан, әдебиеттен өз орнын алған тұлға. Роман оқиғасы әлемге әйгілі қолбасшы әрі жазушы Б. Момышұлының өмірбаянына құрылып, алғашқы еңбек жолында алған сабақтары, әскери ортасы оқиға желісіне арқау етілгенмен, ол тәлім-тәрбие алған, қызмет еткен қоғамдық орта кең ауқымда алып көрсетілген. Оны Баукеңнің адамдарға, қоғамға, өмірге, тілге, әдет-ғұрыпқа, әдебиет пен өнерге, армияға, анаға т.б. қарым-қатынасын, пікірін, көзқарасын ашып отыру негізінде танытқан. Осының бәріне зейін салып қарасак, романда қозғалмаған тақырып, қамтылмаған мәселе кемде-кем.

Роман-сұхбатта бас кейіпкердің өз әңгімесіне қоса, баспасөз материалдары, естеліктер, өлең-жыр, ел арасына тараған қызық аңыздар мен әңгімелер, құжаттар молынан пайдаланылған. Оларда сөз етілетін мәліметтер, әңгімелер, суреттемелер батырдың сырт тұлғасы мен рухани-адамгершілік әлемін айқара ашып отырады. Б. Момышұлының өз шығармалары да молынан пайдаланылған. Оның бір куәсі — 1935 жылы Ташкентке бір айлық әскери жиынға барғандығын, онда көзге түсіп, взвод командирі ретінде тағайындалып Қиыр Шығысқа жіберілгендігін

әңгімелейтін түс. Сол бір әскери жиынның болашақтағы тағдырын шешкендігі жайын Б. Момышұлының «Олар менің есімде» әңгімесінен білеміз. Ал бұл әңгімелердің Баукеңнің өз басынан өткерген деректі фактілер негізінде жазылғандығы аян. Автор Бауыржан өмірінің осындай бетбұрысты сәтін қағыс қалдырмай, қайта бұл материалдарды роман бойына жымдастырып жіберген. Б. Момышұлының «Бір түннің оқиғасы» әңгімесі де осындай мақсатта пайдаланылған.

Шығармада Баукеңнің жан дүниесі — бай. Ол — әділ де шыншыл, айтар ойын жасқанбай кесіп айтатын өжет те қатал, сонымен қатар жаны жайсаң, кішіпейіл де жомарт, нәзік сезімнің иесі. Баукең бойындағы осындай қасиеттер сезімталдықпен жеткізіледі. Байсалды байқаумен ғана шектелмей, кейіпкердің күнделікті өмір тынысынан тұшымды ой топшылап отырады.

Роман-сұхбатта батыр табиғатын аша түсуде халқымыздың асыл перзенті Кеңес Одағының Батыры, қазақ әдебиетінің білгірі Мәлік Ғабдуллиннің естелік-әңгімесінің арқалар жүгі мол. Өзі естіп, тәнті болған Баукеңнің салмақты салиқалы сөздерін М. Ғабдуллин аузынан естігенде әркім-ақ батырдың қаһармандық асқақ мұратына, өр тұлғасына, өткірлігіне таңданасың.

Мәлік Ғабдуллиннің әңгімесі барысында автор оның өз бейнесін, ерліктерін, қырағылығын, өзгені бағалай білетін адамгершілігін де байқатып отырады. Шығармада келтірілген Мәліктің Әуезовке жазған хатынан талай ерліктерін білеміз. Роман-сұхбатта автор оқиғаны осылай естелік, хат, күнделік, газет үзінділері, тіпті хаттама, бұйрық қағаздар түрінде де баяндай отырып, батыр бейнесін жан-жақты ашады.

Қарымды қаламгер айтулы шығармада Баукеңмен жүздескен Ғабдуллиннен басқа да белгілі адамдардың естеліктерін келтіреді. Соның бірі — қазақ халқының әйгілі артисі Серке Қожамқұловтың естелігі. Онда Серағаң Бауыржанның дәрісіне қатысып, одан алған әсерін айтады. Мұндай естелік-әңгімелерді романның әр тұсында автор өзі де әңгімелеп отырады. Баукеңнің белгілі өнер қайраткерлерімен, туған-туыс, жора-жолдастарымен арадағы қарым-қатынастары және әскерден босап ел арасына келген кездегі еркелік мінез-қылықтары жайындағы аңыздай әңгімелерді сұхбат барысында қисынын келтіре, сыналай енгізіп отыруы автордың шығармашылық шеберлігін көрсетеді. Бұған қоса

автор Баукеңе қатысты деректердің бәрін қазбалай анықтап, әртүрлі құжаттармен растап отырады. Оның аузынан шыққан әрбір сөзді, айтылған жайларды мұқият саралап, қорытындылай түйіп отыратын ішкі толғаныстары да талай жүкті арқалап тұрғандай.

Осы тұста айта кететін жайт, романда Баукеңнің әдебиет майданындағы достары да сөз етіледі. Соның бірі — Әбділда Тәжібаев. Баукең өзінің бір әңгімесінде Әбділданың адамгершілік, азаматтық келбетін сүйсіне айтып береді. Ол әңгімеден ұғатынымыз, Баукең Ә. Тәжібаевты қан төгіспен жүріп жатқан ұрыс даласына жауынгерлерге сәлем бермек болып келгендігі үшін ғана бағалап қоймайды, ол «Әбділданың әкедей ақылгөй, шешедей мейірбан, парасатты өлеңдеріне» де тәнті.

Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогының басты кейіпкері де — шығармашылық тұлға. Халыққа жаужүрек батырлығымен, жазушылығымен танылған Б. Момышұлының образын жасауда автор сол тұстағы көрнекті ақындардың поэзиясын, Баукең туралы шымыр шумақтарын тиімді пайдаланған. Мәселен, Ғали Орманов пен Қасым Аманжоловтан басқа, Сәбит Мұқанов, Әбділда Тәжібаев, Сырбай Мәуленов, Кәкімбек Салықов, қырғыз ақыны Сүйінбай Эралиев, Есет Дүкебаевтардың өлеңдерін осындай мақсатта қолданған. Сырбай Мәуленовтің: «Кең жауырынды, Талғардай тік иықты, Бөрі кеуде, бүркіт қабақ Бауыржан...» [1, 235] — деп суреттеген портреті, қырғыз ақынының «Ақ боз ат мінген қолбасының ер тұлғасын» мүсіндеуі, бала күнгі бірге өскен құрдасы ақын Әбділда Тәжібаевтың майданда жүрген батыр досына деген сағынышын өлеңмен жеткізуі талай жайды аңғартатын детальдар. Бауыржанға арналған жыр-дастандар көп. Алайда автор оларды елеп-екшеп, батыр характерін тайға таңба басқандай танытатын белді ақындардың өлеңдерін ғана пайдаланған.

Әсіресе ақын Ғали Ормановтың «Полковник», Қасым Аманжоловтың «Бауыржан» атты өлеңдеріндегі поэзия тілімен өріліп жазылған мінездемелерді келтіруі батырдың тұлғасын жарқыратып, әрі шығарманың поэтикалық қуатын арттырған. Қасым Аманжоловтың:

«...Жан ұқпас жұмбақ емес бір жасырын,
Айтады ол тіке қарап жұртқа сырын.

Жаратпас жамап-жасқап жұрт ескісін,
Соғады өз дүкені сөз асылын...» [1, 176],

ал Ғали Ормановтың:

«...Бірде тік, бірде сынық, бірде қатты,
Жайдары көңілі түссе махаббатты.
Жалғанның жазы, қысы қабағында,
Батырын кім сүймесін бұл сымбатты!

Тартынса табиғаты бір-ақ уыс,
Еткендей тал бойынан аңғардым күш.
Тік өскен туған жерге қара емендей,
Халқымның қалағаны сондай туыс?...» [1, 293] –

деген өлең шумақтары батыр характерін танытуда көркем қара сөзбен жазылған мінездеуден артық болмаса кем емес.

Әзілхан Нұршайықовқа қаһарман жанының толғаныстарын, ішкі күйлерін нәзік түрде жеткізу тән. Өйткені оның кейіпкері — тек батыр ғана емес, өнер адамы. Ал шығармашылық іс-әрекет әрқашан сезіммен сабақтас. Сезімсіз образды ойды, шындықты табу мүмкін емес. Содан да болар романда сезімталдық, тез қабылдағыштық, образды ойлау мен рухани тебіреніс Баукең бойынан әркез көрініс алып отырады. Оған болып жатқан көріністерді қиял елегінен өткізу, тосын теңеу табу тән. Ол өмірден көрген-сезгендерін басқалардан өзгеше қабылдайды. Оның көзі — айналасын қаламгерлік көзбен ұғынған ой көзі. Авторға айтқан жауаптары образды сөзге, теңеуге, метафораға толы.

Бауыржан көкірегінен төгіліп жатқан образды ой көріністерін суреттейтін мына бір сөйлемдер мен сөз тіркестеріне ден қойып көрелік: «Холмдағы біздің әскерлер фашистердің «Солтүстік» армиялар тобының денесіне кірш етіп кірген найзадай сұғынып, немесе басқаша теңеумен айтсам, әлі от алдырылмаған ракетаның космосқа көтерілер алдындағы тұмсығындай сұстана сүйдііп, немістердің бүйіріне қадалып тұрған болатын...» [1, 248], «Талғаттың Берлинге сондағы сапары бірі иіріліп, бірі басын қақшитып аспанға көтеріп, бірі тілін қайраған қанжардай жалақтатып, бықып жатқан ордалы жыланның ордасына

жалаңаяқ жүгіріп кіріп, олардың былқылдаған мұздай суық денесін тұла бойың түршіге табаныңмен таптап өте шығумен пар-пар...» [1, 275], «...көк аспанға шаншылардай боп шырқай өскен қалың қарағай» [1, 156], «Аспанға шапши атылған ақ сүттей ақ қайыңдар» [1, 157], «бір үйір егеуқұйрықтай шыңғырып, шақылдап жатқан әскерлерін...» [1, 249], «үлкен қаптың ішіне кірген жолбарыстай боп, алға қарай жылжып бара жаттық» [1, 201], «кұжынаған жылан ордасын қақ жарып атумен пар-пар еді» [1, 201], «Батальон қызыл оттан суырылған құрыш көсеу болса, онда басына киіз қалпақ киген болат балқытушы генерал Панфиловтың өзі...» [1, 194], «қара бура Гитлер» [1, 199] т.б. оның қиял қарымын, тапқырлығын, жазушылық қабілетін байқатады. Баукеңнің мұндай бейнелі тілінен автордың батыр характері мен жазушылық өнерін танытуда сөйлеу тіліне де аса сергек қарағандығын көреміз.

Ә. Нұршайықов кейіпкердің сөз саптау, сөйлеу мәнеріне мәністі қараған. Кейіпкер тілінде мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, фразеологиялық сөз оралымдары, образды тенеулер жиі кездеседі. Мұның бәрі әрі айтушының жан дүниесін, сезімін ашуға көмектеседі, әрі жазушының тіл байлығын көрсетеді. Мұны Мырзабек Дүйсенов: «Ә. Нұршайықов — тілді жазушыларымыздың бірі. Ол адамның жан дүниесін терең сезініп, соны және тебірене, тербеле жеткізе біледі. Кейіпкерлері де шешен сөйлеп, тыңнан қанатты сөздерді ұшыруға шебер. Тапқыр тенеулер, метафоралық фигуралар, салыстырулар да мол. Әсіресе, диалогтары жанды, мәнді» [2], — деп дәл жазған. Расында, жазушының қай шығармасын оқысаңыз да одан адамдық қасиетті дәріптейтін халықтық мақал-мәтелдер мен жаңа нақылдарды көптеп ұшыратамыз. «Ақиқат пен аңыздың» үшінші диалогындағы автор мен Бауыржанның мақалдатып айтыса жөнелетін тұсына көңіл аударалық:

«Автор. Ұстазына шәкірті шарифат айтпайды, Бауке.

Бауыржан. Заман — теңіз. Теңіздің түбінде шабақ та жүзеді, шортан да жүзеді. Понятно тебе?

Автор. Ақырғанның бәрі арыстан емес.

Бауыржан. Үндемегеннің бәрі данышпан емес.

Автор. Қисық ағаш шынар болмайды.

Бауыржан. Ер бұтақты емен шынар болуға құмар болмайды.

Автор. Кей адамның мінезі тікенге ұқсайды; ал тікенекті шеңгелге аң да жуымайды.

Бауыржан. Кей адамның мінезі қоғаға ұқсайды; ал қоғаны шошқа да шиырлайды, сиыр да жапырады. Қоға боп көрінгеннің аяғына тапталғанша, шеңгел боп шіреніп тұрған артық...» [1, 76].

Осындағы түйдек-түйдек тың нақыл, өткір ой, жарасты теңеулер әркімді-ақ таңырқатады. Екеуінің де жан сарайы ақылға бай, ойға жүйрік екендігін байқатады.

Романда Бауыржанның аузынан шығып жататын өлең шумақтары да әжептеуір қызмет атқарған. Автор қойған кей сұрақтарға өлеңдете қайтарған жауаптарынан оның үнемі қатал, сұсты, бірбеткей жан еместігін, тебірене алатын, жүрегі егіліп, езілетін нәзік сезімді өнер иесі екендігін көреміз. Оның:

«...Мен де адаммын жаралған сүйек, еттен,
Менде де ой бар, сезім бар жан тербеткен.
Жүрегім менің қиыршық тас емес қой,
Қайғыларым бар менің де еңіреткен...» [1, 312] —

деген өлең жолдары өзінің ішкі әлемінен сыр айтқандай.

Батыр аға өзін жазушылыққа жетелеген негізгі себеп — адамгершілік парызды сезіну болғандығын айтады: «Өзім көрген асыл азаматтар өнегесін, өз тәжірибемді өсіп келе жатқан ұрпаққа қалдыруды адамгершілік парызым деп білдім. Жазушылыққа осылай бет бұрдым» [1, 53]. Роман соңында біз адамзатқа тән барлық асыл қасиеттерді бойына жиған, оны кейінгі ұрпаққа қалдыруға құштар данышпан қарт батыр тұлғасын көреміз. Осы тұста Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор әрі жазушы Петр Вершигораның: «Бізге Б. Момышұлының әскери ерлігі мәлім. Ол жазушы болып екінші ерлік жасады. Меніңше, екі ерлігі де тепе-тең», — деген сөзі еске оралады. Расында, романда Баукең бірде болаттай берік батыр тұлғасында көрінсе, енді бірде, ойлы жазушы қалпына ауысады.

Әдебиеттер:

1. Нұршайықов Ә. Таңдамалы. Екі томдық. — Алматы: Жазушы, 1980. Т.2. —360 бет.
2. Дүйсенов М. Сезім шынайылығы//«Қазақ әдебиеті». 1971, 15 қаңтар.

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҰЛҒАЛАР

Үлы талант иесі, көркемсөз шебері М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы — XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының өмірі мен ақындық өнері жайлы шығарма.

Негізгі қаһармандары өнер адамдары болғандықтан жазушы кейіпкер жанын шынайы суреттеп, ішкі психологиясына терең үңілген. Шығармашылық іс-әрекеттің құпия сырларын терең ашып көрсеткен. Автор үшін ең бастысы халық ақындарының қалай қалыптасқанын, оларға өмірлік әсер мен ішкі тебіреністер қалай ықпал еткендігін көрсету болғандығын Е. Лизунова «Мұхтар Әуезовтің шеберлігі» [1] еңбегінде тауып айтқан. Расында, автор романда Абай мен Дәрмен арқылы ақынжанды қазақ халқының шығармашылық қуатын көрсетіп береді. Олар арқылы көркем өнердің тууына жетелейтін психологиялық көңіл-күйді, шабытты дәлме-дәл суреттеп берді. Соның нәтижесінде ақындық ойлаудың ұлттық ерекшелігін нәзік жеткізе алды.

Ақындар образына ену үшін, ақындық өнер қуатын таныту үшін Әуезов бұл мәселеге тек жазушылық суреткерлікпен ғана емес, ақындық эстетика, ғалымдық білгірлікпен қараған. Өйткені Әуезовтің өзі Абай эстетикасы мен дүниетанымынан нәр алған. Содан да болар шығарманың көш-керуенінен ақындық әуен мен саз естіліп тұрғандай. М. Атымұмов «Қазақ романдарының поэтикасы» еңбегінде: «Төрт бөлімді екі үлкен кітаптан тұратын эпопеяның 80 бетінде 118 жерде барлығы 638 жол өлең бар. Әрине, бұл өлеңдердің бір-екеуі ғана болмаса, басқалары бірін-бірі қайталамайтын жазушының тың идеяларын ұсыну үшін пайдаланған өлеңдер. Жазушы мұнда да халық өлеңдері мен Абай өлеңдерінің кез келгенін ала салмай, сұрыптап, екшей отырып, эпопеяда айтпақ болған өз идеясына сәйкес қызмет ететін өлеңдерді ғана іріктеп таңдап алған» [2], — деген мәлімет келтіреді. Эпопеяда Абай шығармаларында үлкен орын алатын шығармаларының туу сәттері кеңірек қамтылған. Мәселен, оның өлең-жырға, ән-күйге

арналған лирикалары, ағартушылық мақсатта жазылған өлеңдері, сатиралық өлеңдері, адамгершілік, ар-намыс туралы, аңшылық туралы, табиғат туралы, әлеуметтік-тұрмыс туралы жазған өлеңдері, ғашықтық жырлары, аударма шығармалары, қара сөздері — бәрі де эпопеядан орын алған.

М. Әуезов шеберлігінің үлкен жеңісі — кейіпкерінің шығармашылық психологиясын сезімталдықпен жеткізіп, ақындық ой мен өлең-жырдың үздіксіз туу процесін әр қырынан керсетуі. Автор әр ақынды сахнаға шығара отырып, іс-әрекеті арқылы өзіндік мінез, болмысын жасайды. Алайда ол ақындардың романдан алатын орны өз талантының шама-шарқына байланысты. Романда бейнеленген ақындарды екі топқа бөлуге болады: халық ақындары және жазба ақындар. Жазба ақындар: Абай, Көкбай, Дәрмен, Мағауия, Шұбар, Әріп, Ақылбай, Кәкітай т.б. Ал халық ақындары: Барлас, Шөже, Балта, Біржан, Қадырбай, Байкөкше, Қуандық, Дәулеткелді т.б.

Осы аталған ақындарды іс-әрекетіне, ақындық шабытының ұшқырлығына, өлең-жырының қуатына, көздеген мақсатына т.т. қарай бірнеше топқа бөліп жіктеуге болады. Мәселен, суырып салма ақындық өнер Балта, Байкөкше, Барлас, Шөжелерден басымырақ байқалса, ал Қадырбай, Қуандық айтыс ақындары ретінде көрінеді. Ал Шөже, Көкбай, Дәулеткелді өткір сыншылдығымен ерекшеленеді. Енді кейбірі термешілік (Байкөкше, Әріп, Барлас), әншілік (Дәрмен, Мағаш, Дәулеткелді) өнерлерімен көзге түседі. Осы өнер адамдары ішінен Біржанды оқшау алған жөн. Өйткені, Біржан — ақын, әнші, сал-сері әрі композитор ретінде көрінетін жан-жақты өнер иесі. Романда халық ақыны Жамбыл туралы айтылғанмен, оның өнеріне көп тоқталмайды. Тек Жамбыл ақынмен Абайдың сырттай таныс екендігінен хабардар етеді.

Сондай-ақ романда ақындықтың бір ұшқыны байқалып жататын ақынжанды образдар көптеп кездеседі. Олай болуы заңды да. Өйткені қазақ халқы — ақынжанды халық. Осындай ақындық өнерде бір рет бой көрсетіп қалатындар: Байтас, Сүйіндік, Бөжей қыздары, Сара апа, Мұхамеджан, Зейнеп т.б. Тағы да айта кететін жайт, Шүмек, Бейсенбай сынды ақындардың да аты аталып өтеді.

Келесі бір сөз өнеріне қатысы бар кейіпкерлер тобын әңгімешілер құрады. Олар: Зере, Ұлжан, Ғабитхан молла, Жиренше, Баймағамбет, Ысқақ т.б. Сонымен қатар өнерқұмар әнші, сал-сері, домбырашы жастар жайында айтпасқа болмайды. Олар өнерпаз қауымның жиынына ажар беріп өлең-жырдың ел арасында кең құлаш жаюына өз үлестерін қосады. Мәселен: Әйгерім, Әбдірахман, Әмір, Үмітей, Балбала, Керімбала, Оралбай, Әлмағамбет, Тұрғанбай, Сейіт, Мұхамеджан т.б. шетінен өнерпаз жандар. Осыншама ақындардың өлең-жырларында ұстанған позициясына, көксеген армандарына қарай өзара айырмашылық алшақтықтары да көрініп қалады. Айталық, Абай жырының нәрін бойына адалдықпен сіңірген ақындар бір төбе де, Шұбар, Әріп, Көкбай сияқты түпкі мақсаттары ел жуандарымен бір ақындардың көтерер шашбауы бір. Екі түрлі мақсат нысана көздеген ақындар образын жасай отырып, Әуезов өнер әлеміндегі қарама-қайшылықты көрсеткен. Өйткені өнер де өмір сияқты қарама-қайшылықтар күресінің нәтижесінде туып дамиды. Әрбір ой-сана өз қоғамы мен ортасының жемісі. Демек, Абай өмір сүрген тап тартысына, ой-сана қайшылықтарына толы заманда екі түрлі идеологияның болуы заңды да. Автор сол заманға тән құбылыстарды және ақынның жеке басына тән сезім түйсіктерін, ойлауын көрсету арқылы Абайды сол заманғы алдыңғы озық бағдарды нұсқаушы адам ретінде көрсете алған. Оның ақындық образының жарқын да қуатты болуы осында.

Романда Абайдың қоғамдық тіршіліктегі қайшылықтарды, ауыр шындықты ұғынуына септігін тигізетін жайттың бірі — Шөже ақынды көріп өз құлағымен естуі. Шөже ақынның:

Большты бір ақсақ таз және соқыр,
Құранды мысық сопы молдаң оқыр.
Болғанда ақсақдария, соқыр қарға
Ортасын дарияның қарға шоқыр, —

деп әкесі Құнанбайды «қарғаға», Алшынбайды «ақсақ тазға» теңеген бір ауыз өлеңі өңменіңнен өтеді. Сөз құдіретін, ащы шындықты ұғынған Абай үнемі әке мінезін сынағыш болып алады. Бұған әке тапқан үш мінге қарсы дауласуы дәлел.

Абайдың сыни көзқарасы ақынның сыншыл өлеңдерінің туу төркінін меңзейді. Оның ел жуандарының, болыс тілмаштардың жиренішті, күлкілі іс-әрекет мінездерін сайқы-мазақ ететін уытты өлеңдері сыншылдық ойының жемісі екені сөзсіз. Мысалы, романда сөз етілетін «Болыс болдым мінекей», «Ел мінездері», «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай», «Жігіттер, ойын — арзан, күлкі — қымбат», «Есер-есірік болмасаң...», «Бөтен елде бар болса», «Атшабар келді лепілдеп», «Құранды молда теріс оқыр» т.б. сатиралық өлеңдерінде өз заманы мен замандастарының келеңсіз жақтарын сынайды. «Жеміт болыс» Әзімбай, парамен байыған Тәкежан, Шұбар жайын мысқылдайтын өлеңдері — ел билеген болыстар жайын қорыта келіп айтқан ызасы еді. Абай — шығармада тек өнер адамы ғана емес, өз қоғамындағы озбыр күшке шама-шарқынша қарсы тұра алған адуынды әрекет иесі, яғни күрескер ақын.

Абай поэзиясын оның өз замандастарының образын жасауда басты түпнұсқа етіп пайдалана отыра, суреткер өзінің тың идеяларын ұсыну үшін де пайдаланған. Абайдың ән-күйге арналған «Құлақтан кіріп бойды алар...» өлеңінің тууын Біржан салмен байланыстырады. Қонағы болып отырған Біржан сал асқан үнімен ән салған сәтте Абайдың көз алдына ол Сахараның ғажайып бір алыбындай елестейді. «Мен келемін! Өнер әкелемін! Танымай көрші, аңдамай бақшы! Сай-сүйегің босамай, алпыс екі тамырың иімей көрші!..» — деп ән төккенде, ән емес нұр төгілгендей. Ән күдіретін, әнші шеберлігін ой көзімен ұғынған Абай Біржан өнерін «азамат өнерінің зор биігі» деп бағалап, оған «Құлақтан кіріп бойды алар...» жырын арнайды. Біржан да ойшыл Абай бойындағы ақындық өнерді тани біледі. Олар бір-бірінен алған рухани азығы көп екенін айтысып, «басқа шауып, төске өрлеген өнерді» ғана қадір тұтуға серт етіседі. Автор осындай шығармашылық кездесуді баяндай отырып, өнер мақсатының бірлігін, оның әр бағытқа жұмсалуын сөз етеді.

Эпопеяның алғашқы кітаптарында халқымыздың суырып салма ақындық өнері көптеп кездеседі. Олар халық ақындары — Барлас, Байкөкше, Шөже, Балта, Әріп т.б. байланысты сөз етіледі. Олардың жырлары мен даналық сөздері де Абай өлеңдеріндей қуатты естіліп жатады. Бұл бір жағынан, халық ақындарының

Абайға тигізген әсерін аңғартса, екіншіден, ақынжанды халқымыздың өнерін көрсетеді.

«Абай жолында» орыс халқының да Пушкин, Лермонтов, Қрылов, Толстой сынды асқан дарынды ақындарының аты мен шығармалары аталған. Бұл Абайдың орыс халқының алдыңғы қатарлы әдебиетінен сусындағанының дәлелі.

Романның үшінші кітабында енді өсіп келе жатқан жаңа ақындар тобы бой көрсетеді. Олар — Ақылбай, Мағаш, Дәрмен, Кәкітайлар тобы. Бұл — өнер жолының бір айналымын жасайтын жаңа топ. Осынау жас ақындардың жүгінер төрешісі — Абай, нәр алар азығы — оның өлең жырлары болады.

Осындай алуан түрлі өнер иелерін Абай төңірегінде топтастыра, олармен өнер майданында жүздестіре отырып, сол өнерпаздар меңгерген сан алуан өнерді автор негізгі қаһарманның бойына дарыта отырып өзгелерден шоқтығы биік тұлғасын мүсіндейді.

Әдебиеттер:

1. Лизунова Е. Мұхтар Әуезовтің шеберлігі. — Алматы, 1968. — 288 бет.
2. Атымов М. Қазақ романдарының поэтикасы. — Алматы: «Ғылым», 1975. — 307 бет.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТҮЛҒАЛАР ЖАЙЫНДАҒЫ ОРЫС ТІЛДІ ТУЫНДЫЛАР

Қазақ халқының қоғамдық саяси өмірі мен руханиятының, ұлттық өнері мен әдебиетінің ілгері жылжып, дамуына ағартушылық еңбегі, ғылыми ізденістері, саналы білімі, ақындық дарыны, жазушылық еңбегі, сазгерлік, күйшілік өнері нәтижесінде үлес қосқан тарихи қайраткерлер қатарын негізінен шығармашылық тұлғалар толықтыратыны анық. Олар — ғұлама ғалымдар әл-Фараби мен Ш. Уәлиханов, ұлы ойшыл, ақын Абай, ағартушы әрі ақын жазушылар Ы. Алтынсарин мен С. Торайғыров, С. Сейфуллин, ақын-жырау, сал-серілер: Бұқар, Ақтамберді, Махамбет, Базар, Ақан сері, Біржан сал, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Мәди Бәпиұлы, әнші-күйші, сазгерлер: Қорқыт, Ықылас, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Дина, Сүгір т.б.

Осы біртуар тұлғалардың өмір сүрген ортасын, әрқилы тағдырын, елге еткен еңбегін, өнерінің сырын көркемдік шеберлікпен жинақтап, олардың көркем бейнесін сомдаған шығармалар қазақ прозасында жетерлік. Мәселен, М. Әуезовтің “Абай жолынан” бастау алған С. Мұқановтың “Балуан Шолағы” (1941) мен “Аққан жұлдызы” (1967), Д. Әбілевтің “Ақын арманы” (1971), Ә. Әлімжановтың “Махамбеттің жебесі” (1969, 1972, 1987), “Ұстаздың оралуы” (1978, 1981), А. Токмағамбетовтің “Жыр күмбезі” (1975), Т. Әлімқұловтың “Ел мен жер” (1978), “Сейтек сарыны” (1966), С. Бақбергеновтің “Қайран шешем” (1963), З. Ақышевтің “Жаяу Мұса” (1978), І. Жақановтың “Ықылас” (1990), Қ. Жұмаділовтің “Дарабоз” (1994, 1996), Ә. Сарайдың “Исатай мен Махамбет” (1997), Ж. Молдағалиевтің “Алғашқы қоңырау” (1978), “Таза бұлақ” (1984) сияқты романдарын, басқа да повесть, деректі әңгімелерді тізіп айта беруге болады.

60-80 жылдардағы қазақ прозасындағы тарихи тұлғалардың, олардың ішінде өнер адамдарының жиынтық бейнесін сомдаудағы жекелеген қаламгерлердің суреткерлік шеберлігін, көркемдік ізденістерін терең зерттеген әдебиетші ғалым, профессор Қансейіт Әбдезұлы “Тарих және тағдыр” атты еңбегінде: “Жалпы, қазақ қаламгерлері өнер адамдары жайындағы қай шығармасында да бас кейіпкердің рухани дүниесін жан-жақты, әлеуметтік ортамен тұтастыра терең ашып көрсетуге бейім. Адамның жан-дүниесінде-

гі құбылыстар жалаң, жалпылама емес, қайта сол кезеңнің әлеуметтік тарихи, қоғамдық-саяси шындығымен сабақтас, тамырлас танылады. Сондықтан да қаламгерлер толғаған заман бедері, дәуір лебі кейіпкер болмысынан алшақтамай, ара жігі ажырамай, қайта көркемдік шындық пен тарихи шындық тұтас көрінеді” [1, 132-133], — деп өнер адамдарының толыққанды тұтас тұлғасын танытуда тарихи оқиғалардың басты фактор, себепші болғанын баса айтады. Мұны басқа әдебиетші-ғалымдар да құптайды. Ғұмырнамалық, деректік сипатта жазылатын тарихи шығармаларда кейіпкерлердің тарихи тұлға болуы, оның іс-әрекет, мінез-құлқы суреттеліп отырған белгілі бір тарихи дәуір шындығына сай келуі ең қажетті белгілер екенін профессор Ж. Дәдебаев “Жазушы еңбегі” кітабында атап көрсете келе: “...тарихи шығарма өзегінде, оның басты желісінде жекелеген адамдардың басында болған тұрмыстық оқиғалар емес, белгілі кезең, дәуірдегі халық тағдырын таныта алғандай тарихи-әлеуметтік құбылыстар жатуы шарт” [2, 9], — дегендей талаптар қояды.

Тарихи шығармаларға қойылатын осындай талап деңгейіне сай жазылып, халқымыздың өткен ғасырлардағы тарихи кешуін шығармашылық тұлғалардың өмірі мен өнерін қамтитын, олардың өшпес бейнесін өзге халықтарға танытуға орасан үлес қосқан орыс тілінде жазылған шығармалар баршылық. Ол шығармалардың авторлары қазақстандық орыс жазушылары. Атап айтсақ, Николай Анов, Павел Кузнецов, Юрий Домбровский, Дмитрий Снегин, Морис Симашко, Иван Щеголихин, Иван Шухов т.б. Қазақ-орыс әдеби байланысының дәнекері бола білген осы қаламгерлер шығармаларының негізгі тақырыбы — Қазақстан, ондағы қоғамдық-тарихи жағдай, ал кейіпкерлері — қазақ халқының Ы. Алтынсарин, Ж. Жабаев сияқты өнер иелері мен О. Жандосов, Ә. Жангелдин, Б. Момышұлы сияқты ірі қоғам қайраткерлері. Орыс жазушыларының шығармаларында қазақтың ұлттық бейнесінің психологиялық тұрғыдан ашылуы, орыс халқымен қарым-қатынасы, рухани-ағартушылық байланысының көрініс алуы үлкен жетістік болды.

Тарихи тақырыпқа жазылған дүниелерді шолып қарасақ, орыс қаламгерлерінің көбірек назарын аударған тұлғаның бірі — Ыбырай Алтынсарин екен. Қазақ даласына ағартушылық нұрын жайып, жастарды оқу-білімге шақырған Ыбырай Алтынсарин жайында орыс және қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тел өкілі

Александр Ефимович Алекторов ыстық ықылас, шынайы сүйіспеншілікпен жазады. Сондай-ақ Ы. Алтынсариннің интеллектуалды бейнесі М. Симашконың “Қоңырау” (1982) романында ерекше көрініс береді. Қазақ ағартушысының педагогикалық қызметін, дүниетанымы мен көзқарасының қалыптасуын сатылай көрсете отырып, орыстың озық ойлы азаматтарымен рухани-интеллектуалдық туыстығын да көрсетуге ұмтылған. Жазушының қазақ тақырыбына арналған мұнан да өзге туындылары көптеп кездеседі. М. Симашко шығармашылығын Ж.Н. Ерғалиева “Морис Симашко шығармашылығындағы қазақ тақырыбы”, А.Х. Ибрашева “Морис Симашконың ориентальдық прозасы” атты кандидаттық диссертацияларында зерттеу объектісі етіп, жазушы шығармашылығына кеңірек талдау жасайды, ғылыми тұрғыдан баға береді.

Қазақстанның Ресейге қосылуы нәтижесінде жүрген екі ұлт арасындағы табиғи сіңісу, туыстасу, рухани жақындасу мәселесі Н. Ановтың “Ақ мешіт” (“Ак-Мечеть”, 1948), “Ән қанаты” (1956), А. Сергеевтің “Петербург елшісі” (“Петербургский посол”, 1980), Е. Щеголихиннің “Өте қайырымды жүрек” (“Слишком доброе сердце”, 1983) атты тарихи шығармаларының да өзекті тақырыбы болды.

Ж. Жабаев шығармаларын орыс тіліне алғаш аударған Павел Кузнецов Жамбыл ақынның өмірі жайлы “Бақытын тапқан адам” (“Человек находит свое счастье”, 1950) тарихи романын жазды. Романға 1953 жылы Жамбыл атындағы республикалық I сыйлық берілді, ал 1959 жылы қазақ тілінде жарық көрді. Мұнда жас Жамбылдың ақын Жамбылға дейінгі өсу жолы сипатталады.

Қазақстанның орыс жазушылары тек қазақ халқының шығармашылық тұлғаларын ғана сомдап қоймай, орыстың ұлы ақыны А.С. Пушкин (Н.А. Раевский “Когда заговорят портреты” и “Портреты заговорили”), XIX ғасырда Қазақстанға жер аударылған орыс ақыны Плещеев (И. Анов “Ак-Мечеть”), демократ-жазушы Ф.М. Достоевский (П. Костенко “Иртыш и Нева”), ақын әрі қайраткер Михаил Михайлов (И. Щеголихин “Слишком доброе сердце”), ғұлама классик ақындар Омар Хайям мен Мақтымқұлы (М. Симашко “Искушение Фраги”) т.б. образдарын да өзіндік қолтаңбамен даралаған. Ал Ю. Домбровскийдің қаһармандары Державин, Байрон, Шекспир, Генрих Гейне, Грибоедовтар болды.

Қазақстандық орыс жазушыларының аударма арқылы орыс-қазақ әдеби байланысының дамуына үлкен үлес қосқанын айта кету абзал. Жоғарыда аты аталған жазушыларымыздың аудармада өз қолтаңбасын қалдырмағаны жоқ десе де болады. Орыс тіліне тәржімаланған дүниелердің ішінде шығармашылық тұлғалар жайындағы романдардан З. Ақышевтің “Жаяу Мұсасын”, С. Мұқановтың “Балуан Шолағын” айтуға болады. Оларды И. Щеголихин аударды. Шығармаларының басты қаһарманы — қазақ интеллигенциясы болған Ю. Домбровский де Б. Майлиннің, С. Мұқановтың, І. Есенберлиннің, Ә. Нұрпейісовтың, Т. Ахтановтың, Е. Ысмайыловтың, Б. Соқпақпаевтың шығармаларын қазақшадан орыс тіліне көркем аударма білді. Қазақтың әдебиет қайраткерлерімен үнемі шығармашылық, достық қатынаста жұмыс істеу барысында Ю. Домбровский қазақ халқын терең танып, евразиялық ой-өрісін байыта түсті.

Сонымен қатар Дм. Снегин, Г. Бельгер, И. Шуховтар да қазақтың көрнекті жазушылары М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, Ә. Нұрпейісов, Х. Есенжанов, Ә. Кекілбаев, Д. Досжанов, Ә. Әбішевтердің ірі шығармаларын орыс тіліне аударып әдебиетіміздің інжу-маржандарын өзге халықтарға таныстырды.

Қазақ әдебиеттану ғылымы да бұл жазушылардың еңбегін назардан тыс қалдырмай өз бағасын беруде. Бұған Қазақстандағы орыс әдебиетінің даму мәселесін зерттеуге бағытталған М. Сыдықназарованың “Қазақстанның қазіргі прозасындағы эссе жанрының дәстүрі. (Г. Бельгер, И. Щеголихин, Дм. Снегин эсселері бойынша), Б. Жолдасбекованың “И.П. Шуховтың эпикалық прозасының көркемдік ерекшеліктері”, Р. Мұсабекованың “Юрий Домбровский шығармаларында тарихи шындықтың көркем бейнеленуі” атты кандидаттық диссертациялардың жазылып, қорғалуы дәлел. Соңғы он жыл ішіндегі мұндай ізденістер орыс-қазақ әдеби байланысы, көркем аударма ісі қай кезде де көп ізденіс пен қыруар еңбекті қажет ететін әдебиетіміздің маңызды бір саласы екенін көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. — Алматы: Қазығұрт, 2004. — 208 бет.
2. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. — Алматы: Қазақ университеті, 2001. — 340 бет.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ҰЛТТЫҚ ТАҚЫРЫПТАР

Қаншама кезеңнен бері үздіксіз дамуды басынан өткеріп келе жатқан әдебиетіміз көркемдік дәстүрге бай. Көркемдік дәстүрдің жаңғыруы суреткердің өмір шындығынан, адамзат болмысынан мәнді жайларды тауып, оны зор ізденіс, үлкен шеберлікпен көркем дүниеге айналдыра білуімен сабақтас. Ал өмірдің шынайы көрінісін көркем бейнеге салып суреттеу қиял ұшқырлығына, ой мен сезім түйсігінің зеректігіне байланысты.

Ақын үшін өмірде жырлайтын тақырып көп. Оның біразы науқандық болып, заман ағымынан ілесе алмай қалып жатады. Енді бірі кейінгі толқынның талғамына сай келмей өз мәнділігін жойып алады. Осындай үздіксіз диалектикалық қозғалысты басынан өткеріп жатқан әдеби үдерісте қай кезде де маңыздылығын жоймай жаңғырып отыратын тақырыптар болады. Олар әдебиетіміздің көркемдік дәстүріне айналады. Көркемдік дәстүрді жаңғырту суреткердің өмір шындығынан, адамзат болмысынан мәнді жайларды тауып, оны зор ізденіс, үлкен шеберлікпен көркем дүниеге айналдыра білуімен сабақтас. Ал өмірдің шынайы көрінісін көркем бейнеге салып суреттеу қиял ұшқырлығына, ой мен сезім түйсігінің зеректігіне байланысты. М. Базарбаев: «Адам баласының бүкіл тарих бойына ілгері өсіп-дамуы қаншалықты тынымсыз, толассыз жүріп жатқан процесс болса, көркем бейне жүйесімен ойлау, дүниені образбен танып баяндау, суреттеу өнері де тоқтаусыз дамып, жаңаланып, жасарып келе жатқан құбылыс», [1, 6] — дейді. Қазіргі таңда поэзия жанры тақырып, мазмұн мен түр жағынан күрделі жаңғыруларға қол жеткізді десек те, дәстүрлі жалғастықты үзбей келе жатқан тақырыптар молынан кездеседі. Қазақ поэзиясында дәстүрге айналып кеткен мәнді тақырыптар: тарихи тақырып, тарихи тұлғалар тағдырын бейнелеу, батырлар ерлігін жырлау, ел бірлігі, ел тағдыры, ұлттық тәуелсіздік, оны қорғаған ер-азаматтар тұлғасы, ерлік пен опасыздық, патриоттық, Отан қорғау, туған жер, т. б. Ежелгі түркі поэзиясынан бастау алып, қаһармандық эпос, жыраулық

поэзия, тарихи жырлардан бері бүгінге дейін жалғастық тауып келе жатқан бұл мәселелер — ұлттық поэзиямыздың ғана емес, жалпы қазақ әдебиетінің дәстүрлі тақырыптары. Мұнымен қатар жастардың бас еркіндігі, махаббат бостандығын суреттеу, адал махаббат, әйел теңдігі т.б. лиро-эпостан келе жатқан дәстүрлі тақырыптар бар.

Қазақ поэзиясының тарихына зер сала қарасақ, онда дәстүрге айналған тақырыптың ең маңыздысы — халықтың өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғаны баян етіп, елі үшін ерлік көрсеткен батырлардың тұлғасын дәріптеу, яғни қаһармандықты жырлау болғандығын аңғарамыз. Ежелгі дәуір әдебиеті мен батырлық эпостардан бастау алып, жыраулық поэзияда орнығып, бүгінгі заман поэзиясында мазмұн мен түр жағынан жаңғырып отырған бұл тақырып қай кезең әдебиеті үшін де маңызды болды. Әрідегі түркі халқына ортақ «Күлтегін», «Білге қаған» және «Тонықөк» жырларына бармай-ақ, ел қорғау, жауды ойсырата жеңу оқиғаларын, магиялық күшке ие батырлықты әсірелей суреттейтін қаһармандық эпостарды сөз етпегеннің өзінде, қалмақтармен толассыз шайқасқан қазақ хандығы заманындағы эпикалық дәстүр әр кезең поэзиясында қайта түлеп, соны сипат алып отырды. Бұл тұста мемлекетті қорғау, нығайту ең басты міндет болды. Ежелгі жырлар қайта жырланды, олардың мазмұнына өзгеріс енгізілді. Осылай әдебиетімізде жаңа эпикалық туындылар, яғни тарихи жырлар туды. Мұндағы бас кейіпкерлер — елдің басынан өткен тарихи оқиғалардың бел ортасында жүріп, елге басшы бола білген, ерлігіне тамсандырған тарихи тұлғалар еді. Алдыңғы эпикалық дәстүрдің әдіс-тәсілдеріне, поэтикасына арқа сүйегенмен, Абылай, Бөгенбай, Қабанбай, Олжабай туралы жырлардағы тарихи шындық пен эпикалық суреттеудің арақатынасы бұрынғы батырлық жырдан өзгеше сипатта болды. Осы өзгешелік кейініректе тарихи жырдың жаңа түрін — реалды-тарихи эпосты туғызды. Осындай ерекшеліктерімен тарихи жыр әдебиетімізге жаңа жанрлық түр болып енді. Қаһармандықты, тарихи тақырыпты жырлау осылай адамзат қоғамының тарихи даму үрдістерімен бірге жасап жалғасын тауып келеді.

Ел қорғау, жаудан азат ету тақырыбы бертін келе, тарихи жағдайларға байланысты ұлттық тәуелсіздік тақырыбына жалғасты. ХҮІІІ—ХІХ ғасырларда қазақ әдебиетінде ұлттық

тәуелсіздік тақырыбы айрықша мәнге ие бола дамыды. Жоңғар шапқыншылығы мен орыс отаршыларының қысымы поэзиямыздың мазмұны мен тақырыбының кеңі түсуіне жол ашты. Отаршылық тудырған кесепатты мәселелерді, қазақ табиғатына жат мінез-кұлық пен салт-сананың еніп жатқанын жырларында шебер тілмен сөз еткен Дулат, Шортанбай, Мұрат сынды ақындар өз заманының зарлы жыршысына айналды.

Ұлтымыздың діні мен тілін, салт-санасы мен дәстүрін сақтап қалуды батыл жырлаған жыраулар дәстүрінен қуат алған алаштың арыстай азаматтары Ахмет, Әлихан, Міржақыптар «Оян, қазақ!» деп халық танымына тура жол сілтеп ұрандаса, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Мұхтарлар төл әдебиетімізде ұлт-азаттық күрес тақырыбын дамытуды көздеді. Түбінде ұлт-азаттық идеясы жатқан ізгі ниет — халықтың арман тілегінен туған асыл мұраты еді. ХХ ғасырдың бас кезінде алаштың ашық ұраны болған ұлт-азаттық идеясы 90-жылдардағы поэзияның да негізгі идеясы, қайта жаңғырған дәстүрлі тақырыбы болып, тәуелсіз кезең поэзиясында маңызды мазмұнға айналды.

Тәуелсіздік кезең поэзиясы кеңестік дәуір поэзиясымен, «ақтаңдақтар шығармашылығымен» сабақтастықта дамыды. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев өлеңдері поэзиямыздағы көркемдік дәстүрдің көпірі болуымен қатар, оған жаңа рух, өзгеше шырай, тың тақырып әкелді. Поэзиямыздың ұлттық бояуы қаныға түсті. Лирикалық кейіпкеріміз ұлттық қаһарманға айналды. Ұлттық сипат алған ақынның «мені» тарихты, ұлт тағдырын, жаңа уақыт ақиқатын ұлт мүддесі тұрғысынан сөз етуді мақсат етті. Қазақ поэзиясында лирикалық қаһарман деңгейіне көтерілген ақындар М. Шаханов, М. Айтқожа, Иран Ғайып, Т. Медетбек, Н. Оразалин, Ұ. Есдәулет, Ә. Қайран т.б. поэзиясы бұған дәлел. Бұл ақындардың поэзиясында дәуір, қоғам, ұлт тағдыры ақынның жеке тұлғасымен, эстетикалық мұрат-мақсаттарымен бірлік-тұтастық тапқан. «Шын ақын — өз заманы, өз қоғамы, өз уақытымен және сол заман, сол уақыт бойындағы келеңсіздіктермен аяусыз күресетін тұлға», — деп айтқан ақын Темірхан Медетбековтің «Көк түріктер сарыны» [2] жыр кітабынан қазақ поэзиясының күрескерлік рухы көрінеді. Көне мазмұнды жаңа түрге немесе көне түрді жаңа мазмұнға салса да, оны бүгінгі таным, соны эстетикалық талғам деңгейін-

де жырлайды. Ақын ұлт тағдырының қасіретті кездерін жырының тақырыбына айналдырады. «Ашаршылық жылдар суреттері», «Маған не істемеді, маған не жасамады?», «Қуғын-сүргін заманы», «Біліп келемін», «Қазақтың тағдыры» сияқты өлеңдерінен ұлттың тағдырына алаңдайтын лирикалық қаһарманды көреміз. Жыр кітабын оқыған сәтте ғасырлар қойнауынан ұлтының бостандығын, тәуелсіздігін іздеп жолға шыққан ұлтжанды қаһарман ұдайы көз алдымызда тұрады.

Жол ұзақ болды, —
 Артым күз,
 Алдым мұзарт болды.
 Замана суығы
 Жүрегімді сығып,
 Жанымды қарыды.
 Астымдағы тұлпарым тулақтай арыды.
 Темір етігім теңгедей болды,
 Темір таяғым тебендей болды,
 Мен оған зорға жеттім, —

дейді «Болашаққа жол» өлеңінде. Ауыз әдебиетінен бері келе жатқан көркемдік дәстүрдің бірі — әсірелеу тәсілімен жазылған осы бір шумақта қолданылған литота тәсілі көп жайдың мәнін ашып тұр. Жинақы да дәл айту. Ақын шеберлігі деген міне осы.

Ақын Марфуга Айтхожа өзінің сыршыл жырларында:

Үніңменен
 Үнім тектес жаралған,
 Сен шомылған шұғыладан нәр алғам.
 Жапырақтай жүрегімде сан арман,
 Тереңнен ой —
 Тербетеді әр алуан... —

деп, ақынның дәуірмен үндес, тұтас тұлға екендігіне меңзейді.

Ұлттық поэзиямыздың озық дәстүрлерін мазмұн мен түр жағынан дамытып жүрген ақынымыз Ұлықбек Есдәулет өлеңдерінде де дәстүрлі тақырыптар мол кездеседі. «Жүректегі жарылыс», «Қиіз кітап» жыр жинақтарына енген әрбір өлеңнен ұлттық болмыс пен мінезді танймыз. Қазақ қазақ болып тұрған

кездің өзінде тіліміздің тазалығы жайын сөз еткен Дулат пен Шортанбай, Абай ақын шығармаларындағы тіл мәселесін кең тақырып ету Ұлықбек Есдәулет поэзиясында да дәстүрлікпен жалғасын тапқан. Әсіресе талай тарихи кезең мен қилы тағдырды бастан өткеріп келе жатқан тіліміздің болашақтағы жай-күйіне алаңдаушылық ақын өлеңдерінде әркез бой көрсетіп отырады. Мына тармақтар мен шумақтарға зер салыңыз:

«Ақзу тілім ақ сор боп шұбарланып,
Қыжылымды айтпадым құмар қанып...»,

«Өрт шалған тудай жаралы тілім
Желбіреп желмен шалқидың...»,

«Құрыған тіл!» – деп табандағанның,
деймісің кетпес түгі де,
Тілімді сонша жамандағанның
шоқ түсер әлі тіліне...»,

«Қалайша қынға көмейін сені
Қылшылдап тұрған қылышым,
Құдайдың тілі демейін тегі
Табиғаттың өз тілісің...».

Заманымыздың өткір тілді ақыны Иран Ғайып өлеңдері жаңа шешім, тың образдылығымен ерекшеленсе де, поэзиямыздың дәстүрлі жүйесіне әркез оралып отырады. Мәселен тарихи тұлға Хан Абылайдың елді бірлікке шақырып, халқы үшін дара ерлік жасаған қайталанбас тұлға екенін ақын былай жырлайды:

Тауқыметін тағдырдың тартқан ерім,
Арқасына нар жүгін артқан ерім.
Исі Қазақ баласын соңына ертіп,
Жолбарыстай жаранып жортқан ерім.

Жүзге, жікке, руға бөлмеген хан,
Екі сөзге егессе келмеген хан.
Иен даланың Мәңгілік Қиесіндей,
Өзі өлсе де, Рухы өлмеген хан.

Алтын тәжін ақылдың киген дана,
Елі-жұртын еңіреп сүйген дана —
Алты Алаштың алауыз басын қосу
Еншісіне ең алғаш тиген дара.

Тарихи тұлғаның көркем образын типтендіріп көрсету тәуелсіздік кезең әдебиетінде қайта жанданған дәстүр. Бұл тұста тарихымызды қайта сараптап, бүгінгі таныммен қабылдап жырлау көптеген ақындарымыздың поэзиясында орын алды. Ақын Әубәкір Қайран «Кенесары» атты тарихи дастанында қазақ елінің бостандығы үшін басын тіккен Кенесары ханның асқақ рухын қайта тірілтіп, халқымыздың өткен тарихына көз жүгіртеді. Абылай, Қасым, Алаша хандардың ұрпағы қайсар Кенесарыны бүкіл алаш хан етіп ақ киізге көтергенде соңғы әрі шерлі хан болатынын кім біліпті?... Халқының тәуелсіздігі үшін күрескен Кене хан бейнесін ақын ішкі толғанысын бере отырып аша түседі.

«Қазақ-ай, неткен бақсыз ел едің сен!
Сонда да тірегім — сен, сенерім — сен.
Қазақтың намысыңды қалғытпаймын,
Артымнан ұран салып ере білсең!»

Осылай толғанады Кенесары.
Ішінен ниет етіп, жол ашады.
Білмейді, әлі бұлдыр бұл қазақтың
Орыска бодан болған болашағы, —

немесе:

«Қазағым, қайғым сенсің, қарағым-ай,
Оң жақтан соғар қашан самалың-ай!» —

деген шумақтардан қазағым деп еңіреген ерді көрсек,

«Нелер түр біз білмейтін тосып алда.
Жолға — жақ, көңілге тақ болсын Алла!
Қазақтың қайта туар ақ күні үшін
Шейітпіз опат болсақ осы жолда!» —

Деп Кене тұрып кетті орнынан.
Дін аман бет әлпеті торығудан.
Ендігі жорық жолы ерен болмақ
Жасаған бұған дейін жорығынан... —

деген шумақтардан қазағы үшін ешнәрседен тайынбас ұлт батырын көреміз. Дастанда батырдың өр рухы әр шумақ, әр тармақ, әр жолдардан көрініп жатады.

Дастанның баяндау жүйесі де Кенесары ханның болмысын, жан дүниесін ашу құралына айналған. Кейіпкер атынан баяндалатын «Кенесарының Сарыарқамен қоштасуы немесе төрт жылдық баян» бөлімі тұтастай Кенесарының ішкі шері түрінде беріледі. Жетісуға аттанар сәттегі Сарыарқа даласымен қоштасуын: «Сарыарқа саған шағам енді мұңды... — деп бастай келе:

...Санамды сансыратты ұлы арманым,
Болашақ қандай болар біле алмадым.
Көбесі тырнағымның сөгілгендей,
Сонда да бір қанағат іле алмадым.
Дарига-ай, түгел өртеп кетер ме едім
Орыстың қаптап кеткен дуандарын!

Қордам мен қонысымды айнала алмай,
Қолымды таршылықтың байлағаны-ай!
Өзінді дербес қылсам деген оймен,
Он жылдай күресіп ем жанды аямай.
Артымнан соңғы төрт жыл тағы түсті,
Үмітпен ұстаймыз деп әлдеқалай, —

деп Кенесарының арман-мақсаттарын баян етеді. Оның іске асуына деген күмән-күдігі де белең алады. Мұнысы ақынның тарихи шындыққа жақындата түсуі деп түсінеміз. Өлімді де қасқая қарсы алған батыр хан Кене рухы жыр соңына дейін төмендемейді. «Соңғы толғаныста» ақынның айтар ойы, идеясы толғаныспен қорытылып түйінделген. Сиясы әлі кебе қоймаған бұл жаңа дастан — Кенесары туралы жазылған дүниелерді толықтыра түсетін мәнді көркем шығарма деп толық айта аламыз. Кенесары хан әдебиетімізде бұған дейін де тарихи жырларда,

М. Жұмабаев, М. Әуезов шығармаларында сомдалғанымен ақын Ә. Қайран дәстүрлі тақырыпты дастан үлгісінде тың көркемдік бояулармен жаңғыртып жырлаған. Эпикалық жырда осыған дейінгі көркемдік дәстүр жалғастығы болғанымен, бүгінгі заман талғамына сай тәсілдермен беру амалдары да мол кездеседі. Ол оқиғаны баяндау, образды жинақтау, монолог, диалог арқылы характерді ашу, ішкі тебіреніс пен толғаныстарды ұтымды бере білу сияқты ерекшеліктерден көрінеді. Бұдан әрбір жаңа дәуірде көне мазмұнның өзі тың пішін тауып, жаңғырып, жасарып отыратындығын байқаймыз. Әр заман ақыны осындай көркемдік ізденістермен поэзияда өз тынысын, өз қолтаңбасын қалдырып отырады.

Әдебиеттер:

1. Базарбаев М. «Өлең – сөздің патшасы сөз сарасы». – Алматы, 1973. – 256 бет.
2. Медетбек Т. Үш томдық таңдамалы. Т.2. Көк түріктер сарыны. – Алматы, 2011. – 654 бет.

МАЙЛЫҚОЖА ӨЛЕҢ-ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ НАҚЛИҚАТТАР

Халқымыздың аталы мұраларына зейін қойып қарасақ, онда қаншама асыл, нақыл сөздердің, даналық ойдың түйіні жатқанын аңғарар едік. Кезінде ұлы Абай аңсаған «көкірегі сезімді, тілі орамды» жастар ата мұрасына сергек те шалымды көкірек көзімен қарай алып жүрміз бе? Көкейге ұялайтын осы бір сауал қай-қайсымызды да мүдіртетіндей. «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» жасау үшін қаншама ұрпақтың, сөз зергерлерінің ақыл-ойы, еңбегі жұмсалды.

Қазақтың сөз өнеріне өнегелі ақыл-нақыл сөздер қалдырған ақынымыздың бірі — XIX ғасырдың екінші жартысында Оңтүстік Қазақстан аймағында, атап айтқанда, Шымкент облысы Қызылқұм ауданында өмір сүрген Майлықожа Сұлтанқожаұлы. Әкесі Сұлтанқожадан он төрт жасында айрылған Майлықожа жетімдік зарын көп тартып есейеді. Өлеңге деген құштарлығы ерте оянған талапты жас ақындық өнерді ерте машық етеді. Өлеңді ауызша да, жазбаша да шығарған Майлықожа — өз кезінде ақындық, жыраулық өнерімен Оңтүстік өңірге танымал болған өнер иесі. Ақынның:

Осы күнде халқымда,
Мәлім болып жалпыға,
Тілдің болдым шебері, —

деуі, атақты Жамбыл ақынның «Майлықожа, Сүйінбай, пірім еді сиынған» деп баға беріп айтуы ақынның сөз өнерінің шебері болғандығынан хабар береді. Майлықожа ақынның Сүйінбай, Құлыншақ, Мәделқожа Жүсіпқожаұлы, Күдеріқожа, Ұлбике, Айман-Гүлханым, қырғыз ақыны Жаныстармен сөз сайысына түсіп, айтқан уәждерінен шындықты өткір айта білген терең ойлы суырып салма айтыскер болғандығын да байқаймыз.

Майлықожа жиырма жасынан кейін сөз өнеріне ден қойып, шығыс дастандарын жатқа оқып, назира дәстүрін де меңгерген. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарыққа

шыққан 100 томдық «Бабалар сөзінің» он екінші томына [1] Майлықожа жырлаған «Зарқұм» дастанының нұсқасы енген. Өмірде болатын шынайы оқиғалар мен ертегілік-фантастикалық сюжеттің қабысуы, адам санасынан тыс жағдайлар мен күдіретті күштердің оқиғаға жүйелі түрде араласып отыруымен ерекшеленетін «Зарқұм» атты діни дастанын Майлықожа ақын поэтикалық дәстүр үлгілерін түрлендіре отырып өз мәнерімен жырлаған. Майлықожа жырлаған нұсқаның кезінде ел арасында кеңінен таралғандығы ақынның жырлау үлгісі мен тілдік жүйесінде өзіндік ерекшеліктері бар болғандығын танытса керек.

Ақынның өлең-толғаулары алғаш рет Я. Лютиштің құрастыруымен 1883 жылы Ташкентте басылып шыққан «Қырғыз хрестоматиясы» кітабына енеді. Көптеген нақыл өлеңдері мен толғаулары «Үш ғасыр жырлайды» (1964), «Бес ғасыр жырлайды» (1964), «Ай, заман-ай, заман-ай» (1991) кітаптарында және «Нақыл» (1972) атты жеке жинағында жарияланған. Ақынның бірқатар айтыстары «Айтыс» жинағына (2 том, 1988) енген.

Майлықожа Сұлтанқожаұлы ауыз әдебиетін де жетік білген. Фольклоршы Әбубәкір Диваевтың көптеген деректерді ақыннан алғандығы мәлім. Майлықожаның өзінің де замандастарының ауызында қалған тамаша жырлары мен нақыл сөздерін жинақтауда, халқымыздың әдебиетінің құрметті сахнасына шығуына көп тер төккен әдебиетші ғалымдарымыз — Әсілхан Оспанұлы мен Ханғали Сүйіншәлиев. Олардың зерттеулеріндегі ой-пікірлерге сүйенсек, Майлықожаның ақындығы жан-жақты болған. Ол ұзақ толғаулар, термелер, хиссалар, дастандар, мысалдар, нақыл өлеңдер жазған. Майлықожаның әдеби мұрасын жанры мен мазмұнына қарай бірнеше тақырыптарға бөлуге болады: ғибрат, нақылдар («Ер көгерер дұғамен», «Жолдас болсаң жақсымен», «Жақсы адам қартайса»), арнау өлеңдер («Ахмет төреге», «Тұрлыбекке», «Райымқұлға», «Ноғай мырзаға» т.б.), дастан-мысалдар («Қасқыр», «Тотынама», «Аңқау мен қу», «Шора батыр», «Үш жігіт»), айтыстар т.б. Осы шығармаларының қай-қайсысын алсақ та, олардан нақыл, өнегелі сөздерді көптеп кездестіреміз.

Ә. Оспанұлының құрастыруымен 1972 жылы шыққан ақынның тұңғыш жинағының «Нақыл» деп аталуы тегін емес. Ақын

шығармаларын адамшылық, әдебиетші-ғалымдық әрі ақындық сана-сезіммен барлап, талдаған Ә. Оспанұлы «Қаратау шайырлары» [2] деген зерттеу еңбегінде ақынның ақыл-нақыл өлеңдерінің негізгі мақсаты болашақ жастарды адамгершілік рухта тәрбиелеу болғандығын нақ тани көрсетеді. Ақынның мақсат-мұратын мына толғау жолдарынан байқаймыз:

Нақлиқатты мысал қып,
Төмендегі айтқан сөз
Майлы ақынның сөзі еді.
Мәлім болған халыққа,
Өтірік емес анық та,
Өнер алды — тіл еді.
Сарттан өткен Науаи
Тілдің гаусар гүлі еді.
Парсыда өткен Фирдоуси,
Заманында дүр еді...
... Нұсқа қып айтсам кейінге,
Ақынның солар бірі еді...
... Майлы ақынның өзіне,
Ыбырат берер сөзіне,
Тірі болса осылар,
Болар еді-ау тірегі.
Осы кезде халқымда,
Сөз тастайтын артына
Меннен басқа кім еді?
Өңкей жақсы қосылса,
Бітіреді кеңесті.
Өңкей жаман қосылса,
Шығарады егесті.
Мәмілемен іс бітер,
Бас қосып қалса көп есті.
Жақсының жолы — жарық күн,
Жаманның жолы — көмескі.
Жаман сөйлер лепіріп,
Орамалын желпініп,
Соза түсіп өңешті.
Мақтанғанмен жарамас,
Пайымы аз, кем есті.
Тентек бір — ақ аттайды,
Белес пенен дөңесті.
Жаман сөйлер халықтан

Бастағы мінін жасырып.
 Жақсы сөйлер халыққа
 Қызметін асырып... —

осылай жалғаса беретін дидактикалық сарындағы ой түйінде-
 рі мен нақлихат сөздер ақын танымы мен өмірлік ұстанымдарын
 айқындайды.

Х. Сүйіншәлиевте Майлықожа ақынның шығармашылы-
 ғы туралы: «Негізінен нақыл термелер шығарып өлеңнің осы
 бір түрінен шеберлік танытқан. Мәтелдеп, мысалдап, ақыл-
 ды сөз айтып өз ойларын тайға таңба басқандай анық білдіру-
 ді мақсат еткен» [3,86], — дейді. Майлықожаның қалдырған
 әдеби мұрасын саралап қарасақ, олардын алуан бір то-
 бын — ғибрат, өнеге, нақыл тақырыбына арналған өлеңде-
 рі құрайды екен. Мәселен, «Жолдас болсаң жақсымен»,
 «Жақсы адам қартайса», «Құлақ салғын, халайық...», «Өлше-
 ніп берген өмір бар», «Замана», «Үш жігіт», «Жылдың төрт
 мезгілі», «Түрлі дәуір беріпті», «Жақсы болсын жұбайың»
 сияқты терең ойшылдық пен өткір сыншылдық көрініс тапқан бұл
 толғау, өлеңдерінде өмір, заман, мезгіл туралы толғаныстар, ел-
 ге, ағайын-туысқа, еңбекке деген қатынас, адамның кемшіл мі-
 нездерін түзету сияқты мәселелерді қамтиды. Осы тақырыптағы
 ойын ақынның достық, жолдастық туралы нақылдары да толық-
 тыра түседі.

Жаманнан жолдас ертсеңіз,
 Болмайды сірә амалы.
 Басыңа мехнат — күш болар,
 Достай болған жаманы.

немесе:

Дос болу асылында неге керек,
 Жаныңды достық үшін қинаспасаң.
 Дос болу асылында неге керек,
 Жоғыңды бір-біріңнің жинаспасаң.

Ақын түсінігінде, достық — адамдық қасиеттің биік туы іспеті.
 Ол туды жықпай, әркез тік ұстаған адамның ісі де, көңілі де ілгері

өрлемек. Өз жырында жан аяспас достықты үлгі тұтқан ақынның меңзер нақылы, ақылы мынадай: «Жөн білсең жолдасыңа жоба көрсет, Жұмысы жөнге келмей кешелденсе...».

Ақын назарынан ар-ождан, бозбала әдептілігі сияқты мәселелер де тыс қалмайды. Ар, ұят, әдептілік, ізет, сыпайылық — бәрі зерденің сырт көрінісі. Аталған қасиеттер зердеден, яғни санадан туындаса керек. Егер бір-бірінің байланысы кемісе, әйтеуір бір жағы ақсап жатуы сөзсіз. Осы ойларды ақын «Ұят беттің пердесі, Қымбатты ердің зердесі» деген екі-ақ жолмен шебер жеткізе алған. Тағы да:

Адал жүріп анық бас,
Біреудің алма инесін.
Қызықтырған тұлкідей
Дүние өтер бір күні...
Есерліктің белгісі —
Өтірік-өсек аянды,
Іркілместен соғады, —

деп қулық, өсек, ұрлық сияқты жаман іс-әрекеттерден аулақ болуға шақырады.

Ақын өлеңдерін оқи отырып, қоғам өмірінде ер жігіттің алар орнының маңыздылығын ұғынасың. Сол себепті оған қояр талап та басымдау бола түсетінін сезінесің. Ақын ер жігіттің халық қажетіне жарауға талаптануын қалайды: «Талапты туған ер жігіт, Әр жұмысқа бекінер», «Парасатты ер жігіт, Ақылмен әр іс біледі», «Көпті көрген ер жігіт, Көсем болар төселіп», — дей келе:

Парасатты ер жігіт,
Жақсыдан ғибрат алады.
Ерінбей еңбек еткеннің,
Еңбегі дейді жанады, —

дейді. Әрі: «Халқыңа қоқыраймай қоғамды бол, Белгілі ел бастайтын көсемдерше», — деп ақыл айтуды да артық санамайды. Енді осы талапқа қоса бозбаланың әдепті, сыпайы, еңбексүйгіш болуы нұр үстіне нұр. Ақын қорытар түйін, бақ бейнеттен қашқан бозбалаға емес қайратты ерге қонбақ. Сөзімізді жалғастыра тү-

сер болсақ, Майлықожа нақылдары алуан түрлі тақырыптарды қамтығанына куә боламыз. Ақын оқырманын ізгілік, адамшылық, әдептілік әлеміне бағыттап тұрғандай. Демек, осындай нақлиқат сөздердің парқын аударып, өнеге ала білгеніміз дұрыс.

Әдебиеттер:

1. Бабалар сөзі: жүз томдық, Т 12: Діни дастандар. – Астана: “Фолиант”, 2005. – 328 б.
2. Оспанұлы Ә. Қаратау шайырлары. – Алматы: «Қазақ университеті», 1991. – 192 бет.
3. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиеті. ХІҮ-ХІХ ғғ. – Алматы: «Мектеп», 1981. – 167 бет.

ПОЭТИКА САЛАСЫН ЗЕРДЕЛЕГЕН ҒАЛЫМ

(Бақытжан Майтановтың поэтика саласындағы
зерттеулері туралы)

Казақ әдебиетінің әралуан мәселелерін теориялық, сыни, поэтикалық, танымдық жағынан зерттеп, сүбелі еңбектер жазған филология ғылымдарының докторы, профессор Бақытжан Майтановтың әдебиеттану ғылымында алатын өзіндік орны бар. Ол — ұлттық әдебиеттануда көркем шығарманы поэтикалық тұрғыдан зерттеудің әдістанымдық үлгісін көрсетіп кеткен бірден-бір ғалым десек қателеспейміз. «Қазақ прозасындағы замандас бейнесі» (1982), «Көркемдік нәрі» (1983), «Қаһарманның рухани әлемі» (1987), «Суреттеу және мінездеу» (1991), «Мұхтар Әуезов — суреткер» (1996), «Қазақ романы және психологиялық талдау» (1996), «Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы» (2001), «Романның баяндау жүйесіндегі автор» (2003), «Көркем әдебиеттегі психологизм» (2004), «Абай: Портрет поэтикасы» (2006), «Монолог құрылымы» (2006), «Әуезов және қазіргі қазақ романындағы эпикалық баяндау үрдістері» (2009), «Пейзаждың көркемдік семантикасы» (2010) сияқты зерттеу еңбектерінің басты нысаны — көркем шығарма құндылығын арттырып тұрған жазушы шеберлігінің қыры мен сырын ашу болғандығын көреміз. Кейіпкер болмысын танытудағы психологизмнің қызметі, көркем шығармадағы баяндаудың жолдары, суреттеудің жүйесі, көркем мәтіннің семантикалық, стилистикалық құрылымы жайындағы ізденістері ғалым зерттеулерінің теориялық тереңдігі мен жан-жақтылығын байқатады.

Ғалымдық қарымы кең Б. Майтанов суреткер талантын

шығарманың мазмұндық-композициялық құрылымынан, мәтіндік жүйесінен, семантикалық, стилистикалық құрылымынан тануды ұстанады. Көркем шығармадағы суреткер шеберлігіне аса ден қоятын ғалым: «Басты идеялық-эстетикалық факторға саналатын суреткер тұлғасы – жанр, сюжет, стиль принциптерінен туған бейнелеу бірліктері: портрет, пейзаж, диалог, монолог, автор төл сөздері арасындағы қарым-қатынасты реттеп, саралап отыруға тиіс негізгі ұйымдастырушы күш», [1, 4] – деп көркем шығарманың табиғатын тану үшін оны поэтика мен стильдік шеберлік аспектілерінде қарастыруды дұрыс бағдар деп санайды. Көркем шығармаға эстетикалық әсер дарытып тұрған қаламгердің қолданған типологиялық және дара поэтикалық құралдар жүйесін анықтау, талдап саралау ғана суреткер қолтаңбасын айқындауға, дәлірек пікір түюге мүмкіндік тудыратынын дөп ай-тады.

Әдебиетіміздің ірі суреткерлері С. Сейфуллин, С. Мұқанов, М. Әуезов, Х. Есенжанов, Ә. Нұрпейісов, З. Шашкиндердің романдарының көркемдік жүйесін Б. Майтанов «Көркемдік нәрі» атты зерттеуінде сөз етеді. Заманы ортақ бұл қаламгерлердің шығармаларына тән көркемдік әдіс, сипат-белгілермен қатар, дара поэтикалық құралдарын да саралап бағалайды. Зерттеуші назары әр шығармадағы монолог пен диалогтың функцияларына, түрлендіріліп берілу өзгешеліктеріне түйіседі. С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуіндегі» қаһарманның лирико-романтикалық күй кешуін, яғни, ақындықтың табиғатына сай өршілдігін, жан тазалығын ішкі сөз ағымы арқылы берсе, С. Мұқанов «Ботагөзінде» диалогқа интонация, синтаксистік дәлдік, психологиялық репликалар нанымдығын сыйдырған, З. Шашкиннің аналитикалық сұхбат формаларын таба білген ерекшелігін көрсетеді. З. Шашкиннің «Тоқаш Бокин» романында диалогизмнің айрықша орын алуын, ішкі монологтың драмалық сипатта берілуін суреткер даралығы ретінде көрсетеді. Х. Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясында сан алуан мазмұндағы диалог, полилогтардың баяндау жүйесінде сюжеттік қызмет атқарып тұрғандығын, сондай-ақ, кәсіби-тұрмыстық детальдардың молырақ көрініс алуын дәлелді мысалдармен талдап, тұжырымды пікірлер айтуынан суреткердің шығармашылық шеберханасына еніп, ондағы алуан түрлі құрал-амалдардың қыр-сырын жете байқайтын ұтқырлығын

аңғарамыз. Шығармадағы образдар жүйесін жасау, характерді сомдау, мінезді таныту, портретті сипаттау, диалог пен монологты қолдану, пейзаждық суреттеулер, психологизмді бере білу сияқты жазушы шеберлігіне жеке дара тоқталып, тарқата сөз етіп отырғанымен, осылардың бәрінің үйлесімділік пен тұтастықта қолданылуын шығарманың поэтикалық даралығы деп таниды. Әдебиеттанушы-ғалым Б. Майтанов өз ұстанымына сай көркем шығарманы зерттеуде әртүрлі талдауларға сүйенеді. Соның ішінде, психологиялық талдау тәсіліне көп зерттеулерінде аса ден қояды. «Қазақ романы және психологиялық талдау», «Көркем әдебиеттегі психологизм», «Мұхтар Әуезов – суреткер» сияқты еңбектерінде психологизм мәселесіне теориялық және практикалық тұрғыдан түсінік беріліп, талдау жасалады. Кейіпкер характерін, жан дүниесін, көңіл-күйін, дүниетанымы мен наным-сенімін берудегі психологиялық суреттеулердің атқаратын қызметін, оны берудегі суреткердің амал-әдістерін жан-жақты қарастырады. Бүгінгі әдебиетте психологизмді «көркемдік әлемнің жұлын-жүйкесі», «көркемдік шындық принципінің айрылмас сыңары» деп ғылыми образға айналдыра сипаттап, қоғам өмірінің шындығын, өсу динамикасын суреттеуде танымдық-эстетикалық міндет атқарып келе жатқандығын айтады. Ғалым аңғарған психологизм көрінісі сан алуан. Ол бірде ішкі монолог, бірде, психологиялық параллелизм, енді бірде психологиялық реплика түрлерінде көрініс тапса, кейде басқа да тәсілдермен жүзеге асып жататындығын мәтіндік мысалдармен дәлелдеп отырады. Мәселен, көрнекті қаламгерлеріміз – М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Ш. Құдайбердиевтің «Әділ-Мәрия», Ж. Аймауытовтың «Ақбілек», М. Әуезовтің «Абай жолы», Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке» сынды романдарындағы психологиялық талдауларды жазушының көркемдік шеберлігінің көрсеткіші деп таниды. Көркем шығармадағы кейіпкер характерінің шынайылығы психологиялық суреттеу тәсілдеріне тікелей байланысты екендігін теоретик ғалым мынадай тұжырымды анықтамаларымен жеткізеді: «Қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық, шығармашылық феномен – психологизм» [2, 3] немесе «...психологизм – көркемдік бейнелеу принципі, ойлау типі, жазушы талантының төл белгісі әрі стиль көрінісі» [2, 334].

Кейіпкерді даралауға, ішкі қасиеттерін ашуға ықпал ететін психологизм — образ жасауға аса қажетті көркемдік тәсіл. Кейіпкер психологизмін шынайылықпен берудің озық үлгісін танытқан М. Әуезовтің психологиялық суреттеулерін «эпикалық психологизм, құлашты психологизм, өткір психологизм, қазымыр, сырдаң анайы суреттеу емес, мәдениетті проза талаптарына сай өресі биік, сұлу сырлы, аңғарғыш, әділ де мінезді психологизм» [3, 38] деп бағалайды «Мұхтар Әуезов — суреткер» еңбегінде. 1995 жылы Гуманитарлық білім беруді жаңғырту бағдарламасы бойынша ҚР Білім министрлігі мен Сорос-Қазақстан Қоры бірлесіп ұйымдастырған гуманитарлық пәндер бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарының ашық конкурсында бұл зерттеудің жеңімпаз атануы еңбектің құндылығының айғағы дер едік. Мұнда ғалым М. Әуезовтің «Абай жолында» сюжеттік тартыстың кеңістік пен уақыт аясында жинақылықпен берілуі, этникалық дәстүрдегі эстетикалық пайым, суреткердің ұстанған психологиялық тұғырнамасы тәрізді мәселелерді тың аспектілерден келіп талдап, түсіндіреді. Ғалымның бұл ізденістерін әркездегі әдеби құбылыстарға қазіргі уақыттың талап биігінен қайта қарап, жаңғырған сана елегінен өткізе отырып, сыр түюге деген ұмтылысы деп білеміз.

Әдебиеттану ғылымының теориялық негіздеріне қанық Б. Майтановтың көркем шығарманы әдеби заңдылықтарға сай зерттеуге машықтанғаны «Мағжан Жұмабаев поэтикасы» еңбегінде де байқалады. Мағжанның дара қолтаңбасына тән қасиеттердің нәрлі жиынтығы оның шығармаларындағы романтикалық, реалистік, символдық, психологиялық суреттеулермен тікелей тамырластықта екендігін осы зерттеуінде дәлелді көрсетеді. Өмір шындығын танытудағы Мағжан қолданған көркемдік тәсілдердің бірі — психологизм дәстүрі болғандығын «Шолпанның күнәсінен» толық көретіндігімізді, онда сентименталистік сарын натуралистік дәлдікпен, реалистік шеберлікпен көрініс алғандығын айтады. М. Жұмабаев шығармаларын көркемдік тұтастықта, мазмұндық және пішіндік бірлікте қарастырып, оның поэтикалық табиғатын танытуды мақсат еткен бұл зерттеуде Б. Майтанов модернист ақынның лирикасы мен поэмаларына да барлау жасап, көркемдік әлеміне көз тастайды. Көркем образдылық, сезімге бөленген ой, бірде шалқып, бірде мұңайған көңіл әуенінің сұлу сөз өрнегі-

не түсуі, астарлы ой түйдектерімен берілуі ақын өлеңдерінің поэтикалық қуатын арттырып тұрғаны ақиқат. Ақын поэзиясының көркемдік концептілерін, құндылықтары мен даралығын анықтауда өлең құрылымына да талдау жасайды. Қазақ тілінің бай мүмкіндіктерін, өзіне дейінгі дәстүрлі өлең өлшемі мен түрлерін мол пайдаланғандығын тілге тиек ете келе, ақын өлеңдері ажарлау, құбылту, айшықтау тәсілдерінің соны қолданыстарына толы екендігін айтады. Ұйқас кестелері күрделі, тосын, өзгеше көркем, ырғақ тұзу, тармақ, бунақ, буын, дауыс құйылыстарын құбылту орайында ақынның қазақ өлеңіне енгізген жаңалықтары мол дейді.

«Ұлттық және шығыстық сарын» тақырыпшасында Мағжан өлеңдерінде ұлттық көркемдік дәстүрмен қатар, түркі жұртына тән көне наным-түсініктерді қайта тірілту талабына назар аударып: «М. Жұмабаев мұсылман дінін қабылдағанға дейінгі қазақ елінің ескі салт-жырларын, жауынгерлік дәстүрін туғып көтеріп, лирикалық қаһарманды бүкіл шығыс ұғымының баламасына айналдыру арқылы жинақтаушы-символикалық бейне сомдаған» [4, 11], — деп түйіндейді. Ақын поэзиясына осылай эстетикалық тұрғыдан талдау жасай келе, Мағжанды өнердегі құбылыс, ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясының көш басында тұрған ұлы тұлға деп таниды. Бақытжан Майтанов көркем шығарма поэтикасын зерделеуге арналған зерттеулерінде өмір шындығының көркем шығармада идеялық-көркемдік бірлікке айналу процесін тұтастай қамтып, ондағы суреткердің дара шеберлігінің қыр-сырын ашуға тырысты. Б. Майтанов суреткер еңбегін талдап, интерпретациялауда, бағалауда әрбір жайға объективтілікпен қарап, толымды әрі тұжырымды пікір түйіп, субъективті ойын дәл таныта алатын зерделі ғалым ретінде танылғандығын атап айтуымыз керек.

Әдебиеттер:

1. Майтанов Б. Көркемдік нәрі. — Алматы: Жазушы, 1983. — 184 бет.
2. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. — Алматы: «Санат», 1996. — 336 бет.
3. Майтанов Б. Мұхтар Әуезов — суреткер. — Алматы: Әл-Фараби, 1996. — 124 бет.
4. Майтанов Б. Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы. — Алматы: Қазақ университеті, 2001. — 52 бет.

ҒАЛЫМ ТАНЫМЫНЫҢ КӨКЖИЕГІ

Казақ әдебиетінің тарихы мен қазіргі әдеби үдеріске, ондағы көркемдік дәстүр мен ұлттық ерекшеліктерге ғылыми таным көкжиегінен қарап, әдебиеттану ғылымына сүбелі зерттеу еңбектерін әкелген филология ғылымдарының докторы, профессор Қансейіт Әбдәзұлын қазақ қауымы әдебиетші-ғалым, сыншы ретінде ғана емес, ұлттық тәрбиені ұрпақ санасына сіңіруге қызмет етіп келе жатқан ұлағатты ұстаз ретінде де таниды.

Әдебиеттің адамзат пен қоғам өмірінде алатын орнын терең ұғынған ғалым өзінің зерттеушілік ізденісін көркем шығарма табиғатын, оның көркемдік болмысы мен тәрбиелік мәнін ұғындыруға бағыттайды. Халық әдебиетінің ұлттық құндылықтарынан бастау алатын көркемдік дәстүрдің жалғастығын бүгінгі әдеби шығармалардан тауып, олардың жанаша қолданысын сараптайтын зерттеулерінен ғалымның көркем шығарма сапасын айқындайтын шеберлік деңгейіне қояр талабының жоғары екендігін байқаймыз.

Көркем шығарма өмір шындығынан туады десек те, сол шындықты көркем шындыққа айналдыру күрделі құбылыс. Ол тақырып пен кейіпкерді таңдау, сюжет арқылы идеяны беру, оқиға мен тартыс, образ бен характер жасау мәселесі сияқты әдеби шығарманың көркемдік әлемін құрайды. Мұның бәрін қиюластырып, композициясы жинақы көркем дүние ету жазушы қиялы, пайымы арқылы іске асады. Қаламгер еңбегінің осы тұсын терең пайымдап, талдай білу, ең алдымен, терең теориялық сауаттылықты қажет етеді. Жазушы шеберлігін айқындайтын көркем амал-тәсілдерді, бейнелеудің құралдарын жете зерттеп, аналитикалық талдау жасап, объективті түрде бағалай білетін қырағы зерттеуші Қ. Әбдәзұлы ғылыми зерттеулерінде зерттеушілік қарымының даралығын танытады. Қаламгерлік шеберлік, суреткерлік тіл, тарихи деректер жүйесі, кейіпкерлер болмысы, психологиялық талдау, көркемдік детальдың қызметі сияқты мәселелерді ғылыми ізденістерінің нысаны етіп алуы ғалымның эстетикалық танымының тереңдігін, сыншылдық талғамының жоғарылығын танытады.

Қазақ әдебиетінің тарихы жайында жазылған еңбектеріне қоса, «Ел мен жер тағдыры», «Кейіпкер және тартыс», «Т. Әлімқұлов және қазақ прозасы», «Т. Әлімқұлов және 60-80 жж. қазақ әдебиеті», «Әдебиет және өнер», «Жазушы және заман шындығы», «Тарих және тағдыр», «Таным көкжиегі», «Семсер» атты зерттеулерінен Қ. Әбдәзұлының қазақ әдебиетінің қадау-қадау мәселелерін зерттеу аспектісіне айналдырып, әдебиеттануымызға мол үлес қосқандығын көреміз.

Ғылыми таным көкжиегінің кеңдігін «Таным көкжиегі» (2007) атты публицистикалық және сын мақалаларының таңдамалысынан да байқауға болады. Жаңа ғасырдың алғашқы онжылдығында баспасөз беттерінде жарияланған сыни мақалалары енген бұл еңбекте ғасырлар бойында жасап келе жатқан киелі әдебиетіміз бен қасиетті өнеріміздің мәңгілік құнын жоғалтпайтын көркемдік әлемін ой елегінен өткізіп, әлемдік руханияттың қазынасына олжа салған ұлтымыздың саңлақ өнерпаздары мен олардың қаламынан туындаған көркем шығармаларды бүгінгі тәуелсіздік биігінен бағалайды. Тарихи шындық пен көркемдік шешім, тұлғалар тағлымы, дара стиль мен суреткерлік шеберлік мәселелерімен қатар, әдебиетіміздің бүгінгі тыныс тіршілігі, тақырыптық-идеялық ізденістері әңгіме арқауына айналады.

Қазақ халқының тарихы мен сан қилы тағдыры, тарихи тұлғалар болмысы суреттелетін Тілеухан Жұмахановтың «Қасым хан» атты тарихи баяны жайында «Парасат биігінен көз жазбаған қаламгер», ал Смағұл Елеубаевтың «Ақбоз үй» роман-трилогиясы туралы «Жүрекке түскен салмақ», «М. Әуезовтің суреткерлік дәстүрі және «Ақбоз үй» трилогиясындағы замана шындығы» атты сыни мақалаларында сөз етеді. Тарихи шындықтың көркемдік тұрғыдан көрініс алуына ден қойған сыншы-ғалым замана болмысы екі шығармада да боямасыз, нақты кейіпкерлер арқылы жинақталып берілгенін, кейіпкерлер тұлғасын іштен ашу үшін тұрмыстық суреттеулерге көбірек сүйенуінің өзін қаламгерлердің көркемдік әдісі деп бағалайды. Сонымен қатар қаламгердің тарихи құжаттарды, деректік негізі құнарлы оқиғалар сарынын сюжеттік желіге жігін тауып, тігісін жатқыза қиюластыруы, негізгі қаһарман образын барлық қырынан шынайы ашып даралау жайларына да талдау жасайды. Қаламгер шеберлігі мен шығарма табиғатын тұтастықта ала отырып, аналитикалық талдауды ке-

шенділікке ұластыра зерттеу әдісі Қ. Әбдәзұлының ізденісіне тән ерекшелік.

«Таным көкжиегінде» қазіргі қазақ әдебиетінің сыны мен әдебиеттану ғылымының тарихына, оның жүріп өткен жолына көз тастап құрметтей қарайды. ХХ ғасырдың басында алаш азаматтары А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Х. Досмұхамедов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Қ. Кемеңгеров, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайлов, Б. Кенжебаевтар негізін қалаған әдеби сынымызды кейінгі толқын әдебиет зерттеушілері жалғастырып, әдебиетіміздің тарихын, теориясын, көркемдік ізденістерін бір жүйеге түсіруге талпыныс жасап, ұлтымызға теңдессіз мол мұра қалдырғанын айтады. Өткен ғасырдың 50-60 жылдарында ұлттық әдебиеттану ғылымының ұлы көшіне тегеурінмен келіп қосылған дарынды әдебиет зерттеушілері С. Қирабаев, З. Қабдолов, Т. Қожакеев, Т. Қәкішев, Ш. Елеуқеновтердің тәуелсіздігіміз орнағаннан кейін де Алаш арыстарының мол мұрасы мен әдебиет тарихындағы ақтаңдақтарды зерттеуге бел шешіп кіріскендіктен, солай жаңа кезеңдегі жаңа зерттеулердің іргесін қалап, әдебиеттану ғылымының өркендеуіне жол ашқандығын аңғартады. Сондай-ақ алдыңғы буын ағалар салған сара жолды жалғастырушы кейінгі толқын әдебиет-зерттеушілері де қазақ әдеби-көркем сынын жаңа көркемдік сапаға көтергенін тілге тиек етеді. Әдебиетші-ғалымдар Ж. Дәдебаев, Қ. Ергөбеков, С. Жұмабеков, С. Досанов, Б. Майтанов, З. Бисенғали, Ө. Әбдиманұлы т.б. зерттеулері әдебиеттің бүгінгі келелі мәселелерін көтеріп, сын жанрының бүгінгі тыныс-тіршілігін, бағыт-бағдарын пайымдауға мүмкіндік тудырып отырған дүниелер екеніне тоқталады. Қазақ әдеби сынының даму жолының елеулі кезеңдерін назарға алып, білгірлікпен баға береді.

Ел егемендігі ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне оң әсерін тигізгендігін, әсіресе әдебиеттану ғылымы мен әдеби-көркем сынымыз біте қайнасып, әдебиеттің ұлттық ерекшелігін аша түсуге алғашқы кезекте бет алғандығын жақсы нышанға балайды. Баспасөз беттерінде бүгінгі қазақ прозасы мен поэзиясының аяқ алысын, көркемдік деңгейін соны талғаммен таразылайтын жеке әдеби-сын мен талдаулардың көрініс алуы әдеби-сын қоржынын байыта түскенін айтады. Әдебиеттану ғылымына өзі де үлес қосып, оның жауынгер саласы әдеби-сын жанрының өркендеуіне

қамқорлық танытып келе жатқан Қ. Әбдезұлы сыншы әріптестерінің еңбектерін дәріптеуден жалықпайды. Қазақ әдеби-көркем сынының негізін қалаған сыншы-жазушымыз С. Жұмабековтің сыни прозасына арнайы тоқталып, сөз етуі бұған дәлел. С. Жұмабековтің дара жазушы Шерхан Мұртазаның әдеби-портретін жасаған «Жұлдызы нұрлы суреткер» роман-монологын, суреткер жазушы Тахауи Ахтановтың әдеби-портреті сомдалған «Тахауи Ахтанов. Талант тектоникасы» атты роман-портретін көркем сын жанрында жазылған еңбектердің ішінде ірісі де, іргелісі деп бағалайды. Сыншы С. Жұмабековтің «Тахауи Ахтанов. Талант тектоникасы» атты роман-портретінде суреткер болмысын тереңнен тартып сөз етудегі жаңа әдісін былай пайымдайды: «Бір ерекшелігі, сыншының әдеби-эстетикалық талдаудың тосын, әрі қызықты, әрі өнімді көрінетін әдісі — Тахауи Ахтановты Ахтановтың өз көзімен ашуға ұмтылуы әсерлі шыққан. Суреткер қаламгердің эстетикалық көзқарастарын — туындыларымен және әр алуан мақалаларымен жарыстыра отырып, яғни сол кездегі әдеби процестегі қалам қайраткерінің көркемдік жүйесі мен жаңашыл ізденістерін қатар қарастырады. Осының барлығы өз кезегінде сыншы үшін қаламгер портретін іштен ашуға, іштен тануға таптырмас кілт болған» [1, 223-224]. Проза мен сын жанрының жігін біріктіріп, шығармашылық портрет жасаудың тың жолын тауып, оны сәтті орындай білген сыншы әріптесінің жетістігіне қуанады әрі дәріптейді.

Руханият әлеміндегі жетістік пен жаңашылдықты қуана насихаттап, рухани жақын жандармен жанаса жүруді қалайтынын Қ. Әбдезұлының «Ақыл мен парасат биігі», «Дананың дидары», «Ой мен сөздің күдіреті», «Ұстаздықтың нұрлы жолы», «Даналық онтологиясы», «Алыптың асыл сынығы» атты мақалаларынан аңғарамыз.

Рухани досы, әрі замандасы академик Ғарифолла Есімнің ұлттық құндылықтың жанашыры, халық даналығының қамқор насихатшысы, ойшыл-философ, эстет, абайтанушы-ғалым ретіндегі болмысын «Даналық онтологиясы», «Ой мен сөздің күдіреті» атты мақалаларында жан-жақты ашуынан Қ. Әбдезұлының жақсының жанын бағалай білетін адалдығын көреміз. Ғалым талантының көп қырлы жақтарын аңғарған Қ. Әбдезұлы Ғарифолла Есім шығармашылығын тұтастай қамтып, барлық

зерттеу еңбектерінен, проблемалық мақалаларынан ұлттық мазмұнның, ұлттық сапаның терең арнасын табады. Академик Ғарифолла Есімді қазақ оқырманына кең танытқан оның Абай шығармашылығына арналған еңбектері болғандығын, ұлы ақынның қара сөздерінің ішкі мазмұнын, философиялық астарын, даналық пайымдауларын, өмір сабақтарын бүгінгі күн шындығымен сабақтас талдайтындығын, осынау дүниелерді ғылымтанымдық тұрғыдан игерудің жаңаша жолы — герменевтикалық талдау әдісін тапқандығын жіті аңғарады. Кім жайлы айтып, не жайлы жазса да негізгі тетікті тауып, дәлелді мысалдармен баға беру, қисынсыз мақтаудан бойды аулақ ұстау Қ. Әбдешұлының қаламына тән қасиет.

Ұстазы академик З. Қабдоловтың «Әдебиет — ардың ісі» деп айтқан өнегесін санаға сіңірген Қ. Әбдешұлы әр жыл, әр күнін әдебиетке қызмет етуге арнап келеді. Ұлттық әдебиетіміздің басты көркемдік идеясы — ұлттық рух, ұлттық намыс болғандығын жас ұрпаққа қадай айтып, қазақ жастарының ұлттық санасының биік, жан дүниесінің таза, елжанды, ұлтжанды болуына атсалысып келе жатқаны да аян. Өз бойындағы әдебиет құнарын шәкірт санасына сіңіріп, оларды да көркем шығарма табиғатын танып, зерттей оқуға баулуда. Ғалым-ұстаздың бұл еңбегі де нәтижесіз емес. Көптеген ізденушілер Қ. Әбдешұлының жетекшілігімен диссертациялық жұмыстар қорғап, ғылыми дәрежеге жетті. Қ. Әбдешұлының осындай ұстаздық еңбегі жоғары бағаланып, 2008 жылы «ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері» атағын иеленді. Бүгінгі күні ҚР Жоғары мектебі ҰҒА академигі дәрежесіне көтерілген Қансейіт Әбдешұлына ғылым мен өмір жолында жаңа жетістіктер тілейміз.

Әдебиеттер:

1. Әбдешұлы Қ. Таным көкжиегі. — Алматы: «Қазақ университеті», 2007. — 270 б.

БОЛМЫСТЫ ГЕРМЕНЕВТИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ТАҢУ

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Республика ғылым академиясының академигі Жанғара Дәдебаев — тәуелсіз кезеңдегі қазақ әдебиеттануы мен руханиятының ірі тұлғасы. Алғашқы зерттеулерінен-ақ әдебиет пен шығармашылық тұлға болмысын тануға ден қойған ғалым қазақ әдебиетінің дара суреткері Мұхтар Әуезовтің шығармашылық шеберханасы мен жазушылық шеберлігі қарастырылатын «Қазіргі қазақ тарихи прозасының дамуындағы М. Әуезов дәстүрі» (1981), «Әдеби шығарма» (1986), «Қазақ тарихи романы» (1987), «Шымырлап бойға жайылған» (1988), «Мұхтар Әуезов» (1990), «Өмір шындығы және көркемдік шешім» (1991), «М. Әуезов шығармашылығы» (1997) монографиялары мен зерттеулерін жариялады. Бүгінгі таңда 30-ға жуық шығармалары жарық көрген Ж. Дәдебаевтың әдебиет пен әдебиеттануға, жалпы ұлттық руханиятқа қосқан үлесі көп.

Жанғара Дәдебаевтың әдебиеттанушылық ізденістерін саралай келсек, көркем шығарманы талдаудың соны методологиялық ұстанымдарын бағдарға ала отырып, әдебиеттанудың өзекті мәселелерін қарастыруды мақсат еткендігін байқаймыз. Шығармашылық тұлға мен тарих, қаламгер шеберлігі мен көркемдік әлем, тақырып пен идея сияқты теориялық категорияларды көркем шығарма контекстінде пайымдаулары ғалым танымының кең көкжиегін көрсетеді.

Ғалым еңбектеріндегі соңғы ізденістер жеке тұлғаның сөз саптауының мәнін ұғыну жайына бағытталады. Сөз өнерінің осы қырын қарастыруда герменевтикалық талдауларға жүгінеді. Герменевтикалық тәсіл арқылы жеке тұлғаның ішкі дүниесіне, философиялық ой-иірімінің тылсым қырларына үнілуге болатынын жете білетін ғалым 2014 жылы жарық көрген «Абайдың антропологиясы» [1] атты монографиялық зерттеу еңбегінде Абай шығармашылығындағы адам болмысын, Абайдың Адам туралы ілімінің негізі мен басты категорияларын, яғни Абайдың антропологиясын әдеби-философиялық пайымдау объектісі-

не айналдырады. Жанғара Дәдебаев «Абайдың «Сегіз аяғы»: мән мен мағына поэтикасы» деген мақаласында «Сегіз аяқтың» мазмұнын, тақырыбы мен идеясын түзуші факторлар жүйесінің өзегінде бүркеулі жасырын жатқан мәнің сырын сараптау Абайдың ақындық даналығын жаңа қырынан және жаңа деңгейде тануға мүмкіндік беретіндігін айтады. Абай өлеңіндегі мағыналық бірліктер мен мән тұтастығынан туындайтын поэтикалық жүйені тану — мазмұн мен мәнді терең ұғынып пайымдауды талап ететіндігін, мәнің тереңіне бойламайынша, талдау да, жинақтау да, пайымдау да, бағалау да үстірт болып, ғылыми деңгейге көтеріле алмайтындығын ескертеді. Пікір білдіру, сөз айту тиянақты талдауға, талдаудан кейінгі жинақтауға негізделмеген болса, онда одан пайымдаудың ізі де табылмайды. Пайымдау талдауға, бағалау жинақтауға негізделгенде ғана ой негізді, пікір дәлелді бола алмақ. Талдау, жинақтау, пайымдау, бағалау дегеніміздің өзі мәнге негізделеді. Ғалым Абайдың шығармашылығына осы түр-ғыдан келген дұрыс деп таниды.

Өнер туындысындағы жасырын мәнді тауып ұғу, түсіну — қабылдаушы (адресат) санасының тереңіндегі түйсікпен байланысты іске асып жататын күрделі шығармашылық процесс. Көркем шығарма жүйесінде суреттелген өмір құбылыстарының жиынтық мәні және оларды эстетикалықпен қабылдаудан туатын ұғыным — қазіргі әдебиеттануда аса ден қойып отырған мәселе. Көркем мәтіннің имплицитті мәнін ғана емес, анық мағынасы мен ашық мазмұнын дұрыс тану мен жете түсінуде өнер туындысын эстетикалық қабылдау теориясы, көркем рецепция мен герменевтика қағидаларына сүйенуде. Ғалым Ж. Дәдебаев өз зерттеулерінде көркем мәтін мәнісін түсіндіруде жеке тұлғаның сөз саптауының мәнін ұғындыру тәсілдерін қолданады. Мәселен, Абайдың «Сегіз аяғының» әр шумағын, әр сегіз аяқты біртұтас көркемдік жүйе ретінде пайымдай келе, өлең мәтінінің образдылығы, жасырын мәнің образдылығы, жасырын мағыналық-құрылымның образдылығы секілді мәселелерді өзара байланыста қарастырады. Ғалымның мына пайымдауларына зер салалық: «Қиуадан шауып, қисынын тауып, тағыны жетіп қайырған» дегенде, халықтың Абай тұсындағы мәдениетінен хабары бар адамның көз алдына тұтас бір сурет келуі мүмкін. Оның құрамдас бөліктері мынадай болып елестемек: қашқан тағы; оны қайыру үшін қуа

шапқан қуғыншы; қуғыншының ептілігі, айлашылдығы (қиудан шабады; қисынын табады). Халықтың байырғы тұрмыс-тіршілігінде «қашаған қуу», «қашаған қайыру» деген болған. Жылқы баққан халық мұны жақсы біледі. Көп жылқының ішінде мойнына құрық салдырмайтын, құрық салудан, бұғалық тастаудан қашып, әккі болған қашағандары болады. Өзіне бір қауіп сезе қалғанда, олар үйірінен безе қашып, тағыша шығандап кетеді. Ондай қашағанды қуудың да өз тәсілдері болған. Артына түсе қуған қуғыншы, астындағы аты асқан жүйрік болмаса, оған жете алмаған. Халықтың дәстүрлі тұрмыс-тіршілігінде «тағыны қуу» сөзі тұз тағыларымен де байланысты айтылады. Екі жағдайда да қашушы бар, екі жағдайда да қуғыншы бар. Жүйрікке мінген қуғыншы қашқан хайуанды (қашағанды немесе тұз тағысын) қуа шапқанда, жолсыз, жөнсіз шаба бермейді, ақылға, айлаға жүгінеді. Тағының артынан тікелей немесе қия қуу бар, алыстан орағыту да болады. Қашқан тағының бет бағдарын, жер жағдайын аңғарған айласы асық қуғыншы алыстан орағытады, тікелей емес, қыялап та шабады. Қашқан тағы мұндайда қуғыншының өзінің бір қапталынан қалай сап ете қалғанын байқамай да қалады. Тағыны осындай амал-айламен қисынын тауып қайыру ертеден бар. Біздің ойымызша, ақынның «қиудан шауып, қисынын тауып, тағыны жетіп қайырған» деген образды сөзіне халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі осы көрініс негіз болған». Осындағы өлең мәтінін дұрыс ұғыну, мәтін мәнін түсіндіруге ден қою іс-әрекеті интерпретатордың ұлттық таныммен өзектесіп жатқан, рухани белсенділікпен тікелей байланысты туындыгерлік игеруін танытады. Өлең мәтіндерін түсіндіру арқылы ғана ақынның сөздік қоры мен тарихи-мәдени қабаты бір тұтас қамтылып, оның негізінде мәтіндер элемент ретінде түсіндіріледі. Осылай ғалым интерпретациясы герменевтикалық шеңбердің концепциясымен байланысады.

Сананы әлем объектісі ретінде қарастыратын герменевтиканың басты ұғымдарының бірі — интерпретациялау (тәпсірлеу). Ол мәтін мазмұнын түсіндіру әдісі болып табылады. Интерпретация герменевтика үшін ғылыми түсінікке апаратын білімнің түрін көрсетеді. Герменевтиканы дербес пән ретінде қалыптастырған (XIX ғасырда) неміс ойшылы Фридрих Шлейермахер түсінігі бойынша, интерпретация өнері «өзін

объективті және субъективті жағынан авторға жақындату» екендігін айта келе, бұл объективті жағынан автор тілінің түсінігі арқылы іске асса, субъективті жағынан оның ішкі және сыртқы өмір факторлары арқылы іске асатындығын түсіндіреді. Мәтіндерді түсіндіру арқылы ғана автордың сөздік қорын, мінез-болмысын, өмір жағдайын анықтауға болады. Көптеген зерттеулерінде герменевтикалық анализге жүгінгендігін Ж. Дәдебаевтың «Тақырып және идея» (2010) кітабындағы скифтің дана ойшылы Анахарсистің шешендік сөздерін пайымдауға бағытталған «Қазақ сөз өнерінің ілкі өрнектері» зерттеуінен де байқай аламыз. Тәуелсіздік алған тұста қазақ сөз өнерінің шығу көздерін, қалыптасу, даму арналарын әлемдік өркениетпен өзектес қарастырудың маңыздылығын аса сезінген ғалым қазақтың шешендік өнерінің түп тамырын әріден бастап зерттеуге ден қояды. Бұл ретте Орта Азия мен Қазақстан жерін ежелден мекен етіп, кейін батысқа барып қоныс тепкен скифтерден шыққан ғұлама Анахарсистің шешендік толғамдары мен қанатты сөздерінің қазақ сөз өнеріне қатысы туралы ғылыми тұжырымдар айтады. Біздің заманымызға дейінгі VI ғасырда өмір сүрген скиф ханзадасы Анахарсистің өмірі мен сөз өнеріне көңіл аудармасақ, қазақ шешендік өнерінің тарихына жасаған айып болатынын ескертеді.

Анахарсистің сөз қадірі, ой жүйесі, сөздің мәні мен мағынасы, шешен сөйлеу өнері жайлы айтқан ойларының танымдық жақтары қазақтың белгілі билері мен шешендерімен пікірлес, тіпті сөз сөйлеу, сөз саптау мәнері, сөз жұптау машықтарымен үндес келіп, көңілге қонып жататындығын айтады. Антикалық дәуір ғұламаларының еңбектерінде Анахарсис туралы деректердің кездесетіндігі, оның шешендік сөздерінің сақталғандығы жайында мәліметтер келтірілген. Көне дәуір ойшылдары Геродоттан бастап Эфор, Страбон, Диоген, Плутарх, Платон, Лукиан, Солон т.б. Анахарсис туралы айтып, оның сөз өнерінің майталманы болғандығын мойындаулары көп жайды аңғартады. Әсіресе Лукиан Самосатскийдің Анахарсис туралы жазған еңбектерінде Анахарсистің ойлау жүйесі мен сөйлеу әдебі дала мәдениетінің өлшеміне негізделгендігін баса айтқанына куә боламыз. Қазақ шешендік өнерінің бастау көзін көне дәуірден тарта зерттеуді мақсат еткен ғалым Ж. Дәдебаев: «Анахарсистің даналық сөздерінің болмыс-бітімі мен қазақтың белгілі шешендері мен биле-

рінің сөздері арасындағы туыстық пен тектестіктің айқындығы сонша, оларды бір-бірінен даралайтын ерекше белгілерді табудың өзі қиын» [2, 8], — деген ой тұжырымын айтады.

Анахарсистің әлеуметтік-этикалық көзқарастарын аңғартамын бірқатар ойлардың желісі оның хаттарында сақталған екен. «Афиналықтарға» хатындағы ойларды келтірген тұстарда Анахарсистің көптеген ойларына таңырқайсың, «Кісі кісіден сөйлеген сөзімен дараланбайды, ... кісі бір-бірінен ойымен ерекшеленеді», «Скифтер істің мәнін жете түсіндірген сөздердің қандайын да мансұқ етпейді, ал діттеген жеріне жетпеген, көздеген нысанасына дарымаған, ойды жеткізуге жарамсыз, ойсыз, мәнсіз лақпа сөзді мақтамайды. Егер сөз мағыналы айтылып, мағыналы іске ұласатын болса, онда ол жаман бола алмайды. Скифтер мағынасыз сөзді ғана бос сөз деп біледі» [2, 8], — деп жазады. «Медокске» хатында қызғаншақтық пен қорқақтық, «Аннонға», «Патша баласына», «Крезге» сияқты хаттарында байлық, қамсыз тірлік жайында ой толғайтындығы айтыла келе, ғұламаның сөздері түгелдей ақиқатқа, ой мен сезім тазалығына, ізгілікке негізделіп, осы ұғым мен түсініктер сабақтаса байланысып, адам жаны мен ар тазалығы туралы таным тұтастығына ұласатындығын тарқатады.

Дала данышпанының толғау түрінде жазылған хаттарын шешендік гибратты сөздердің мәтінін келтіре отырып, оның мәнін ұғынып, пайымдап түсіндіруде Ж. Дәдебаев зерттеуі автор таным құндылығының жүйесін, түпкі ойын танытуға бағытталған. Ғалымның талдауларынан Анахарсистей ғұламаның дүниетанымын ғана емес, оның өмір-тіршілігіне, болмысының ішкі арқауына да бойлай аламыз. Скиф данышпанының сөздері мен толғауларының ішкі жүйесі мен сыртқы ажарын мағыналық-құрылымдық тұтастықта саралай келе: «Ойды ойнатып, сезімді мөлдіретіп толғауда қазақ сөз өнерінің ертеден келе жатқан ескі нұсқаларының, солардың ішінде шешендік сөз үлгілерінің де өзіндік ерекшеліктері бар. Сондай ерекшеліктерден түзілген мәнер мен машық Анахарсистің сөйлеу, сөз толғау өнерінің өз өрнегіндей, асыл өзегіндей жарқырап, көз қарықтырып тұрады. Мұндай тектес құбылыстар қазақ шешендік өнерінің байырғы өкілдерінің ел мен елдік, мемлекеттік тәуелсіздік туралы ұстанымдарының болмыс-бітімін анықтау ісінде Анахарсистің шешендік сөз-

дері мен толғамдарының маңызы мен мәні жоғары. Сондықтан қазақ өнерінің түп төркіні, ежелгі тарихы жайлы сөз бастағанда, отанға деген сүйіспеншілік, ұлттық идеямыздың ілкі бастаулары туралы ой қозғағанда, Анахарсистің шешендік өнерін айналып өтуге болмайды» [2, 13], — деп түйіндеуі, ғалым пікірінің дәлелсіз еместігіне айғақ.

Бұл тұста біз Жанғара Дәдебаевтың әдебиеттанушылық зерттеулерінің бір парасын ғана сөз еттік. Ғалым еңбектеріндегі қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі дамуы, әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері қарастырылған іргелі зерттеулері сан салалы екенін көпшілік қауым біледі. Қазақ әдебиеті мен әдебиеттануына, ұлт руханиятына зор үлес қосқан ғалым еңбегіне берілер баға әлі де алғы уақыт еншісінде.

Әдебиеттер:

1. Дәдебаев Ж. Тақырып пен идея: зерттеу. — Алматы: Қазақ университеті, 2010. — 207 бет.
2. Дәдебаев Ж. Абайдың антропологиясы: монография. — Алматы: Қазақ университеті, 2014. — 238 бет.

Т. КӘКІШЕВТІҢ ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫ ХАҚЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Ұлттық әдебиетіміз бен руханиятымыздың ірі тұлғасы Тұрсынбек Кәкішұлы — қазақ әдебиеттану ғылымының салаларына көп еңбек сіңірген ғалым. Ол алғашқы ғылыми жұмысын кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуіріне арнап, күрделі де қиын мәселе төңірегінде «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі идеялық-творчестволық мәселелер (1917-1929)» атты диссертациялық жұмыс жазып қорғады. Осы еңбектен бастау алған 20-жылдардағы қазақ кеңес әдебиетінің идеялық-көркемдік даму ерекшеліктері, әдеби бағыттар мен ондағы идеялық қайшылықтар төңірегіндегі ізденістері «Октябрь өркені» (1962) кітабында көрініс алды. Кеңес дәуірінің 20-30 жылдары қазақ әдебиетінің даму, қалыптасу процесіне орасан үлес қосып, әдебиетіміздің бет-бейнесін танытқан жекелеген ақын-жазушылар шығармашылығына арналған «Дәуір суреттері» (1967), «С. Сейфуллин» (1967), «Қызыл сұңқарлар» (1968), «Мағжан — Сәкен» (1999) еңбектерінде дара суреткерлер Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Сәттар Ерубәев, Сабыр Шәріповтермен қатар, Елжас Бекенов, Жиенғали Тілепбергеновтердің шығармашылығынан сыр тартады.

Қазақ әдебиеттануын мазмұнды еңбектерімен байытқан Т. Кәкішұлы әдебиетіміздің кеңес дәуіріндегі даму тарихын жүйелеп, дәуір стилі мен әдеби келбетін сипаттаған «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Көп ұлтты совет әдебиетінің тарихы», «Қазақ совет әдебиеті тарихының проблемалары» атты көлемді еңбектердің де белсенді авторларының бірі ретінде танылады. Осы тұста айта кететін жай, Т. Кәкішұлы кеңес заманы өтіп, тәуелсіздік кезеңге бет алған жылдары да әдебиетіміздің тарихын дәуірлеу мәселесіне аса ден қояды.

Еліміз жеткен тәуелсіздік ұлттық руханиятымыз бен әдебиетімізді жаңаша саралауды қажет еткені аян. Әдебиетіміздің «ақтаңдақ» беттеріне үңілу, көркемдік дәстүріміздің бастау алған негіздерін айқындау, тарихи кезеңдерін жүйелеу — әдебиеттану ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелер болды. Бұған дейін де әдеби-ғылыми еңбектерімен әдебиеттану ғылымында дара

зерттеушілік тәсілімен танылып қалған әдебиетші-ғалым Тұрсынбек Кәкішұлы заман тудырған талапты ұлттық болмысымен сезініп, батыл қадаммен тың ізденістерге бағыт алды. Ғалым ізденісінің негізгі бір саласы әдебиет тарихының көзден таса боп, көңілді олқы етіп тұрған тұстарына назар аударуы болғандығын: «Әдебиет тарихының «ақтаңдақ» беттеріне үңілу — Тұрсынбек Кәкішұлы сынды ғалымның ғылыми ізденістерінің бастау көзі. Оның бүкіл ізденімпаздық табиғаты осыдан тамыр тартып жатады» [1, 29], — деп айтқан профессор Өмірхан Әбдиманұлының пікірінен де байқай түсеміз.

Әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесі төңірегіндегі ой-пікірлерін саралап айтар болсақ, әдебиетіміздің тарихы Орхон-Енисей, Талас-Тараз ескерткіштерінен бері тартылуы тиіс, ал ХҮ ғасырға дейінгі көркемдік дүниелерді түркі жұртына ортақ мұра ретінде қарау дұрыс болатындығын, бұл мәселеге бұра тартпай әділдікпен қарау қажеттігін алға тартады. Қазақ хандығы тұсындағы ақын-жырау, шешендердің шығармашылығын қамтитын кезеңді «Қазақ хандығы» деген атаудан қорықпай солай атау керектігін ашып айтады. Қазақ хандығы тұсындағы көркемсөздің қоғамдық-әлеуметтік салмағын саралап, көркемсөзді оңаша қарастырып, өткір ой айта алатын мемлекеттік іс деңгейіне көтеріле алған эстетикалық құбылыс деп ұғыну қажеттігін шешіп айтады.

Тұрсынбек Кәкішұлы Қазақ ұлттық университеті қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны кафедрасында қызмет атқара жүріп, 2001 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» атты оқу құралының редакциясын басқарды. Осы еңбекті дайындау барысында қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу мәселесінде кафедра ғалымдары ұстанған жаңаша ұстанымдар жайын былай мәлімдейді: «Университеттің қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны кафедрасы тәуелсіздік әкелген азаттықты пайдаланып, қазақ әдебиетінің тарихын сақ, ғұн замандарынан бастап, бері тарту қажеттігін ескеріп, 90-жылдардың ортасында жазылып, 2001 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихында» (екі томдық) «Ертедегі көшпелі тайпалар әдебиеті» тарауында қытай, парсы және орыс деректері негізінде біздің жыл санауымызға дейінгі ІХ ғасырдан жаңа заманның ІҮ ғасырына дейінгі мерзімде жасалған рухани дүниеге қазақ жерінде жасаған ұлыс-тайпалардың ортақтығы бар, сондықтан ол қазақ әдебиеті тарихында мықтап

еленуге тиіс деген жаңа көзқарас ұсынып отыр» [2, 372]. Әдебиетіміздің бастауын әріден бастап, түркі қағанатына дейінгі рухани байлықтарды «Ертедегі көшпелі тайпалар әдебиеті» деген атауға сыйғызып, келесі тарауды «Ежелгі түрік әдебиеті» деп атап, онда VI—XV ғасырлардағы сөз үлгілері енгізілсе, «Қазақтың төл әдебиеті» тарауы Қазақ хандығы тұсындағы жыр-толғауларға, яғни жыраулық поэзияға негізделді. XIX—XX ғасырларға сал-серілер поэзиясы мен кеңестік қазақ әдебиеті қамтылды. Бұл оқулықтың артықшылығы бұрын-соңды әдебиет тарихында сөз етілмеген «Шетелдегі қазақ әдебиеті» мен «Қазақ әдебиеті әлем халықтары тілінде» тарауларының енуі болды. Осы оқулыққа арнайы тоқталып жатқан себебіміз, мұнда әдебиетіміздің арғы бастауларына баруға деген талпыныстың алғашқы қадамдарының көрініс алуы дер едік. Ұстаз-ғалым Т. Кәкішұлының: «Солтүстіктегі орыс, шығыстағы Қытай, оңтүстіктегі Иран жылнамалары мен тарихтарындағы деректерді ұқыпты жинап, оларды қазақтікі демей, бүкіл түркі жұртына ортақ мұра ретінде зерттеп, ғылыми айналымға түсірсек қана халқымыздың тарихын шындық деңгейінде көрсете аламыз» [2, 8], — деп айтқан ойынан әдебиет тарихына объективті көзқараспен қараған шыншылдықты, ұлтымыздың рухани мұрасына деген жанашырлықты байқаймыз.

Ел-жұртқа, жас ұрпаққа әдебиетіміздің тарихы тереңде жатқанын ұғындыратын «Әдебиетіміздің арғы бастауы хақында», «Тарихты түптен тартайық», «Иран — Тұран әдебиеттерінің байланысы» атты зерттеу мақалаларында Т. Кәкішұлы кеңес заманындағы идеологиядан шығып, тек орыс, батыс деректеріне сүйене бермей, Қытай мен Иран әдебиетінде, тарихында сақталған мәліметтермен салыстыра келе, қазақтың шын тарихын жасап алу қажеттігін айтады. Түркі халықтарының әдебиетіне, даму ерекшеліктеріне, оларға ортақ рухани мұраларға көңіл бөліп, ондағы өзектестікке де ден қойғандығына аталған ғылыми мақалаларды оқи отырып таңырқайсың. Ирандық ғалым Ахмет Пекетчимен шығармашылық байланыс жасау нәтижесінде Иран — Тұран әдебиеттерінің байланыстарын, аңыздар мен тарихи жырлардың үндестігін зерттеп, парсы-түрік әдебиетінің рухтастығын, көркемдік дамуларының әлемдік заңдылыққа сай екендігін анықтап беруінің өзі алдағы ғылыми ізденістерге түрткі болатын дүниелер. «Қазіргі түркі тілдес халықтардың негізі болып

табылатын сақ, ғұн, үйсін, қаңлы тайпаларының біздің заманымызға дейінгі XII—VI ғасырлар аралығында күшті мемлекет құрып, дәуірлеп тұрғанда жасаған мәдени ескерткіштерінің бірегейі — көлемі 21 кітаптан тұратын, поэзия тілімен жасалынған, әлемдегі діни жазбалардың алғашқыларының бірі, дүние болмысын, өмір сүру ережелерін, жақсылық пен жаманшылықтың өзара арпалысын баяндаған құдіретті «Авеста» шығармасы түркілерге де ортақ рухани қазына саналуға тиіс» [2, 20], — деп жазып, ғалым «Авеста» кітабы, зороастризм діні, Заратуштра жайлы ой айтқан ғалымдардың зерттеулеріне шолу жасайды.

Парсы әдебиетінің үлгі-нұсқалары түркі халықтарының әдебиетіне мұсылман дінін қабылдағаннан кейін енгендігін, Фирдоусидың «Шахнама» дастанының басты қаһарманы Рүстем ерлігінің даңқы басқа халықтар сияқты қазақтың отаншылдық рухына әсер етіп, батырлық жырларына жаңа сипат дарытқанын ғалымның тілге тиек етуі — қазақ әдебиетінің әлемдік әдебиетпен байланысы ертеден өзек тартқан дәстүр екендігін аңғарту. Әдебиетіміздің тарихи бастауын түптен тартқан Т. Кәкішұлы «Иран — Тұран әдебиеттерінің байланысы» мақаласының соңында: «Көне Иран ескерткіштері, әсіресе зороастра заманындағы мыңжылдықта жасалған рухани байлықтар мен кейінгі Манихей апсаналарын, Сасанидтер дәуірлеген тұстағы пехлеви әдеби жұрнақтарын тұрандықтардың тарихи-мәдени мұраларымен байланыстыра зерттеу арқылы көп шындықтарды ашу керек. Ол үшін талай ізденістер жасайтын ғылыми топ болса да артық емес» [2, 25], — деп түйіндеп, болашаққа ниет артады.

Қазақ әдебиетінің тарихын тереңнен тартып, тарихи шындық негіздермен дәлелдей талдап жазған зерттеу еңбектері Тұрсынбек Кәкішұлын ғылымда ірі тұлғаға айналдырды. Әдебиетімізді әлемдік тарихи-мәдени мұрамен байланыс аясында дамып келе жатқан көркемдік дәстүрге бай, тарихи тағдыры мен ұлттық құндылықтарын сақтаған ерекшеліктері бар ұлттық әдебиет екендігін зерттеу еңбектерінде шегелеп айтып, санаға сіңіріп берді.

Әдебиеттер:

1. Әбдиманұлы Ө. Менің ұстаздарым: эсселер. — Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. — 216 бет.
2. Кәкішев Т. Көптомдық шығармалар жинағы. — Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. Т.4. — 384 бет.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ БІР БҰТАҒЫ

Жуырда «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген филология ғылымдарының докторы, профессор Зүфар Сейітжанұлының «Қазақ әдебиетінің бір бұтағы» (2018) атты монографиясын сырттан құяр қос бұлақтың жылғасын қазақ әдебиетіне бұра қосып, арнасын кеңейте түскен зерделі зерттеу еңбек деп бағалаған дұрыс.

Бұл зерттеуде өздерінің байырғы атамекенінде тұрып жатқанымен ХІХ ғасырдың екінші жартысында Ресей мен Қытайдың шекара бөлісінде этникалық тұтас халықтың екіге бөлінуі салдарынан қазақ әдебиетінен оқшауланып қалған Қытай мен Монғолия қазақтарының әдебиеті қарастырылады. Шет аймақта тұратын қандастарымыздың қиын-қыстау тұрмыс-тіршілігімен әрі әдебиетімен етене таныс әдебиеттанушы-ғалым З.Сейітжанұлы: «Бұл аймақтағы қазақ халқы шекара арқылы шегенделіп бөлінсе де, рухани қазынасы қара шаңырақтағы қазақ халқының өнерімен өзектес. Өйткені этникалық біртұтас, тілі мен діні, салт-дәстүрі бір халықтың мұрасын бөле-бөлшектеп қарауға болмайды. Қайта қазақ әдебиетінің бір бұтағы ретінде қарастырғанда ғана қазақ ұлты рухани мұрасының толық тарихы жасалмақ» [1, 3], — деген тұжырым жасайды.

Екі бөлімнен тұратын еңбектің алғашқы «Қос арна» тарауында Қытай және Монғолия қазақтары әдебиетінің тақырыптық-мазмұндық сипатына әсер еткен саяси-қоғамдық жағдайды сөз ете отырып, сол аймақтағы қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосқан қаламгерлердің әдеби мұраларына талдау жасалады. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан қолына қалам ұстап таныла бастаған шет өлкедегі Ақыт Үлімжіұлы, Шылбы Көмекұлынан бастап, кейініректегі — Т. Жолдыұлы, К. Маралбайұлы, Ш. Алғазыұлы, Д. Шалғынбайұлы, Н. Мыңжанұлы, Қ. Қозыбайұлы, Р. Әпшеұлы, Б. Тышқанбайұлы т.б. ақын-жазушылардың шығармалары сөз етіледі. Қиын-қыстау кезеңге тап болып, іргесі бүтін қазақ елінің үш ел (Ресей, Қытай, Моңғолия) қарамағына өтіп тәуелді болуы, ел мен жерден амалсыз ауып кетуге мәжбүр болған қазақтардың елін, атажұртын аңсауы — ақын өлеңдерінде реалистікпен сипатталған ортақ тақырып болғанды-

ғын ғалым талдауларынан байқаймыз. Арғынбек Апашбайұлы, Әріпжан Жанұзақұлы өлеңдеріндегі туған жерді сағыну, еркіндікті аңсау сарындарының орын алғандығына назар аударады. Шыңжан қазақ поэзиясына күрескерлік рух әкелген ақындар Таңжарық пен Шарғынның суреткерлік жаңашылдығы мен қуғын-сүргін көрген азапты өмірлерінің суреті болған туындылары да зерттеу объектісі болады. Бұл өлкедегі тамыры бір, тағдыры бөлек қазақ әдебиетінің басты ерекшелігі — идеологияның ықпалымен таптық тұрғыдан жазу болмағандығы мен 1950 жылдардан кейін әлеуметтік-азаматтық лириканың басым орын алуы екендігін айтады ғалым З. Сейітжанұлы.

Шыңжан қазақ әдебиетінде проза жанрының алғашқы үлгілері 1940 жылдары жазылғандығы, оған дәлел Дубек Шалғынбайұлының «Кедей оқушының тағдыры», «Махаббат мұңы», Бұқар Тышқанбаевтың «Бір күні», «Шүкір етсең, пікір ет», «Түнгі ән», «Асуда», «Қарбалас», «Әсекеңнің бір әңгімелері» мен Нығмет Мынжанұлының «Тұрмыс тілшісі» повесі болып табылатыны айтылады. Проза жанрының одан әрі дамып қалыптасуына мерзімді басылымдарда әңгіме, очерк, повестердің жиі жарияланып тұруы өз әсерін тигізіп, елуінші жылдар ішінде «Ауыл әңгімелері» (1956) атты әңгімелер жинағы жарық көреді. Осыдан бастап тоқсаныншы жылдарға дейін жекелеген жазушылардың жинақтары үзбей жарияланып тұрғандығы айтылады. Олардың ішінде Қ. Шабданұлының «Бақыт жолында», Б. Досжанұлының «Асыл арман», «Жаңғырық», К. Мұқажанұлының «Тайталас», О. Егеубайұлының «Бұл да бір елес», Ш. Құмарұлының «Бір тамшы қан», «Үміт ұшқыны», «Жусанды дала», Ж. Біләлұлының «Кешкен күндер», «Қоңыртаудың күңгірі» т.б. көптеген авторлардың повестері жарыққа шыққандығы тілге тиек етіледі. Зерттеуші еңбегінде осы прозалық шығармалардың мазмұндық-формалық қырларын: тақырыбын, оқиға тартысын, образдар жүйесін, кейіпкердің болмыс-бітімін, жан дүниесін даралап таныту тәсілдері сияқты автор шеберліктері сараланады. Повесть жанрында өзіндік қолтаңбаларын танытқан Ш. Құмарұлы, Т. Рыскелдиев, Ж. Сәмитұлы, О. Егеубайұлы, А. Қалиұлы, К. Мұқажанұлы сияқты қаламгерлердің шығармаларындағы халық тілінің байлығы мен тіл айшықтарының ұтымды қолданылуы туынды идеясы мен мазмұнын тереңдетіп, көркемдік бояуын

қанықты етіп тұрғандығы айтылады. Шыңжан қазақ прозасының қалыптасуына үлес қосқан бұл қаламгерлерді көшпелі қазақ ауылының өзіне тән тұрмыс-тіршілігі мен заман шындығын көркем көрсете алған әрі прозаның көркемдік өрісін биіктеткен, жаңа жанрлардың тууына әсер еткен жазушылар деп баға береді.

Қытай қазақ әдебиетінде кең көлемді эпикалық жанрдың алғашқы үлгілері тоқсаныншы жылдардың соңында жарық көрген Жақып Мырзаханұлының «Арман асуында» (1979), Нығмет Мыңжанұлының «Қарлығаш» (1979), Оразбек Әбділұлының екі кітаптан тұратын «Ұстаз» (1979) романдары болғандығын айта келіп, осы шығармалардың жетістіктері мен кемшін тұстарына да тоқталып өтеді. Роман жанрының сан мен сапа жағынан күрт өсуін сексенінші жылдары тарихи тақырыпқа жазылған романдар шоғырының бой көрсетуінен байқауға болатынын айтады. Жұмабай Біләлұлының «Жондағы жорықтар», Дутан Сәкейұлының «Талиға — Талғат» (1985), Жақып Мырзақанұлының «Таңқурай» (1984), Омарғазы Айтанұлының «Аң шадырын оқ табар» (1986), Шайсолтан Қырғызұлының «Дабыл» (1988), «Бұлаң дүние» (1990), Ғани Саржанның «Көре» (1998), Тұрсынәлі Рыскелдиевтің «Тасқын» трилогиясы, Шәміс Құрманұлының «Бөке батыр» романдарынан тарихи кезең келбеті мен халық тағдырының шынайы көрініс алатындығы сөз етіледі.

«1950-1980 жылдары қаламгерлер қатары көбейіп қоймай, әдебиеттің барлық жанры уақыт талабына сай дамыды. Прозаның шағын жанры — әңгіме елуінші жылдардан бастап бой көрсетсе, кейінірек (1970-80 жылдары) жүзден астам әңгіме, повесть, ондаған роман жарық көрді. Поэзия жетекші жанр ретінде қоғамдық жаңарулардың шежіресіне айналды» [1, 3], — деп шет аймақ әдебиетінің дамуынан хабардар етеді өз зерттеу еңбегінде З. Сейітжанұлы.

1950 жылдан кейінгі Қытайдағы қазақ әдебиетінің даму бағытына бет бұруын Қытай Халық республикасының құрылуымен, қоғамдағы жаңа демократиялық қозғалыстардың іске аса бастауымен байланыста қарастырылады. «Шыңжаң халық баспасы», «Ұлттар баспасы», «Шыңжаң жастар баспасы» сияқты баспалардың ашылуы, әдеби журналдардың шыға бастауы қаламгерлердің қатарын көбейте түскендігін айта келе, жаңа қоғам ұсынған тақырыпты жырларына арқау еткен ақындар жайы

сөз етіледі. Науқандық жырлардың көп жазылуы елу-жетпісінші жылдары поэзияда жадағайлық пен нәрсіздіктің орын алуына әкелгендігін, сезіммен шынайы бейнелеу жетіспегендігін де зерттеу назарынан тыс қалдырмайды. Саяси-азаматтық лириканың басымдық танытуы, қытай сөзі араласқан өлеңдердің көбейе түсуі сексенінші жылдары да жалғасын тапқандығын «Замана жырлары» (1992) атты ұжымдық жинақта берілген елу бір ақынның өлеңдерінен байқауға болатындығы айтылады. Схематизмге құрылған, жалған ұрандау, лепірме науқандық сипатта жазылған шығармалардың қатарынан поэма жанрында жазылған бірқатар шығармаларды да атайды. Бұдан зерттеушінің шет аймақ ақын-жазушыларының шығармашылығын жауапкершілікпен саралап, идеялық-көркемдік қырларына жоғары эстетикалық талап биігінен пайымдап, объективті баға бергендігін байқаймыз.

«Қазақ әдебиетінің бір бұтағы» монографиясында Монғолиядағы қазақ әдебиетінің хал-жағдайынан да көптеген мәліметтер беріледі. Сан жағынан көп шоғырланған Монғолиядағы қазақ диаспорасының ұзақ жылдар экономикалық-мәдени дамудан тыс қалғанымен, халық ақындары өздері кешкен өмір шындықтарын өлең өріміне айналдырып отырған. Халық ақындары ретінде танылған Оңашабай Ірбітұлы, Самайхан Өкшебайұлы, Ноғай Шымыршықұлы, Ақылбай Бақабайұлы, Аманбай Биғадайұлы т.б. өнер иелері күнделікті өмір өзгерістеріне үн қосады. [1, 30] Монғолия қазақтары әдебиетін зерттеуші ғалым Қ. Қалиасқарұлы оларды ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін жалғастырушы, монғол қазақтарының жазба әдебиетінің іргесін қалаушылар деп бағалағандығы тілге тиек етіледі. Соның дәлелі ретінде 1942 жылы «Өлеңдер жинағы» деген атпен бірнеше ақындардың (А. Бабиұлы, Қ. Мұхамедәлиұлы, М. Қалыбекұлы, Бәзкей) өлеңдері топтастырылған жинақтың шыққаны айтылады. Зерттеуші еңбегінде Монғолиядағы қазақ сөз өнерінің маздап жанған отын өшірмей, үрлей соққан саясат желінен қалқалап ұлттық әдеби мұрамыздың арнасын кеңейтуге үлес қосқан қандас ақын-жазушыларымыздың еңбектерін шынайы бағалап, ғылыми таныммен сараптайды.

Монғолиядағы қазақ әдебиетінің танымал тұлғалары Ақтан Бабиұлының, Құрманхан Мұқамәдиұлының, Дәниял Дікейұлының, Имашхан Байбатырұлының, Шабдарбай Қатшаұлының,

Кәкей Жаңжүңұлының шығармашылықтарынан мәліметтер беріледі. Осы авторлардың бірнеше жанрда қалам тартып, әдебиеттің дамуына айтарлықтай үлес қосқандығын айтады. Мәселен, Ақтан мен Құрманхандар ақын-жазушы ғана емес, әрі драматург ретінде танылса, ал И. Байбатырұлы мен Ш.Қатшаұлы бірнеше пьеса жазғандығын шығармашылығын талдау барысында дәлелдейді.

Сонымен қатар сын мен әдебиеттану салаларында бірталай еңбектердің жазылғаны да сөз етіледі. Атап айтсақ, Қ. Қалиасқарұлының «Баян-өлгий қазақтарының ауыз әдебиеті» (1979), «Халық жырлары» (1970), «Айтыстың қыры мен қызметі» (1978), «Өскен өлкенің өршіл әдебиеті» (1976), М. Құлыбекұлының «Айтыс өлең» (1964), Я. Илиясовтың «Қаламгер парызы» (1973), «Шеберлік деңгейі» (1985), Қ. Жалмұқановтың «Сын сыры» (1985) кітаптарының жарық көруі әдеби сынның дамуын байқатқаны айтылады.

Шығыс Түркістан әдебиетінің ірі өкілдері — Ақыт Үлімжіұлы, Көдек Маралбайұлы, Таңжарық Жолдыұлы шығармашылығы жеке қарастырылып, тақырыптық-идеялық мазмұны ашылады. Этникалық біртұтас қазақ халқын шекара сызығымен екіге бөлген кезең шындығын тебірене толғаған ақын жырларында тарихилық «береке-бірлігі бұзылған елдің мұңы, бодандық болмысынан туындап жатқан заманның запыран-зары, туған жерге деген ыстық ықыласымен» ұштастырыла көркем өріліп жатқандығы нанымды түсіндіріледі. Бұл ақындардың мұралары идеялық-мазмұнымен ғана емес, сезіммен астасқан сөз суреттілігімен құнды туындылар деп бағаланады.

Шет аймақта тұратын қандастарымыздың әдебиетін кең зерттеу нәтижесінде 2000 жылы «Қытай қазақтары әдебиетінің туып, даму жолдары» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғаған Зүфар Сейітжанұлы бұл әдеби мұраны «қазақ әдебиетінің бір бұтағы» деп танып, әдебиетіміздің арнасын кеңейте түсті. Осы бағыттағы әдебиеттанушылық ізденістерін жалғастыра түсіп, бүгінде «Шыңжаң қазақ әдебиеті» («Университет», 1999), «Ақыт ақын» («Қазақ университеті», 2002), «Қазақ әдебиетінің бір бұтағы» («Қазақ университеті», 2018) атты зерттеу еңбектері жарық көріп отыр. Бұған қоса фольклористика, тарихи эпос, балалар әдебиеті саласында жазған еңбектері [2] де қомақты.

Ғылым мен білім саласында тынбай өнімді еңбек етіп келе жатқан З. Сейітжанұлының әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасында профессорлық қызмет атқарып, әдебиеттің түрлі салаларынан дәріс оқып келе жатқанына да 27 жылдай уақыт өтіпті. Бүгінгі күні студент-шәкірттері мен кафедра ұжымы алдында құрметке ие профессор Зұфар Сейітжанұлының әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі көп екенін айту абзал.

Әдебиеттер:

1. Сейітжанұлы З. Қазақ әдебиетінің бір бұтағы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2018. – 354 б.
2. Сейітжанұлы З. «Тарихи эпос» («Ғылым», 1994), «Эпостық батырлар», «Салт-дәстүр» («Аруна», 2001), «Бата-тілек» («Аруна», 2002), «Айтыс» («Аруна», 2002) «Эпостағы өмір өрнектері» («Қазақ университеті», 2004), «Қазахский исторический эпос» («Қазақ университеті», 2005), «Риторика» («Қазақ университеті», 2006) «Рауан» («Жалын», 1978), «Таңшолпан» («Жалын», 1988), «Тау самалы» («Жазушы», 1993)

ХАЛЫҚПЕН ҒҰМЫРЛАС РУХАНИ МҰРАНЫ ЗЕРДЕЛЕГЕН ҒАЛЫМ

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі Жұмат Тілепов — көп жылдарын қазақтың ұлт болып қалыптасқаннан бергі бай әдеби мұрасын жан-жақты зерттеуге арнаған көрнекті ғалым. Ол халық қазынасының тарихи сипатын терең зерделеп, сүбелі еңбектер жазды. Бүгінде ардақты ұстаз әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде әдебиетші-ғалым болуға ұмтылып жүрген жастарға дәріс береді.

Ж. Тілепов ХІҮ-ХХ ғасыр аралығындағы қазақ әдебиетінің тарихилығын зерттеп, осы тақырып төңірегінде «Қазақ поэзиясының тарихилығы» (1994), «Елім деп еңіреген ерлер жыры» (1995), «Тарих және әдебиет: ХІҮ — ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихилығы» (2001) атты ғылыми еңбектер жариялады. ХІҮ- ХҮІІІ ғасырдағы ақындар жырының топтамасы мен қазақ поэзиясының антологиясын жинап құрастырды. Ғалым Сыпыра, Асанқайғы жыраулардан бастап, Қазтуған, Доспамбет, Жиембет, Марғасқа, Бұқар, Үмбетей, Нысанбай, Абыл, Махамбет, Шал, Жамбыл, Сүйінбай т.б. ақындардың поэзиясын халқымыздың өшпес рухани мұрасына, көркем шежіресіне айналдырып тұрған нәрсе олардың шығармаларында кездесетін тарихи деректер екендігін дәйектеп айтады.

Маңғыстаудың тумасы Ж. Тілепов осы өңірдің ақындарымен қатар батырларына да біршама еңбектерін арнаған. Тарихта болған, талай ақындар жырында батырлықтары жайлы мәліметтер бар. Исатай Тайманов, Досан Тәженұлы мен Иса Тіленбайұлы, Сүйінгара Үргенішбайұлы т.т.

Ж. Тілепов өз зерттеулерінде жыраулық дәстүрді ұстанып, дамытқан аталмыш ақындардың әрқайсысының қазақ әдебиетінен алатын өзіндік орны мен ақындық даралығына ерекше тоқталады. Қазақтың жыраулық поэзиясының бастауында тұрған, көркемдік дәстүрдің көшбасшысы деп танылған Шал ақын Күлекеұлының қазақтың шығу тегі жайлы аңыздарды жүйелеп жырлағандығын, өз заманының озық ойлы, білімдар,

оқымысты адамы, ақпа-төкпе жырдың иесі болғандығын жоғары бағалайды. Шал ақынның аузынан шыққан қанатты сөз тіркестерінің мәнін талдап, ұлтжандылыққа үндейтін лебізіне ден қояды, оның кейінгі ғасыр ақындарына ықпалды болғандығын айтады. «Шал ақын шығармаларындағы әйел-ана тақырыбы» деген зерттеу мақаласын: «Шал ақын — біздің ақындық дәстүрлі ұлттық поэзиямызда әйел-ана тақырыбын ел болудың, іргелі халық болудың үлкен идеясын тарта отырып кеңінен көтерген өз заманындағы кемел суреткер ақынымыз деп танылуға лайық» [1, 39] деп қорытады.

Ізденімпаз ғалым әрбір ақынның шығармашылық өмірбаяны азаматтық өмірбаянымен тығыз байланысты болатындығын айта келе, Махамбет Өтемісұлы мен Шернияз Жарылқасұлы жырларында баяндалатын кей жағдаяттардың өмірде нақты орын алғандығына тоқталады. Толғауларының мазмұнына қарап, олардың қай жыл, қай айларда, қандай тарихи фактілер хақында шығарылғанын айқындау қиын еместігін айтады. «Арқыраған асаудай дарынды ақын» мақаласында Исатай батырдың Шерниязды халық деп соққан жүрегі үшін құрмет тұтып, қамқорлық көрсеткендігі туралы, тіпті қалыңмалын беріп, қалыңдық та әпергені өлеңдерінде мазмұндалатын өмірлік шындықтан туғандығын айтады. Шернияз ақын өлеңінің мына шумақтары осы жайды аңғартады:

Алаштан таңдап жүріп қыз айттыр деп,
Исекем жік-жапар боп қоймап еді.
Сонымен қыз қарадым жанат киіп,
Қыздарға қырындайды манат киіп...
Сұлудың жұрт мақтаған бәрін көрдім,
Кейі аласа келеді, кейі биік.
Аққұлыншақ дейтұғын аққубаны,
Алыстан таңдап жүріп алдым сүйіп.
Исекем оған берген қалың малын,
Аққұлыншақ, айрылдым сүйген жарым.

Осындай қызықты деректерді ғалымның әр зерттеулерінен кездестіріп отырамыз. Тарихи деректерді тауып, олардың ақындар шығармаларында көрініс алған тұстарына ден қойып, тілге тиек етуінен ғалымның еңбекқорлығын, ізденімпаздығын,

сан қырлы ғалымдығын байқаймыз. Зерттеп отырған мәселеге бірде тарихшы, бірде әдебиетші, бірде жазушылық тұрғыдан келіп, тың мәліметтер мен соны ой тұжырымдар жасап отыруы ғалым шығармашылығының көп қырлылығын танытады.

Жұмат Жұмалыұлы зерттеулерінен байқайтынымыз, ғалымның басты ұстанымы — жыраулар поэзиясы мен жыраулық дәстүрдің қазақ әдебиетіндегі орны мен маңызын ұғындыру. Мұнымен қатар, өмір сүрген заманы мен тағдыры, жырлаған тақырыбы мен айтар ойы үндес келетін жыраулардың шығармашылығын тұтастықта алып қарап, олардың өзара ұқсастықтары мен ерекше даралықтарын айқындауға ұмтылу. ХҮІІІ-ХХ ғасырлар аралығында өмір сүріп, айналасын ән мен жырға бөлеген өнер иелері — Қобылан Бөрібайұлы, Түбек Байқошқарұлы, Өске Торқаұлы, Иманжүсіп Құтпанұлы, Байбатыр Ержанов, Нарманбет Орманбетов, Мұрын Сеңгірбекұлы, Жамбыл Жабаев, Ығылман Шөрековтердің шығармашылық мұрасы ғалым зерттеулерінің басты нысанына айналған. Олардың бірі — дүлділ әнші-ақын болса, енді бірі — айтыстың аты шулы майталмандары. Ғалым өз еңбектерінде осы ақындардың шығармашылығы мен өмірбаянына қатысты кейбір жайды анықтай түсетін тарихи фактілерді келтіріп отырады. Шөженің соқырлығы, Жанақтың жарлылығы, Түбектің аурушаңдығы сияқты міндерінің айтыстарда қарсыласын тұқырту үшін қолданылғандығын меңзейді.

Жұмат Тілепов 2010 жылы «Үш қиян» баспасынан «Таным мен тағылым», «Ел мүддесі — ерлер еншісі» атты екі ғылыми еңбегін жариялады. Ондағы зерттеу мақалаларына үңіліп қарасақ, көне дәуірден келе жатқан сөз өнерінің жауһар асылдарын саралап, салмақтап беру ғалымның басты мақсатына айналғанын аңғарамыз. Бұл сөзімізге, «Мың жарым жыл жасаған жауһар жыр», «Ерлік жыры — елдіктің ескерткіші», «Халықпен ғұмырлас рухани мұра» т.б. мақалалары дәлел. Мұнда сан ғасырлар бойы халықпен ғұмырлас, рухтас болып келе жатқан, өмірлік тәжірибесінің айнасына айналған мақал-мәтелдер, әр қилы кезең оқиғаларының сұлабасы айшықталған ерлік жырлар мен ғашықтық дастандар жайы да сөз етіледі. Адамзат баласының игілігіне қызмет ететін кез келген рухани мұраға құлықтылық бар жерде сол мұраны өмірге әкелушілер мен оны иеленушілердің арасында байланыс үзілмейтіндігін айта келе, ғалым: «...бүтін бір халық-

тың тұтас ел болып өмір сүру жолына бағыт-бағдар беретін. Әріден алғанда күллі адам баласының жер бетінде ұжданды тірлік иесі болып өмір сүруіне жол сілтейтін гибраттылық қағидасы жинақталған» [2, 36-37], — деп рухани мұраның өміршеңдігін көрсетеді.

Әдебиеттің тарихилығы мәселесі — әдебиеттанудың маңызды бір саласы іспетті. Ел тарихымен сабақтас болғандықтан тарихилықты сөз ету әр дәуірдегі елдің өмірін, халық боп қалыптасуын зерттеумен теңдес. Осындай күрделі де жауапты тақырып тұңғығына тереңдеп, бойлап барып, еліміздің елдігін, рухани мұрасын танытуда ғалым Ж. Тілеповтің көп еңбектенгені аян. Кандидаттық диссертациясын «ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихилық мәселелері» деп, ал докторлық диссертациясын «ХІҮ-ХХ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихилығы» деп алуы ғалым зерттеуінің қарымын көрсетеді. Ғалым ізденісінің нысанына айналған жеті ғасырлық поэзия, оның өкілдерінің даралық сипатын өмірлік деректермен аша түсу сияқты мәселелер жеке дара ғалымның емес, тұтас ұжымның атқаратын ісі. Осындай салмақты жүкті сүрінбей көтеру толағай ғалымның ғана қолынан келсе керек.

Әдебиеттер:

1. Тілепов Ж. Таным мен тағлым. — Алматы: «Үш қиян», 2010. — 317 бет.
2. Тілепов Ж. Ел мүддесі — ерлер еншісі. — Алматы: «Үш қиян», 2010. — 352 бет.

ЖАНРТАНУ ЖАЙЫНДАҒЫ ЖАҢА ЕҢБЕК

Халқымыздың сөз өнеріне жаңашыл ізденіспен үлес қосуды мақсат тұтқан әдебиетші-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Әбдіқұлова Раушан Мәмиқызының жуырда жарық көрген «Жанр және шығарма» (2016) атты ғылыми зерттеулер жинағын қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған қомақты еңбек деп бағалауға болады. «Дәстүр» баспасының ұсынысымен «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы аясында мемлекеттік тапсырыспен жарық көрген бұл кітап төрт бөлімнен тұрады.

Жанртану негіздеріне арналған алғашқы бөлімде әдебиеттің даму үдерістерін айқындап отыратын әдеби жанр категориясының тарихи тамырлары мен заманауи жаңғыру белгілері сабақтастықта сараланады. Еңбекте ерте кездегі грек ойшылдарының эстетикалық пікірлерінен бастау алған әдебиеттегі үш тектің арналары тарамдала келе, бүгінгі күнгі әлем әдебиетінің жетекші категориясы болып табылатындығы пайымдалады. Ғалым жанр категориясын әлемдік әдебиеттің даму заңдылықтарымен, көркем әдебиеттің стильдік ерекшеліктерімен, көркемдік әдістермен, жазушының шығармашылық психологиясымен, көркем шығарма поэтикасымен тұтастықта қарастырады, әлем әдебиетіндегі жанр метаморфозасы төңірегінде айтылған пікірлерді жүйелі түрде саралайды. Әдебиет теоретиктері В.Е. Хализев, Л.И. Тимофеев, Б.В. Томашевский, Я.Е. Эльсберг, Н.П. Утехин, Г.Н. Пospelов, Н.А. Гуляев, Л.В. Чернец, М.М. Бахтин, А.Н. Веселовский т.б. еңбектеріндегі жанр мәселесіне қатысты әрқилы тұжырымдар салыстырылып, қайшылыққа толы қызықты деректер келтіріледі. Мәселен, Тимофеевтің әдебиет тектерін олардың композициялық ерекшеліктеріне қарай ажырататындығы, Эльсбергтің сатираны өзінше текке жатқызатындығы, Г.Н. Пospelов пен Н.А. Гуляевтің әдебиет тектерін адам мен өмір шындығы қарым-қатынасының типтері бойынша жіктейтіндігі, В.Е. Хализевтің текті әдеби шығарманың

тілдік құрылымының типі сипатында қарастыратындығы дәлелді түрде баяндалады [1, 17].

Көп жылдардан бері университетте дәріс оқып келе жатқан тәжірибелі ғалым, ұстаз ретінде Р. Әбдіқұлова белгілі әдебиет теоретиктерінің тек туралы тұжырымдамаларын көпшілікке ұғындыруда заманауи ғылыми технология жетістіктерін, инновациялық ұтқыр әдістерді пайдалану қажеттігін, сондай-ақ, әдеби тектердің шығу тарихын оқытуда алдыңғы қатарлы ғылыми негіздемелерге сүйену керектігін алға тартады. Кітап авторы студенттерге эпикалық жанрлардың табиғатын ашуға бағытталған теориялық материалды түсіндіруде түрлі диаграммалар, ұяшықтар, сызбалар сияқты көрнекі құралдарды пайдалану арқылы тақырыпты меңгерудің тиімділігіне тоқталады.

Көркем шығармадағы баяндау тәсілдері әртүрлі қолданылатындықтан, әрі жанрлық түрді айқындауға айрықша септігін тиізітетіндігін ескере келе зерделі ғалым эпос, драма, лирикадағы баяндау ерекшеліктеріне терең талдау жасайды. Баяндау, яғни наррация — эпикалық шығармаларда кеңінен түрлендіріле қолданылатын доминант тәсіл екендігін, оның «пейзаж, жағдай, кейіпкерлердің келбеті, көңіл-күйлерінің суреттелуі, тілдік бейнелеулер, қайталаулар, автор сөздері, диалог пен монологтар, ішкі сөздер» болып табылатындығын пысықтай түседі. Баяндаушы-кейіпкер, баяндаушы-автор мәселесін сөз еткенде, қаламгердің шындыққа деген көзқарасында оқырман танымына бағдар беретін тұстардың мол екендігі, көркем шығармада ең әуелі автордың ұстанымы мен идеясы, пайымы мен бағалау деңгейі көрініс алатындығы нақты мысалдармен дәлелденеді. Әйтсе де эпикалық баяндауға лирикалық экспрессия тән емес, ал «лирика тілі экспрессияға толы болатындығы — негізгі доминант» [1, 24], «лирика суретке құрылса да оның астарында медитация болатындығы — лириканың көркемдік қуаты» [1, 23], — дейді автор.

Драма тегінің ерекшелігін түсіндіруде, драматургтың көркемдік-бейнелеу құралдарының бір бөлігін ғана пайдалана алатындығын, авторлық ашық баяндаудың драмада кездесе бермейтіндігін ескерте отырып, драма тегіне қатысты теориялық ұғымдарды түсіндіруде сахна өнерін бейнелейтін видео-роликтерді пайдаланумен ұштастыру жолдарын ұсынады. Оқытушы-ғалым өз еңбе-

гінде жанртанудың теориялық аспектілерін пайымдауды осылай әдістеменен ұштастыра жетілдіруді жөн санайды.

Р. Әбдіқұлованың төл әдебиетіміздің тынысын идеялық-мазмұндық, дара пішіндік жағынан кеңейтіп, көркемдік дәстүр нақыштарын ажарлай түсетін шешендік өнер жанрына, оның поэтикасына арналған соны ізденістерін кітапқа енген бірнеше мақалалардан байқаймыз. Осы тұста ғалымның бұған дейін де шешендік өнер мен би-шешендер шығармашылығына арналған «Бөлтірік Әлменұлының шығармашылығы» атты зерттеуі (2003) жарыққа шыққандығын айта кеткен жөн. Жоғарыда аталған жаңа кітаптағы «Ашық монологтың телімдері», «Шешендік диалогтың құрылымы», «Портрет телімдері» атты зерттеулерінде ол шешендік өнердің жаңа қырларына үңіледі, шешендік сөздердің баяндау және бейнелеу жүйесінде ашық монолог пен ашық диалогтың орны зор екендігін, олардың осы жанр идеясын, шешеннің айтпақ ойын эксплицитті түрде жеткізетіндігін, осылай идеялық-характерологиялық міндеттермен тұтасып кететіндігін сөз етеді. Шешендік өнердің көркемдік телімдері шешеннің сөйлеу тіліндегі әсерлі, айшықты бейнелеу құралдарынан тұратындығын мәтіндік талдаулар арқылы нақтылай түседі. Шешендік өнердегі диалогтық құрылымдарды суырып салма ақындық дәстүріндегі тілдесулердің эволюциясы ретінде танып: «Сұрақ-жауап құрылымынан шешендік сөздің идеясы, шешеннің рухани дүниетанымдық қасиеттері арқылы адам өмірінің сыр-сипаты ашылып, моральдық-этикалық тұжырымдар жасалып, қоғам, дүние, жаратылыс жайының сырлары танылады,» [1, 33-34] — дейді автор. Шешендік диалогтарды формасы жағынан — полилог, монолог, халықтық жұмбақ сипатындағы шешендік сұрақ-жауап, астарлы сөзге құрылған шартты сұрақ-жауап, драмалық диалог үлгілеріне ажырата келе, олардың метафоралық салыстыру, меңзеу, табу, мақал-мәтел, риторикалық сұрақ, инверсия, ішкі ұйқас пен ырғақ, қайталау, буын үндестігі секілді көркемдік телімдерге де бай екендігіне тоқталады. Шешендік сөздердің жанрлық, құрылымдық әрі көркемдік ерекшеліктерін зерделеген ғалым оның зерттелу жай-күйін, авторлық шығарма ретінде қаралу мәселелері төңірегінде айтылған әдебиетші ғалымдардың пікірлерін де сарапқа салып дамытады.

Күні бүгінге дейін фольклордың бір жанрлық түрі ретінде қаралып келген шешендік сөздердің авторлы шығармаға жататындығы мәселесін көтерген ғалымдарымыздың зерттеу еңбектеріне [2] сараптама жасай келе, дәстүрлі шешендік өнерге көркем шығарма ретінде қарап, бүгінгі жаңаша таным көкжиегінен бағалау қажеттігін құптайды. Сондай-ақ, «Шешендік өнер және оның сипаттары», «М. Әуезов — академиялық шешендік мектебі негізін қалаушы» сияқты зерттеулерінен қазіргі риторикадағы академиялық шешендік түрінің сипаттарын, мақсаты мен міндеттерін танып, шешендік өнердің жаңа заман сипатына сай жаңғырып жалғастық тауып келе жатқандығын пайымдай түсеміз.

Зерттеу еңбегін салмақты етіп тұрған тағы бір мәселе — қазақ сөз өнеріндегі интертекст жайы. «Қазақ сөз өнеріндегі интертекст мәселесі», «Абай және Шәкәрім поэзиясындағы интертекст құбылысы» сияқты зерттеулерінде ғалым интертекстуальдық теориясының бастауы М.Б. Ямпольский, И.В. Арнольд, М.М. Бахтин сияқты шетел ғалымдарының еңбектерінде жатқанымен, оның сілемдерін қазақ әдебиеттануының бастапқы кезеңдеріндегі еңбектерден де кездестіруге болатындығын айтады. Көркем мәтіндегі келтірінді құрылымдардың қолданылуының өзі авторлық мақсаттардан туындап, идеялық-көркемдік қызмет атқаратындығын түсіндіре келе: «...фольклорлық поэтикалық интертекстер мен цитаттарды қолдана отырып, қазақ жазушылары өз шығармаларына ұлттық сипат береді, мотивтерді шығармашылықпен жаңғыртады, оның мазмұнын көркемдікпен байытады».[1, 68] — деп интертекстерді көркем шығармаға экспрессивтік мән дарытып, поэтикалық құндылықтарды құрайтын көркемдік телімдерге жатқызады. Шығармашылық өнердегі үндестікті танытатын интермәтін сипатын Абай мен Шәкәрім, Абай мен Жамбыл өлеңдеріндегі әлеуметтік тұрмысты, табиғат пен өмір құбылыстарын бейнелеулерінен тауып, оның көрініс алуы ұлттық мүдде мен ұлттық көркемдік танымнан туындағандығын айтады.

«Ұстазы мықтының ұстанымы мықты» дегендей қазақ әдебиеттану ғылымының ірі майталмандарымен қызметтес болып, ақыл-кеңестерін тыңдап, ғалымдық пен ұстаздықты шығармашылықпен ұштастыра білген Раушан Мәмиқызының әдеби ортаның

кадір-қасиетін терең түсініп, қастерлейтінін кітаптың келесі бөлімдерінен байқаймыз. «Ғылыми портреттер мен естеліктер», «Сөз сымбаты», «Көңіл толқыны» атты тарауларында бірінен дәріс тыңдап, бірінен тағлым алған білгір ұстаздарының болмысын өзі қабылдаған шынайы қалпында танытып, олардың ғылыми ізденістері мен зерттеу әдістерінің тың қырларын аша түседі. Әдебиет тарихының зерттеушісі Х. Сүйіншәлиев, қазақ драматургиясының жанрлық жүйесін жете зерттеген ғалым Р. Нұрғали, әдебиет сыншысы Т. Кәкішұлы, әдебиет теоретигі Б. Майтанов, әдебиеттану ғылымына өзіндік үлес қосқан ғалымдарымыз З. Сейітжанұлы, Ж. Тілепов, Қ. Мәдібай т.б. жайында тебірене жазған әдеби портреттерден ғалымдарымыздың табанды ізденіске толы жанкешті еңбекқорлығын, өмірдегі адами қасиеттерге негізделген дара бітімін танимыз. Әдебиеттану ғылымының ыстығы мен суығына төзіп, ерінбей тер төккен айтулы ғалымдардың еңбегіне ғылыми тұрғыдан әділ бағасын беріп, оларды ардақ тұтуды парыз санаған Р. Әбдіқұлованың өзін де әдеби шығарманы зерттеудің жаңа бағыттарына батыл барып жүрген қаламы қарымды әдебиеттанушы, терең зерделі теоретик-ғалым деп таныған жөн. Өнердің асыл тегі әдебиетті қастерлеп, көркем шығарма табиғаты мен қаламгер суреткерлігін танытуға бағытталған ғалым еңбегінің оқырман талғамы мен танымын арттыруда маңызы зор екендігін атап айтқан абзал.

Әдебиеттер:

1. Әбдіқұлова Р. Жанр және шығарма. — Алматы: «Дәстүр», 2016, — 288 б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. (Алматы: «Ана тілі», 1991); Адамбаев Б. Алтын сандық. (Алматы: «Жазушы», 1989); Дәдебаев Ж. Бөлтірік Әлменұлы және қазақ шешен өнері. (Алматы: «Қазақ университеті», 1996); Негимов С. Шешендік өнер. (Алматы, «Ана тілі», 1997); Байтұрсынов А. Ақ жол. (Алматы, «Жалын», 1991); Косымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. (Алматы: «Білім», 2003); Темирболат А.Б. Риторика. (Алматы: «Қазақ университеті», 2005).

ӘДЕБИЕТ ПЕН ТОПОНИМИҚА БАЙЛАНЫСЫН ЗЕРТТЕГЕН ҒАЛЫМ

Адамзат өнері мен көркем ойлауының байырғы әдеби үлгілері болып табылатын фольклорлық туындылардың синкреттілігі мен көркемдік дәстүрдің негізі болуы ерекшеліктері әлі күнге дейін зерттеушілер назарын аударып келе жатқаны аян. Бүгінгі таңда ғылымның көптеген салаларымен тығыз байланыстылығын айқындап, халықтың ілкі заманнан бергі дүниетанымы мен наным-сенімін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін бойына сақтап асыл дүниемізге айналған фольклордың алуан түрлі қырларын зерттеп құнды еңбектер жазған фольклорист-ғалымдарымыздың бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ПҒА академигі Пангереев Абат Шамұлы.

Фольклортанушы А.Ш. Пангереевтің ғылыми-зерттеулері негізінен фольклор, мифология, әдебиет тарихы және топонимика мәселелеріне арналады. «Ұстазы мықтының – ұстанымы мықты» демекші, әдебиеттану ғылымы мен фольклористиканың марқасқа мамандарының кеңес беруімен іргелі зерттеулерді қолға алған А.Ш. Пангереев 1997 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор М. Мырзахметовтің жетекшілік етуімен «Қазақ поэзиясында жер-су ұғымдарының бейнеленуі» тақырыбында кандидаттық диссертация жазып, ғылыми дәреже алды. Одан кейін де топонимиканың көркем әдебиеттегі қызметін зерттей келе, 2010 жылы ҚР ҰҒА академигі С.А. Қасқабасовтың жетекшілігімен «Қазақтың топонимдік фольклоры» атты докторлық диссертация қорғады. Әдебиет пен топонимиканың байланыс-бірлігін деректі дәлелдермен ғылыми негізде тұжырымдап бергендігін ғалымның көптеген зерттеулерінен көре аламыз. Атап айтсақ, «Жер-су атауларының поэтикасы» (1996), «Әдебиет және топонимика» (2003), «Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері» (2014), «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері» (2018), «Жер-су атаулары және ұлттық руханият» (2018) атты монографиялары мен оқу құралдары, сонымен қатар халықаралық және республикалық конференция материалдарында, шетелдік және отандық басы-

лымдарда жарық көрген көптеген ғылыми мақалалары да ғалымның тынымсыз ізденістерінің көрсеткіші. Жоғарыда аталған еңбектерінде, көрнекті әдебиетші-ғалым Құлбек Ергөбек айтқандай, «...табанды ғалым фольклор мен топонимиканың аралығында, тарих пен топонимиканың тоғысында толайым жаңалықты ойлар толғап, гипотезалар айтумен келді. Қалай сүйсінбессің? Бұрын тіл ғылымында аз-аздап әңгіме арқауына айналған топонимиканы әдебиетке айналдырған, әдебиетте байырқаландырған Абат Пангереев жер-су атауларына байланысты ізденістерін протүріктік дүниетанымына дейін ойша сапар шегіп, ойын Орхон-Енисей тас жазуларындағы затты айғақтармен мықтап бекітеді. Тіпті «Орхон-Енисей руна жазулары» табиғатын алғаш ашып, оқыған Томсен, Малов ізімен жүріп те жер-су ұғымының ұлылығына ден қояды» [1, 12]. Әдебиет пен ономастика, фольклор мен топонимика саласында бірнеше маңызды еңбектердің жазылып, жариялануы ғалымның осы мәселеге аса ден қойып, нәтижелі еңбек еткенін аңғартады. Пангереев Абаттың бірнеше жылдар бойы Ақтөбе облысының ономастика комиссиясының мүшесі болып, қала, облыс аумағындағы елді мекен, көше атауларына ұлттық ұғымға сай атаулар беру ісіне де атсалысып, үлес қосуынан ел азаматы ретінде парызын сезіне білген тұлғалық болмысын танимыз.

А.Ш. Пангереев — ғылымға тың көзқарас, жаңаша ізденіспен келген ғалым. Ономастиканың бір саласы топонимика бұған дейін тіл білімі, география салаларының зерттеу объектісі ретінде ғана қарастырылып келсе, Абат Шамұлы топонимиканы алғаш рет әдебиет пен фольклор тұрғысынан қарастырады. Фольклор мен топонимиканың тығыз байланыстылығын, бір-бірін дамытып, толықтыратындығын айта келе, фольклорлық топонимиканы дербес жанр ретінде қабылдауға қажетті шарттардың бәрі бар екендігін айқындап береді. «Фольклор ұлттық тарихи жадының куәсі, ұлт тарихының айнасы деп білсек, онда бұл екеуі ажырамас бірлікте екені аян. Сондықтан фольклор мен топонимиканың етене байланысы қазақ халқының мәдениеті, көшпенділік өмір салты, поэтикалық зердесі, эстетикалық арман-мұраты, жалпы барлық ұлттық ерекшеліктерінен туындайтын құбылыс», — дейді автор «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері» атты еңбегінде [2, 9].

А.Ш. Пангереевтің «Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері» атты еңбегі қазақ фольклористикасы мен топонимика ғылымына қосылған іргелі зерттеу. Фольклорға тән басты ерекшелік деп айтуға болатын жер-су атаулары арқылы көрінетін халықтың танымы мен эстетикалық мұраты жайын зерттеуге арналған бұл еңбекте фольклордың топонимикамен байланысы, топонимдік фольклордың жанр ретінде қалыптасу, даму ерекшеліктері, жанрлық түрлері, олардың қоғамдық, ақпараттық, танымдық қызметтері, миф және басқа да ғылым салаларымен байланысы сияқты мәселелер жүйелі зерттеу объектісіне айналған. Әдебиет пен фольклордағы жер-су атауларының баян етілуі халықтың байырғы тарихынан сыр тартып, танымы мен мекен еткен кеңістік аясын танытатын дерек көздері мен ақпараттық мәліметтер болып табылатындығын негізді тұжырымдармен дәлелдейді.

Қазақтың фольклорлық туындыларында жер-су атауларының мол кездесуі, олардың сюжет пен кейіпкерге қатысы, поэтикалық және танымдық сипатқа ие болуы сияқты факторлардың топонимдік фольклор жанрының туып қалыптасуына негіз болғандығын айта келе, ғалым топонимдік фольклорды ұлттық фольклордың бір саласы деп есептейді. Қазақ фольклорындағы топонимдік сюжеттердің атқаратын қызметтерінің маңыздылығына тоқтала келе, «фольклор сюжеттерінде сипатталатын жер-су атауларын алып тастар болсақ, онда ол сюжеттер жалпылай абстракцияға ұшырап оқиға дәл баяндалғанымен әйтеуір нақтылы мазмұндалу жағы жетімсіздеу болар еді» [2, 9],— дейді. Сайып келгенде сюжеттер фольклор мен топонимиканы туыстастыратын негізгі мотив ретінде танылады. Топонимдік сюжеттерді мазмұнына, баяндау, ақпарат беру ерекшеліктеріне қарай топонимдік аңыз, топонимдік хикаят, топонимдік әпсана, топонимдік әңгіме деп бөлуді ұйғарады. Топонимдік фольклор туындыларын жанрлық түрге осылайша классификациялай отырып, оның танымдық қызметін басты орынға шығарады.

Халықтық таным сипатында ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келген аңыз жанрының ішінде топонимдік аңыздың шоқтығы биік. Өйткені топонимдік әпсана, хикаят сюжеттерінің басым көпшілігі аңыздық сарындардан өрбіп, көркемдік сипаттауларға ие болып, басқа жанрлық формаға ауысады.

Тарихи деп жүрген аңыздарда топонимдік мотивтердің кездесіп отыруының өзі жер-су атауының қойылуынан сыр шертетін аңыздарды елді мекендердің шежірелі тарихы деп қарауымызға негіз бола алады. Сол себепті фольклор туындыларында баян етілетін оқиғалардың тарихилық сипатын анықтауда топонимикаға жүгіну маңыздырақ. Мәселен, «Қарауылкелді», «Ақсақ Темір төбесі», «Ақсақ Темір орны», «Башмақ төбе» сияқты топонимдік атаулар белгілі бір оқиғаның туу себебін, болған орны мен мерзімін меңзеуі арқылы тарихи дерек көздерін танып білуге, деректі етіп баяндауға септігін тигізеді. Зерттеу еңбектерінде осындай байламдар жасайтын фольклорист-ғалым Абат Шамұлының топонимдік эпсана жанрының ерекшеліктері жайлы талдауларынан дара ізденісін көреміз.

Эпсана ұғымына теориялық тұрғыдан жан-жақты түсініктеме бере келе, оны аңыздан айыруда уақыт пен кеңістік принципіне жүгіну керектігін, аңызда өткен оқиға баяндалса, эпсанада уақытқа шек қойылмайтындығын айтады. Эпсананы аңыз бен ертегі аралығындағы қарапайым халық прозасының көркем фольклорға айналған түрі, бұның басты функциясы танымдық, мағлұматтық емес, болған немесе болды деген оқиғаны көркемдей баяндау арқылы тыңдаушыға ғибрат беру деп айтқан белгілі фольклортанушы С. Қасқабасовтың пікірін тілге тиек етіп, өзінің де тұжырымдарымен былайша толықтырады: «... егер жер-су атаулары белгілі бір тарихи оқиғаны растайтын факті ретінде көрінсе — аңыз, ал жер-судың аты көркемделе қиял арқылы баяндалса, не болмаса белгілі бір оқиғаға байланысты айтылғанда тарихи дерегі болмай, ғибраттық сипаты ғана болса — эпсана болады» [2, 101]. Ал енді ислам дінінің таралуымен байланысты қалыптасқан топонимдік хикаяттың эпсанадан айырмасын — онда діни-кітаби сюжеттердің баяндалатындығы, астарында мифтік белгілердің болуы сияқты өзгешеліктерден байқалатындығымен түсіндіріледі. «Шайтанкөл», «Зәмзәм суының бұлағы», «Қазығұрт тауы» туралы хикаяттарда діни түсінік пен діни бейнелердің болуы осы жанр ерекшелігін түсіндіруге мысал бола алған.

Топонимдік фольклор жанрының типологиялық ерекшеліктерін жете білетін А.Ш. Пангереев жер-су атауларының шығу тарихына байланысты туған топонимикалық аңыз, эпсана,

хикаяттардың қатарына жаңа түр — топонимикалық әңгіме жанрын қосады. Сюжеті шындыққа құрылған, орындалуы фольклорлық дәстүрге сай келетін бұл туындыны топонимдік әңгіме деп атауды ұйғарады. Топонимдік әңгімеде кеше, жақын арада ғана болған жағдай баяндалады. Әңгіменің бұл түріне шыншылдығымен, жаңашылдығымен ерекшеленетін, өзіне дейінгі даяр модельдердің ізімен баяндалатын, халық ішінде кең тарап, ауызша айналымға түсіп кеткен фольклордың кенже түрі деген сипаттама беріледі. Алдыңғы түрлерге қарағанда өзіндік композициялық құрылымы бар топонимикалық әңгімеде экспозиция мен оқиға шешімінің орны маңызды. Экспозицияда әңгімеші алдымен оқиғаның қай жерде, қай мезгілде, кім туралы, кімнен естіді деген сияқты жайттардан хабардар етсе, оқиғаның шешілуі топонимнің шығу тарихын айқындаумен аяқталады. Тағы бір ерекшелік — оқиғаның дәл, анық баяндалып, кейіпкерлердің нақты бейнеленуі. Теориялық түйіндеріне дәлел ретінде «Қуандық бұлағы», «Байқоңыр», «Айша бұлағы», «Байбіке» туралы топонимдік әңгімелер келтіріледі. Қазақ жерінің көптеген аймақтарында айтылатын мұндай әңгімелердің аңыз, хикаяттардан айырмасы ертеде емес, күні кеше болғандай әңгімелене беретіндігінде. Топонимикалық фольклор жанрларының жаңа түрі деп танылып отырған топонимикалық әңгімелер жайында айтылған ғалым мәліметтерін саралар болсақ, тарихилығы мен этникалық ерекшеліктердің басым болуымен қатар, оларға ауызша орындалуы, түсінікті болуы, оқиғалылығы, тәрбиелік мәні, айтып отырған оқиғаның ойдан шығарылмағандығы, сөйлеу тілінің көркемдігі, топонимдердің нақты географиялық аймаққа сәйкес келуі сияқты белгілер тән екен. Дара жанрлық түр деп тануға боларлық дәлелдерді келтіре отырып, топонимикалық әңгімені халықтың шығармашылық өнерінің дәстүрлі жалғасы ретінде қалыптасуына негіз бар екендігін айтады.

Пангереев Абат Шамұлының жоғарыда аталған зерттеу еңбектерінде ұлттық руханияттың негізі саналатын фольклорды этнография, этнология, ұлттық болмыс секілді салалармен байланыста қарастырады. Топонимикалық фольклорды ғылымның бірнеше жанрлық түрлерімен тығыз байланыстылығын тілге тиек ете келе, ежелгі мәдени мұралардың жер-су атаулары арқылы танылатын ерекшелігін де аша түсуді мақсат етеді. Әрі-

ден тамыр алып тарамдалып жатқан топонимдік фольклордың мифофольклормен, ғұрыптық фольклормен байланысты тұстары мен ара-жігін аша түсетін жайттарға да түсініктеме беріледі. Топонимдік фольклордың негізгі жанры саналатын топонимикалық аңызға мынадай анықтама береді: «... топонимикалық аңыз деп жер-судың, тау тастың пайда болуы мен атын мифтік ұғыммен немесе мифтік кейіпкердің іс-әрекетімен емес, бір оқиғамен, я болмаса белгілі қайраткер атымен байланысты түсіндіретін әңгімені айтамыз» [2, 87]. Ал мифтік сана мен мифопоэтиканың фольклорға сіңісуі нәтижесінде пайда болып дербес жанрлық түр ретінде қалыптасқан мифофольклорды «мифтік-сана мен ойлау жүйесінің, мифтік таным мен сенімнің фольклор нұсқаларында кездесіп, олардың астарында көркемделген форма мен мазмұнды пішінде көрініс табуы» [2,67] деп түсіндіреді. Мифтік фольклордың мифологиядан айырмашылығы көркемдік пішіннің тұрақтылығы мен ұлттық поэтиканың жоғарылығында екендігі айқындалады. Жалпы осы ерекшеліктермен қатар, негізінде наным, философия, дін жатқан мифтің әлі күнге дейін әдебиетімізде тарихи трансформаланған күйінде жалғасын тауып келе жатқанын қазіргі көркем шығармаларда көрініс алып жүрген мифопоэтикалық ағымдар үрдісінен де аңғарамыз. Жалпы миф қалай сақталады? Бұл сұраққа автор ел арасындағы кейбір ғұрыптық, салттық, танымдық, діни қатпарлардың астарында сақталуы мүмкін деген болжамын айтады.

Абат Шамұлының зерттеулерінің бір бағыты топонимдік сюжеттердің эпикалық жанрлардағы қолданысына арналады. Жер-су атауларының эпикалық шығармалардағы атқаратын қызметіне уақыт пен кеңістік категориясы тұрғысынан қарастыруды жөн санайды. Өйткені фольклордағы уақыт пен кеңістік мәселесі жанрлық түрлер арасындағы өзгерістерді айқындай түсіп, идеялық-мазмұндық жаңалықтар әкелетіні мәлім. «Эпостық жырларда кең қолданысқа түсетін топонимдік атаулар шығарма сюжетіне деректілік танытумен бірге кейіпкердің аймағының, туған жерінің келбетін қоса танытады. Сондықтан эпоста көрініс беретін мәселенің бірі — топонимдер арқылы танылатын туған жер идеясы» [2, 124], — деген ойларында жер-су атауын туған жер ұғымының заттанған бейнесі деп қабылдаушылық бар. Осылайша топонимді эпос табиғатының ішінен алып зерттеу

арқылы жырдың генезисі мен типологиясының жаңа қырларын тани түсуге мүмкіндіктер ашады.

Ұлттық фольклорымыздың қойнауларында жатқан асыл арналар мен құнды деректерден сыр тартып, ұмыт болуға жақын қалған халқымыздың атамекен, жер-су атаулары туралы аңыз-әңгіме, әпсана-хикаяттарын жадымызда қайта жаңғыртып, ұлттық танымды кеңейте түсетін мұндай зерттеулер бүгінгі таңда аса қажет. Ата қоныс, мекен-жайдың тарихын баян ететін топонимикалық фольклордың мән-маңызы ешқашанда жоғалмақ емес. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының аса маңызды бағдары — Ұлттық жаңғыру. Ұлттық жаңғыру ұғымы ұлттық сананың кемелденуін білдірсе, халықтың тарихы мен тағлымы жатқан топонимикалық фольклорды замана сынынан сүрінбей өтіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастық тауып келе жатқан рухани мұра деп танымыз. Жаңғыру осындай ұлттық-рухани тамырлардан нәр алып, оларды алдағы өркендеудің діні ете отырып қадам басуға тиіс.

Мәдени-рухани құндылықтар санатына жататын қазақ фольклорының бір саласы болып табылатын қазақ топонимдік фольклорының қоғамдық, тарихилық, деректілік, ақпараттық, таным мен тағылымдық аспектілерін өзекті мәселе ретінде қарастырып, аса мәнді ғылыми негіздемелер мен жаңаша тұжырымдамалар жасаған фольклорист-ғалым Абат Шамұлы Пангереевтің ғылыми еңбектерін бүгінгі қоғам танымы мен руханият талабына сай ізденістер деп толық айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. «Әдеби-рухани мұра: мәдениетаралық коммуникация контексінде»: фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор А.Ш. Пангереевтің 60 жасқа толуына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. — Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспа бөлімі, 2019. — 380 бет.
2. Пангереев А. Қазақ фольклорының мифтік-топонимдік аспектілері. — Алматы: Әверо, 2018. — 216 бет.

ТӘЛІМДІ ҰСТАЗ, БІЛІМДІ ҒАЛЫМ

Ұлттық әдебиетіміздің әріден келе жатқан әдеби мұрасы мен көне ескерткіштерін жаңа заман елегінен өткізіп, оның құндылықтарын бүгінгі жаңа ұрпақ санасында қайта жаңғыртуда әдебиетті зерттеуші ғалымдардың да қосып жатқан еңбектері қомақты. Әдебиеттану ғылымына өтпелі дәуір тұсында келіп, қазақ әдебиетінде әлі зерттелмей жатқан тың тақырыптарға батыл барып, өзінің ғалымдық қарымын таныта білген әдебиетші-ғалымның бірі — филология ғылымдарының кандидаты, доцент Нариман Жұмашұлы Нұрпейісов.

Бүгінде тек Оңтүстік өңіріне ғана емес, республикамызға танымал әдебиетші-ғалым Нариман Жұмашұлының ғылыми ізденістерінің нәтижесін «Е. Ысмайылов — әдебиет тарихын зерттеуші» (1999) атты монографиясынан, «Дүрбелеңді дәуір зерттеушісі» (2002) сияқты ғылыми жинақтары мен көптеген әдебиеттану мәселелерін сөз еткен ғылыми мақалаларынан көреміз. Әдебиеттану ғылымындағы теориялық мәселелердің білгірі, қазақ әдебиеті тарихын зерттеуді қалыптастырып, қазақ әдебиеті сынын ілгерілеткен ғұлама ғалым Есмағамбет Ысмайыловтың ғылыми шығармашылық еңбегінің қырлары «Е. Ысмайылов — әдебиеттану ғылымының білгірі», «Е. Ысмайылов және қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері», «Е. Ысмайылов — Абайтанушы», «Әуезов және оның шәкірттері», «Қажырлы да қарымды ғалым», «Өнегелі де өміршең достық», «Ұстаздық парыз бен шәкірттік қарыз» т.б. еңбектерінде талданып бағаланады.

Нариман Жұмашұлы — ғалымдықты оқытушылықпен ұштастыра еңбек етіп жүрген білікті маман, Қазақстан Республикасы оқу ісінің үздігі. Е. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің тіл-әдебиет мамандығын бітірген 1985 жылдан бері жоғары оқу орындарында қызмет етіп келе жатқан Нариман Жұмашұлының педагогикалық еңбек өтіліне тоқталар болсақ, Абай атындағы Саран педагогикалық училищесінен бастаған оқытушылықты 1996 жылы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі қызметтерінде болып жалғастырған. 2012 жылдан бері Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық

институтында қызмет етіп, қазіргі уақытта кешкі оқыту және да-
йындық факультетінің деканы болып еңбек етеді.

Ғалымдық, оқытушылық, басшылық қызметті қатар атқарып жүрген Нариман Жұмашұлы ұстаздық еңбекті бәрінен де ардақты санайды. «Ұстаздық парыз бен шәкірттік қарыз» мақаласында: «Ұстаз және шәкірт. Өмірде де, ғылымда да бұл қастерлі ұғым. Әрине, егер ұстаз да, шәкірт те өз орындарында, аттарына лайық іс атқарғанда ғана — бұл ләзім. Кім де болсын өзі алған тәлім-тәрбиесін, өнеге-өсиетін кейінгі ұрпаққа аманат етіп беріп кетуге тиісті. Ол үшін ағалардан алған тәлімді өз тәжірибесімен ұштап, іріктеп, сұрыптап, кейінгі ұрпаққа қажеттісін ғана қалдырғаны абзал» [1, 110-111], — деген ұстанымды айта келе, қадірменді ұстаздың шәкіртіне деген көңіл шуағы ізгіліктен бастау алады деп түйіндеуі, ұстаз тәрбиесінің роліне айрықша жауапкершілікпен қарайтындығын аңғартады.

«Ұлттық руханиятпен — әлемдік өркениетке», «Мұхтартану», «Қазақ әдеби сынының өзекті мәселелері», «Абайтану», «Қожановтану», «Е. Ысмайылов және әдебиеттану мәселелері», «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» сынды оқу құралдары мен көптеген әдістемелік нұсқаулары Нариман Жұмашұлының қазақ әдебиетін оқыту үдерісінде де қомақты іс атқарып жүргеніне дәлел. Қазақ әдебиетін заманауи технологиялармен оқыту, болашақ мамандарға кәсіби күзіреттілікті меңгерту бағдарларын ұстанған оқытушы-ғалымның бұл әдістемелік құралдарының оқу үдерісінде де құндылығы жоғары. «Қазіргі әдебиет және оны оқыту мәселелері» атты әдістемелік мақаласында қазіргі қазақ әдебиетін оқыту, оны жолға қоюға қатысты мәселелерді сөз етіп, оқытудың сапасын жақсарту, алған білімді ел игілігіне айналдыру жолындағы өз ұсыныстарын алға тартады. Ғалым қазіргі таңда ЖОО-ның кітапханаларында жаңадан жарық көріп жатқан оқулықтар мен оқу құралдарының, көркем әдебиеттер қорының жеткіліксіздігін, бұл жайдың қандай жаңашыл технологияны, әдіс-тәсілді қолданса да әдебиетті оқытудың өзекті мәселелерін шешуге қолбайлау болатындығын айтады. Сол себепті жоғарғы деңгейдегі министрлік тек типтік бағдарлама, мемлекеттік стандарт жасау жүйесін ғана емес, керекті оқу құралдарымен қамтамасыз етуді де шешсе ғанибет болар еді деген ниетін білдіреді. «Әдебиетті оқыту дегеніміз — рухани қазынаға қол созу,

оған қол ұшын беру, түбегейлі мәселе етіп көтеру — кемел келешектің руханияты бай болуына септігін тигізеді» [2, 74], — деп игілікті іске бағдарлайды. Әдебиет зерттеушісінің тәуелсіз қазақ елінің әдебиеті де тәуелсіз әдебиет болса, тәуелсіз кезең қазақ әдебиетінде дәл осы уақытта әдеби процеске белсенді араласып, құнды шығармаларымен ұлтқа үлгі болып жүрген тұлғалардың еңбектері қамтылса деген ойлары да қонымды.

Бастау алған қайнар көзі тереңде жатқан әдебиетімізде қазақтың ұлттық болмысы мен асыл қасиеттері сақталғандығын, сол құндылықтар қоғамымызды рухани жаңғыруға апаратын ұлттық бағдарымыз екендігін Нариман Жұмашұлы ғылыми-публицистикалық мақалаларында үнемі айтып, азаматтық ұстанымдарын да айқын танытып жүр. Мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған «Елбасы, ел бірлігі және Абай аманаты», «Дәулетті ғана емес сәулетті де ел болайық», «Мемлекетшілдік пен менменшілдік», «Жаңарған Қазақстанды білім мен ғылым ғана өркениетке жеткізеді», «Адам — елдің басты байлығы», «Тәуелсіздік тағдыры, Елбасы аманаты және Алаш ардақтылары», «Елбасы жеңісі — халық жеңісі», «Елбасы — Елтұтқасы», «Ғажап ғасыр ғибраты» т.б. публицистикалық мақалалары бұған дәлел. «Елбасы, ел бірлігі және Абай аманаты» атты мақаласында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың халыққа жолдауындағы ел бірлігі жайындағы ойлары Абай аманаттарымен сабақтас келетіндігін тәпсірлейді. Елбасының: «Дағдарыстар өтеді, кетеді. Ал мемлекет тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты құндылықтар мәңгі қалады» — деп, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы, тәуелсіздігі — ел бірлігінде екендігін қадап айта беруінің мәнін түсіндіреді. Абайдың «Сегіз аяғындағы» «біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең — істің бәрі бос», — дейтін қанатты қағидатымен үндестігін айта келе, ұлы Абайдың ел бірлігін берік етудің ащы шындығын арқау еткен жырларын үңіліп оқу — әр қазаққа бүгінгі міндет екенін жүктейді.

Ұлттың болашағы мен азаттығы үшін күрескен тұлғалардың өнегелі өмірі мен еңбектерін зерттеп, насихаттап жүрген Нариман Жұмашұлының қанына сіңген бір қасиет — ұлтжандылық. Содан да болар, елімізде қызу талқыға түскен мәселелерге үн қатып, ой-пікірін айтып отыруды Нариман азаматтық парызы деп біледі. Мемлекеттік тілді өз мәртебесі деңгейіне көтеру мақсатында

іске асқалы отырған қолданыстағы кирилді латын графикасына ауыстырудың маңыздылығын жете түсініп, «Латын графикасына көшу — рухани жаңғырудың басты құндылығы» атты мақаласын жазды. Ана тілінің жанашыры екендігі «Б. Момышұлы және қазақ тілі, руханият мәселелері», «Жиналыстан жиналысқа, мінбеден мінбеге... немесе тіл туралы мәселе қашанғы сөзбұйдаға салынады?», «Он бір жыл өзбекше оқығандар қалайша қазақ тілінен сабақ береді?» мақалаларынан да көрінеді.

Нариман Жұмашұлының зерттеушілік ізденістері нәтижесінде туған ғылыми еңбектерінің бір тобы — әдебиет қайраткерлері мен қазақ әдебиеттануында өзіндік орны бар тұлғаларға арналады екен. Әсіресе, С. Қожанов, Б. Кенжебаев, Е. Ысмайылов, Ә. Байтанаев, З. Ахметов, Р. Бердібай, М. Мырзахметов, Т. Кәкішев, Қ. Ергөбеков, Д. Ысқақұлы, З. Жұмағалиев, Б. Байтанаев, К. Сыздықов, Ж. Смағұлов сияқты әдебиет зерттеушілерінің әдебиеттану ғылымына сіңірген еңбектеріне лайықты бағасын беріп жазған ғылыми мақалаларын оқи отырып, ғылыми мектептің үлкен мектебінен шыңдалып өткен, жазғанынан жазары көп нағыз шығармашылық қарымы толысқан кемел жасқа келгендігін сезінесің.

Ғылым мен оқытушылық қызметте тағдырлас замандасымыз әрі досымыз Нариман Жұмашұлы Нұрпейісовке 60 жастың асқарына шығып, мерей тойын тойлағалы отырған тұста — білім мен ғылым саласына қосқан еңбегің жемісті болып, елің мен халқыңның алдында абыройың арта берсін! — дегіміз келеді.

Әдебиеттер:

1. «Т. Кәкішұлы және әдебиет тарихының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. — Алматы: «Қазақ университеті», 2017. — 306 бет.
2. «Қазіргі қазақ әдебиетін оқыту мен зерттеудің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. — Алматы: «Қазақ университеті», 2006. — 202 бет.

КӨҢІЛІМЕ ШУАҚ ҚАЛДЫРҒАН АСЫЛ БЕЙНЕ

Калың оқырман қауым «Жаны сұлу жазушы», «Махаббат жыршысы», «Махаббат падишасы» деген ат беріп, елжірей жақсы көретін Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовпен өмір жолында жақын араласып, әдебиет пен ғылымның өзекті мәселелері туралы пікірлерін өз аузынан есту бақыты бұйырғанына шүкіршілік етемін. Әзағаңның жарқын болмысы туралы жадымда қалған шуақты сәттер бүгінгі күнге дейін көңілімді тербейді.

1989 жылдың күзінде әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің аспирантура бөліміне оқуға түстім. Академик Зейнолла Қабдолов басқаратын қазақ әдебиеті кафедрасының аспиранты атандым. Бірде жас аспиранттар кафедраның кезекті мәжілісінде бас қостық. Күн тәртібінде қаралатын мәселенің бірі — ғылыми жұмысымыздың тақырыбын талқылап, бекіту. Кейбір аспиранттар бұрыннан ізденіп жүрген тақырыптары барын айтып, алайда ғылыми сипатын арттыра түсу керектігін айтып жатыр. Бір кезде кезек маған келді. Нақты ғылыми тақырып жөнінде түпкілікті шешімге келе алмай жүргенмін. Кафедра меңгерушісі академик Зейнолла Қабдолов әдебиеттану ғылымында зерттелмей жатқан мәселелердің қыруар екендігін сөз арасында айтып кеткен болатын. Академик-ғалымның осы ойын дөп басқандай, кафедраның профессоры Тұрсынбек Кәкішев ағай:

— Сәлимаға егер өзі қарсы болмаса, Әзілхан Нұршайықовтың прозалық шығармаларын зерттеуді берейік. Бірен-саран мақалалар жазылғаны болмаса, Әзекеңнің шығармашылығы әлі зерттеле қойған жоқ, керек болса өзім де арасында кеңес беріп тұрармын, — деп Әзағаңның шығармашылығын жақсы бағалайтындығын әрі араларында достық қарым-қатынастың да бар екендігін байқатты. Қабылдау емтиханы кезінде бір сұрақ төңірегінде даулы мәселе қозғалған шақта, менің жағыма шығып пікірімді жақтаған Тұрсынбек ағай маған туған әкемдей ыстық көрінген еді. Енді тың тақырып ұсынып, тағы да жанашырлық танытып отыр. Мен қалайша қарсы боламын, оның үстіне Әзілхан

Нұршайықов сүйікті жазушымның бірі ғой. Келісім беретіндігімді айттым. Тұрсынбек ағай: «Әзекеңе телефон шалып, оның шығармашылығы жайлы диссертациялық тақырып бекітілгенін өзім жеткіземін», — деді аңқылдап. Ғылыми жетекшім, профессор Бақытжан Майтанов екеуміз ақылдаса келе, «Ә. Нұршайықов прозасындағы адамгершілік ізденістер» деп атауды ұйғардық. Тақырып осылай бекітілді. Мұның бәрін айтып жатқаным, бұл жай мені жазушымен жақын таныстыққа алып келді.

Жазушы еңбектерімен мұқият танысып алғаннан кейін Әзағаңның өзімен жүздесіп, сұхбаттасуды жөн көрдім. Үйіне телефон соғып, мән жайды баяндадым. Ол кісі толық мекен-жайын айтып, үйінде күтетіндігін айтты. Келісілген уақытта пәтер қонырауын бастым. Есіктің арғы жағынан:

— Бұл кім? — деген жіңішке, созылыңқы дауыс естілді. Телдидардан талай естіген таныс дауыстан Әзағаңның өзі есікті ашқалы келгендігін сезіп, жүрегім лүпілдей жөнелді. Баукең туралы жазбақ болып, алғаш кездесуге барған сәттегі Әзағаңның күйін мен де кешкендей едім. Ойланып үлгергенімше есік айқара ашылып, алдымда шүйкедей болып халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов тұрды.

— Сәламатсыз ба, Әзілхан аға? — дедім жүрексініп. Әзағаң:

— Сәлимасың ба? Кір үйге, — деп сәлемдескен қолын жіберместен, ас үйде шай қамдап жатқан Халима апайға қарай жетелей жөнелді. Апайға мені бұрыннан жақсы білетіндей таныстырып жатыр. Мен де қолымдағы шоқ гүлімді ұсындым. Халима апайдың күлімсірей қараған жымыысы өзіне тарта түседі екен.

Танымал жазушының үйіне бірінші рет баруым. Маған бәрі таңсық. Әзағаң жазу кабинетіне апарды. Ең кең бөлмені кабинет еткен сияқты. Бөлме іші кітап пен қағазға толы. Сөрелерде суреттер де орын алған. Менің көзім әскери киім киген жас солдаттың көне суретіне түсті. Үйде өз әкемнің де соғыста түскен суреті тұрушы еді. Бәлкім, сол суретке ұқсап кеткен болар. Ұзақ қарап қалғанымды байқап қалды ма, Әзағаң соғыста сержант болып жүрген сәттерінен біраз әңгімелер айтып берді. Мен де арасында сөзге араласып, 1941-45 жылдары әкем Әбдіраманның майданда болғанын, соғыста оң қолынан айрылып келгендігін, әкемнің Әзағаңмен түйдей құрдас екендігін айтып қоямын. Әңгімеге әңгіме ұласып біраз сөйлестік. Жақында ғана шыққан

Әзағаңның екі томдық шығармалар жинағын ала барғанмын. Автограф жазғызып алмақ ойым болған. Соны сөмкемен алып қолтаңбасын беруді сұрадым. Алтын сумен жалатқан әдемі қаламсапты алып: «Ардақты Сәлимаға! Әдебиет ғылымының атақты қайраткерлерінің бірі болып шығуыңа шын жүректен тілектеспін. Әз.Нұршайықов» деп маржандай жазуымен кітаптың алғашқы бетіне тілегін жазды. Сырттай аты мен шығармаларына қанық атақты жазушымен жүздескеніме, қолтаңбасы мен тілегін жеке дара алғанымға дән риза болып, төбем көкке жеткендей аспирантура жатақханасына оралдым.

1995 жылдың 27 сәуірі. Сағат күндізгі екілердің шамасы. ҚазҰУ-дың филология факультетіндегі М. Әуезов атымен аталатын 312-аудиторияға диссертациялық кеңестің мүшелері жиналған. Бірер минутта қорғау басталмақ. Көңілім алаңдаулы. Бүгінгі қорғауға Әзағаң келер ме екен? Көрінбейді. Келмегені де дұрыс болар. Қорғау басталып кетті...

Қорғау нәтижесі жарияланатын сәт те жетті. Кеңес төрағасы академик Зейнолла Қабдолов қорытынды шешім айтып, алған ғылыми дәрежемен құттықтады. Бір сәт құттықтаушылар арасынан Халима апай маған қарай күлімсіреп келе жатыр: «Сәтті қорғауыңмен, қалқам, тілеулестігімізді білдіріп өзім келдім. Әзілхан саған сенді», — деп құшағына қысты. Алғаш көргендегі таныс жымыс. Өзіне тарта түседі. Мен де анамның ыстық мейірімін көргендей апайды жақын тартып, құшақтадым.

Адал жар, сенімді серік бола білген Халима апайдың қазақ әйелдеріне тән барлық инабатты, адамгершілік қасиеттерді бойына жинақтаған жан екенін Әзағаңның аузынан талай естіп, шығармаларынан да оқушы едім. Халима апайды асқақтата отырып, Әзағаң қазақ әйелін қалай құрметтеп, ардақтаудың үлгісін көзі тірісінде ғана емес, дүниеден қайтқанда да көрсете білді. Халима апайдың бейнесін мәңгі өшпестей етіп «Мәңгілік махаббат жыры» деген прозалық поэма жазды. Осылай Халима апайдың әдеби кейіпкер ретіндегі екінші өмірі басталды. Оны сыйлаған — өмірлік қамқоры, айнымас жары бола білген халық азаматы Әзағаң еді.

Әсіресе маған қатты әсер еткен бір жайды айтқым келеді.

2005 жылдың 6 майында Ғалымдар үйінің Қысқы бағында Ә. Нұршайықовтың 10 томдық шығармалар жинағының тұсау

кесер рәсімі өтті. Көп томдықты шығарушы әрі тұсаукесерді ұйымдастырушы республикаға кең танылған «Қазығұрт» баспасы болды. Көп сөйлеушілердің қатарында мен де сөз алдым. Әзағанның маған сөз берер алдында көпшілікке арнайы таныстырып: «Мен жайлы ең алғаш кітап жазған Сәлима болды», — деп ризашылық сезіммен айтқаны көңілімде әлі сайрап тұр.

Іс-шара соңынан Әзағаң бір топ қонақтарды үйіне дәмге шақырды. Тұрсынбек аға, Әзағаңның көп томдығын шығаруға жеке демеушілік жасап, қарт жазушыны бақытқа бөлеген алаштың ардақты азаматы Бекет Тұрғараев ағамыз бен ол үйдегі Ұлды жеңгей, «Қазығұрт» баспасының директоры, танымал ақын Темірғали Көпбаев, Әзағаңның қолғанатына айналған рухани інісі белгілі ғалым Қамал Рахманқұлов — бәріміз қонақтарға арналған дастархан басына жайғастық.

Әзағаң үй иесі ретінде шеткі орындыққа отырды. Ол кісінің оң жақ қасында бір орындық бос тұрды. Орындықтың басына ақ орамал байланған, үстінде кішкене бөстек жатыр. Әзағаң оқтын-оқтын әлгі орындыққа сүйеніп, бөстекті сипап қояды. Алғашқыда оған мән бере қоймадым. Сөз кезегі Әзағаңа келді. Ол қасында көмек етіп, бәйек болып жүрген Қамал ағамызға бір затты әкелуді тапсырды.

Шағын ғана кілемше әкелініп, қабырғаға ілінді. Кішкентай кілемшеде Әзағаң мен Халима апайдың айнымай қалған фотосуреті бейнеленіпті. Біздердің сүйсінісімізде шек жоқ. Қай шебер мұны тоқыды екен? Апыр-ай, ел ішінде қолөнер шеберлері де көп-ау. Әзағаң бұл кілемді былтыр дүниеден қайтқан Халима апайдың құрметіне тоқытқанын, өзі үшін ол кісінің орны ешқашан толмайтынын айтты. Бір кез әңгімесінің басын өзі жиі сүйеніп отырған, орамал байланған бос үстелге бұрды. Халима апай қайтқалы оның отыратын орнына ешкімді отырғызбай, осылай жасау кигізіп қойғандығын, өмірлік серігі, сүйеніші болған адал жарын қазір де қасында отырғандай сезінетіндігін айтқанда, Әзағаңның шын мәнінде өнерде де, өмірде де айнымас, тұрақты махаббат иесі екендігін күмәнсіз мойындадық. «Халима апай неткен бақытты ғұмыр кешкен әйел! Әзағаң апайды өз биігіне көтере білді. Бүкіл тіршіліктің бітпес тауқыметін көтеріп, жазушылық еңбектің шыңына жетуге дем берген Халима апай осындай құр-

метке лайық жан ғой!» — деп ойладым. Ол ойымды Темірғалидың арындата оқи жөнелген өлеңі бөліп кетті:

...Абадандай ардақтап түздің ұлын,
Аялаған ақынның ізгі мұңын,
Аспанилау жаралған ақын жары,
Ақық жырға қиғандай қыз ғұмырын.

Өлмес сөздің салмақтап өрелісін,
Өлең ішін өзіндей көреді шын.
Асау мінез күйдіріп тұрса дағы,
Ол сүйеді ақынды өлеңі үшін.

Шыңға біткен көңілдің шынары ма,
Ұйқас жолдың ұқсаған сыңарына.
Ақын жары сенеді ақиық жыр,
Биіктерге бірге алып шығарына.

Темірғали да «Ақын жары» деген бұл өлеңі Әзағаң мен Халима апайдың тағдырын дәл көрсеткендей әсер етті. Ду қол шапалақ соғылды. Бұл бірнеше жайдың құрметіне, соның ішінде Әзағаңның әйел қауымына деген ілтипатына соғылған шапалақ еді.

Әйел затын ардақтау — жазушының әркез биік көтеретін туы екендігін байқадым. Әзағаңды асқақтататын, жан сұлулығын ажарландыратын осы қасиеті екен.

Көңіліме шуақ қалдырған тағы бір оқиға ҚазҰУ-дың филология факультетінде Әзағаңмен өткен кездесу болатын.

2009 жылдың 5 мамыры. Қара шаңырақтағы танымал 312-аудитория. Тақта жиегі түрлі-түсті шарлармен көмкерілген. Қабырғаға Ә. Нұршайықовтың майданда сержант формасында түскен көлемді суреті бейнеленген стенд-плакат ілінген. Кездесудің мән-маңызын ашатын, жазушы өмірі мен шығармашылығы жайынан мәлімет беретін фотосуреттер слайд түрінде көрсетілуде. Гүл шоқтары сыйлы қонақтарға арналған төрді ажарлай түскен. Аудиторияның әсем безендірілуі студенттердің сүйікті жазушысын зор құрметпен қарсы алуға деген ниеттерін әрі мерекелік көңіл-күйді танытып тұр. Бұл — өзім дәріс беретін топ студенттері мен кураторлық ететін тобымның өтінішімен ұйымдастырылған кездесу еді.

Кездесуде студенттер жазушының «Махаббат, қызық, мол жылдар» романынан көрініс қойды. Онда бас кейіпкер Ерболдың соғыс біте салысымен, сұр шинелін шеспестен ҚазМУ-дың есігін имене ашқан студенттік шағы мен топ қыздардың ортасына түскен алғашқы сәттерінен көрініс қойылды. Өте әсерлі орындалған қойылымнан кейін жазушы Ә. Нұршайықов сөз алды. Жазушы ҚазМУ-де оқыған жылдарынан, соғыс кезіндегі басынан өткерген жайлардан қызықты да әсерлі естеліктер айтты. Жазушы сөз соңын тағы да әйелге, қыз балаға деген құрметке әкеп тіреді. Кездесу соңында жарты сағатқа жуық әңгімесін қыз бала тәліміне, ұл мен қыз арасындағы сыйластық, шынайы сүйіспеншілік жайына арнады. Жастардың атасындай абыз жазушының әр сөзін көңілдеріне түйе түскені студенттердің отты жүздерінен байқалды. «Ұлтыңның болашақ анасы қыздарды аялап, ардақтай білу де, сүйген қызыңа қосылып, отбасын құрып, ұлтыңа ұрпақ әкелу де — патриотизм», — деп сөзін түйіндеді. Қан майданда болашақ ұрпақтың бақыты мен бейбіт өмірі үшін қаламымен де, қаруымен де күрескен халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовқа қалай айтса да, не айтса да жараса кетеді. Көпшілік мән бере бермейтін қарапайым нәрсенің өзін мәнді, тәлімді ету — Әзағаңның талантына ғана тән қасиет. Өмірін өнегелі өмірге айналдыра білген дана қарт жазушыға тағы да ризашылық сезіммен, сүйсіне қарай бердім.

Әзағаңның асыл бейнесі менің көңілімде шуақты қалпында сақталып қалды.

ҚОС ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰРМЕТІ

Өнерін саналы өмірімен ұштастырған тұлғалар жайын сөз етер болсам, өмірлік пайымдауларын көркем шығармаға айналдырып тәлімі мол мұра етіп қалдырған Әзілхан Нұршайықовтай дара қаламгер мен өрелі ғалым, өнегелі ұстаз ретінде аты алты алашқа мәлім профессор Тұрсынбек Қәкішев ағамыздай ірі тұлғалар болмысы көз алдыма елестейді. Осы қос тұлғаның шынайы достығы мен сыйластығы мені талай тәнті етті. Ең әуелі елдің қамын ойлайтын, қоғамдық құбылыстардың шынайы мәнін тамыршыдай дөп баса білетін әрі көп азаматтардан мысы басым, қадірі артық абыз-ақсақалдар өмір жолында ұзақ жылдар бойы етене жақын араласқан, сырлас достар болды. Әйгілі Әзағаңның:

Жайылған дабысың,
Тұлпардай шабысың.
Қорғайсың тайсалмай
Ұлтыңның намысын.

Сөзіңнің бәрі рас
Келтірер көзге жас.
Қазақтың тіліне
Қамқорсың қажымас.

Еліңнің мүддесін
Бұзылмас іргесін
Сақтауды тілейсің
Бұл нағыз ерге сын.

Бауырым батылсың,
Әрқашан ойың тың.
Риза ғой жарандар
Тыңдаған сансыз мың.

Халқыңның арысың
Қайыспас нарысың.
Өсиет, өнегең
Ұрпаққа дарысын,

— деп Тұрсынбек ағамызға арнаған өлеңін оқи отырып, бірі — ғалымдығымен, бірі — жазушылығымен елге танымал осы қос тұлғаның өмірдегі достық, сыйластық қарым-қатынасына еріксіз сүйінесің.

Университет қабырғасында, студенттік кездегі таныстықтан бастау алған достық сезімге сызат түсірмей, көкіректегі асыл, шуақты сәулені кемел қарттық шаққа дейін сақтай білу тек Тұрсағаң мен Әзағаңдай жүрегі кең жандарға ғана бұйыратын бақыт сияқты. Бір-бірі туралы жазған мақалаларды оқи отырып, аға мен інінің шынайы көңілден туған ізетін, сыйластығын сезінесің. Ә. Нұршайықов «Жаны жайсаң ғалым» атты мақаласында: «Мен шинелімді сүйретіп, соғыстан келіп, университетке түскенде ол сонда оқып жүр еді. Қалың қара шашты, айтқанынан қайтпайтын, қайсар студент болатын. Енді қасқа бас профессор. Атақты академик. Халықтың марқасқа азаматтарының бірі.

...Қарайлас оқыдық. Қатар қызмет еттік. Алматының ауасын бөлісе жұттық. Аяқ-табақ араласқалы алдақашан», — деп жазады. Ол кісі Түрсекеңді ғалым әрі жазушы деп танып, қазақ әдебиетінің тарихы мен сынына қосқан еңбектеріне аса жоғары баға береді. Кеңестік кезеңде Т. Кәкішевтің орыс тілінде жарық көрген «Сәкен Сейфуллин» атты кітабын «ЖЗЛ сериясын бастаған қазақ әдебиетіндегі тұңғыш кітап» десе, ғалымның өзін қазақ ғұмырнамасының атасына балайды. Сонымен қоса Т. Кәкішевтің «Ұштасқан үш өзен», «Жол үстінде 80 күн», «Садақ», «Жасампаз өлке» кітаптары туралы айта келіп, оларға «қазақ әдебиетіне тыңнан қосылған сапарнамалық жанр» деген анықтама береді. Сөйтіп, әдебиеттанушы ғалымдар әлі де айтып үлгермеген жайларды ерекше аңғарымпаздықпен айқындайды. Өзгелерге де аңғартады.

Қос тұлға арасындағы шығармашылық байланыс, рухани жақындықтың белгісін Тұрсағаңның да Әзағаң туралы жазғандарынан анық көреміз. «Қос қанатты дарын» мақаласында төрт күн бойы жолсапарда бірге болған кездердегі Әзағаң болмысындағы ерекшелікті жіті байқағанын былай жазады: «Төрт күн Ә. Нұршайықов қолыма оңаша түсті. Жалғанда бұйығы адамның сырын алудан қиыны жоқ. Мақтасаң — тасып, даттасаң — ашуланып, қолпаштасаң желігіп кетпейді. Көк мәрмәрден жасалған бейнеден айнымайды ғой. Сонда да баяғыдан бері сезіп

жүргенімді, шәпеті тұлғада алыпқа бітер жүрек, үлкен адамгершілік барын көзіммен көрдім...». Бір-бірімен жақын да жүріп, алыс та жүріп сыйласа білген ірі тұлғалардың ірілік мінезіне, құрметіне тағы да сүйсінесің, қызығасың.

Қос тұлғаның шынайы достығының дәлелі ретінде Әзілхан Нұршайықовпен 2009 жылдың 5 мамырында әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университетінде өткен кездесу кезіндегі әсерімді айтқым келеді.

Зал аты аңызға айналған Халық жазушысын күтуде. Бір кез есік айқара ашылып, кеудесін тіп-тік ұстаған қазақ әдебиетінің ақсақалы Әзілхан Нұршайықов кіріп келді. Қасында өр тұлғалы маркасқа ағамыз, ұлағатты ұстазымыз, аты мәшһүр ғалым Тұрсынбек Кәкішев. Жаңа ғана студенттер шуылынан дауыс естілмей тұрған дәрісханада сілтідей тыныштық орнап, өзгеше нұр құйылды. Жастардың атасындай абыз жазушының айтқан ұлағатты сөздері мен естеліктері көп болды. Әңгіме ауаны әр заман жастарының сүйіп оқитын кітабына айналған «Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы кейіпкерлердің прототиптері жайына ауысты. Әзағаң ала келген топ суреттерді көзілдірік астынан алмастыра қарап төрде Тұрсынбек ағай отыр. Осы күнге дейін мұқият сақталған көне суреттерді сөз арасында суыртпақтап, Әзағаң сөзіне дәлел ретінде залға көрсетіп қояды. Тап бір Әзағаңның «адыудантындай» қалтқысыз қызмет көрсетіп отырған Тұрсағаң бір сүйкімді інісіндей жарасымды. Бір тұста Әзағаң Меңтай образының прототипі Нұрғамила Нұрбосынованың қыз кезіндегі, келіншек кездегі, 75 жасқа толған кездеріндегі суреттерін көрсетті. Өзінің сүйікті кейіпкерінің ажарын көтере сипаттап жатқан жазушыға реті келсе аудиторияны қалжыңмен сергітіп тастайтын әдетіне басып Тұрсекең: «Меңтайды аршыған жұмыртқадай аппақ деп мақтайсың, мына көрсетіп тұрған қызың қатқан қара ғой» деп қалғаны. Залдан ду еткен күлкі естілді. Балаша жымыып Әзағаң да «ол қызға менің көзіммен қарамайсың ба, Тұрсынбек-ау» деді саспай. Тағы да бір мәз болып езу тартқанымыз есімде. Өмірдің қай сәтінде де бір-бірін қошаметтеп, құрметтей білген осы алып тұлғалардың сыйластығы рухани, әрі шығармашылық жақындықтан туындап, келісім тауып жатқандай әсер береді.

**К. АЙДАРБЕКОВАНЫҢ «ӘКЕГЕ ҚҰРМЕТ»,
«АНАҒА ТАҒЗЫМ» атты
КІТАБЫ ТУРАЛЫ ҮЗІК ОЙ**

Жақында «Қазығұрт» баспасынан жарық көрген жазушы Күлия Смайылханқызы Айдарбекованың «Әкеге құрмет» (2018) атты кітабының тұсауына сері ҚР Ұлттық кітапханасында жоғары деңгейде өтті. Тұсауына сер рәсіміне жиналған көпшілік қауым өздерінің жылы лебіздерін айтып, ғибрат пен өнегеге толы дүние екендігін айтты. Кітап бетін ашып оқи бастағаннан-ақ аманат арқалаған қыздың әкеге деген құрметі мен перзенттік парызды орындау барысындағы үлгі аларлық істеріне сүйсінесің. Әке ақылы мен өсиетін көңілге түйіп, өмірінің ұстанымдарына айналдыра білген сара қыздың шынайылықпен жазған естеліктері ізгілік пен мейірімге, ғибрат пен өнегеге толы. «Әр жаттаған сүреге Алланың өзі беретін сыйлығы бар. Сол сыйлыққа жету үшін күнде ілімдерінді жетілдіріп отыруды мақсат етіңдер. Ең күшті адамдар — білімді, ақылды, сабырлы адамдар, — деп шөберелеріне салмақты ойын жеткізді Әкешім,» — деген жолдардан-ақ оқырман талай жайды пайымдайды. Мұнда шынайы өмір суреттері боямасыз, үлкен тебіреніспен, сезіммен астастырылып баяндалады.

Кітаптағы имандылық туралы, адами қасиеттер жайлы әке сөздері санаңа сіңіп, ар-иман тазалығын сақтауға бағыттайды. Әке мен қыз арасындағы сырласу мен сұхбаттасулар, ой толғаныстары ғибратты ғұмыр кешкен әке болмысын көзге елестетеді. Әке жайындағы естеліктерден өнегелі өмір сүрген әке бейнесін перзент көзімен қабылдаймыз және әке аманатын арқалаған, оны адал орындауға бел бұған саналы қыз болмысын танимыз. Әке деген ұғымға үлкен мағына сыйғызған автор, бұл ұғымның қастерлі екендігіне назарымызды жете аударады. Екі дүниеде де ата-ана борышынан үлкен нәрсе жоқ екендігін санаңа сіңіреді, ана мен әкеге құрмет көрсетіп, тағзым етудің үлгісін көрсетеді. Осылай әке рухын тірілтеді.

Осыдан алты жыл бұрын Күлия Смайылханқызы Айдарбекованың «Анаға тағзым» (2010) атты кітабы да жарық көрген

болатын. Ол кітаптың да әрбір отбасына берер тәлім-тәрбиелік мәні көп. Қазақ әйеліне тән асыл қасиеттерді, ұлттық болмыс пен өнегені бойына жиған аяулы Анасы Қарлыға Мұстафақызының өміріндегі гибратты сәттерді арқау еткен естеліктерінің де мазмұны мәнді. Ата-анаға деген құрмет пен тағзымға зәру бүгінгі заманда адамды толғандыратын, оқырман жүрегіне ізгілік дәнін себетін, рухани-адами болмысты негіздей түсетін тәлімді шығармалар керек-ақ. Күлия Смайылханқызының «Әкеге құрмет», «Анаға тағзым» атты кітаптарына енген естелік-әңгімелердің, толғаулардың дидактикалық мәні зор, бүгінгі ұрпаққа берер өнеге-үлгісі көп дүние деп бағалаймын. Осы екі кітапқа редактор болу барысында түйген осы ойларымды айтуды өзіме парыз санадым. Ал кітап авторы Күлия Смайылханқызына, осы шығармаларыңызбен оқырмандарыңыздың танымында әке мен ана үмітін ақтап, олардың арманын жалғап, абыройын көтере білген қазақтың ардақты қызына айналдыңыз дегім келеді. Шын мәнінде оқырманыңызбен сұхбаттастық қарым-қатынасты орната алған кітабыңыз жүректен жүрекке жетіп, ғұмырлы болсын!

БОЛМЫСЫ ДАРА БАЙТАНАЕВ (Жазушы-ғалым Әбіш Байтанаев туралы эссе)

К ай кезде де адам болмысының құндылығы білімімен бағаланса керек. Адамгершілік, инабаттылық, парасаттылық, мәдениеттілік сияқты ізгі қасиеттің бәрі де білім алу, оны өмір мазмұнына айналдыру нәтижесінде іске асатыны хақ. Білімді болу арнайы оқу мекемелерінде алған біліммен ғана шектелмейді. Білімділікке апаратын жол оған деген құштарлық пен ынта-талапқа тікелей байланысты. Білімге, ғылымға құштарлықты білімдіден шыққан сөз, немесе ғалымның жазған ілімі оятуы мүмкін. Болашаққа апарар жолды жарық етететін нұр білімде деп ой түюге жетелейтін нәрсе, Хакім Абай айтқандай, талапты жанның көкірек көзінің ашылуы.

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз.

Ұлы ақын өлеңінің осы шумағы білім мен ізгілік шырағын жағып, қаншама білімге құштар, талапты жастарды ғылым жолына бағыттаған болмысы дара абзал жан туралы ой толғауыма жетеледі.

Менің ғылым саласына біржолата бет бұруыма тікелей ықпал еткен адам — әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбіш Байтанаев еді.

Бүгінгі күнге дейін өзім білім алған және қызмет істеп жүрген оқу орындарында көптеген ғұлама ғалымдардың дәрісін тындап, ұлағатты ұстаздардың айқын ұстанымға үйрететін көзқарастары мен тағылымды сөздерін естігенім көп. Бұның бәрі де мен үшін өмірдің ғана емес, білім сатыларының баспалдақтары деп түсінемін. Дегенменде болашақ тағдырыңа өзің күтпеген жандардың ықпал етіп, арман-мақсатыңның іске асуына себепкер болатынына талай куә болдым. Арманшыл, мақсат қойғыш жас шағымда сондай ниеті түзу ізгі жандармен таныс болып, олардың бағдаршамдай жол көрсетіп, мені жігерлендіргеніне шүкіршілік етемін.

1985 жылы Е. Букетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетін бітірген соң Шымкент қаласындағы №25 орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі боп жұмыс істеп жүрген болатынмын. Бір күні мектептің оқу ісі жөніндегі меңгерушісі қолыма бір хатты ұстатты. Аң-таң күйде хатты асыға аштым. Онда қысқа ғана екі-үш сөйлем жазылыпты: «Сәлима, өлеңіңді оқыдым, ұнады. Айтатын пікірлерім бар. Хабарлас. Профессор Ә.Б.» Соңында телефон нөмірі көрсетілген. Күтпеген тосын хат. Дегенмен кімнен келгенін бірден білдім. Бұл кісі — Шымкент өңірінде тұратын аса танымал ғалым, Қазақстан жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, Шымкент педагогикалық институтының іргесін қалаушылардың бірі, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбіш Байтанаев болатын.

Менің аздап өлең жазатыным да бар еді. Облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің соңғы бір санында Жазушылар одағы облыстық бөлімінің басшысы, жазушы Мархабат Байғұтовтың алғы сөзімен бір топ өлеңдерім жарияланған еді. Соны оқыған болды ғой. Өлең кітабым болса бір басқа, шағын өлеңдерімнің өзіне үлкен дәрежесімен жылы лебіз білдіріп, хабарласқанына сене алар емеспін. Телефон шалуға батылым жетпей біраз жүрдім. Ақыры қайраттанып, қоңырау соқтым. Мекен-жайын айтып үйіне келуімді бұйырды. Әдебиет саласындағы зерттеу еңбектерімен студент кезімізден таныс болған абыз ғалым Әбіш Байтанаевпен кездесуім осылай басталды. Алғашқы жүздесуде-ақ өзім туралы бар мәліметті толық айтуыма тура келді.

Қарағанды Мемлекеттік университеті филология факультетінің біз оқыған тұстағы деканы — әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Болат Әбішұлы Байтанаев болатын. Әке жолын ұстанған ғалым-ұстаз Болат Әбішұлы тек ұлағатты ұстаз ғана емес, сонымен қатар үлкен ғалым, әдебиет зерттеушісі еді. 1994 жылы «Қазақ романының көркемдік құрамындағы ауызша-ақындық дәстүрлер» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Сондай-ақ «Жанр бастаулары», «Қазақ романының көркемдік бітіміндегі ауызша поэтикалық дәстүр» атты монографиялық еңбектер мен 40-тан астам ғылыми мақалалардың авторы Болат Әбішұлы екі тілде еркін жазатын өрелі ғалым еді. Адами болмысы өзгеден ерек, жүрегі жұмсақ, өте қарапайым, қамқор жан болатын.

Өзінің ұлы басшылық ететін оқу орнында оқығанымды, дипломдық жұмысымды М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша қорғағанымды білгеннен соң Әбіш ағайдың маған деген ықыласы арта түскендей болды. Тіпті дипломдық жұмысымды алдырып, мұқият оқып шықты. Әбіш Байтанаевтың 1971 жылы «М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын жазудағы шеберлігі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, осы ізденістер негізінде жазылған «Шын шеберлік», «Абай жолы» эпопеясының образдар жүйесі» атты зерттеулерін диплом жұмысын жазу барысында пайдаланған да болатынымын. «Абай жолындағы» Абай өлеңдерінің туу процесіндегі шығармашылық психологизмді талдап жазған жұмысым Әбіш ағайдың көңілінен шықса керек, маған енді ғылыммен айналысасың деп кесіп айтты. Мектепте жүріп ғылыммен айналысу қиын болатынын алға тартып, институтқа жұмысқа тұруың керек деп шешті.

Университетті жақсы тамамдап, баспасөз беттерінде өлеңдерім жарияланып, өзімді ақын ретінде сезініп қалғандықтың әсері ме, көңілім шығармашылық өнерге жақын газет, журнал сияқты баспасөз мекемелерінде жұмыс істеуге ауып жүретін. Бір жағы мектептегі мұғалімдікке де үйреніп, оқушылармен жұмыстың қызығына түсіп те кеткен болатынымын. Дегенмен мектеп мұғалімінің еңбегі шәкірт жүрегінен өшпегенімен, дәрежесі өспейтін іс қой. Әбіш Байтанаевтың маған сілтеп отырған бағыты дұрыс екенін ұғындым. Бірақ тез шешімге келе алмай жүргенім ұнамаса керек, іске өзі кірісіп те кетті.

Сан алуан ғылыми еңбектерімен қатар («Шын шеберлік» (1969), «Абай жолы» эпопеясының образдар жүйесі» (1970), «Абай жолы» айшықтары» (1995), «Әдебиет теориясын орта мектептерде оқыту» (Әдістемелік нұсқау, 1988), «С.Ерубаевтың творчествосы туралы» (1978), «Жамбыл Жабаев» (1957), «Саттар Ерубаев» (1958) т.б. көркем прозаның бірнеше жанрында, драматургия, аударма салаларында көркем шығармалар жазып, ғылым мен жазушылық өнерді қоса алып жүрген Әбіш Байтанаев бұл жылдары М. Әуезов атындағы Шымкент педогогикалық институтының құрметті профессоры, КСРО Жоғары мектебінің үздік қызметкері болатын.

Қамсыз отырған жайшылық бір күні Әбіш ағай пәтеріміздің есігін қағып тұр. Кішкене бойлы, жүрісі әлі ширақ, жасы 75-тер шамасындағы қария жасқа жеткен кісінің үшінші қабатқа ерінбей көтеріліп келгеніне қалай таңданбасқа. Әкем марқұм бұл кісіден әлдеқайда жас болса да екі-үш қабатқа көтерілгенде ырсылдап, алқынып қалушы еді. Өз көзіме өзім сене алар емеспін. Қасында жүргізушісі, қолдарында көтеріп алған шағын портативті жазу машинкасы бар. Ағай үйге ентелей кірді де, амандықтан кейін:

— Неге хабарсыз жатырсың. Біздің кафедрада бір орын бо-сады. Сені сол орынға алуға тиіс. Тез өтінішіңді жаз! — демесі бар ма аяқ астынан. Үйде бірнеше жыл төсек тартып жатып қалған анам да, мен де аң-таңбыз. Тез шешім қабылдап үйренбегендіктен сенер-сенбесімді білмей тұрмын. Анам сонымды байқады ма Әбіш ағайға:

— Сіздің қамқорлығыңызға көп рахмет! Бірақ қызымды жұмыс істеп жүрген жылы орнынан қозғамай-ақ қойсаңыз. Осыған да қанағат, аллаға шүкір жұмыссыз емес, — деп қалды. Осы сәтте:

— Сен үйде жатып не білесің? Қызыңның болашағын ойласаң олай демес едің, талабын қайтарма қызыңның... — деді Әбіш ағай жасы үлкендігін байқатып. Қатқыл шыққан дауыстан абдырап, қолыма қағаз бен қалам алып өтінішімді жаза бастадым. Былай деп жаз деп нұсқау да беріп жатыр. Осы сәт қамқор болар әкем қайта тіріліп келгендей сезім кештім. Үйден шығарда өзімен бірге әкелген жазу машинкасын маған қалдырып жатып, оны тез басып үйренуім қажет екендігін де тапсырып кетті.

Алайда бұл әрекетімізден оң нәтиже шықпады, кафедра мәжілісінде мені ұсынып, қанша мақтағанымен басшылар өздері қалап отырған адамын алыпты. Әбіш ағай бұған біраз ренжіп жүрді. Дегенмен әлі де үміт үзуге болмайтындығын айтып жігерлендіріп қойды. Ол осылайша мені сәтсіздіктерге мойымай күресе білуге де үйретті.

1986 жылдың 18-ші желтоқсаны күні болатын. Әбіш ағайдың үйіне келсем, есіктері ашық тұр. Мүлгіген тыныштық. Ағай мен апай төргі бөлмеде отыр екен. Қастарында бір-екі кісі бар. Бәрінің қабақтары қату, көңілдері алаңдаулы. Менің келгенімді байқаған Әбіш ағай «сонда күте тұр» дегендей кабинет жақты нұсқады. Есік айқара ашық, Әбіш ағайдың дауысы анық естіліп

жатты. Кешегі Алматыда Жаңа алаңда болған оқиғаны сөз етуде. Өз талаптарын айтып алаңға шыққан намысшыл жастардың батылдығын бір жағынан сүйсініп сөз етеді, сонымен қатар қан төгіс боп жастар мерт болмаса екен деп те алаңдайды. Бәрінен де Алматымен бар байланыстың үзіліп, болып жатқан жағдайдан хабарсыз қалғандарын уайымдайды. Мұндай оқиғаның бұрын-соңды Кеңес өкіметінде болмағандығын, енді елімізді үлкен өзгерістер күтіп тұрғандығын болжап айтуға. Басқалары үнсіз. Мен осы жолы Әбіш ағайдың жүрегі елім деп соғатынын, мазасыз көкірегінде ұлттық рухтың асқақ алауы маздап жатқандығын айқын сезіндім.

Бір күні Әбіш ағай үйіне келіп кетуімді тағы да өтінді. Бардым. Жазу кабинетіндегі көп кітаптар мен қағаздардың арасында шаршаңқы отыр екен. Бір қолжазбасын таба алмай әуре болса керек. Көмектесуімді өтінді. Тез кірісіп кеттім. Ағайдың жолдасы Мырзай апай да кірісіп, мына жерді қарап көр деп әбігерленіп жүр. Ол жазба Саттар Ерубаев жайлы жазбалар екен. Ақыры тауып көңіл жайланған соң, Мырзай апайдың тәтті шайына жайғастық.

Әбіш ағайдың жары Мырзай Алтынбекқызы да әдебиетші-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, доцент болатын. Ғылыми зерттеуін Саттар Ерубаев шығармашылығынан қорғаған Мырзай Алтынбекқызының да «Саттар Ерубаев» атты монографиясы бар. Бір шаңырақта қос бірдей ғалымның жарастықпен бір бағыт, бір мақсатта еңбек етіп жатқанына сүйсініп отырдым. Шай үстіндегі әңгіме ауаны Саттар Асқарұлы Ерубаев жайында болды. Қызу әңгімеден ұққаным, бұл кісілер Саттар Ерубаевпен жақын таныс болған екен. Түркістанда жастық жылдарын қатар өткізген, бірін-бірі жақсы білген, қатар жүріп әдебиет жайында талай сырласқан да екен. Небәрі 23 жыл өмір сүрген жасын тағдырдың ерекше қадамдары мен шыққан белестерін сүйсіне айтып отырды. Белсенді комсомол мүшесі, әлі 16-ға да толмаған зейінді жас Саттар Қазақстан оқу Комиссариатының арнайы жолдамасымен Санкт-Петербург университетінің тарих, философия және лингвистика факультетіне оқуға жіберіліпті. Осы университетте оқып жүрген жылдары орыс пен батыстың бай классикалық әдебиетінің өкілдері А.М.Горький, А.Барбюс, Р.Роллан, И.Эренбург, В.Маяковский, С.Есенин, Ф.Купер, т.б.

шығармаларын сіңіріп оқыған ол 1933 жылы «Орыс неоромантизмі және қазақтың ұлттық әдебиеті» деген күрделі тақырыпта диплом жұмысын жоғары бағаға қорғапты. Ұстаздарының ұсынысы бойынша аспирантураға қалдырылғанымен, денсаулығына байланысты елге қайтуға мәжбүр болса керек. Жан-жақты біліммен қаруланып келген Саттар әдебиет жайындағы жаңашыл сыни ой-пікірімен, жаңаша жазылған өлең, баллада, пародияларымен әдеби ортаны елең еткізеді. Сонымен қоса аудармашылықпен де шұғылданып, Қ. Чуковскийдің, Ю. Березиннің, А. Суриковтың, И. Эренбургтің шығармаларын қазақ тіліне аударды. «Ленинская смена» (бөлім меңгеруші), «Лениншіл жас» (редактор) газеттерінде қызмет істеп жүргенінде журналистика саласындағы білікті ізденістерімен де зиялы қауымды таң қалдырады. С. Ерубаев жастығына қарамай ең іргелі оқу орындарында философия, әдебиет теориясы сияқты қиын пәндерден дәріс оқиды, мемлекеттік музыка театры студиясының (қазіргі опера театры) бірінші директоры болып тағайындалады. С. Ерубаев жайындағы осындай мәліметтерді сүйсіне айтып отырған қос ғалымның әңгімесі бітпесе екен дегендей ұйып тыңдап қалыппын.

Келесі әңгімелерінен Әбіш Байтанаевтың С. Ерубаевпен хат жазысып араласқандығын аңғардым. Қарағандыда қызмет еткен жылдары жазған хатында С. Ерубаев “Мен Қарағандыға ризамын, ол мені жазушы етіп шығаратын болды” деп жазғанын тілге тиек етті. С. Ерубаевтың тың жанрда жазған көптеген шығармалары Қарағандыда қызмет істеп жүрген жылдары жазылғанын Мырзай апай да өз зерттеулерінде жазған. Онда аяқталмай қалған “Менің құрдастарым” романын жазуды дәл осы кезде бастағандығы, өзгеше үнді, сыршыл да шыншыл новеллалары, балладалары, өлеңдері, очерктері, сын мақалалары да Қарағандыда жазылғандығы айтылады. Дарынды жазушы қаламынан туындаған “Бақыт”, “Мәңгілік өмір”, “Өмір көркемдігі”, “Келесі соғыс туралы” новеллалары, “Өмір туралы рапорт”, “Үш шахтер туралы баллада”, “Меруерт алқа” тәрізді балладалары — әдебиет әлеміндегі құбылыс, ал Саттар — қайталанбас тұлға деген ұғым санама осылай сіңе түсті. Әбіш ағай мен Мырзай апайдың Саттар Ерубаев туралы жарыса айтқан сөздерінен жасын гүмырдың өмірі мен шығармашылығынан талай тың мәліметтерді естідім.

Қос ғалымның лебіздерінен С. Ерубаевтың өмірі мен әдеби мұрасына деген зор құрмет пен ыстық ықыластың мол екендігін байқадым. Көмекке барып рухани байып қайтқан жайыма мәз болып, жігерленіп үйге келе жаттым. Аз ғана өмірінде қаншама дүниелер жазып, қызмет те жасаған, бірнеше жанрда жаңаша стильде жазған шығармаларымен (новелладан романға дейін) әдебиетте өз ізін қалдырып үлгерген жасын ғұмыр Саттар Ерубаевтың талабы мен тынымсыз еңбегі маған қатты ой салды.

Ақыры көптен бері маза бермей жүрген ойымды тұжырымдадым. Аспирантураға құжат тапсыруға бел шештім. Арман қала Алматыны таңдап, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әдебиеттану мамандығына тапсырдым. Бақ шапты ма, әлде бап шапты ма аспирантураға оқуға түсіп, ғылым жолына бет бұрдым. Осылай ақын болам деп жүрген қарпайым қазақ қызын ғылым жолына бағыттаған, талай жас талапқа білім мен ізгілік шырағын жаққан абзал жан туралы толғауымды арнау өлеңіммен қорытындылағым келеді.

**Көркем сөзде өмірдің ұлы мәні
(Әбіш Байтанаевтың рухына арналады)**

Ұлы Абайдың жан сырын бағалаған,
Саттар сөзін санамен саралаған,
Шамшырағын ғылымның жарық еткен,
Сіздей болар Алашқа адал адам.

Көркем сөз деп өмірдің ұлы мәні.
Біліміңіз нұр шашты шұғылалы.
Өзіңіздей даналар ұқтырмаса,
Қара сөздің қадірін кім ұғады?

Көркем сөзде өмірдің ұлы мәні.
Сонда жатыр жүректің тұнық әні.
Өзіңіздей ұлылар ақтармаса
Қазынаны ондағы кім ұғады?

Көркем сөзде өмірдің ұлы мәні.
Одан ғалам нәр алып жылынады.
Сөз найзасы дөп тисе есерлер де
Шешендердің алдына жығылады.
Көркем сөзде өмірдің ұлы мәні...

ӘДЕБИЕТТАНУ ПӘНДЕРІНДЕ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУШІЛІК ІЗДЕНІСКЕ БЕЙІМДЕЙ ОҚЫТУ

Әдебиеттану пәндерін оқытуда студенттерге зерттеу әдістерін меңгерудің маңызы зор. Өйткені университетіміздің алға қойып отырған негізгі талабы — ғылыми-зерттеушілік ізденіске бейімді маман дайындау. Қоғамның әлеуметтік, экономикалық жағдайының өзгермелігіне қарай әлем нарқында бәсекеге қабілетті шығармашылық тұлғаны қалыптастыру ісі оқу үдерісіне осыны жүктейді. Сол себепті Жоғары оқу орындарында кафедралар жанынан Ғылыми-зерттеу орталықтарын ашу, оның ғылыми жобаларын жасау, студенттерді оған тарту сияқты іс-шаралар қарқын алып жатыр. Мұның бәрі зерттеудің методологиялық аспектілерін кеңейтуді талап етеді. Студенттерді ғылыми ізденіске тарту үшін ең алдымен ғылыми зерттеу ісінің техникасы мен методологиясын оларға меңгерту қажет. Оны меңгертуде зерттеу негіздерінен бастап, зерттеу әдістеріне дейінгі жайлар теориялық әрі практикалық тұрғыдан оқытылып, шығармашылық іс-әрекетімен тікелей байланыстырыла жүргізілетін міндетті пәндер енгізілуде. Мәселен, «Ғылыми зерттеу ісін ұйымдастыру және жоспарлау» немесе «Ғылыми зерттеу ісінің техникасы мен методологиясы» тәрізді міндетті пәндер бакалаврда үшінші немесе төртінші курста оқытылса. Әдебиеттану мамандығы бойынша магистратурада мұндай пән оқытылады. Жас ізденушілерге бұл пәннің берері көп.

Әдебиеттану ғылымының дамуына ғылыми-зерттеушілік істерді жолға қоюдың ықпалы мол. Филолог — студент бакалавриатта өз мамандығының теориясы мен методологиясын, ғылыми зерттеу жұмысының ерекшеліктерін білуге тиіс. Студенттердің ізденістері, шығармашылық іс-әрекеті баяндама, конспект, рецензия, эссе, реферат, мақала, шолу, анотация, курстық жұмыс, студенттердің өздік жұмыстары (СӨЖ), магистранттардың өздік жұмыстары (МӨЖ), дипломдық және магистрлік жұмыс, таңдау пәндерін оқу барысында көрініс алып, орындалып жатады. Айталық, студенттердің СӨЖ-ы пайдалануға берілген материалдарды, білім қорларын өзіндік ізденіс негізінде жаңаша қорытындылап, кәсіби міндеттерді шығармашылықпен шеше

алатын дағдыға айналдыруды мақсат етеді. Алайда зерттеу жұмысының осы түрлерімен ғана шектелу ғылыми-зерттеушілік дағдыларын студенттер бойында қалыптастыруға жеткілікті ме? Әрине жеткіліксіз.

Ғылыми-зерттеу жұмыстардың мақсаты мен міндеттерін, әдіс-тәсілдерін, ғылыми сипатын, техникалық ерекшеліктері мен айырмашылықтарын, рәсімделуін жете білмегендіктен көп тұста кемшіліктер орын алып жатады. Студенттің ғылыми танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту үшін оқыту ісінде оқытушылар да ізденушілік танытып, оқытуда жаңа инновациялық технологияларды қолдануы қажет. Сабақ түрлері, оқыту әдіс-тәсілдері студентті белсенді, сыни ойлау қабілетіне ие жеке тұлға (субъект) ретінде қалыптастыруға бағытталғаны жөн. Студенттің кез келген мәселеге қатысты өз пікірі, өзінің дербес шешімі болуға тиіс. Силлабуста ұсынылатын СӨЖ түрлері осы мақсаттарды ескеріліп құрылғаны дұрыс. Ғылыми ізденіс студенттің ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, шығармашылық ойлауы мен сыни көзқарасын дамытуға ықпал етеді. Мұның бәрі қазіргі заман талабына сай субъект қалыптастыруға алып келмек.

Субъектілік — адамның өзінің іс-әрекетін басқара білу, бастамашы болу мақсатын айқындап алдына қоя білу және оны әртүрлі қалыптасқан жағдайға сәйкестендіре алу, өз бетінше ұстанымы мен пікірін іске асыра білу қабілеттілігі. Психология ілімінің түсінігіне сүйенсек, субъект категориясы үздіксіз, «жоғары қарай», үдемелі жетілуді, дамуды білдіреді екен.

Студенттің оқу-тәрбие үдерісінде субъект ретінде қалыптасуы, біріншіден, оқытушылардың оқыту іскерлігінің нәтижелілігін, тиімділігін арттырады. Өйткені оқытушының функциясының бір бөлігін студент атқарады. Екінші жағынан, терең пәндік және неғұрлым күрделі, тиімді инновациялық технологияларды қолдануды талап етеді. Яғни қазіргі оқытушы дәріскер ғана емес, жасампаз зерттеуші, ізденімпаз үйлестіруші, рухани демеуші, шығармашылыққа бағыттаушы болуы тиіс.

Енді студенттерді зерттеушілік ізденіске дағдыландыратын оқыту әдістеріне келетін болсақ, соның бірі — сын тұрғысынан ойлау. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз — жан-жақты ізденіп, танысып талдау. Сын тұрғысынан ойлау тәсілінде, ең бастысы, студенттердің өздігінен жан-жақты білім алуына жағдай жаса-

лынады. Сонымен қатар белгілі бір мәселеге қызығушылықтан бастап, болжам жасатып, мақсат қойып, іс қылуға сұрақ беріп жауап алуға, студенттердің бір-бірін тыңдай білуге, өз ойларын анық жеткізуге, өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік тудырады. Ізденіске баулып, оқығанын, естіп-көріп білгенін түйіндеп, пайдалана білуге үйретеді. Оқытудың бұл түрінің тиімділігі:

- жан-жақты білім алады;
- уақытты ұтымды пайдаланады;
- өзара пікір алмасады.

Бұл әдістердің нәтижелілігі оқытушының шеберлігіне көп байланысты. Оқытушы міндеті тек оқыту, түсіндіру емес, ең алдымен, студенттердің оқу іс-әрекетін танымдық, ізденушілік тұрғыдан сауатты ұйымдастыру, басқару болуға тиіс. Сын тұрғысынан ойлаудың қазіргі таңдағы талаптарға сай шығармашылық, ізденушілік сияқты қасиеттерді дарытқан білімді жеке тұлғаны тәрбиелеудегі алатын орны да ерекше. Сондықтан да жоғарыда айтылған жаңа технология студенттерді зерттеушілік ізденістерге апаратын жолдардың бірі.

Студенттердің ғылыми-зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруда әсіресе зерттеу тәсілдері мен әдістердің жүйесін білудің маңызы зор. Өйткені зерттелетін объектіні белгілі бір көзқарас тұрғысынан сөз етуді қамтамасыз ететін нәрсе — зерттеу әдістері мен тәсілдері. Әдіс дегеніміз — адамның шығармашылық ойлау қызметінің көрінісі.

Ізденуші-студент зерттеудің барлық ғылым саласына ортақ жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдіс түрлерінен, әсіресе дәстүрлі логикалық зерттеу әдістерін: салыстыру, талдау, жалпылау, анализ бен синтез, индукция мен дедукция, классификация мен систематизация, генетикалық әдіс сияқты түрлерінен хабардар болуы тиіс.

Әдебиеттану ғылымының методологиясы көркем шығарманы теориялық және практикалық тұрғыдан зерттеумен тығыз байланысты. Ондай зерттеуге кіріспес бұрын зерттеу объектісін белгілі бір аспектіде танытатын талдаудың тәсілдерін таңдау қажеттілігі туады. Ұстанымға сай зерттеу әдістерін таңдау ғылыми танымның алғы шарттары болып табылады. Қазіргі әдебиеттану методологиясында көркем шығарманы игерудің үш түрін қолданады: тал-

дау, интерпретация, бағалау. Сонымен қатар көркем әдебиетті зерттеуді бірнеше аспектіде қарастыру орын алып отырғандығы айтылып жүр. Мәселен:

- гнесологиялық тұрғыдан келу,
- әлеуметтік тұрғыдан қарастыру,
- эстетикалық тұрғыдан келу,
- поэтикалық тұрғыдан зерттеу
- коммуникативтік тұрғыдан келу,
- тарихи-мәдени тұрғыдан қарастыру,
- тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеу,
- биографиялық тұрғыдан қарастыру,
- шығармашылық-генетикалық зерттеу,
- тарихи-функциональды,
- рецептивті зерттеу
- аксиологиялық т.т.

Соңғы онжылдықта әдеби шығарманы зерттеуде төмендегідей зерттеу әдістері көрініс алуда: құрылымдық талдау, мәтіндік талдау, семиотикалық талдау, стилистикалық талдау, көркемдік концептілерін, құндылықтары мен даралығын анықтау.

Жоғарыда көрсетілген ізденістерден басқа көркем шығарманы қандай да бір нақты ғылыммен байланыста қарау сияқты жеке ғылыми ізденістер де туындап отыр: лингвистикалық талдау, психологиялық әдіс, мифологиялық әдіс, этикалық және культурологиялық әдіс. Заман талғамына сай туындап отыратын мұндай жаңа әдіс-тәсілдерді жас ізденушілерге меңгерту ғылыми методологияны оқытуды тереңдетуді, әрі оқыту методтарын жаңашаландыруды, білім беру ісінде креативтілікті арттыруды қажет етеді.

Жоғары мәдениетті ұлттық сананың негізін қалыптастыруда, жеке тұлғаның интеллектуалдық қабілетін дамытуда, рухани жан дүниесін байытуда көркем шығарманы зерттей оқытудың маңызы зор. Әсіресе ұлтымыздың мәдени-рухани қазынасын жасаушы ақын-жазушылардың көркем шығармаларын зерттей оқытуда оны меңгертудің тиімді жолдарын, әдіс-тәсілдерін, білімділік, ізденушілік, тәрбиелік, дамытушылық мақсаттарын негізге алу заманауи талапқа сай болмақ.

ӘДЕБИ ШЫҒАРМАНЫ ЭМПИРИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕРІ

Әдеби шығарманың рухани-эстетикалық әсерін оның көркемдік құрылымын жан-жақты зерттеусіз ашу мүмкін емес. Сол үшін де әдебиеттану пәндерінде студенттерге берілетін ғылыми ілім көркем шығарма жайындағы теориялық мәліметтермен ғана шектеліп қалмай, практикалық іс-әрекеттермен ұштаса жүргізіледі. Ал ғылыми білім мол ізденістің, шығармашылық іс-әрекеттің барысында туындап, жинақталып жүйеленеді. Зерттеушінің рухани дүниесінің құрамдас бөлігі болып табылатын ғылыми білім ол таным процесінің күрделі нәтижесі. Ғылыми таным құбылыстар мен процестердің ішкі әмбебаптық байланыстары мен заңдылықтарын эмпирикалық білім мен ақыл-ойға табан тіреп, рационалды түрде сараптау арқылы бейнелейді. Мұндай сараптау ұғымдар жүйесі, ой қорытындысы, заңдар, категориялар мен принциптер сияқты жоғары дәрежедегі абстракциялар жүйесі арқылы іске асады. Ғылыми таным қашанда жүйелілігімен, логикалық тұрғыдан ұйымдасқандығымен және теориялық сипатымен ерекшеленеді. Ғылыми танымның ең маңызды міндеті — мейлінше ақиқатқа жету, оның мазмұнын жан-жақты ашу. Осы міндетті іске асыру үшін ғылыми танымның көптеген тәсілдері кеңінен пайдаланылады. Оларға: абстракциялау, анализ, синтез, индукция, дедукция, жалпылау, аналогия, абстрактіліктен нақтылыққа өрлеу, тарихилық және логикалық әдістер жатады.

Ғылыми танымның эмпирикалық деңгейінде іске асатын ғылыми әдістердің ішінде жиі қолданылатындары — анализ бен синтез. Анализ (талдау) дегеніміз — зерттейтін объектіні бірнеше құрамдас бөліктерге бөліп алып, оларды жеке зерттеу. Олай болса, көркем шығарманы әр қырынан алып қарастырып, оның қасиет ерекшелігін, жеке бөлек-бөлшектеріне тән өзгеше сипат белгілерді арнайы зерттеп, танып-білу талдау әдісінің міндеті. Ал синтез (жинақтау) — заттың құрамдас бөліктерін біртұтас затқа біріктіру. Демек анализ әдеби шығарманың жеке қасиет ерекшеліктерін қарастыру болса, жинақтау дара аспектілерді талдау нәтижесінде бүтінді айқын сезінуге себін

тигізетін, соған қызмет ететін ғылыми әдіс болып табылады. Анализдің синтез тәсілімен бұлай ұштасып отыруы зерттеушіні әдеби шығарманы бағалау, ол туралы белгілі бір түйінді ой айту деңгейіне бағыттайды. Ғылыми әдістің бұл екі түрі зерттеудің негізділігін, дәлділігі мен дәйектілігін қажетті деңгейде қамтамасыз ете алмасы анық. Зерттеуде жоғары нәтижеге жету үшін олардың бірнеше түрінің жиынтығын пайдалану ғана тиімді бола алады.

Әдеби шығарма — күрделі әлем. Ол — қаламгердің дара көркем ойлауынан туындаған өмірдің шынайы көркем бейнесі. Сол әсемдікті жасауда қаламгер суреттеудің қаншама амал-тәсілдерін қолданып, көркем шығармаға танымдық, көркемдік-эстетикалық қасиеттер дарытып, өнер туындысына айналдырады. Әдеби шығарманың табиғатын тануда тақырып пен идея, композициялық құрылым, мазмұн мен пішін бірлігі, образ бен образдылық, жинақтау мен даралау, тип пен характер, бейнелеудің құралдары, баяндау мен көркем тіл сияқты суреткер шеберлігін танытатын мәселелерді жеке-жеке талдап барып ғана айтқан ой-пікірлер мен пайымдаулар логикалық дәлелді болмақ.

Әдеби шығарманы зерттеумен жаңадан айналыса бастаған ізденуші студентке ғылымдағы теориялық білім мен ғылыми анықтамаларға сүйенудің пайдасы мол. Ол зерттеліп отырған саладағы жүйелі білім, заңдылықтар мен қағидалар, идеялар мен ғылыми көзқарастар туралы жалпы түсінік беріп, ғылыми білімді ұйымдастырады, объективті және субъективті ойды дұрыс өрбітуге жәрдем етеді. Теориялық білім жеке тұлғаны шығармашылыққа тәрбиелеп, ғылыми ізденісті қуаттандыра түседі. Әдеби шығарманы теориялық негізге сүйене отырып талдап оқу студенттің шығармашылық ойлау қабілетін дамытып, сол оқыған туындысы негізінде ой-тұжырымдар, дұрыс пайымдаулар, тың қорытындылар жасауға жетелейді.

Теориялық біліммен қаруланған студент ғылыми таным әдістерін көркем шығарманы талдап оқу іс-әрекеті процесінде меңгере бастайды. Оны ең алдымен көркем шығарманың мазмұндық-сюжеттік негізін зерттеуден бастайды. Сюжеттік желімен тұтастай танысқан соң, оқиға мен тартыстың өрбуін, даму сатыларын, шарықтау шегі мен шешімін ажыратып табуды, логикалық дәлелдермен өзара қиюласа жалғасқан бөлшектерді

бір тұтас етіп ұштастыра қарастыруды — талдау мен жинақтау тәсілдері арқылы іске асырады. Сюжет пен композициялық құрылымды тану шығарманың тақырыбы мен идеясын, баяндау формасын айқындауға көп көмек етеді. Көркем шығарма мазмұнын баяндауда композиция қызметінің зор екендігін студенттерге мазмұндық жоспар жасату арқылы көрсетуге болады. Мәселен, Б.Майлиннің «Қара шелек» әңгімесіне мазмұндық жоспар жасап көрелік:

1. Айшаның қастерлі қара шелегі.
2. Айшаны мазалаған ой.
3. Қара шелек хикаясы.
- 3.1. Қожағұлдың қара тоқалының қара шелекті сұрап келуі.
- 3.2. Қара шелектің майып болуы.
- 3.3. Айшаның ашуы.
- 3.4. Қожағұлдың айтқан «ақылы».
4. Шоқтал басындағы жиналыс.
5. Өкілдің коллектив туралы баяндамасы мен ұсынысы.
6. Айшаның өкілді қолдауы.
7. Айша «Жаңа тұрмыс» ателінің басқармасы сайлануы.
8. Бірмағамбеттің Айшаны қолдауы.

«Қара шелек» әңгімесінің сюжеттік желісі көрініс алған осы күрделі жоспар әңгімені идеялық әрі көркемдік жағынан талдауға негіз бола алатын ең тиімді жүйе. Мазмұндық жоспар ретінен әңгімедегі баяндаудың формаларын да аңғарамыз. Оқиганың, іс-әрекеттің қайсысы қай тұста айтылады, қайсысы бұрын немесе кейінірек баяндалады, шегініспен айтылатын тұс — осының бәрін айтар ойдың мәніне қарай баяндатып отыру әңгіме композициясының шебер құрылғандығын байқатып тұр. Мазмұндық жоспардан оқиганың дамуы мен тартыстың өрбіген тұстарын, кейіпкер характерінің танылатын сәттерін де байқауға болады. Мазмұндық жоспарымыздың «Айшаның қастерлі қара шелегі» атты тақырыпшасында Айшаның қолы әзер жеткен қара шелек жайы сөз етіледі: «Әңгіме қара шелектен басталды. Айшаның атасының басындай сақтап жүрген шелегі ғой. Үшінші жыл болып барады, Айша шелексіз қалып, шелек сұраймын деп абысын-ажынға жексұрын көрініп, ақырында Бірмағамбетті бүріп, Кәстеңкенің дүкенінен алдырған шелек еді». Әңгімеде көркемдік детальға айналған қара шелек пен оның хикаясы

шығарма идеясын жеткізудің, кейіпкер характерін танытудың басты құралы іспетті. Әрі «қара шелек хикаясы» тартысты да тудырып, оқиғаны да өрбітіп, шиеленістің күшейе түсуіне де себепкер болып тұр. Демек, бұл әңгімеде қара шелектің атқарған идеялық та көркемдік те қызметі зор.

Тақырыптың идеялық-көркемдік шешім табу процесінде сюжет пен композицияның маңызы үлкен. Сол себепті композицияны шығарманың ішкі сыры мен сыртқы түрінің гармониясы, мазмұнды пішінге көшірудің құралы деп жай айтпаса керек.

Әдеби шығарманы көркемдік-әдебиеттанушылық талдаудың ең көп қолданатын түрлері: идеялық-мазмұндық талдау, образдар жүйесіне талдау, поэтикалық тұрғыдан талдау, кешенді (тұтастай) талдау. Көркем шығарманы ғылыми танымдық талдауға кейіпкерлер жүйесін, характердің жасалу жолдарын, мінездеме жасату, баяндау, кейіпкер сөзі мен шығарма тілінің ерекшелігін, авторлық суреттеулерді, психологиялық талдауларды, сюжеттік-композициялық құрылымды, шығарманың пішіні мен мазмұнын бірлікте қарастыру, көркем туындының жанрлық ерекшеліктеріне қарай талдау мәселелерін де жатқызамыз.

Әдеби шығарманы қай тұрғыдан алып талдағанда да оның жеке компоненттерін, сипат ерекшеліктерін айырып ажырату үшін жүйесін тауып, бір-бірімен қабыстырып, жалғастырып, бөлшекті бүтінмен ұштастыра қарастыру шарт. Әдеби шығарманың көркемдік, тілдік нақтылы ерекшеліктерін зерттегенде, ұсақ, көзге түсе бермейтін сипат белгілерге зер салғанда, сол арқылы көркем шығарманың бойындағы, құрылыс-бітіміндегі зор мәні бар қасиеттерін айқынырақ бағдарлауға ұмтыламыз, әлгі көркем туындыны немесе оның қомақты бөлшектерін түгелдей сипаттайтын өзгешеліктерді аңғаруға ұмтыламыз. Жеке белгі-сипаттарды ажыратып талдағанда, бөлшектердің коспа жігін еппен ашып жүйесін тауып, саралап, айшығы көп өрнектің арқау жібін үзіп, ыдыратып алмау керек. Шығарманы талдағанда оның көркемдік қуатынан толық әсер алатын өткір сезімталдық қандай қажет болса, шығарманың құрылысындағы мазмұн мен түрдің біріккен тұтас бітім-тұлғасындағы қат-қабат байланыстарды, сипат белгілерді көре білу де сондай қажет. Сонда ғана талдау қисынды, ұтымды болады және тексеріп отырған шығарма жүйесінің біртұтастығын көріп-білуге, сезінуге, түсінуге яғни синтез жасауға толық мүмкіндік туады.

ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ МЕҢГЕРТУ

Жаһандану үдерісі жүріп жатқан бүгінгі заманда өркениетті, қуатты елдің қатарына қосылуға қол жеткізу әлемдік білім кеңістігінен орын алумен де өлшенеді. Бұл мәселе оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану арқылы білім сапасын арттыру, оқу үрдісін жетілдіру, білім мазмұнын жаңарту, жан-жақты дамыған рухани жан дүниесі бай жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеу ісімен тығыз байланысты. Оқыту мен тәрбиелеудің мұндай басым бағыттары рухани жаңғыруға бет алған мемлекетіміздің бағдарламаларында да көрініс алып отыр.

Жоғары оқу орындарында білім беруді дамыту ісі кәсіби білікті мамандардың ұдайы шығармашылық ізденісі негізінде білім алушыны сапалы біліммен қамтамасыз ету арқылы жүзеге асатыны анық. Содан да болар қазіргі таңда білім беру жүйесі бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру үшін оқытушының біліктілік яғни құзіреттілік қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған субъектілік тәжірибеге аса назар аударуда. Теориялық сауатты, жан-жақты білгір, заманауи техника мен оқытудың соны әдіс-тәсілдерін меңгерген шығармашылық тұлға — бүгінгі аудиторияның иесі әрі жетекшісі-ұйымдастырушысы. Бүгінгі кәсіби маман болмысы төмендегідей қабілеттілікті меңгеруге тиіс:



Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу — заман талабына сай білім берудің басты көрсеткіші. Сондықтан қазіргі ғылым мен білім беру саласында

ақпараттық-коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру жолдарын дамыту мәселесі алдыңғы қатарға қойылып отыр.

«Құзіреттілік» дегенді қалай түсінеміз деген сұраққа жауап берер болсақ, кәсіби біліктілікті танытатын бұл ұғымның мазмұны өте ауқымды. «Құзіреттілік» (компетентность) терминін алғаш енгізген американдық лингвист Ноам Хомскийдің айтуынша, құзыреттілік дегеніміз – жеке тұлғаның белгілі бір мәселені шешудегі өзара байланысты білім, білік дағдыларының жиынтығы және адамның жеке өзінің іс-әрекет, қызымет саласына сай құзіреттерді меңгеруі. Ал педагогиканы зерттеуші ресей және қазақстандық ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, құзіреттілік деп білім берушінің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығын да айтады екенбіз. Сонымен қатар тұлғаның білімін, біліктілігін, дағдысын, мінез-құлығын, көзқарасын т.т. бағалаудың сапалық критерийі ретінде қарастыру да бұл ұғымның мазмұнын толықтыра түспек. Білім алушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі де құзіреттілікті танытады екен. Құзіреттілікке бағытталған оқыту үрдісінде жете білушілік, барлығынан хабардар болу сияқты қабілеттілік маман біліктілігінің негізін құрайды. Демек маман бойынан табылуға тиісті басты қажеттілік – кәсіби құзіреттілік.

Кәсіби құзыреттілік – маманның білімділік деңгейі, тұлғалық, сапалық сипаттамасы. Маманның кәсібилігі теориялық білім жүйесі мен оны тәжірибеде тиімді әдістермен қолдана білетін құзіреттілік дағдыларыларынан көрінеді. Оқытушы маманның кәсіби құзыреттілігін танытатын компоненттер де көп. Атап айтсақ, ақпараттық, коммуникативтік (қатысымдық), әлеуметтік, функционалдық, когнитивті, жүйелі, мотивациялық, рефлексиялық, метақұзіреттілік т.б.

Ақпараттық құзіреттілік – мамандардың компьютерлік білімділігі, мультимедия, электронды пошта, интернет сияқты жаңа ақпараттық технологияларды қолдана алу мүмкіндігі. Ақпараттық құзіреттілік алынған ақпаратты сыни електен өткізе отырып, жаңа міндеттерді шешуде пайдалана алуға, ақпараттарды өңдеуде, талдауда, жинақтауда, қорытуда, дәлелдеуде, жүйелеуде қолдана алуға жеткізеді. Демек ақпараттық-технологиялық құзыреттілік

— бағдарлай білу, өз бетінше іздене білу, талдай, таңдай білу, өзгерте білу, сақтай білу, білім мен ақпаратты ақпараттық технологиялар мен техникалық объектілердің көмегімен жеткізуді жүзеге асыра білу және интерпретациялау білігі.

Коммуникативтік құзіреттілік — топпен бірлесіп жұмыс жасай алу, дұрыс ұйымдастыру, басқару шешімдерін таба алу және қолдана білу, адамдар арасындағы сенімділік, сыйластық, түсінушілік, бір-бірін тыңдау, этикет сақтау, дәстүрді білу, қайшылықты шеше алу, сынды қабылдау, қателігін түсіну, түзету қабілеттері. Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істей алу дағдыларын, адамдармен қарым-қатынас, байланыс жасау тәсілдерін, өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдай алу біліктілігін арттырады. Коммуникативтік құзыреттілік өзінің көзқарасын әдеп нормасына сәйкес жеткізуде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын пайдалануға мүмкіндік туғызады.

Әлеуметтік құзіреттілік кәсіби қоғамдастықта қабылданған кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін, біріккен кәсіби қызмет және серіктестік әдістерін игерумен сипатталады.

Мотивациялық құзіреттілік себептер, дәлелдер, мақсаттар, қажеттіліктер сияқты мотивтер негізінде жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін көрсетуі мен кәсіби қызметке қызығушылықтың болуын білдіреді.

Рефлексиялық құзіреттілік өз қызметі мен дамуының, жеке жетістіктерінің деңгейін, нәтижесін саналы бақылай білу, креативтілік, алға ұмтылушылық, шығармашылық, өзіндік талдауға бейімділік сияқты қасиеттер мен ерекшеліктерді қалыптастырумен анықталады. Рефлексиялық компонент жеке жетістіктерге бағыттаушысы, өз-өзін танып басқару, кәсіби шеберлікті жетілдіру, жұмыстың дара стилін қалыптастыру болып табылады.

Жоғарыда талданған «құзіреттілік» ұғымының мәнін аяққындап жинақтай айтсақ, білім берушінің қызметі — жаһандануға бет алған қоғамда бәсекеге қабілетті, өмір өзгерістері мен заманауи жаңалықтарға икемді, кәсіби білікті, шығармашыл тұлғаны дамыту және қалыптастыруға бағытталған болуға тиіс. Кәсіби маманның бойында білім, білік, дағды, іскерлік, ерік, күш-жігердің болуы білім алушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу

қабілеттілігі болып табылады. Демек бұл ұғым кәсібилікті және біліктіліктің жоғары деңгейін айқындайды.

Білім беру жүйесін әлемдік стандартқа сай қалыптастыру уақыт талабы екендігі, оны іске асыру жаңаруды қажет ететіндігі айқын. Осындай биік мұраттардың орындалуында күзіреттілікке бағдарланған оқыту үрдісін дамытудың маңызы зор. Білім алушыны дара жетістіктерге апаратын шығармашылық тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту мен қалыптастыруда әдебиеттің орны өзгеше.

Әдебиеттің эстетикалық, танымдық, қоғамдық, тәрбиелік, дүниеге көзқарасты қалыптастырушылық сияқты жақтарының бар екендігін ескерер болсақ, бүгінгі кәсіби маман күзіреттілігін қалыптастыратын көптеген факторлар әдебиетті оқыту арқылы іске асатынын мойындаймыз. Әдебиетті — сөз өнері, шешендік өнер десек, сөздің қызметі — ойды жеткізу, қарым-қатынастың құралы. Ойды дұрыс әрі жүйелі жеткізу, шешен әрі көркем сөйлеу — бүгінгі таңда мамандықтың қай-қайсына да аса қажетті қабілеттің бірі. Әдебиетті оқыту нәтижесінде білім алушы болашақ кәсібіне керекті күзіреттілік дағдыларының бәрін де меңгеруге мүмкіндік алады. Көркем шығарманы мазмұндық, идеялық, тәрбиелік тұрғыдан талдау нәтижесінде оның маңызын бойға сіңіріп, қоғамның саналы азаматына айналады. Ал әдебиетті көркем өнер ретінде танып, оның көркемдік қырларын сөз ету — эстетикалық талғамды, сезімдік түйсіктерді дамытатыны да аян. Тақырып аясында жинаған ақпараттық мәліметтерді саралап, тұжырымдай білу шығармашылық ізденісті қалыптастырса, сыни талдаулар жасау субъективтілік, даралық, тұлғалық қасиеттердің орнығуына септігін тигізеді анық. Әдебиет пәнін оқыту үдерісінде жиі қолданылатын әдеби процесс, көркем шығарма, образ характері төңірегіндегі пікір сайыстар, сұхбаттасулар, ой бөлісулер сияқты қарым-қатынастық диалогтарды жүргізе білу коммуникативтік күзіреттілік дағдыларын меңгертеді. Әдебиетті оқытуда осыншама кәсіби күзіреттілікті меңгерту тәсілдерінің қолданылуы бұл пәннің заманауи оқу үдісінің алдыңғы санатында тұрғандығын танытса керек.

ӘДЕБИЕТТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДА КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Тәуелсіз еліміздің білім беру саласында оқу мен оқыту үрдісін әлемдік стандартқа сай ұйымдастыру ісі жүріп жатыр. Ал нарық заманында бәсекелестікке қабілетті бола алатын жоғары кәсіби мамандар иесін даярлауда білім берудің бірден-бір тиімді жолы оқытудың кредиттік жүйесі болып отыр.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ да жоғары білікті мамандарды дайындау кредиттік оқу технологиясы бойынша жүзеге асуда. Ондағы негізгі саясат академиялық кезеңде білім алушы студенттің элективті пәндерді өз таңдауымен оқыту, оқытушы басқаруымен студенттің өзінің ізденіп оқу қасиеттерін дамыту болып табылады.

Оқытудың кредиттік жүйесі — оқу үдерісі аясында білім алудың траекториясын таңдау мен білім көлемін кредит арқылы есептеу негізінде жеке, дербес ізденіс, шығармашылық пен өздігінен білімді меңгерудің дәрежесін арттыратын технология. (Академиялық саясат. Алматы: «Қазақ университеті», 2008).

Осы технология жүйесінде оқу әдісінің мынадай түрлері — оқыту мен оқудың бірлігі, оқытудан оқуға ауысу әдісі, оқытудың тұлғаға бағытталған болуы, оқытудың жалпыдан жалқы (жекелік) сипатқа ауысуы сияқты түрлері ескерілген. Оқытудың бұл түрі гуманитарлық пәндерді, атап айтсақ, әдебиеттану пәндерін оқытуда өте тиімді әдістерді пайдалануымызға жол ашады.

Жоғары оқу орындарында білім берудің негізі болып отырған кредиттік оқу технологиясы әдебиеттану маманын даярлайтын оқытушы мен білім алушы студентке де көптеген міндет пен талап жүктейді. Оқудың бұл үлгісінің бір ерекшелігі мұнда оқытушы мен студент бірдей белсенді әрекет иесі болып табылады. Бұдан оқытушы мен студент еңбегінің бірлігі көрініс алады. Дегенмен оқытушының ұйымдастырушылық іс-әрекеті негізгі қызмет атқарады. Студентті көздеген мақсатқа бағыттап отыратын тұлға — оқытушы. Оқытушының басты міндеті — дәріс пен семинар сабақтарын, студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ) мен оқытушының басқаруымен студенттің өзіндік жұмысын

(ОБСӨЖ) ұйымдастырудың тиімді жолдарын жоспарлау. Ол үшін оқытушы дәрісінің ғылыми нәтижелігі жоғары, мазмұны ауқымды да жинақы, жүйелі болуы, ал семинар сабақтарының мақсаты мен міндеттері айқын болып, теориялық білімді меңгертуге бағытталуы тиіс. Сонымен қатар студенттердің шығармашылық ойлауын дамытатын, дербес ізденісі мен белсенділігін арттыратын әр түрлі әдістерді қолдану СӨЖ сабақтарында өте нәтижелі болмақ. Оқу мақсаты студенттің жеке тұлға ретінде жетілуімен сабақтасып, оның сұранысы мен қалауын да қамтуға тиіс. Ал мұның бәрі оқытушы-ғалымнан ұдайы ізденісте болып, білім беру шеберлігін жаңа заман талабына сай жетілдіріп отыруды талап ететіні сөзсіз.

Оқу процесінде белсенді әрекет иесінің бірі студенттің өзі екендігі де айтылды. Студент оқу материалын аудиторияда ғана оқып қоймай, өздігінше оқып, сол алған білімін оқытушы нұсқаған қосымша еңбектерден, дерек көздерінен қарастырып толықтырып отыруға тиіс. Студенттің өз тарапынан көп оқып, ізденуі өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, білімін тереңдетуге көп септігін тигізеді. Ал оқытудың кредиттік жүйесінде мұндай ізденіске мол мүмкіндік берілген. Әсіресе элективті және мамандану пәндерінде атқарылатын СӨЖ тапсырмалары студенттің білімін шыңдап, біліктілігін арттыруға, кәсіби маман ретінде қалыптаса түсуіне көп септігін тигізеді. Кредиттік технология шарттарына сай берілетін үй жұмыстарын, зерттелетін жобаларды талдау формасындағы өздік жұмыстарды, рефераттарды орындауы студенттің әр мәселеге ізденіспен қарап, шығармашылық тұрғыдан ойлап, ой қорытуына жетелейді. Білім алушы тарапынан атқарылатын әр түрлі сипаттағы мұндай өзін-өзі дамыту, өз бетімен білім алу жұмыстары теориялық білімін ғылыми негізде жүзеге асыруға мүмкіндік тудырады. Әрине студенттердің өз бетімен істейтін жұмыстарын мақсат пен міндет қоя ұйымдастырылуына, әрі ондағы білім мен мазмұнның сапалы болуына оқытушы бағыт-бағдар беріп, жіті қадағалап отыруы тиіс. Оқытушы қызметі — кеңесші де, жетекші де, көмекші де, демеуші де, бақылаушы да, бағалаушы да болу. Мәселен, көркем шығарманы тұтастай оқыта отырып, әдеби теориялық ұғымдарды көркем шығарманы талдауда пайдалану жолдарын көрсету: идеялық-тақырыптық бірлік, автор идеясы, жинақтау

мен даралау, тарихи шындық пен көркемдік шындық, көркемдік тәсілдердің идеялық-көркемдік қызметі, әдеби шығарманың поэтикалық ерекшелігі сияқты мәселелерді қарастыру оқытушы — жетекшінің нұсқауымен дұрыс шешімін таппақ. Әрі бұл мәселелердің көркем шығармадағы көрінісін талдауынан оқытушы-бақылаушы студенттің қаншалықты ізденгенін, шығармашылық ойлау қабілетін, теориялық ұғымдар мен қағидалардың мәні мен маңызын ұғынуын, жалпы тақырыпты меңгеру деңгейін біледі, соңынан оқытушы-бағалаушы студент еңбегіне объективті бағасын береді.

Өз бетінше орындайтын жұмыс тапсырмалары көбіне сабақ барысында тереңірек қамтылмай кеткен мәселелер негізінде беріледі. Осы тұста оқытушының студенттің жеке тұлғасына, оның қызығушылығына, материалды меңгеру ерекшелігіне ден қоя отырып тапсырмаларды беруі студенттің қызығушылығы мен белсенділігін арттырмақ.

Білім алушыға оқу материалын меңгертуде аудиториялық сабақтардың да орны ерекше. ОБСӨЖ сабақтарының аудиториялық түрде өтілуі оқытушының әр студентпен жеке жұмыс жүргізуіне тиімді жол ашып отыр. Оның үстіне семинар, ОБСӨЖ сабақтарының шағын топқа бөлініп (жалпылық сипаттан жалқылық сипатқа ауысып) жүргізілуі оқу жұмысының сапасын арттыруға бағытталғанын көрсетеді.

Аудиториялық сабақтардың мақсаты — дәріс мазмұнында айтылған теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру, қарастырып отырған тақырыпты ол жайында жазылған ғылыми еңбектермен, басқа да дерек көздерімен толықтырып, тереңірек игеру, көркем шығарманы талдау, дидактикалық міндеттерді шешу.

Практикалық сабақтарда студенттің жауап айту барысындағы ойлары мен тұжырымдарының нақтылығын, дербестігін, баяндау тілінің айқындығын, сөйлем құру машығының дұрыстығын, сөйлеу шеберлігін т.т. ескеріп отыру ләзім. Өйткені әдебиетші маман үшін әдеби тіл байлығының мол болуы, шешендік өнерді меңгере білуі аса қажет. Демек әдебиеттану пәндері пән бойынша ғылыми білімді игерумен қатар, болашақ әдебиетші маманды кең аудиторияда шешен сөйлей білу машығына үйретуді, оның шығармашылық жеке тұлғасын қалыптастыруды да көздейді.

Әрбір сабақтың танымдық, кәсіптік, дамытушылық тәрбиелік сияқты бағдарлары бар. Олар мынадай мақсаттарды іске асырады:

- жеке тұлғаны қалыптастыру,
- шешендік өнерді меңгерту,
- дербес ойлауын дамыту,
- білімі мен білігін жетілдіру,
- өзіндік ізденісі мен шығармашылық әрекетін пәрменді ету,
- зерттеушілік-сыни көзқарасын қалыптастыру,
- белсенділігін арттыру т.б.

Сабақты оқытудың пәрменді әдістері мақсатына жеткізеді. Әдебиеттану пәндері үшін нәтижелі әдістерге: проблемалық-ізденушілік, пікірталас, эвристикалық, зерттеушілік, продуктивті, репродуктивті, индуктивті, дедуктивті, аналитикалық, синтетикалық т.б. жатқыза аламыз. Соңғы жылдары программалық оқыту, проблемалық оқыту, интерактив әдістері оқу үдерісіне енуде. Олардың қай түрі қолданылғанда да оқытудың кредиттік жүйесінде орын алып отырған оқудың жекелік, жұптық, топтық формаларының ерекшеліктері, оқу материалының сипаты ескеріледі. Әдебиеттану пәндерінің бір ерекшелігі — оқыту әдістерін мәтіндік талдау тәсілдерімен байланыстыруға, теориялық мәселелермен (композиция, сюжет, образдар жүйесі, поэтикалық тіл т.б.) ұштастыруға тура келеді. Көркем, сыни, ғылыми-зерттеу мәтіндерін оқытудың түрлері (үзінді, тұтас, шолу, таңдамалы) көптеп кездесетіндіктен өзіндік оқу әрекетіне құрылатын тапсырмалар мол қамтылады.

Дегенмен оқытудың қай түрі, қай әдісі болсын білімді меңгеруде студенттің салыстыру, талдау, жинақтау, жалпылау, қорыту, ой тую сияқты ақыл-ой жұмысының пәрменділігін көтеруге, кәсіби-теориялық білімін толықтыруға, іздену-зерттеушілік құлшынысын арттыруға, шығармашылық ойлауын, сыни көзқарасын дамытуға бағыттталып, білім беруші мен білім алушының педагогикалық ынтымақтастығына құрылуы тиіс.

Оқу процесінде бірін-бірі толықтыратын дәріс, семинар, ОБСӨЖ технологиялық түрғыда өзара дұрыс ұйымдастырылғанда ғана студент сапалы білім алады деп айта аламыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әдебиет туралы ілімнің маңызды саласына айналған поэтиканың негізгі зерттеу объектісі — туындыгер мен көркем туынды әлемі. Әдеби шығарма әлемі дегенде жазушының өмір шындығын көркем игеру даралығын түсінуіміз керек. Көркемдік шындық — өмір шындығының жазушы ой-елегінен өткен, шығармашылық ізденіс нәтижесінде қорытылып барып, әдеби шығармада баяндалған, көркем суретке айналған қалпы. Сондықтан да көркем сөзді өнер деп танып, ойды образды жеткізудің тәсілі деп қараған абзал.

Қазіргі әдебиеттанушы ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, көркем шығарманың бір-бірімен тығыз байланысты үш аспектісін көреміз: эстетикалық, танымдық және пайымдық. Көркем туындының осындай құндылықтары, барлық эстетикалық байлығы әдеби шығарманың көркемдігі арқылы ғана жасалады. Көркемділік — өнер шығармаларының өзіндік ерекшелігі, эстетикалық сұлулығы, дүниені, болмысты сипаттап сөйлетудегі суретшілік, бейнелілік, өрнектілік. Көркемдік — өнер туындысының сапалық көрсеткіші. Көркемдіктің бастау бұлағы, қайнар көзі — суреткердің өмірдегі әдемілікті көре білуі, шебер бейнелеуі, ой-сезім, жан-толғанысын әсерлі әрі шебер жеткізерлік қабілеті, қиялға байлығы. А. Байтұрсынов айтқандай, шығарма көркемділігі үш негізге: ақыл, қиял, көңілге байланысты екені тағы да аян.

Көркем өнерде эстетика бірінші кезекте басым қызмет атқарады деп қарастыратын классикалық эстетика мен әртүрлі елдердің көптеген өнер теоретиктері өнер шығармасының ең басты белгісі — оның эстетикалық құндылық ретінде қабылдануы деп түсіндіреді. Шын мәнінде, сөз өнеріне өмірлік, дүниетанымдық, эстетикалық мұраттарымен қоса, бүкіл шығармашылық мүмкіндігін, поэтикалық дарынын сарқа жұмсай жазған қаламгер шығармасы әдеби туынды, әдеби-эстетикалық ескерткіш ретінде қымбат. Осы тұрғыдан бағалар болсақ, ең алдымен, зерттеуші

көркем шығарманы поэтикалық өнердің туындысы, көркем сөздің үлгісі деп танығаны жөн.

Әдебиеттану ғылымының поэтика саласы әдебиеттің құндылықтарын, оған көркемдік дарытатын амал-тәсілдерді зерттейтінін ескерер болсақ, көркем шығарманың поэтикалық аспектілері туындыгер стилімен байланыста талдана отырып айқындалуға тиіс. Қазақ әдебиетіндегі поэтикалық ізденістерді, көркемдік жүйені саралауға бағытталған бұл еңбекте туындыгер – көркем шығарма – стиль байланысы тұтастықта алынып қарастырылды. Көркем шығарма құндылықтарын жасауда шығармашылық тұлға болмысының маңыздылығына ден қойылды. Көркем шығарма әлемі мен қаламгер шеберлігі, көркем туынды мен туындыгер даралығы, шығармашылық тұлға мәселелері сөз етілді. Ә. Нұршайықов поэтикасын зерделеуге арналған зерттеулердің шығарма поэтикасын, туындыгердің дара қолтаңбасын айқындауда берер бағыт-бағдары көп. Көркем шығарма поэтикасын зерттеудің өзекті мәселелері мен оны айқындаудың әдіс-тәсілдеріне арналған зерттеулерде қазақ ғалымдарының әдебиет поэтикасы саласындағы жаңаша зерделеулері қарастырылды. Қазіргі әдебиет поэтикасындағы өзекті мәселелер тек қана қазақ әдебиеті төңірегінде ғана қамтылмай, әлем әдебиеті кеңістігінде қаралып, жалпы әдеби заңдылыққа ортақ ғылыми-теориялық пайымдаулар мен тұжырымдар да ескерілді.

Көркем шығарма әлемін барлап зерттеуге, поэтикасын айқындауға, туындыгер қолданған көркемдік тәсілдер мен амалдардың қыр-сырын талдай алуға, бағалай білуге, ғылыми ізденіске бағыт-бағдар беретін зерттеулер орын алған бұл еңбекті әдебиетті зерттеу мен оқыту салаларында қолдануға болады.

Ғылыми басылым

Сәлима Қалқабаева

**КӨРКЕМ ШЫҒАРМА
ПОЭТИКАСЫ**

Монография

Екінші басылым

Редакторы *А. Хасанқызы*
Компьютерде беттеген *Г. Шаққозова*
Мұқаба дизайны *А. Қалиева*

ИБ № 14922

Басуға 20.09.2021 жылы қол қойылды. Формат 60x84 1/16.

Көлемі 16,0 б. т. Тапсырыс №8751. Таралымы 100 дана.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.